Аль-Фараби обращает внимание на то, что счастье не следует рассматривать как награду за избавление от действий и дурных поступков, которые приводят к нему. В противном случае люди приобщались бы к добру и свету и отвергали зло, а добродетель получала бы прибыль за "прекрасные поступки". Если человек совершает "прекрасный поступок" не из доброты, не от сердца, а случайно, он не может достичь счастья. Он считает, что истинной наградой за добродетель является сама добродетель. Философ отстаивает самодостаточность и самоценность добродетели, выступает против лицемерного превращения добродетели в средство обретения комфорта и счастья в подлунном мире, осуждает лицемерие и освящение.

Аль-Фараби в духе античной философской традиции делает акцент на том, что путь, к счастью, лежит через знание, осознание и добродетельные поступки. Это является необходимым условием для препятствия на пути к достижению совершенства являются "зло, несовершенство и дурное поведение".

Согласно философии аль-Фараби, абсолютное благо и полное счастье наступают тогда, когда все зло преодолено, разум и душа сливаются с активным разумом мира и человек достигает "окончательного совершенства". Души, достигшие счастья, сливаются друг с другом. В результате развиваются благородные качества, которые будут полезны будущим поколениям. Каждое поколение оставляет после себя что-то, что вливается в общее счастье, пополняет и обогащает его, облегчает жизнь потомкам. Таким образом, счастье, о котором говорит аль-Фараби – это развитая духовная культура общества, достигнутая благодаря разуму и науке. Эта культура полезна человечеству даже после смерти отдельного человека или целого поколения. Если в некоторых учениях считалось возможным достижение только индивидуального счастья, то этико-философская концепция аль-Фараби включает прогрессивную идею о том, что основа истинного счастья лежит в единстве индивидуального и общего.

Здесь следует отметить, что аль-Фараби придавал понятию счастья большое социальное значение. Одной из его главных социально-философских идей является признание того, что индивидуальное счастье и благополучие могут быть достигнуты только путем взаимодействия с другими людьми и достижения благополучия общества в целом. Этот мыслитель убежден, что человек не может прожить жизнь счастливо в одиночестве, не взаимодействуя с другими людьми. Так, в своей статье "О достижении счастья" аль-Фараби подчеркивает, что человек не может достичь совершенства в одиночку, без помощи многих людей. Человеку свойственно общаться с другими людьми. Далее он другими человеческими существами, чтобы достичь совершенства, которое для него возможно. Точно так же и живым существам необходимо находить убежище и жить в окружении других представителей своего вида. Аль-Фараби развивает ту же мысль в своем трактате "О взглядах добродетельного горожанина", особенно в главе "О необходимости человеческой сплоченности и взаимной поддержки". Здесь прослеживается влияние древнегреческой философской традиции, в частности философии Аристотеля. Известное аристотелевское определение человека как политического животного также характерно для выражения точки зрения аль-Фараби.

Однако некоторые философы того времени не признавали социальной природы человека, настаивали на необходимости отделения личности от общества и считали, что человек может достичь совершенного счастья только через мистическое созерцание Бога. Согласно такой точке зрения, главная задача истинного правителя – устремить к истинному счастью не только себя, но и всех своих подданных. Следуя Аристотелю, аль-Фараби обосновывает единство счастья, деятельности и добродетели. Как и Аристотель, он считает, что счастье полнее всего раскрывается в человеческой разумной деятельности, которая согласуется с высшей добродетелью души. Только живя добродетельно, человек может стать счастливым и обладать высшим благом.

Добродетельное поведение, согласно аль-Фараби, предусматривает совершение «прекрасных действий». Они должны совершаться осознанно, быть основаны на доброй воле и свободном моральном выборе человека. «Прекрасные действия» должны совершаться систематически, на протяжении всей жизни человека, а не от случая к случаю. И напротив, человека постигает несчастье, когда он осознанно, по собственной воле, систематически совершает безобразные действия. Он отмечает, что в реальной жизни человек совершает как прекрасные, так и безобразные действия. Это зависит от его нрава. Благодаря нраву от человека исходят как

прекрасные, так и безобразные действия. Таким образом, мыслитель указывает на противоречивость и неустойчивость нравственного сознания человека. Подобно многим античным мыслителям, аль-Фараби уделяет значительное внимание философской категории «мера» («середина»). По его мнению, как здоровье достигается только при соблюдении меры (умеренная еда, умеренные физические нагрузки и т. д.), точно так же и хороший нрав достигается при соблюдении меры в действиях. То есть, он указывает на необходимость чувства меры в поведении, в поступках, суждениях, что предполагает отказ от крайностей. Он приводит убедительные примеры того, как при нарушении меры и впадении в ту или иную крайность положительные нравственные качества трансформируются в негативные. Так, например, чрезмерная смелость приводит к безрассудству, а недостаток смелости – к трусости. Чрезмерная бережливость и недостаточная трата денег приводит к скупости, а чрезмерная трата и недостаточная бережливость – к расточительности.

Аль-Фараби обращает внимание на то, что счастье не следует рассматривать в качестве награды за действия, приводящие к нему или же за отказ от порочных действий. Иначе получается, что человек приобщается к добру и светлому и отвергает зло и пороки только лишь из-за вероятной выгоды, а добродетель есть получение процентов за «прекрасные действия». Если человек совершает «прекрасные действия» не по доброй воле, не от всего сердца или случайно, то он не достигнет счастья. Истинной наградой за добродетель он считает саму добродетель. Мыслитель выступает за самодостаточность и самооценку добродетели, против лицемерного превращения ее в средство обретения покоя и счастья в потустороннем мире, порицает лицемерие и ханжество. Здесь явно прослеживается определенная аналогия с этической концепцией И. Канта, в которой дела и поступки человека должны быть подчинены нравственному императиву.

В духе античной философской традиции аль-Фараби акцентирует внимание на том, что путь, к счастью, лежит через знание и познание, а также добродетельное поведение. Необходимым условием этого должна быть свободная воля человека. Таким образом, он следует восточной философской традиции, согласно которой научная рациональность не должна отрываться от духовного начала, источника нравственности. Идея единства и взаимосвязи рационального и духовного в познавательной деятельности, необходимости реализации духовно-нравственного компонента в образовательном и воспитательном процессах является очень актуальной и в наше время.

Истинное счастье, по мнению аль-Фараби, обретается через овладение всеми знаниями об окружающем мире и о человеке. Он придает огромное значение разуму, считает, что человеческий разум способен проникать в сущность вещей и явлений, раскрывать причины их возникновения и уничтожения и, в конечном итоге, познавать законы природы и первопричины всего сущего. Разум рассматривается мыслителем как высшее и особое человеческое благо, которое можно и нужно совершенствовать через усвоение философии, которая охватывает естествознание, математику и метафизику. Аль-Фараби возвышает человеческий разум над слепой верой и догматикой.

Философско-этическая концепция аль-Фараби была нацелена на открытие рационалистических путей познания и поиск путей достижения для людей счастья в земной жизни, а не в потустороннем мире. Она существенно отличается от того понимания счастья, которое было характерным для традиционно-коранической эсхатологии (ад, рай и т. п.). В комментарии к «Этике» Аристотеля аль-Фараби отмечает, что высшее благо находится лишь в земном мире и только безумцы полагают, что оно находится вне его. В трактате «О достижении счастья» аль-Фараби утверждает, что счастье достижимо в реальном, земном бытии при условии самосовершенствования человека. А для этого необходимо стремиться к добру и отвергать пороки. Человек достигает совершенства благодаря «благу, добродетелям, добрым делам». Вещи, которые мешают ему в достижении совершенства – это «зло, несовершенства и дурные дела».

Абсолютное добро и совершенное счастье, по мысли аль-Фараби, наступают тогда, когда преодолено всякое зло, а разум и душа сливаются с мировым деятельным разумом и человек достигает «последнего совершенства». Души, достигшие счастья, соединяются друг с другом. Это ведет к возрастанию добродетельных качеств, которые служат будущим поколениям людей. Каждое поколение оставляет после себя нечто такое (в форме достигшей счастья души), что сливается в общее счастье, пополняет и обогащает его и облегчает жизнь потомкам. Таким образом, аль-Фараби здесь подразумевает под счастьем высокий уровень духовной культуры общества, который достигается при помощи разума и науки. Эта культура и после смерти отдельного человека или даже целого поколения будет служить человечеству. Если в некоторых учениях считалось возможным достижение только индивидуального счастья, то в этико-философской концепции аль-

Фараби содержится прогрессивная мысль о том, что основа истинного счастья – в единстве личного и общего.

Необходимо отметить, что аль-Фараби в понятие счастья вкладывает вполне социальный смысл. И сегодня, и в далеком вчера, и в грядущем завтра человека волновали и не перестанут волновать вопросы о счастье, путях и способах его достижения, о добродетели и человеческом совершенстве. Это вечные вопросы культуры. Перед каждым новым поколением они встают в новых исторических условиях и требуют нового переосмысления. Более глубокому их пониманию способствует обращение к творческому наследию аль-Фараби, а также других выдающихся мыслителей прошлого. Многие мысли и идеи аль-Фараби созвучны нашему времени, не утратили своей актуальности и ценности. Они выражают общечеловеческие устремления к высотам совершенства, побуждают нас созидать, творить добро, стремиться к счастью.

#### **Литература:**

1. Касымжанов А. Х. Абу-Наср аль-Фараби. М.: 1982, 198 с.
2. Аль-Фараби. Трактат о взглядах жителей добродетельного города. Алма-Ата: 1972, 430 с.
3. Аль-Фараби. Указание пути к счастью. Алма-Ата: 1973, 400 с.

### **ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТАНУ: ТЕОРИЯДАН ҚАЗІРГІ ЭМПИРИКАҒА ДЕЙІН**

#### **«СОЦИОЛОГИЯ В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ: ОТ ТЕОРИИ К СОВРЕМЕННОЙ ЭМПИРИКЕ»**

#### **«SOCIOLOGY IN MODERN SOCIETY: FROM THEORY TO MODERN EMPIRICISM»**

---

### **ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ЖАНЖАЛДАРДЫҢ КӨРІНІСІ**

Еңбек әлеуметтануы және HR басқару мамандығының 1 курс магистранты

**Алтаева А.А.**

*Ғылыми жетекші: соц.ғыл.д., профессор Абдирайымова Г.С.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

***Кілт сөздер:*** жанжал, жұмыскер, әлеуметтік-психологиялық климат.

Барлық ұйымдардың басты қозғаушы күші – ұжымды құрайтын адамдар болып табылады. Еңбек ұжымы – бұл ұйымның игілігі үшін нақты мақсаттарға жету үшін бірлескен іс-әрекеттер арқылы біріккен адамдардың формальды қауымдастықтары [1]. Дәл осындай бірлескен іс-әрекетте жанжалдар туындауы мүмкін. Себебі, кез келген адам тәуелсіз және жағдайларды әртүрлі көреді. Көптеген адамдармен жұмыс істегенде кезде бірқатар сипаттағы қиындықтар туындауы мүмкін. Дәл осы себептен ұйымдағы кең ауқымды мәселелер бойынша екіұшты қайшылықтар пайда болады. Олар ауқымды болғандықтан, жұмыскерлер арасындағы табысты ынтымақтастыққа кедергі келтіріп, жанжалға әкеп тіреледі [2]. Жұмыс орнындағы жанжалдар көптеген ұйымдар үшін басты назар аударатын мәселеге айналуға мұмкін. Жанжалдар көп жағдайда мүдделердің келіспеушілігі ретінде қарастырылады. Жанжалды қарама-қарсы мотивтердің, мүдделердің, берілген жағдайда үйлеспейтін мінез-құлық түрлерінің әрекеті деп анықтауға болады. Сонымен қатар, ұйымдық жанжалдар әртүрлі тұлғалардың немесе топтардың мақсаттары, мүдделері немесе құндылықтары жеке тұлғалардың немесе топтардың мақсаттарымен, мүдделерімен немесе құндылықтарымен сәйкеспейтін кезде туындайтын келіспеушілік ретінде көрінеді. Жанжалдың өзінің құрылымдық элементі болады. Олар жанжалға қатысушылар, жанжалдың пәні, жанжалдың ортасы, жанжалдың объектісі.

Жанжалды тудыратын нәрсе объект болып табылады. Жанжал объектісінің негізгі белгілеріне мыналар жатады:

1. жанжалға қатысушы тараптардың мүдделер қақтығысы;
2. әртүрлі құндылықтардың болуы;
3. жанжал объектісі мен оның пәнінің арасындағы байланыс.

4. жанжалға қатысушыларды бір уақытта қанағаттандыру мүмкіндігін болмауы. Жанжалдың пәні - объектіге қатысты субъектілер арасындағы қайшылықтың болуы. Жанжал ортасы жанжалдың объективті жағдайларының қатарын қамтиды. Жанжалдың ортасы оның неліктен пайда болуына және жалпы динамикасына үлкен әсер етеді. Жанжал сонымен қатар өзінің көзқарасы, құндылықтары, қызығушылықтары, мүдделері бар қатысушылардан тұрады [1]. Жанжалды екі тұғырдан қарастыруға болады: бір жағынан, жанжал адамдар арасында туындайтын, оның енді пайда болу кезеңдерінде, яғни белгілі бір форманы алғанға дейін жоспарлауға, болжауға болмайтын мәселе ретінде қарастырылады; екінші жағынан, жанжалды алдын алу мүмкін, себебі жанжалды көбінесе жанжалдарды басталғанға дейін анықтауға болады. Яғни жанжал маңызды ұйымдастырушылық кемшіліктерді көрсетеді. Жанжалды тоқырауға әкелетін, инновациялық дамудың артта қалуы және бүкіл ұйымның дамуын тежейтін жаңа идеялардың жоқтығы деп түсіну керек. Сондықтан менеджерлер жанжалды ұйымдағы шығармашылық пен инновацияға қажетті деңгейде ұстауы керек. Жанжал ұйымдағы әлсіз ұйымдық мәдениетті көрсетеді. Бұл мәдениет нормалары мен ортақ құндылықтар жүйесі әлі қалыптаспаған жас ұйымдарға тән. Бірақ көбінесе тұрақты жұмыс күші бар жетілген ұйымдарда да күшті мәдениет жүйесі болмауы мүмкін, бұл ұйымның негізгі құндылықтарына қолдау көрсетілмегендіктен туындайды. Сондықтан жұмыс орнындағы жанжалдарды шешу маңызды мәселе болып табылады. Себебі олар ұйымның тиімділігіне және оның жұмысын біркелкі орындау мүмкіндігіне әсер етеді [3]. Жанжалдарды сипаттаудың әртүрлі негізгі идеялары бар. Сондықтан жанжалды әртүрлі аспектілерден қарастыру қажет. Жанжалдардың түрлері, олардың пайда болу себептері, шешу жолдарын қарастырған кезде біркелкі идея жоқ екенін ұмытпау керек.

Жанжалдар ұйым қызметінің бір бөлігі болып табылады, өйткені менеджерлер мен қызметкерлер сияқты әртүрлі мүдделі тараптардың мақсаттары үйлеспейтін мүмкін. Сонымен қатар, жанжал адамдардың қарым-қатынасында үнемі болатын процесс екені сөзсіз. Сондықтан әртүрлі ұйымдар өз қызметтерінің кез келген жағдайында жанжалдарды болдырмау үшін тиімді басқару тәсілдерін қарастыруда. Қызметкерлер жұмыс, ресурстар, билік, қауіпсіздік үшін бәсекелеседі. Сондықтан жанжал кез келген ұйымның өмірлік фактісі екені айдан анық. Жанжалдар әдетте қызметкерлер ұйымдар ішінде өзара әрекеттескен кезде және тапшы ресурстар үшін бәсекелескенде туындайды. Әртүрлі ұйымдардағы қызметкерлер ортақ мақсатқа жету үшін басқарылатын топтарға біріктірілген, сондықтан жанжалдың ықтималдығы өте жоғары. Заманауи психологтар жанжалдар ең табысты ұйымда, әріптестер арасындағы ең қолайлы қарым-қатынас болған кезде де орын алуы мүмкін, сонымен қатар жанжалдар ұйым үшін қажет көрініс деген көзқараста. Яғни жанжалдар жеке адамдар мен жалпы ұйым үшін теріс және оң нәтиже береді. Бірақ жанжалдар әкелетін салдар өте көп екенін ұмытпаған жөн.

#### **Жұмыс орнындағы жанжалдардың пайда болу себептері**

Әрбір қызметкердің жұмыс орнында қажеттіліктері мен қандайда бір үміттері болады және жұмыс орнындағы жанжалдар қызметкерлердің сол қажеттіліктер мен үміттердің орындалмағанын сезінген кезде пайда болады. Жұмыс орнында жанжалдар мақсаттардың және қызметкерлер арасындағы пікір қайшылығына байланысты туындауы мүмкін. Кейбір жанжалдар жұмыс орнын дұрыс басқара білмеумен байланысты туындаса, кейбір жанжалдар жұмыс әдістерінің айырмашылығына байланысты туындауы мүмкін. Жұмыс орнындағы жанжалдардың пайда болу себептері әртүрлі әдебиеттерде әрқалай көрсетіледі. Жанжалдарды дер кезінде анықтау үшін жанжалдың туындауының мүмкін себептерін былай қарастырады.

1. Ұйымдық мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін материалдар, адам ресурстары және қаржы сияқты ресурстарды топтар арасында бөлу.

2. Берілген тапсырманы орындау барысында белгілі бір адам немесе топ басқа адамға немесе топқа тәуелді болған кездегі тапсырманың өзара тәуелді болуы.

3. Мақсаттардың алшақтығы кәсіби бөлімшелер өз мақсаттарын қалыптастырған кезде және жалпы ұйымның мақсаттарынан гөрі сол мақсаттарға көбірек назар аударған кезде туындайды. Мысалы, сату бөлімі сатуды көбейтетіндіктен, мүмкіндігінше әртүрлі өнімдерді жасауды талап етуі мүмкін. Бірақ сатып алу бөлімінің мақсаты - компанияны тепе-теңдікте ұстау үшін ақшаны үнемдеу мақсатында өнімдердің аз түрлеріне жаппай тапсырыс береді.

4. Құндылықтардың айырмашылығы. Мысалы, қызметкер өз пікірін айтуға құқылымын деп есептесе, басшы болса жұмыскерден өзі сұраған кезде ғана өз пікірін айтуға құқылы деп есептейді. Бұның кесірінен жанжалдар пайда болады, яғни бастықтар жұмыскерлердің әрбір қадамын бақылап, олардың еркіндігі мен тәуелсіздігін жоққа шығарған кезде туындайды [4].

Жұмыс орнындағы жанжалдар тағыда келесі себептерге байланысты болуы мүмкін:

1. Басқарудың дұрыс болмауы
2. Қарым-қатынастың әділетсіз болуы
3. Жұмыс рөлдерінің анық болмауы
4. Дұрыс дайындықтың болмауы
5. Нашар қарым-қатынас
6. Жұмыс ортасының дұрыс болмауы
7. Мүмкіндіктердің тең болмауы

Жұмыс орнындағы жанжалдар мынандай түрлерге бөлінуі мүмкін:

#### **Тұлғалық жанжалдар**

Жаңа қызметкер келгенде немесе екі әріптес кенеттен жұмыстан кетіп қалса, ұжымдағы «жеке сипаттамалардың араласуы» бұзылуы мүмкін. Адамдар қиын жайттарға өнімсіз жауап береді. Тұлғааралық жанжалдар жұмыс орнында жиі болып тұрады. Бірақ, бұл жұмыс орнында болатын жанжалдың жалғыз түрі емес.

#### **Қажеттіліктер мен үміттердің шындыққа жанаспауы**

Басшы тарап жұмыскерлердің қажеттіліктерін мүлдем елемегенде және шындыққа жанаспайтын үміттерді қойған жанжалдардың орын алуы артады. Мысалы, жұмыс уақытын жоспарлау, бұл жұмыскерлердің бала күтімі жөніндегі міндеттерді орындауды қиындатады.

#### **Міндеттерге негізделген жанжалдар**

Міндеттерге негізделген жанжалдар жұмыскерлер бір-біріне тәуелді жобаларда жұмыс жасаған кезде пайда болады. Егер бір жұмыскер өзіне берілген міндетті белгіленген мерзімге қарай орындамаған жағдайда бүкіл ұжым іші зардап шегеді.

#### **Көшбасшылық жанжалдар**

Әр басшының жұмыс стилі әртүрлі болып келеді. Кейбіреулері жеңіл жұмыс стилін таңдаса, ал басқалары қатал түрде жұмысты қадағалайды. Басшының жұмыс стилі өз бөлімшесінің жұмыскерлеріне сәйкес келмеген кезде жанжал туындайды.

#### **Кемсітушілікке байланысты туындайтын жанжалдар**

Жасына, ұлтына, нәсіліне және жынысына байланысты кемсіту жұмыс орнындағы жанжалдың жалпы себебі болып табылады.

#### **Қарым-қатынастың дұрыс болмауынан туындайтын жанжалдар**

Жұмыскерлер арасындағы жанжалдардың негізгі себептерінің бірі қарым-қатынастың дұрыс болмауы болып табылады. Бұл қандай да бір келіспеушіліктерге немесе қарым-қатынасқа түсуге әкелуі мүмкін. Мысалы, менеджер жұмыскерге тапсырмасын басқа әріптесіне қайта тағайындайды, бірақ жұмыскер қайта тағайындау туралы хабарламайды. Осы себептен жұмыскер өзіне деген немқұрайлылық қарым-қатынасты сезінеді. Бұл екі жұмыскер мен менеджер арасындағы қандайда бір келіспеушіліктердің пайда болуына әкеп соқтыртады.

#### **Әртүрлі жұмыс стильдері мен құндылықтардың болуы**

Жеке тұлғалар сияқты, жұмыскерлердің құндылықтары жұмыс орнында өзгереді. Құндылықтардағы айырмашылықтар ұрпақ арасындағы ерекшеліктер болған кезде байқалады. Жас жұмыскерлердің жұмыс орнының құндылықтары егде жастағы жұмыскерлерге қарағанда әртүрлі болуы мүмкін. Құндылықтардағы айырмашылықтар міндетті түрде жұмыс орнындағы жұмыскерлер арасында болатын жанжалдың себебі емес, сол құндылықтардағы айырмашылықтарды қабылдай алмау себебінен жанжал туындайды. Жұмыскерлер осы айырмашылықтарды қабылдай алмаса, әріптестер бір-бірінің мінез-құлқы мен тәжірибесін қорлауы мүмкін.

#### **Жұмыс орнындағы бәсекелестік**

Жұмыс орнындағы қатал түрдегі бәсекелестік жұмыскерлер арасындағы жанжалдың көзі болып табылады. Кейбір салаларда басқа салалармен салыстырғанда жұмыскерлер арасындағы бәсекелестік ортаны құруы мүмкін. Егер жалақы жұмыскерлердің өндірісіне байланысты болса, жұмыс орындарында жұмыскерлер арасында қызу түрде бәсекелестік туындайды. Дұрыс емес түрде басқарылатын бәсекелестік жұмыскерлердің арасындағы келіспеушіліктерге әкеп соқтыртады, ал ол өз кезегінде дұрыс емес жұмыс ортасын тудырады. Ал осындай жұмыс орнындағы бәсекелестік ұйымдық жұмысты тежеп, индивидуализмді дамытады.

### **Жұмыс орнындағы жанжалдар тудыратын салдарлар**

Бүгінгі таңда басқарылатын жанжал ұйымдар, кәсіпорындар үшін пайдалы және көптеген пайдалы салдары бар деп есептеледі, мысалы: шешілмеген мәселелерді анықтау, қарсыластарды түсіну, өзін-өзі қабылдау мен өзін-өзі бағалауды түзету, тұлғалық даму, жұмыскерлердің жұмыс сапасын арттыру. Алайда, кейбір зерттеулер жанжалдың жағымсыз құбылыс болып табылатынын айтып өтеді. Яғни ұйым немесе кәсіпорын үшін жанжалдың кері салдарлары мынандай: жұмыс уақытының босқа жоғалуы және жұмыс өнімділігінің төмендеуі, тәжірибелі жұмыскерлердің жұмыс орнын босатуы. Жанжалдар ұйымдық дамудың ажырамас бөлігі болып табылғандықтан, жанжалдардың оң әсерлері немесе жағымсыз әсерлері жанжалдарды басқару, олардың себептерін анықтап және жанжалдық жағдайлардың алдын алу, ұжымда жақсы жұмыс атмосферасын құру үшін профилактикалық жұмыстар жүргізілуі менеджерлердің тиімділігі мен құзыреттілігіне байланысты. Жұмыс орнындағы дұрыс басқарылмаған жанжалдар ұйымға тікелей әсер ететін бірқатар салдарлар тудырады.

Жұмыс орнында туындайтын және араласуды қажет ететін кез келген жанжалдың жағымсыз салдары төмендегідей:

1. жұмыс тиімділігі мен денсаулық көрсеткіштеріне әсер ететін қызметкерлерге психологиялық және физикалық әсер ету;

2. күйзеліске ұшыраған жұмыскерлердің келуі қауіпсіздікке қауіп төндіруі мүмкін, әсіресе қауіпті машиналар мен жабдықтарды пайдаланған кезде;

3. жұмыскерлердің тұрақсыздығы, команданың төмен моральдық деңгейі және жұмыстың тиімсіздігі [5].

Жанжалдар ұжымда қандай да бір шиеленіс тудырып, жұмыскерлердің бар назарын өндірістің тікелей назарынан «қарым-қатынастарды нақтылауға» аударады. Бұл бүкіл ұжымның әлеуметтік және психологиялық климатына қатты әсер етеді. Ал ол өз кезегінде бірқатар кері салдарларға әкеледі. Жұмыс орнында жағымды әлеуметтік-психологиялық климаттың қалыптасуына көптеген факторлар ықпал етеді. Ең бірінші маңызды фактор жұмыскерлердің бір-бірімен және басшы тараппен қарым-қатынасы. Жұмыс орнындағы жанжалдар тұлғалық көсбасшылық жанжалдар, кемсітушілікке байланысты туындайтын жанжалдар, қарым-қатынастың дұрыс болмауына байланысты жанжалдар, әртүрлі құндылықтардың болуы, жұмыс орнындағы дұрыс емес бәсекелестіктің болуына байланысты болатынын анықтадық. Осының бәрі әлеуметтік-психологиялық климатқа кері түрде ықпал етеді. Әлеуметтік-психологиялық климат ұжым жұмыскерлерінің әл-ауқатына, бірлесе отырып шешім қабылдауға және оны жүзеге асыруға, бірлесе отырып жүргізілген қызметтің тиімділігіне қол жеткізуге тікелей әсер етеді. Ол еңбек мотивациясында, жұмыскерлердің тұлғааралық қарым-қатынасында және топтық қарым-қатынаста айқын түрде көрінеді. Осының барлығын жұмыс орнындағы жанжалдар тежейді.

Жанжалдардың әртүрлі түрлері жағымсыз сипаттағы салдарлар ретінде көрінеді. Оның бір жағымсыз салдары күйзеліс. Жұмыскерлердің үнемі күйзеліске ұшырауы жұмыс орнындағы жанжалдың жағымсыз салдарының кесірінен. Яғни жұмыс орнындағы күйзелістің көрінісі еңбек өнімділігінің төмендеуіне, ұжымдық қарым-қатынастың нашарлауына, сонымен қатар жұмысқа қанағаттанудың және қарым-қатынастың төмендеуіне әкелуі мүмкін. 20 ғасырдың басында Г.Селье «күйзеліс» ұғымын енгізген болатын. Бүгінгі таңда бұл термин әртүрлі салаларда кеңінен қолданылады және екі мағынаны білдіреді:

1. Физикалық немесе психологиялық күйзелісті тудыратын және ауруға әкелуі мүмкін факторлар (физикалық немесе эмоционалдық);

2. Бар тепе-теңдікті бұзатын физикалық немесе эмоционалдық факторлардың әсерінен туындаған шиеленіс (физикалық немесе психологиялық) [6].

Жыл сайын кез келген жұмыс орнының жұмыскерлерінің бір бөлігі күйзеліс, мазасыздық немесе эмоционалды шаршап қалу синдромына ұшырайды. Бұған жұмыста орын алатын жанжалдардың қатысы тікелей бар. Адам бастығымен, немесе қол астындағы қарамағындағылармен, әріптестерімен жанжалға түссе, міндетті түрде күйзеліске ұшырайды. Себебі, жұмыскерлер өз мүдделерін жанжалдық жағдайға түсумен ғана қорғай алады. Кез келген жанжал қоршаған ортаның тепе-теңдігін бұзады. Соның ішінде жұмыс орнындағы тепе-теңдік бұзылады. Кез келген кәсіпорындағы жұмыскерлердің күйзелістік жағдайларға осалдығы соншалық, жұмыскердің жұмыс істеу қабілеттілігін төмендетіп, денсаулығын нашарлануына әкеп соқтыртады. Ал шамадан тыс күйзеліс жұмыскерлердің жұмыстан кетуіне себепші болады. Ұзақ уақытқа созылған күйзелістер жұмыскерге физикалық және эмоционалды түрде айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Жанжал шамалы немесе өте қарқынды болған кезде оның әсері жойқын немесе кері

болуы мүмкін. Жанжал шамалы болса, әдетте ол еленбейді және шешілмей қалады. Бұл жанжалдар еленбей қалады. Дегенмен, жанжал бар және бірлескен жұмыстың тиімділігіне кері әсер етеді. Қарқынды деңгейге жеткен жанжал жағдайында жұмыскерлердің күйзелістерінің дамуымен бірге жүреді. Бұл моральдың және ұйымшылдықты әлсіреуіне және байланыс желілерінің бұзылуына әкеледі. Кейбір адамдар жанжалдарды болдырмау үшін барлығын істейді. Олар өз пікірлерін құпия ұстайды, басқалардан ақпараттарды жасыруға тырысады немесе кез келген байланыстан қашады. Бұл тәсіл байланыс төмен болатын кәсіпорындарда іске асуы мүмкін. Ал кейбір ұйымдарда тығыз байланыссыз қызмет жүрмейді. Жанжалдардан қашу, реніш пен ашу сезімін тежеуі мүмкін. Шиеленісті тудыруы мүмкін мәселелерден немесе жайттардан өздерін әдейі алшақтатады. Сондай-ақ кейбір жұмыскерлер олар жиі жанжалдасатын адамдардан аулақ жүруге тырысады. Бұл тәсіл өзін-өзі шектеп, мансапқа, табысқа және жеке дамуға нұқсан келтіреді. Жанжалдық жағдай жасырын қалады. Бірақ шешілмеген жасырын жанжалдар, әсіресе тығыз қарым-қатынастардың әсерінен туындаған жанжал, міндетті түрде уақыт өте келе күйзеліс деңгейінің өсуіне әкеледі. Бұл дегеніміз жанжалдың күйзеліс деңгейін артыратын басты фактор екенін айқындайды. Жанжалдық жайтпен кездескен кезде күйзеліс туралы ұмытпау керек. Себебі, күйзеліс өз кезегінде бірнеше кері салдарларға әкеледі. Жұмыстағы күйзеліс әріптестермен, тұтынушылармен және серіктестермен қарым-қатынасқа зиянын тигізіп, жұмыс өнімділігінің және жұмысқа қанағаттанудың төмендеуіне әкеледі. Кейбір мемлекеттерде бұл белгілер жұмысшыларға психологиялық зиян үшін өтемақы талап етуге негіз болуы мүмкін. Айта кететін жайт, күйзеліс тек жиі болатын жанжалдардың нәтижесі ғана емес, сонымен қатар кейбір жағдайларда жанжалдардың себебі болып табылады. Жанжалдық мінез-құлық стратегиясын дұрыс таңдамау, жанжалдардың деструктивті салдарын конструктивті жағдайларға айналдыра алмау және жұмыс орнындағы жиі жанжалдар және оның салдары тұрақты күйзеліс жұмыскерлердің эмоционалды шаршап қалу синдромының жедел дамуына әкелуі мүмкін. Ал ол өз кезегінде бірнеше жағымсыз салдарлар тудырады. Эмоционалды шаршаудың салдарын үш санатқа бөлуге болады:

1. Физикалық салдарларға бас ауруы, бұлшықет ауруы, гипертония, жүрек-қан тамырлары аурулары және өлімнің жоғарылауы жатады. Сонымен қатар эмоционалды шаршап қалу метаболикалық синдромға (қант диабеті мен инсульт, салмақ қосу және т.б. қауіпті аурулар тобына) ықпал етеді.

2. Когнитивті (эмоционалды) салдарларға шаршау, зейіннің нашарлауы, депрессия, алаңдаушылық, цинизм жатады.

3. Мінез-құлық салдарларына – ішімдік ішу жиілігінің артуы, жиі темекі шегу жатады.

Менеджер және басқарушы мамандар жанжалдық жағдайларға байланысты құзыреттерді (әсіресе жанжалға байланысты мәселелер бойынша теориялық білімдер мен жанжалдарды басқару дағдыларын) дамытауы керек және кәсіби қызметінде мұндай құзыреттерді қолдана білуі қажет. Осы құзыреттер менеджер мамандарға жанжалдық жағдайларда эмоционалды күйлерді басқаруға мүмкіндік береді, осылайша жанжалдың кері салдарын және онымен байланысты болатын күйзелісті төмендетеді және алғашқы кезеңде эмоционалды шаршап қалу синдромының даму қаупін азайтады. Менеджменттің немесе басқарудың кәсіби құзыреттілігі жұмыс орнындағы жанжалдық жағдайларды басқару тәжірибесі болып табылады, өйткені менеджер қақтығыстың түпкі себептерін білгенде және қақтығысқа қатысушылардың уәждерін түсінсе, ол жанжалдар әкелетін келеңсіз салдарлармен сәтті күресе алады. Жанжалдарды шешудің бірыңғай және әмбебап жолы жоқ. Әрбір жанжалдық жағдай бірегейлі сипатта. Дегенмен, жанжалдарды шешудің ең тиімді бірнеше ядәлелденген әдістері бар: делдалдық, ымыраға келу, тегістеу, жолын кесу немесе «билік бірлігі» әдістері. Медиация, келіссөздер және арбитрлерге жүгіну сияқты дауларды шешудің баламалы әдістері мен тәсілдері танымал болуда.

Қорытындылай келе, жұмыс орнындағы жанжалдардың жиі кездесетінін байқауға болады. Сондықтан жұмыс орнындағы жанжалдарды басқару құралдары мен әдістерінің болуы басқарудың барлық деңгейлері үшін қажет. Ұйымдастырушылық және тұлғааралық жанжалдардың алдын алу үшін жұмыс орнындағы жұмыскерлерді басқару қызметінің басшылары мен жұмыскерлердің жанжалға байланысты құзыреттерін қалыптастырып және оны дамыту қажет екенін көруге болады. Ал жанжалды басқарудың тиімді әдісін дұрыс қолданбаған кезде, ол келесі дисфункционалды салдарға әкелуі мүмкін:

1. Жұмыскерлердің қанағаттанбауының артуы, қызметкерлердің ауыспалылығының артуы және еңбек өнімділігінің төмендеуі;

2. Болашақта ынтымақтастықтың қысқаруы және мүлдем болмауы;



- 3.Тек өз тобына деген адалдықтың артуының салдарынан басқа топтармен бәсекелестікке түсу;
- 4.Жұмыскерлердің тек өз мақсаттарың ғана басымдыққа алуы;
- 5.Жұмыскерлердің тараптары арасындағы өзара әрекеттестік пен коммуникацияның төмендеуі;
- 6.Өзара әрекеттестік пен коммуникация азайған сайын тараптар арасындағы дұшпандық күшейеді;
- 7.Жұмыскерлер нақты мәселелерді шешуден гөрі жанжалдық жағдайда жеңіске жетуге басымдық береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Валиуллова А.А. Управление конфликтами в современных российских организациях // Научный журнал. - 2018. - № 3 (26). - С. 112-117.
2. Пронина Д.Д. Конфликты в организации, причины их возникновения и способы разрешения. // Исследование путей совершенствования научно-технического потенциала общества в стратегическом периоде. - 2022. - С. 123-128.
3. Логинова С.Д. Влияние трудовых конфликтов на социально-психологический климат в организации. // Научный электронный журнал Меридиан. - 2020. -С. 147-149.
4. Деккушева А.Д. Факторы конфликта и их характеристика // Научные проблемы гуманитарных исследований. - 2019. - № 3. - С. 217–223.
5. Слепцова Е.В., Куприянова Е.А. Современные методы управления поведением персонала в условиях социально-трудовых конфликтов. // Экономика и бизнес: теория и практика. - 2022. - С. 150-152.
6. Ворожцова Е.С., Гурьянова М.Н., Тарасевич В.Н., Новикова Н.В. Последствия межличностных конфликтов в фармацевтической деятельности. // Дальневосточный медицинский журнал. - 2019. - С. 56-60.

### **ҚАЗІРГІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАС МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Еңбек әлеуметтануы және HR басқару мамандығының 1-курс магистранты, Ануар Ш.А.  
Ғылыми жетекші: Авсыдыкова К.А. аға оқытушы  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

**Кілт сөздер:** еңбек нарығы, бейімделу, жастар, жұмыспен қамту, жас мамандар, ұтқырлық, кәсіби сапа, бәсекелестік орта.

Кәсіби қызметте бейімделу кезеңіндегі кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесі жас мамандар үшін қайтадан өзекті болып отыр.

"Бейімделу" ұғымының көптеген анықтамалары болғанымен, объективті түрде бұл құбылыстың көрінуінің бірнеше формалары бар, олар бейімделу, бір жағынан, сыртқы орта жағдайларына бейімделу процесін басқаратын динамикалық формация, ал екінші жағынан, кез — келген тірі жүйенің өзін — өзі реттейтін қасиеті болып табылады. Бұл қасиет адамға биоәлеуметтік жүйе және макрожүйенің әлеуметтік элементі ретінде тән. Сондықтан адамның бейімделу мәселелерін қарастырған кезде үш функционалды деңгей бөлінеді: физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік.

Бейімделу динамикалық формация ретінде организмнің функционалды күйімен тығыз байланысты, ол белгілі бір уақыт аралығында ағза жүйелерінің жұмыс істеу деңгейін сипаттайды, бейімделу процесінің және гомеостаздың ерекшеліктерін көрсетеді. Сол күйлердің қарқындылығы мен динамикасында қызметті реттеу тетіктерінің ерекшеліктеріне және ең алдымен, тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктеріне байланысты айтарлықтай жеке айырмашылықтар бар.

Адамның кәсіби ортаға бейімделу процесі келесі сұрақтарды тудырады: адам жұмыс ортасын қарапайым деп қабылдап, оған бейімделуі керек пе, әлде қоршаған ортаға да өзгерістер енгізуді талап ете ме; адамға және оның қоршаған ортасына әсер етудің жолдары мен құралдары қандай және қызметкердің талабын ескеретін критерийлер қандай және т. б.

Қызметкердің бейімделуінің прогрессивті және регрессивті түрлері бар. Соңғысы теріс мазмұны бар ортаға пассивті бейімделу жағдайында орын алады (төмен еңбек тәртібі). Бейімделу процесі маманның күш-жігеріне, оның өзін-өзі жетілдіруге дайындығына байланысты. Түлектердің кәсіби қызметке бейімделуінің проблемалары мен қайшылықтары олар жұмыс орнында көрсететін бейімделу түрінде көрінеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, студенттердің жартысы ғана бейімделу процесінің жылдам немесе қалыпты ағымымен және оның оң нәтижесімен, күтілетін кәсіби қызметке қойылатын талаптар мен оны орындау мүмкіндіктері арасындағы күрт айырмашылықтардың болмауымен сипатталатын прогрессивті немесе қалыпты бейімделуді көрсетеді. Қалғандары үлкен қиындықпен бейімделеді (бейімделу қиын) немесе кәсіби қызмет жағдайларына бейімделе алмаумен сипатталады. Бұл жағдай университеттегі оқу процесі болашақ мамандардың еңбек нарығы мен өндірістің заманауи талаптарына кәсіби бейімделуіне жеткіліксіз бағытталғанын, сондай-ақ маманның кәсіби құзыреттілігі ескерілмегенін көрсетеді. ЖОО түлектерін бейімдеу мәселелерін сарапшылар да анықтады. Олардың пікірінше, жас мамандарды бейімдеудегі ең маңызды проблемалар-жас мамандардың білімі мен дағдыларының нақты тәжірибеден алшақтығы, кәсіби тәжірибенің болмауы, еңбек және кәсіби мүдделердің белгісіздігі [1].

Бұл жағдайдан шығудың жолы, біздің ойымызша, екі бағыттағы қозғалыс. Бір жағынан, ЖОО түлектерінің еңбек нарығына шығу жөніндегі ұйымдастыру жұмысы, екінші жағынан, жұмыс берушінің жас мамандармен және тәжірибелі мамандармен сараланған қарым — қатынас қажеттілігін түсінуі. Бұл нақты жеке қасиеттер мен жұмыс күтулерін ескере отырып, жұмысқа орналасуға қойылатын біліктілік талаптарын түзету үшін бейімделу және оқыту бағдарламасын әзірлеуді білдіреді.

Жақында ғылыми журналдар мен мерзімді басылымдардың беттерінде қарастырылған өзекті мәселе іс жүзінде жас мамандарды жоғары оқу орындарында даярлаудың нарық талаптарына сәйкес келмеуі болып табылады. Еңбек нарығына шығу кезінде бұл проблеманың көрінісі, ең алдымен, осы санаттағы мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуін, сондай-ақ кәсіби стресстің жоғары әсерін қамтиды.

Г. Селье денеге сыртқы тітіркендіргіштер мен ішкі стресстік әсерлерді ажырата білді [2]. Жас бітіруші мамандарға стресстік әсер етудің сыртқы ынталандыруларына түлектердің бәсекеге қабілеттілігін бағалау талаптары мен критерийлерінің сәйкес келмеуі жатады — өзінің осалдығын, өмірдегі қиындықтарды жеңе алмауын сезіну, сенімсіздік сезімін арттыру, өзін-өзі бағалаудың әлсіреуі, материалдық және моральдық қажеттіліктерге жауап бермейтіндігіне және соның салдарынан еңбек нарығында бәсекеге қабілетсіз екендігіне байланысты тағылымдамадан өту жағдайындағы көңілсіздік себеп болады. Дене осы ынталандыруларға тепе-теңдіктің бұзылуымен жауап береді, ол Селье белгілеген заңдылықтарды қалпына келтіруден тұрады, бейімделу синдромы дамиды және дене жаңа жағдайларға бейімделеді.

Еңбек нарығына шыққан кезде өткір стресстік реакция жас мамандарда, ең алдымен, психикалық жарақаттың әсеріне жауап (реакция) ретінде пайда болады. Осы әсерге байланысты эмоционалды шок пайда болады, нәтижесінде түлектер жұмыс берушілер талап ететін қасиеттер, бірінші жұмыс орны, ұжымда жұмыс істеу кезіндегі еңбек қатынастары және т. б. туралы әдеттегі идеяларды бұзады. Сарапшылар стресстің маңызды белгісі психикаға деструктивті әсер ететін жағдай туралы ақпараттың болмауы екенін анықтады. Еңбек нарығына алғаш кірген және іс жүзінде стресске дайын емес жас мамандарда жедел стресстік реакциялар жағдайлардың 50-90% -дамиды. Сондықтан ЖОО-да оқу кезінде студенттерге еңбек нарығындағы ахуал туралы шынайы және жан-жақты ақпарат беру, жас мамандардың бәсекеге қабілеттілігін бағалау критерийлерінің жұмыс берушілер тұрғысынан ЖОО түлектерінің алдында тұрған проблемалар туралы ықтимал өзгерістерін болжау маңызды.

**Түлектерді бәсекеге қабілетті еңбек нарығына дайындаудағы жоғары оқу орындарының рөлі:**

Осыған байланысты біз келесі іс-шараларда анықтауға болатын ЖОО қызметінің түрлерін көреміз: кадрларды даярлау технологиясын жетілдіру, ЖОО-ның маркетингтік қызметі, түлектердің психоәлеуметтік және кәсіби бейімделуі.

Оқытудағы жетілдірілген технология-тиісті біліктілікті алу үшін түлек иеленуі тиіс білім мен дағдылардың көлемі мен сапасының міндетті деңгейін қалыптастыратын және үздіксіз кәсіптік білім берудің икемді жүйесін дамытатын оқу-тәрбие процесінің базалық бірлігі. Бұл салада практикалық дайындықты жетілдірудің маңыздылығын ерекше атап өтеміз. ЖОО-ның маркетингтік қызметі әлеуметтік әріптестікті дамыту және білім алушылардың нақты өмір жағдайларына кәсіби

бейімделуіне және практикалық дайындығына жәрдемдесуді қамтамасыз ету мақсатында ЖОО-ның еңбек нарығының мүдделі тараптарымен: кәсіпорындармен, ұйымдармен, мемлекеттік билік органдарымен, қоғамдық ұйымдармен әріптестік қатынастарды дамытуға бағытталған. өндіріс, бакалавриат студенттері, еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін түсіну және білу; серіктестік және өзара сенім негізінде "университет өндірісінде" қысқа мерзімді қарым-қатынастарды ұзақ мерзімді құруға көшу.

ЖОО түлектерін даярлау сапасын арттырудың маңызды элементі мынадай салаларда жетілдіріледі:

- ✓ Оқыту мен жұмысқа орналасу практикасын ұйымдастыруға көмек;
- ✓ Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысты зерттеу;
- ✓ Жұмыспен қамту қызметінің құрылымдарымен, мемлекеттік, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;
- ✓ Өзін-өзі таныстыру, түйіндеме, кәсіби портфолио жасау дағдыларын дамытуға бағытталған семинарлар мен шеберлік сыныптарын ұйымдастыру,

**Қазіргі уақытта ЖОО-да жаңа бөлімдер құрылуда:** студенттер мен түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, түлектер қауымдастығы мен кеңестері, қоғаммен байланыс бөлімдері. Студенттерді жұмысқа орналастыруға дайындау "мамандық бойынша үздік" конкурстарын, студенттер мен түлектерге арналған бос орындар жәрмеңкелерін, "мансап күндері", түлектермен дөңгелек үстелдер, жұмыс берушілердің, мемлекеттік құрылымдар өкілдерінің, мемлекеттік билік органдарының қатысуымен ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастыруды қамтиды. .

**Бейімделу барысында қақтығыстарға ықпал ететін факторлар:**

- тұлғаның бағыты (мотивтер, өзін-өзі бағалау, құндылықтар) арасындағы сәйкессіздіктер;
- кәсіби қызмет сипатының Кәсіби құзыреттілік деңгейіне сәйкес келмеуі;
- тұлғаның жетістікке, өркендеуге, мансапқа және кәсіби маңызды қасиеттердің даму деңгейіне бағытталуы арасындағы қайшылықтар;
- өзінің кәсіби маңызды қасиеттері туралы идеялардың нақты кәсіби мүмкіндіктерге сәйкес келмеуі;
- кәсіби мүмкіндіктер мен жынысына, жасына, этникалық тегіне, сыртқы түріне байланысты ықтимал әлеуметтік шектеулер арасындағы қайшылықтар [3].

Статистикалық ақпаратқа сәйкес басқаларға қарағанда кәсіптік қайта даярлау бағдарламаларына қатысатын жас тобы 30-39 жас аралығындағы (29,7%) және 40-49 жас аралығындағы (24,6%) қызметкерлер болып табылады; 25-29 және 50-59 жас аралығындағы қызметкерлер қайта оқытуға сирек қатысады – 17,8% және 15,9% тиісінше; 25 жасқа дейінгі (8,4%) және 60 жастан асқан (2,6%) қызметкерлер мұндай бағдарламаларға сирек қатысады. Жас қызметкерлердің пайызы аз, бірақ айтарлықтай – жалпы 26,2% екенін атап өтейік [4].

**Әлеуметтік бейімделу**

Әлеуметтік бейімделу субъектінің: жеке тұлғаның, қоғамдастықтың әлеуметтік ортаға бейімделу процесі ретінде түсініледі, бұл өзара әрекеттесуді және екі жақтың үміттерін біртіндеп үйлестіруді қамтиды. Әлеуметтік-кәсіби бейімделу туралы айтатын болсақ, біз жеке тұлғаны жаңа кәсіби қызметтің шарттары мен нормаларына бейімдеу, өндірістік мінез-құлық нормаларын, кәсіби этиканы игеру процесін айтамыз. Жұмысқа кірісе отырып, жас маман ұйым ішіндегі кәсіби және әлеуметтік-психологиялық қатынастар жүйесіне түседі, кәсіби қызметтің нормалары мен құндылықтарын игереді, өзінің жеке ұстанымын кәсіпорынның мақсаттары мен міндеттерімен үйлестіреді. Бұл жағдайда білім беру жүйесінің рөлі түлекке кәсіби дамыған, бәсекеге қабілетті, белсенді адам болуға мүмкіндік беретін, қысқа мерзімде кәсіби қызмет жағдайларына бейімделуге мүмкіндік беретін қасиеттерді дамытуға көмектесу болып табылады.

Түлектердің кәсіби қызметке әлеуметтік және кәсіби бейімделу дәрежесін талдау үшін кәсіпорында 3 жылдан аспайтын жұмыс істеген жас мамандарға сауалнама жүргізілді. Ең алдымен, сауалнаманың негізгі қызығушылығы университет түлегінің кәсіби қызметке алғашқы бейімделуіне бағытталған. Бұл шындықтың кәсіби қызметі туралы идеялар мен үміттердің сәйкес келмеуіне байланысты жиі кездесетін жағдайлар туындайтын кезең, нәтижесінде кәсіби қызметтің өзгеруі орын алады. Жас мамандарға ұсынылған алғашқы сауалнама олардың кәсіби қызмет жағдайларына, кәсіптің өзіне, кәсіби ұжымның нормалары мен құндылықтарына қаншалықты тез бейімделе алатындығы туралы өз бағаларын анықтау үшін жасалды.

**Сауалнама нәтижелерін талдау нәтижелері бойынша келесі қорытынды жасауға болады:**

- Респонденттердің 70% - ы кәсіби команданың стандарттары мен құндылықтарына бейімделді, 20% - ы ұжымда қарым-қатынас орнатпады, қалғандарына жауап беру қиынға соқты;
- "Сауалнамаға қатысқандардың 54% - ы кәсіби қызмет жағдайларына бейімделді, 8% - ы жауап беру қиынға соқты, қалғандары "бейімделмедім" деп жауап берді;
- "Респонденттердің 48% - ы өздерінің кәсіби қызметінің ерекшеліктеріне бейімделді,
- Респонденттердің 10% - ы жауап беруге қиналды, қалғандары бейімделмеді.

Осылайша, жас мамандардың бейімделу дәрежесін субъективті қабылдауы өте төмен деңгейде екенін атап өтуге болады. Ең жақсы нәтижелерге командаға бейімделуде, командада ортақ дәстүрлер мен құндылықтарға бейімделу барысында қол жеткізілді.

Жас мамандардың пікірінше, еңбек нарығында бейімделуге ықпал ететін ең маңызды факторлар "жұмыс тәжірибесінің болуы" және "кәсіби құзыреттіліктің болуы" болып табылады. Екінші топқа "белгілі бір жеке қасиеттердің болуы" (49%), "диплом берген мекеменің рейтингі" (38%) және "байланыстар" (36%) сияқты факторлар кіреді. Айта кету керек, соңғы екі факторды түлектер бірдей бағалайды. Респонденттер "отбасының, балалардың болмауы", "жас", "жыныс" сияқты факторларды маңызды емес деп санайды.

Келесі кезеңде біз жас маманның еңбек нарығына сәтті бейімделуіне жол бермейтін факторлар туралы жұмыс берушілердің пікірін білуді шештік. Жұмыс берушілерден жас маманның сәтті бейімделуіне қандай факторлар кедергі келтіретінін атап өту сұралды. Сауалнамаға барлығы 103 жұмыс беруші қатысты. Жұмыс берушілердің пікірі түлектердің пікірімен сәйкес келеді. Жұмыс берушілердің пікірінше, жұмыс тәжірибесі мен құзыреттілігінің болмауы бірінші кезекте жас маманға еңбек нарығында табысты және тез бейімделуге мүмкіндік бермейді. Жұмыс берушілер сонымен қатар жас маманның нашар қалыптасқан жеке қасиеттерін атап өтеді. Жұмыс берушілердің көпшілігі жас мамандардың коммуникативті дағдылары, ұйымдастырушылық қабілеттері, яғни командада жұмыс істеу қабілеті, жауапкершілігі мен тиімділігі әлсіз деп санайды [5].

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, түлектің еңбек нарығына сәтті бейімделуінің келесі компоненттерін ажыратуға болады.

Көптеген зерттеушілер оқытудың мазмұны әлі де теориялық білімге бағытталған және негізінен нақты іс-әрекетте практикалық қолданусыз. Міндетті тағылымдама жүйесін қайтару қажеттігін білім беруді ұйымдастырушылар мәлімдейді. Вербицкий оқу процесінде алған білім, дағдылар нақты кәсіби қызметтегі мәселелерді шешу құралдарына айналуы керек екенін атап өтті. Бүгінгі таңда жұмыс берушілердің түлектерге қойылатын басты талаптарының бірі-жұмыс тәжірибесінің болуы. Шешім көбінесе тағылымдамадан өту тәжірибесінің тиімділігіне байланысты. Алайда, біздің ойымызша, практикалық оқытуды, әсіресе теориялық дайындықты қысқарту және жоғары оқу орындарындағы өзіндік және практикалық жұмыстың үлесін арттыру кезеңінде студенттердің теориялық дайындығынан бөлек қарастыруға болмайды. Керісінше, практика теориялық оқытудың логикалық жалғасы болып табылады, ал теориялық дайындық практикалық мәселелерді шешудің негізі болуы керек. Білім беру стандарттарында тұжырымдалған талаптарды жүзеге асыру үшін теориялық және практикалық дайындық қажет. Жұмыс берушілердің университеттердің базалық білім беру бағдарламаларын қалыптастыру процесіне қатысуы білім беру процесінің ажырамас шарты болып табылады. Осыған байланысты университет пен кафедра жұмыс берушілермен олардың дайындық бейініне сәйкес белсенді өзара іс-қимыл жасайды. Студенттік тағылымдама-университеттер мен кәсіпорындар арасындағы өзара әрекеттесудің ең дәстүрлі тәсілі.

Алайда, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру білім беру процесі нақты кәсіби қызметке жақын болған жағдайда ғана тиімді болады. Білім беру процесін нақты кәсіби қызметке жақындату оқытудың контекстік тәсілін енгізу арқылы мүмкін болады. Соңғы уақытта негізгі құндылық білім емес, бұл білімді қайда және қалай қолдану керектігін білу немесе түсіну болып табылады. Әр түрлі міндеттер мен мәселелер оқытудың контекстік тәсілінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені проблемаларды шешу барысында болашақ мансапқа қажетті жұмыс тәсілдерін сатып алуға және игеруге болады [6].

Еңбек нарығының талаптарына сәйкес университет түлегі жан-жақты дамыған тұлға болуы керек және белгілі бір құзыреттер жиынтығына ғана емес, сонымен қатар қажетті жеке қасиеттерге ие болуы керек, тез өзгертін жағдайларға тез бейімделе білуі және туындайтын кәсіби мәселелерді шеше білуі керек. Қажетті құзыреттіліктері, жеке қасиеттері, проблемаларды шешу қабілеті және болашақ кәсіби қызметке құндылық қатынасы, өзгертін жағдайларға, нормаларға, құндылықтарға және нақты кәсіби қызметке тез бейімделу қабілеті бар осындай түлектерді қалыптастыру үшін орталықтандырылған оқытуды қолдану қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мусарский М.М. Конкурентоспособность образования и востребованность выпускников вузов на рынке труда / М . М . Мусарский, М . А. Буданова, Ю. С. Коноплин, С. Ю. Иванов // Научно-теоретический и аналитический журнал «Управление мегаполисом». 2015 . Т. 1 . № 6 . С . 7—17.
2. Аврамова Е., Кулагина Е., Верпаховская Ю. Человек и труд, 2007, 9, с. 41–47.
3. Власюк Д. «Түлектің кәсіби және әлеуметтік бейімделуі» // Ресейдегі жоғары білім – 2007. – № 9. – 160-162 ББ.
4. Zhigadlo A. The quality of training and employment of young specialists: sociological aspect / A. Zhigadlo, V. Puzikov // Vysshee obrazovanie v Rosii (Higher education in Russia). – 2007. – № 10. – pp. 108–112.
5. Politsinsky, E.V. The organization of the training of technical college students using practice-oriented tasks [Electronic resource] / E.V. Politsinsky, L.G. Demenkova // Asian Social Science. – 2015. – Vol. 11, № 1. – pp. 187–192. –Tit. screen. – doi: <http://dx.doi.org/10.5539/ass.v11n1p187>
6. Baratov, R. Prospects of Higher Education System (on the Example of Uzbekistan). International Journal on Orange Technologies.-2021.- 3(3) - 128-131

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚЫНЫҢ ӨЛІМ-ЖІТІМ ДЕҢГЕЙІНЕ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ


*Әлеуметтану, I курс докторанты, Алданғарқызы Ә.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Кілт сөздер:** өлім-жітім, өлім себептері, өмір сүру ұзақтығы, стандартталған өлім-жітім, нәресте өлімі.

### Кіріспе

Қазақстан халқының өлім-жітім көрсеткіші тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардың алғашқы жартысында жоғары деңгейде болды. 2009 жылдан бастап 2019 жылға дейін, сәйкесінше 1000 адамға шаққанда 8,9-дан 7,2-ге дейін, өлім-жітімнің жалпы коэффициентінің (ӨЖК) төмендеуі байқалады.

Ең төменгі ӨЖК 2018 жылы 1000 адамға шаққанда 7,1 құрады. Бұл көрсеткіштің айтарлықтай төмендеуі Алматы қаласында, аз деңгейде төмендеуі Жамбыл, Павлодар, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарында байқалады. 2018 жылы ӨЖК-нің 1000 адамға шаққанда 5-тен төмені Астана, Шымкент қалаларында және Маңғыстау облысында болды. ӨЖК Ең жоғары көрсеткіш Қостанай, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарында байқалады. 2020 жылы ұзақ жылдар бойы төмендегеннен кейін, коронавирустық инфекция пандемиясына байланысты, өлім-жітім көрсеткіші 1000 адамға шаққанда 8,6-ға дейін өсті. 2021 жылы 1000 адамға шаққанда 9,61 құрады, бұл 2009 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш (1-график).



Дереккөзі: Ұлтық статистика бюросы

### 1-график. Қазақстан халқының өлім-жітім көрсеткіші

Қалалық жерлерде өлім-жітімнің жалпы коэффициенті ауылдық жерлерге қарағанда айтарлықтай жоғары, сәйкесінше 1000 адамға шаққанда 10,33 және 8,57 құрады.

Өңірлер бөлінісінде 2021 жылы өлім-жітімнің жалпы коэффициентінің ең жоғары көрсеткіштері Солтүстік Қазақстан (1000 адамға 15,58), Қостанай (1000 адамға 14,12), Шығыс Қазақстан (1000 адамға 13,82) және Павлодар (1000 адамға 13,79) облыстарында байқалды. Ең төмен көрсеткіші Астана (1000 адамға 5,75 ғана), Шымкент (1000 адамға 6,76) қалаларында, Маңғыстау (1000 адамға 6,14), Түркістан (1000 адамға 6,63) және Қызылорда (1000 адамға 6,96) облыстарында тіркелді.

Жалпы коэффициенттердің мөлшеріне әсер ететін факторлардың бірі - халықтың жас құрылымы. Құрылымдық факторлардың әсерін жою әдісі - демографиялық коэффициенттерді стандарттау. Стандарт ретінде зерттелгенге жақын халықтың құрылымы таңдалады және салыстырылатын аймақтардағы халықтың құрылымы «стандартты халықпен» бірдей деп есептеледі.

Қазақстанда қан айналымы жүйесінің аурулары халық өлімінің жалпы құрылымында бірінші орын алады. Соңғы жылдары мемлекет қан айналымы жүйесі ауруынан болатын өлім-жітімді төмендету бойынша шаралар қабылдағанына қарамастан, бұл көрсеткіш өлім-жітім себептерінің негізгі үлесін алуда. 2021 жылы қан айналымы жүйесінің ауруларының стандартталған коэффициентті 100000 адамға 230,8 құрады, бұл көрсеткіш ерлерде әйелдерге қарағанда екі есе жоғары.

	100000 адамға				
	Барлық халық	Ерлер	Әйелдер	Қала халқы	Ауыл халқы
Барлығы	611,39	834,83	452,07	618,03	600,89
Бірқатар жұқпалы және паразиттік аурулардан	6,83	9,63	4,42	8,18	4,74
туберкулезден	1,85	3,08	0,81	2,17	1,35
АҚТК/ЖҚТБдан	1,06	1,50	0,65	1,28	0,71
Өспелерден	74,37	97,45	60,70	83,43	60,37
қатерлі ісіктерден	72,48	95,08	59,07	81,41	58,67
Қант диабетінен	35,14	33,73	35,54	35,65	34,26

Жүйке жүйесі ауруларынан	168,41	204,62	144,84	178,99	151,92
Қан айналымы жүйесі ауруларынан	230,80	321,72	167,15	267,23	173,51
жүрек ишемиясы ауруынан	89,28	126,89	64,18	110,25	56,36
цереброваскулярлық аурудан	48,37	65,35	36,46	54,82	38,14
Тыныс алу ағзалары ауруларынан	112,66	167,46	80,39	103,79	126,83
Ас қорыту ағзалары ауруларынан	66,77	79,32	54,64	62,90	71,97
Өлім-жітімнің және аурудың сыртқы себептерінен	60,50	100,61	25,42	56,91	66,00
жол-көлік оқиғасынан	12,31	19,05	6,16	10,12	15,59
өзін-өзі өлтіруден	11,41	19,92	4,05	10,02	13,54
өлтіруден	3,06	5,36	0,98	2,74	3,56


Дереккөзі: Ұлтық статистика бюросы

### 1-кесте. 2021 жылғы Қазақстандағы өлім себептерінің негізгі жіктеліміне қарай өлім-жітімнің стандартталған коэффициенттері

Сыртқы себептерден ерлердің (100000 адамға 100,61) өлім-жітім деңгейі әйелдерден (25,42) үш-төрт есе көп, алайда бұл көрсеткіш карантиндік шараларға байланыс 2020-2021 жылдары алдыңғы жылдармен салыстырғанда төмендеді. Сыртқы себептердің ішінде ерлерде әсіресе жол-көлік оқиғасынан, өзін-өзі өлтіруден, өлтіруден өлім көрсеткіші жоғары.

Елімізде ішінде екінші орында Жүйке жүйесі ауруларынан өлім жітім себебі елімізде қан айналымы жүйесі ауруларынан кейін екінші орында. 2021 бұл өлім жітім себебінен қайтыс болғандар 100000 адамға шаққанда 168,41 құрады, ерлерде 204,62, әйелдерде 144,84. Үшінші орында Тыныс алу ағзалары ауруларынан, әсіресе бұл көрсеткіш 2020 (100000 адамға 126,38) 2021 (100000 адамға 112,66) жылдары жоғары болды (1-кесте, 2-график).

Қазақстанда өспелерден болатын өлім-жітім деңгейі, әсіресе егде жастағы топтарда төмендеу үрдісіне ие. Өспелерден болатын өлім-жітім құрылымында бірінші орынды - сүт безі обыры, екінші орынды - өкпе обыры алады. Соңғы жылдары өспелерден болатын өлім-жітімнің төмендеуі ерте сатылардағы қатерлі ісік диагностикасының жақсаруымен және емдеу нәтижелерінің тиімділігімен түсіндіріледі.



Дереккөзі: Ұлтық статистика бюросы


## 2-график. 2021 жылғы Қазақстандағы өлім себептерінің негізгі жіктеліміне қарай өлім-жітімнің стандартталған коэффициенттері

Өлім-жітім деңгейінің саралануын неғұрлым дұрыс бағалау туу кезіндегі өмір сүру ұзақтығының көрсеткішін пайдалану арқылы анықталады.

Өмір сүру ұзақтығы ең маңызды демографиялық көрсеткіш болып табылады, ол х жасқа жеткен адамның алдағы өмірінің орташа жылын білдіреді. Өмір сүру ұзақтығы халықтың өлім-жітім деңгейімен тікелей байланысты. Қазақстан халқының өмір сүру ұзақтығының динамикасы әртүрлі бағытта өзгерді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін 2019 жылға дейін өмір сүру ұзақтығы тұрақты түрде өсті. 2020 жылы коронавирустық инфекцияның пандемиясы себебінен шамадан тыс өлім-жітімге байланысты 2019 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш ерлерде - 1,73, әйелдер-1,77 жасқа төмендеп, тиісінше 67,1 және 75,5 жасты құрады. 2021 жылы өмір сүру ұзақтығы 70,23 жасты құрады, 2020-2021жж. 2 жаасқа төмендеді, оның ішінде ерлерде – 67,33 жас, әйелдерде -74,03 жас, өмір сүру ұзақтығындағы айырмашылық 7,7 жасты құрады (3-график).

Өңірлер бөлінісінде ең жоғары өмір сүру ұзақтығы Астана (72,87), Алматы (71,97) қалаларында, ең төменгі көрсеткіш Солтүстік Қазақстан (68,57), Ақмола (68,86), Павлодар (68,93) облыстарында.




Дереккөзі: Ұлтық статистика бюросы

## 3-график. 2021 жылғы Қазақстан Республикасы халқының туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы

2010 жылдан бастап нәрест өлімінің төмендеу үдерісі байқалады. 2010, 2012-2013 және 2015, 2019 жылдары қала, ауыл деңгейін бірдей көрсеткіштер байқалады. 2021 жылы нәресте өлімінің жалпы коэффициенті 1000 туылғанға шаққанда 8,44 құрады, бұл соңғы бес жылдағы ең жоғары көрсеткіш. Бұл ретте жергілікті жер бөлінісінде қисаюерекше: қалаларда бұл көрсеткіш 1000 туылғанға шаққанда 10,46 жетті, бұл 2014 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш болды. Ауылдық жерлерде керісінше бұл көрсеткіш төмен - 1000 туылғанға 5,55 (4-график).

1000 туылғанға





Дереккөзі: Ұлттық статистика бюросы

#### 4-график. Қазақстандағы нәрестелер өлімінің коэффициенті

##### Қорытынды

Соңғы онжылдықта Қазақстанда денсаулық сақтау саласында белгілі бір жетістіктерге қол жеткізуі нәтижесінде нәресте, ана өлімдері төмендеді, 2020-2021 жылдарды қоспағанда, күтілетін өмір сүру ұзақтығы тұрақты түрде өсті өмір. 2020-2021 жылдардағы өмір сүру ұзақтығының төмендеуі, әлемнің көптеген елдеріндегідей, коронавирустық инфекция пандемиясымен байланысты артық өліммен байланысты.

Қазақстанда өлім-жітімнің теріс динамикасы негізінен қан айналымы жүйесінің ауруларымен, өспелермен, тыныс алу органдарының ауруларымен және сыртқы себептермен байланысты болды. Өлім-жітімнің себептерге байланысты стандартталған коэффициентін талдау 2020-2021 жылдар аралығында коронавирустық инфекциядан және тыныс алу органдарының ауруларынан болатын өлім-жітімнің артқанын көрсетті. Бірақ соған қарамастан, өлімнің себептері арасында қан айналымы жүйесінің аурулары әлі де көш бастап тұр.

##### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның демографиялық жылнамалығы Электрондық ресурс: <https://stat.gov.kz/official/industry/61/publication> (жүгінген күн: 22.03.2023).
2. Ұлттық статистика бюросының динамикалық кестелері. Электрондық ресурс: <https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/8> (жүгінген күн: 22.03.2023).
3. «Халықтың табиғы қозғалысы» бюллетеньдері <https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/5> (жүгінген күн: 23.03.2021).
4. Қазақстандағы өлім себептерінің негізгі жіктеліміне қарай өлім-жітімнің стандартталған коэффициенттері жедел ақпараты <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT464584> (жүгінген күн: 23.03.2021).
5. «Қазақстан Республикасы халқының туғандағы күтілетін өмір сүру ұзақтығы» жедел ақпараты <https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/6> (жүгінген күн: 23.03.2021).

#### МОТИВАЦИЯ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ФУНКЦИЯСЫ РЕТІНДЕ

*Еңбек әлеуметтануы және HR басқару, 1 курс магистранты Алтаева Н.А.  
Ғылыми жетекші: соң.ғыл.д., профессор Абдирайымова Г.С.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Кілт сөздер:** мотивация, ынталандыру, персонал, мотивация жүйесі, мотивация моделі.

Қазіргі таңда кез-келген кәсіпорынның басшылығы қызметкерлерді жоспар бойынша өндірістік процесті қамтамасыз ету үшін мүмкіндігінше тиімді әрекет етуге шақыратын басқару

функциясы ретінде мотивация мәселесіне ерекше назар аударып жатыр. Персоналды ынталандыру көбінесе ұйым қызметінің сәттілігін көтереді. Персонал кәсіпорынның тиімді дамуының негізгі көзі болғандықтан, кәсіпорын үшін адам әлеуеті басты бәсекелестік артықшылық болып табылады. Персонал ұйымның маңызды ресурсы, өйткені компания өз қызметін тек нақты адамдардың көмегімен жүзеге асырады. Бұл компанияны басқарудағы кез келген мәселе адамдарды басқарудағы мәселелермен байланысты екенін білдіреді. Ұйымның барлық қызметкерлері болашаққа нақты көзқараспен, өзінің маңыздылығын нақты түсінетін және өз мақсаттарына жету үшін дербес әрекет етуге ынталы ұйымшыл ұжым ретінде әрекет етуі керек. Жақсы дайындалған, ынталы және ұйымдасқан персонал компанияның тағдырын анықтайды.

Мотивация - басқарудың маңызды функциясының бірі және оны сәтті жүзеге асыру ұйымның алға қойған мақсаттарына жетуін қамтамасыз етеді.

Мотивацияны бір нәрсені жасауға ынталандыру немесе итермелеу ретінде анықтауға болады. Мотивация ұйым қызметкерлерін өздерінің жеке мақсаттарына және де компанияның жалпы мақсаттарына жетуге итермелейді.

Осыған орай, әрбір ұйым менеджері мотивация жүйесін жақсы құруды көздейді. Мотивация жүйесі дегеніміз персоналдардың ішкі құндылықтары мен қажеттіліктеріне бағытталған, жалпы жұмысқа ғана емес, ең алдымен еңбекқорлыққа, бастамашылыққа және жұмыс істеуге деген ұмтылысқа ынталандыратын іс-шаралар кешені. Мотивация жүйесі мотивация әдістерінің негізгі жиынтығы ретінде қарастырылады.

Теориялық тұрғыдан мотивацияның төрт негізгі әдісі бар [1]:

- 1) сыйақы - материалдық және материалдық емес ынталандыру жүйелері түрінде;
- 2) мәжбүрлеу - жазалануға негізделген, мысалы, айыппұл түрінде немесе жалақысы төмен жұмысқа ауыстыру ретінде және т. б.;
- 3) ынтымақтастық - қызметкерлерде сендіруді, тәрбиелеуді, оқытуды және қолайлы өндірістік атмосфераны құруды пайдалана отырып, ұйымның құндылықтары мен мақсаттарына сәйкес келетін немесе оларға жақын құндылықтар мен мақсаттарды дамыту;
- 4) бейімделу - орта буын басшылары мен менеджерлерінің мақсаттарына ішінара бейімделу арқылы ұйымның мақсаттарына әсер ету.

Заманауи экономикалық тәжірибеде мотивация әдетте ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

Ішкі мотивация - бұл адамдарға белгілі бір жолмен әрекет ету немесе белгілі бір бағытта қозғалу арқылы әсер ететін өздігінен пайда болатын факторлар. Ішкі мотивация неғұрлым күрделі процесс болып табылады және адамның белгілі бір мотивациялық құрылымын қалыптастыруды қамтиды. Мотивацияның бұл түрі менеджерден әлдеқайда көп күш, білім мен қабілеттерді талап етеді. Ішкі мотивацияда персонал үшін жұмыс рахат әкелуі керек, адам жұмыстың мағынасын көргісі келетіндігінде көрінеді. Ішкі мотивация - бұл адамның психологиялық жағдайы. Материалдық пайдаға тәуелді емес және қызметкердің өзін-өзі дамытуға және оның әлеуетін іске асыруға бағытталған.

Сыртқы мотивация – бұл адамдар үшін оларды ынталандыру үшін жасалады. Сыртқы мотивация - бұл басшылық ықпал ететін немесе басқару процесінің бір түрі: менеджер жұмысты орындаушыға тапсырады, ал жұмысшы оны орындайды. Мотивацияның бұл түрімен менеджер белгілі бір қызметкерді жұмысты сапалы және уақытында орындауға итермелейтін себептерді білуі керек: бұл қалыпты жұмыс ақысы немесе сыйлықақы/сыйақы немесе қарапайым мақтау немесе моральдық ынталандырудың басқа түрі болуы мүмкін. Материалдық және материалдық емес ынталандыруларды қамтиды.

Мотивация ынталандырумен (стимул) тығыз байланысты. Ынталандыру (стимул) деп басшылық еңбек өнімділігінің жұмыс сапасын арттыру саласында жүргізетін іс-шаралар кешенін айтады. Әрбір ұйымның ынталандыру жүйесін құрған кезде қызметкердің мақсаттары мен сол ұйымның жұмысы және міндеттері арасындағы белгілі бір тепе-теңдікті сақтау қажет [2].

Қазіргі уақытта қызметкерлерді ынталандырудың тиімді жүйесін ұйымдастыру ең күрделі практикалық мәселелердің бірі. Яғни, мотивация функциясы - басқарудың элементі ретінде күрделі қызмет түрі. Қызметкерлердің төмен мотивациясымен байланысты типтік мәселелер:

- 1) кадрлардың жоғары тұрақсыздығы;
- 2) жоғары қақтығыс деңгейі;
- 3) жұмысқа немқұрайлы қарау;
- 4) қызметкерлер жұмысының нәтижелері мен мадақтау арасындағы әлсіз байланыс;
- 5) қызметкерлердің әлеуетін өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдайдың болмауы;
- 6) басшылардың қол астындағыларға әсер ету тиімділігінің төмендігі;

7) үйлестірілген команда құрудағы проблемалар және т.б. [3].

Осыған орай, персоналды ынталандыру жүйесін жетілдірудің негізгі принциптерін келесідей [4]:

1) Жекелендіру. Әр қызметкерге жеке көзқарас және оның жұмыс кеңістігін өзгерту қажеттіліктерін ескеру.

2) Ашықтық. Мотивация жүйесі ұйымның әрбір қызметкеріне түсінікті болуы керек.

3) Қызметкерлерге деген сенім мен адалдық. Жұмыс орнындағы сенім әркім өзін жайлы сезінетін және қолдау алатын орта жасайды. Бұл өз кезегінде өнімділік пен жұмысқа қанағаттануды арттырады.

4) Үздіксіз кері байланыс. Қызметкерлердің өз пікірлерін айтуға және өз сұрақтарына сындарлы пікір алуға құқығы болуы керек.

Мотивация жүйесін құруға әсер ететін көптеген әртүрлі факторлар бар, бірақ кез келген жағдайда басты міндет - жеке қажеттіліктерді барынша қанағаттандыру мен барлық қызметкерлердің қажеттіліктерін топтарға қорытындылау арасындағы тепе-теңдікті қалыптастыру. Тек осылай ғана ресурстарды үнемдей отырып, тиімді мотивациялық жүйеге қол жеткізуге болады.

Ынталандыру (стимул) факторы арқылы мотивацияны ұйымдастыру үшін зерттеушілердің пікірінше, келесі талаптарды орындау қажет [5]:

1) Кешенділік - басшы немесе менеджер бастапқыда қарамағындағыларға ортақ мотивациялық факторларды ескеруі керек, бірақ сонымен бірге қызметкерлердің жеке жетістіктерін де ескеруді ұмытпауы керек (еңбекақы бойынша бонустар).

2) Саралау - еңбек өтіліне, отбасындағы бала санына, жасына, біліктілігіне, жұмыс орнындағы жеке жетістіктеріне байланысты қызметкерлерді ынталандырудың жеке тәсілі (мысалы: кандидаттық/докторлық дәрежесі бар қызметкерлердің еңбекақысы бұндай дәрежесі жоқ қызметкерлерге қарағанда жоғарырақ болады).

3) Икемділік пен тиімділік - ұжымдық деңгейде де, мемлекеттік деңгейде де жағдайлардың өзгеруіне байланысты ынталандырудың өзгеруі.

Мотивация мен ынталандырудың негізгі міндеттеріне келесілер жатады:

1) өз саласындағы маман ретінде қызметкерлердің дамуын жандандыру және белсендіру, олардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

2) білікті қызметкерлердің тұрақты штатын құру;

3) барлық персоналдың жұмысын ынталандыру үшін жағдай жасау;

4) ұйымға жоғары білікті қызметкерлерді тарту;

5) кәсіпорынның, стратегиялық міндеттерін шешуге персоналдардың бағдарларын белгілеу

[6].

London School of Business & Finance ұйымдағы мотивацияның артықшылықтарын келесідей қарастырған болатын.

1) Өнімділікті арттырады: жоғарылату сияқты мотивтер қызметкерлердің мүмкіндігінше жұмыс істеуге деген ұмтылысын тудырады.

2) Ұйымдастырушылық тиімділікті қамтамасыз етеді: мотивтер ұйымның мәдениетін өзгертуге де көмектесе алады. Жақсырақ сыйақы берілетін болса, қызметкерлер өз жұмысына көбірек беріліп, өз мақсаттарына жетуге ынталы болады. Бұл жалпы жұмыс тиімділігін жоғарлатады.

3) Қызметкерлер арасындағы адалдықты арттырады: қызметкерлеріңізді қолдан келгеннің бәрін жасауға ынталандыру және олардың қажырлы еңбегін марапаттау компанияға деген адалдық сезімін ояту үшін де пайдалы болуы мүмкін. Қызметкерлеріңізді ынталандыру сонымен қатар компанияның жаңа адамдарды жалдау шығындарын төмендетуі мүмкін.

4) Бағытты жеңілдетеді: бағыт кез-келген бизнестің маңызды аспектісі болып табылады. Бұл ұйымның негізгі мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін нақты жоспарлар мен стратегияларды құруды және іске асыруды қамтиды. Ынталы жұмыс күші компанияны дамытуға және инновацияларға ынталы түрде көмектеседі. Олар сондай-ақ компанияның одан әрі кеңеюіне көмектесетін стратегияларды немесе бағытты ұсынуы ықтимал.

5) Белсенді жұмыс күшін қамтамасыз етеді: кез-келген бизнестің табысты болуы үшін ол өз қызметкерлерінен жұмыс ортасындағы динамикалық өзгерістерге бейімделуді талап етеді. Қызметкерлер компанияның мақсаттары мен көзқарастарына толығымен берілгенше, компания олардың мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін қаржылық ұқыпты шешім қабылдай алмайды. Осылайша, қызметкерлер арасындағы мотивация күрделі ұйымдық шешімдерге қарсылықты төмендетеді.

Қызметкерлердің мотивациясын күшейтудің және еңбек өнімділігін арттырудың келесі негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады [7].

1) Ақшалай сыйақы арқылы ынталандыру. Ол үшін компания әр қызметкер үшін ашық болатын икемді және ақылға қонымды жүйені құруы керек. Сыйлықақылар мен үстемеақыларды төлеу білікті қызметкерлерді сақтауға қабілетті.

2) Тұрақтылық. Тұрақтылыққа сенімді қызметкер жоғары өнімділік пен адалдықты көрсетеді, ішкі тәртіп ережелерін бұзбайды.

3) Мансаптық өсу (тік және көлденең). Жұмысқа орналасатын адам бірнеше жыл өтсе де, тез көтерілуді қалайтыны анық.

4) Әлеуметтік-экономикалық қолдау қызметкерлер мен жалпы әлеуметтік саясат ұйым қызметкерлері үшін өте маңызды. Әлеуметтік пакетке мыналар кіреді: медициналық сақтандыру, мереке күндеріндегі төлемдер, жаттығу залдарына абонементтер, автокөлік беру, қызметкерлердің балаларына арналған санаторийлер мен лагерьлерге жолдамаларды ішінара төлеу, іссапар шығындарын өтеу, мемлекеттік емес зейнетақылық сақтандыру, корпоративтік ұялы байланыс және т. б.

5) Топтық жұмыс. Мұндай жұмыстың негізгі принциптері қатысушылардың әрқайсысының ортақ мақсаттары, өнімділікке қойылатын талаптармен тәжірибе алмасу, әріптестер алдындағы жауапкершілік сезімі болып табылады. Іс-әрекеттің үйлесімділігі максималды өнімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

6) Тану/Танылу. Қызметкерлерді ынталандыру жүйелеріне арналған бірқатар зерттеулер мотивацияның ең тиімді әдістерінің бірі тану/танылу бағдарламасы екенін көрсетті. Қызметкерлерді тану ұйымның белсенділігін арттырудың, ішкі өзара әрекеттесудің және нәтижелерін жақсартудың қажетті элементі болып табылады.

7) Білім алу. Бұл ынталандырудың негізі негізінде тиімді жұмыс істеу үшін орта мен жағдай қалыптастыру принципі жатыр. Менеджер қызметкерге қызығушылық танытатын жобаны таңдауға мүмкіндік беруі керек. Бұл жағдайда қызметкердің мотивациясы-жұмысты орындау үшін қажетті оқу бағдарламаларын өз бетінше таңдау мүмкіндігі. Ол үшін ұйым интеллектуалды өзара әрекеттесу мәдениетін дамытып, білім алмасуға барлық жағдай жасап, үйлестіру үшін жаңа толық уақытты лауазымды енгізіп, ашық сыйақы жүйесін әзірлеуі керек. Білім мен дағдылар неғұрлым көп болса, қызметкер соғұрлым жақсы бағаланады.

Жоғарыда айтып кеткендей, мотивация басқарудың маңызды элементі. Әрбір ұйым тиімді мотивация жүйесін немесе мотивация модельдерін құруды көздейді. Қызметкерлерді ынталандырудың тиімді модельдерін Жапония, Германия, Ұлыбритания, Франция, Швециядағы компаниялар әзірлеп және іс жүзінде сәтті енгізіп жатыр. Мотивацияның қай жүйесі ең тиімді екенін, шетелдік басшылар неге назар аударытын анықтап көрейік.

Жапония кәсіпорындарының мотивация жүйесінде, корпорация басшылары ұстанатын мотивацияның негізгі қағидасы: еңбек өтілі неғұрлым көп болса, лауазым мен жалақы мөлшері соғұрлым жоғары болады. Бұл дегеніміз, мансаптық өсу фирмадағы жұмыс уақытына тікелей байланысты. Жапондық мотивация теориясында бірқатар жүйелерді ұсынады. Олар:

- 1) өмір бойы жұмыспен қамту жүйесі;
- 2) қызметкерлерді оқыту жүйесі;
- 3) еңбек ауысымының жүйесі;
- 4) сыйақы жүйесі;
- 5) ұтымды ұсыныстар жүйесі.

Сонымен қатар, кәсіпорын ішкілік кәсіподақтар мен материалдық сыйақыны анықтаудағы еңбек өтілі жүйесі маңызды факторлар болып саналады. Мысалға, Toyota Motor Company Жапонияның ішкі зауытында өмір бойы жұмыспен қамту және кооперативті өндірістік қатынастар жағдайында өзінің өндірістік жұмысшылар тобын құрды. Toyota компаниясының персоналды басқарудың басты ерекшелігі - жұмыс өтіліне негізделген еңбекақы төлеу жүйесі. Еңбек өтіліне байланысты жалақы өскен сайын компанияда өндірістік қызметкерлердің біліктілік деңгейі біртіндеп артады. Бұл мотивация жүйесінің бір ерекшелігі – оның жапон жұмысшысының психологиясымен тығыз байланысы. Оның негізі - жапондықтардың ең жоғары құндылықтардың бірі, күшті ұжымшылдық, сондай-ақ жапон қоғамының маңызды иерархиясы ретіндегі жұмысқа деген көзқарасы. Жапондық мотивация жүйесінің басқалардан түбегейлі айырмашылықтарының бірі - оның топқа бағдарланғандығы. Көптеген жапондық компанияларда 4-10 адамнан тұратын жұмыс топтары бар [8].

Еңбек мотивациясының неміс моделіне тоқталатын болсақ, неміс моделі нарықтық экономика мен әлеуметтік қамсыздандырудың ерекшеліктерін біріктіреді және әділеттілік принциптеріне негізделген. Қызметкерлердің тарифтік ставкалары және қызметкерлердің лауазымдық жалақылары ең төменгі кепілдік берілген жалақы болып саналады. Сыйақы еңбек өнімділігі мен жеке жетістіктерінің өсуі үшін төленеді. Неміс компанияларының көпшілігі жұмысшылар үшін мемлекеттік әлеуметтік қорғау жүйесін толықтыратын үлкен әлеуметтік бағдарламаларды енгіп жатыр. Зейнетақы сақтандыру жарналарын жұмыс беруші мен жұмыскер тепе-теңдік негізде төлейді. Ірі корпорациялар медициналық сақтандырудан өзге, өз қызметкерлеріне кітапханаларды пайдалануға, әртүрлі мәдени бағдарламаларға қатысуға, қызығушылық курстарынан өтуге, спортпен айналысуға мүмкіндік береді [9].

Мотивацияның француз моделінің ерекшелігі нарықтық механизмге стратегиялық жоспарлауды енгізу болып табылады. Жалақы саясатында екі тенденция бар: жалақыны индексстеу және оны баға деңгейі мен күнкөріс минимумына байланысты дараландыру. Жалақыны дараландыру принципі негізінен басқарушы персоналға қатысты және кәсіби біліктілік деңгейін, орындалатын жұмыстың сапасын, жасалған ұтымды ұсыныстардың санын, қызметкерлердің ұтқырлық деңгейін ескере отырып жүзеге асырылады. Жалақыны дараландыру нысандары кәсіпорынның акцияларын жұмысшыларға сату, сыйлықақы төлеу болуы мүмкін. Көптеген француз кәсіпорындарында жұмысшылардың еңбегін бағалау (0-ден 120 баллға дейін) алты критерий бойынша қолданылады: кәсіптік білім, еңбек өнімділігі, жұмыс сапасы, қауіпсіздік ережелерін сақтау, еңбек этикасы, бастамашылық [9].

Еңбек мотивациясының шведтік моделі ортақ жалақы қағидаттарына негізделген: бір саланың барлық кәсіпорындарында ұқсас жұмыс үшін бірдей төлемдер және ең төменгі және ең жоғары жалақы арасындағы алшақтықты азайту. Ол ұлттық кірісті халықтың аз қамтылған топтарының пайдасына қайта бөлу арқылы мүлктік теңсіздікті және қоғамның экономикалық стратификациясын азайтуға бағытталған. Мұндай саясат экономиканы қайта құрылымдауға, пайдасыз кәсіпорындарды қысқартуға немесе жоюға әкеледі [9].

Ал Ұлыбританияның мотивациялық моделінің ерекшелігі қызметкерлердің жалақысының ұйым пайдасына тәуелділігінде. Еңбекке ақы төлеу жүйесі қызметкерге компанияның бағалы қағаздары есебінен оның еңбек қызметі үшін ішінара өтемақы төленетін ақша қаражатынан тұрады. Ғалымдар мотивацияның британдық жүйесінің келесі үлгілерін ажыратады: кәсіпорын табысына қатысу, капиталға қатысу және еңбек қызметіне қатысу. Кәсіпорын пайдасына қатысу тұрақты еңбекақыдан басқа кәсіпорын пайдасының белгілі бір бөлігін жүйелі түрде төлеуді қамтиды. Үлестік қатысу кезінде қызметкерлер өздерінің жеке жинақтарын бағалы қағаздарға (компанияның акциялары) енгізе алады, содан кейін пайданың бір бөлігін (пайыздар түрінде), сондай-ақ ұйымның жеңілдіктері мен бонустарын ала алады. Жұмыспен қамту үлесі келесі салалардағы төлемдерді қамтиды: негізгі жалақы, жұмыс қызметіне негізделген компания табысының үлесі және инвестицияланған капиталға негізделген компания кірісінің үлесі. Жоғарыда аталған жүйе жалпы ұйымға да, оның қызметкерлеріне де оң әсер етеді [10].

Сондай-ақ, қазіргі уақытта шығармашылық және әлеуметтік белсенділікті арттыруға, бәсекелестікті дамытуға ықпал ететін еңбек пен өндірісті ұйымдастыру, басқару саласындағы талантты инноваторларды өндірістік мәселелерді шешуге тартуға бағытталған мотивациялық модельдер қажет екенін атап өткен жөн. Компанияларда жаңа мотивациялық жүйелерді әзірлеу және практикада іске асыру кез келген ұжымды басқаруға қабілетті жоғары білікті кадрларды тартуға ықпал етеді. Мотивацияның мұндай модельдерінің болмауы персоналдың әлеуметтік-экономикалық қызметінің, сондай-ақ жалпы қолданыстағы басқару жүйелерінің тиімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Мотивация моделін, мотивация жүйесін тиімді құру ұйымның табысын арттырады. Соның бір мысалы Apple корпорациясы. Apple корпорациясы өздерінің персоналдарының тиімді жұмыс жасауына барынша үлестерін қосып, мотивация жүйесін жақсы іске асырып отыр. Соларға тоқталатын болсақ, Apple корпорациясының мотивациялық жүйесіне материалдық және материалдық емес жағынан ынталандыруды көздейді. Оларға жеңілдіктер, отбасылық құндылықтарды қолдау, болашақ туралы қамқорлық, ойын-сауық, спорт, жаңа персоналдарға қамқорлық жасау және т.б. кіреді. Apple корпорациясы өздерінің қызметкерлері үшін мотивация жүйесінде барлық сала бойынша ынталандыруды көздейді. Бұл өз кезегінде мотивация жүйесінің тиімді жұмыс жасауына ықпалын тигізеді.

Қорытындылай келе, персоналды басқарудың тиімді жүйесі барлық ұйымдар мен мекемелер үшін шешуші фактордың көзі. Қызметкерлерді ынталандырудың маңыздылығы - бұл ұйымның болашағын анықтайды. Қызметкер мотивациясының рөлі кәсіпорын ішіндегі құндылықтар жүйесін

қалыптастыруда, корпоративтік мәдениетті қалыптастыруда үлкен. Жұмыс барысындағы қызмет көрсету сапасын арттыру және қоғамдық сенімге ие болу қызметкерлерді ынталандырусыз, олардың жұмысын бағалаусыз, міндеттерді нақты анықтаусыз және ұйымдық мәдениетті қалыптастырусыз мүмкін емес екені анық. Жұмыстың тиімділігі мотивация функциясына тәуелді. Жұмыс орнында жоғары өнімділік пен тиімділікті сақтау үшін қызметкерлердің энергияға толы және ынталы болуы маңызды. Сондықтан мотивациялық факторлар, басқару құралдары ретінде, қызметкерлерді ынталандыру жүйесін құрайтын элементтердің бірі ретінде қарастырылады. Персоналды басқаруда мотивация жұмыс тиімділігі мен компанияның болашағын анықтайтын факторлардың бірі. Қызметкерлерді ынталандыру басқару жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Кәсіпорын мотивация функциясына көбірек көңіл бөлуі керек, өйткені бұл қызметкерлерге жағымды әсер ететін, олардың жұмысының тиімділігін және жалпы компаниялардың өнімділігін арттыратын факторлардың бірі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ревенков А. Мотивация трудовой деятельности // Экономист - М. - 2007. - С. 49.
2. Сувалов О.С., Сувалова Т.В. Мотивация персонала как инструмент эффективной кадровой политики организации // Вестник университета. - 2020 (7). - С. 22-27.
3. Мамедова Ю.А. Мотивация персонала как функция управления современной организации // Международный журнал гуманитарных и естественных наук: «Капитал». - 2018. - С. 81-83.
4. Шевченко В.В. Особенности мотивации персонала в условиях цифровой экономики // Цифровая экономика: проблемы и перспективы развития: сборник научных статей Межрегиональной научно-практической конференции. - Курск: Юго-Западный государственный университет. - 2019. - С. 183-189.
5. Шапиро С.А. Факторы повышения эффективности труда персонала // Монография. М.: ИД «АТИСО». - 2012. - С. 222.
6. Петрова М.П. Значение технологий управления развитием персонала для подсистемы мотивации и стимулирования труда // Форум молодых ученых. - 2017. - № 1 (5). - С. 460-463.
7. Покшиванова О.Л. Мотивация персонала: основные виды и методы // Journal of Economy and Business. - 2020. - № 8 (66). - С. 130.
8. Моисеева В.О. Особенности мотивационной системы японского менеджмента и возможности её применения в российских компаниях // Экономика и менеджмент инновационных технологий. - 2014. - № 3.
9. Ильченко С.В. Исследование зарубежного опыта мотивации трудовой деятельности персонала // Бизнес и дизайн ревю. - 2021. № 1 (21). - С. 4.
10. Зубарева Е.А., Мотовиц Т.Г. Международный опыт мотивации персонала в условиях современной экономики // Электронное научное издание «Ученые заметки ТОГУ». - 2014. Том 5, № 4. - С. 544 – 547.

#### ЖАРНАМА ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНЕ ӘСЕР ЕТУШІ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕ

*Әлеуметтану, 1-курс Әшімова Г.Ғ.*

*Ғылыми жетекші: PhD докторы, аға оқытушы Омарова А.Т.  
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті*

**Кілт сөздер:** жастар, жарнама, әлеуметтену, тұтынушы, мінез-құлық, құндылықтар.

Бүгінгі қазақстандық қоғамда жастардың құндылық бағыттары мен принциптері біршама бұлыңғыр көріністерге ие. Әр кезеңге және қоғам талабына сай жастардың атқаратын қызметтері, рөлдері мен көзқарастары үнемі өзгерістерге ұшырап жатады. Бұл тікелей өзгеріске тәуелді әлеуметтік орта кез келген жас тұлғаға әсерін тигізеді. Көптеген әлеуметтанулық зерттеулер көрсетіп отырғандай, қоғамда дәстүрлі құндылықтар өз орны мен құндылығын сақтап отырғанымен, жас ұрпақ арасында дәстүрлі құндылықтар біршама түрлендіруге ұшырап жатыр. Жастар отбасын құру, ата-ана болу, білім, адамгершілік, еңбек, рухани-мәдениет сияқты дәстүрлі құндылықтар маңыздылығын жоғалтып отыр. Заманауи уақыт тенденцияларына сәйкес, жас ұрпақ рухани принциптерді шегеріп, алдыға қарай материалды принциптерді таңдауда, яғни әлеуметтік мәртебе, қоғамда алатын орны мен рөлі, материалды байлықты артық көріп, жастардың белсенді

әрекет жасауын дамытып отырады. Құндылық жас тұлғаның даму көрінісіне, өмір сүру стиліне, мақсат пен міндет бағыт-бағдарының әсер етуші факторы болып табылатындықтан өзекті мәселе ретінде қарастырылады.

Жарнама өмірдің барлық сферасында ажырамас атрибут ретінде қарастырылады. Жарнаманың басты міндеті – сұраныс пен жоспарды көбейту және ынталандыру. Заманауи жарнамалар индивидтің бойында тек тұтынушылықты қалыптастырып қана қоймай, тіпті мінез-құлық моделі мен әлеуметтік стереотиптерді тәрбиелеуші тіректің қызметінде атқарып жүр.

Жас ұрпақ жаппай мәдениеттің басты қозғаушы күші болғандықтан, жарнама оларға аса қатты әсерге ие болуда. Заманауи адам үшін жарнама әлемге өзін көрсету немесе жариялау, жаңа идеялар мен мақсаттарды жариялау құралы болғандықтан, бұл қарапайым әлеуметтік өзара әрекеттесудің ұсынып отыр. Әлеуметтенудің жеке агенті ретінде жарнама жас адамның бойына жаңа әлеуметтік мәртебе мен рөл, құндылық бағдарларын және түрлі ортаға байланысты мінез-құлық өзгергіштігін өз жадына қарай бейімдейді.

Біздің уақытта жастар білім ресурстың көп бөлігін ата-ана берген тәрбиесінен емес ғаламтор желісінен, медиа сайттарынан, теледидардан алып отырады. Сондықтан да, олардың мінез-құлық жүйесін жарнама еш кедергісіз қалыптастыра алады.

Алайда, барлық жастар әлеуметтік топ ретінде жарнамаға тәуелді емес. Тәуелді болу факторы, отбасы тәрбиесіне, білім алу дәрежесіне, еңбек қызметіндегі тәжірибесіне, жәнәсол уақытқа қарай құндылықтардың қалыптасу жүйесіне байланысты.

Берілген контексте зерттеудің ең қызықты бөлігін әлеуметті-демографиялы топ – оқып жатқан жастар. Олар оқу орнында білім алу барысында әлеуметтік мәртебенің тамырын дамытады, содан тұлғаның бойында әлеуметтік өзін-өзі сәйкестендіру жүзеге асырылып отырады. Индивидтің бойында әлеуметтену мен өзін-өзі сәйкестендіру белгілерінің көмегімен өзін жеке «мен» болмысын табысты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Белгілі бір әлеуметтік ортаның төменгі шекарасы 17-18 жастағы мектеп бітірген жоғары оқу орнына енді түскен студент жастары әлеуметтанулық зерттеуге алынды, себебі осы жастан бастап физикалық өсу мен еңбек қатынасына араласу басталады. Ал жоғарғы шекараға 22 жастағы жоғары оқу орнын бітіруге дайындалып жүрген және өмірдің келесі кезеңіне дайындалып бастауды жоспарлап жатқан жастар тобы кіреді.

Зерттеу процесіне әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының студенттері қатысты. Қолға алынған әлеуметтанулық талдаулар жастар тобына жарнаманың олардың өмір сүру стиліне, тұтынушы мінез-құлқына әсер ету дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді.

Қазіргі қазақстандық қоғам индивидуалды тұтынушылықтың белсенді дамушы алгоритм болып сипатталады. Қоғамның тұтынушы факторы кеңістіктің қол жеткізу мүмкіндігіне байланысты әлеуметтік стратификацияның қалыптасуына алып келеді.

Тұтынушылық жас ұрпақтың рекреативті қызметінің жүзеге асырылуына байланысты дамытылады. Мысал ретінде, отбасымен жай ғана демалыс немесе достарымен уақыт өткізу, қаладағы әртүрлі мейрам іс-шараларын өткізу барысында кез келген іс-әрекетте міндетті түрде жарнама не оның маркетингтік типтерін кездестіруге болады. Осыдан «Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда қандай жарнама қажет?» сұрағына респонденттердің көп бөлігі (45%) қалада өткізіліп жатқан мәдени іс-шараларға қатысты жарнама жетіспейді деген, ал 30%-ы жас адамдардың әлеуметтік жарнама қажет екендігін атап өтті, қалған 15%-ы жаңа тауарлар мен қызмет көрсету шаралары бойынша көп жарнама қажеттілігін көрсетті.

Әлеуметтік жарнама маңыздылығын жас респонденттердің аз емес бөлігі қолдауын көрсеткен күннің өзінде, зерттеу бойынша, егер әлеуметтік жарнама сауатты және сапалы жасалмаса, бұл жарнама оларға қызықсыздығын тудырайтындығын жауап берген. Атап өтетін жайт, әлеуметтік жарнаманың көп бөлігі үкімет тарапынан ұйымдастырылып жататындықтан, материалды қаражат жарнаманың осы түріне басқа түрлерімен салыстырғанда аз бөлінеді. Содан, әлеуметтік жарнаманың сапасы біршама төмен болуы мүмкін.

Уақыт өзгеруіне байланысты жарнаманы қабылдау, көру, есту, алу қабілеттері де үнемі өзгеріске ұшырап жатады. Жарнаманың жас ұрпаққа әсер етуші және көмек көрсетуші құралы немесе көмекшісі ретінде медиа ресурстардың орны ерекше қызмет етеді. Мына сұраққа

«Сізге жарнаманы қалай ыңғайлы қабылдау?» респонденттердің 52%-ы әлеуметтік желі мен ғаламтор сайттарынан, 27%-ы отбасы, достар, жақын адамдардың ұсынысымен, 10%-ы қала көшелеріндегі жарияланып тұрған жарнамалар бойынша және 8%-ы теледидардан көрсететін жарнаманы қарау ыңғайлы екендігі жауаптарын қайтарды.

Дамып келе жатқан технологиялар заманында жас тұлғалар көп уақыттарын әлеуметтік желілер мен ғаламтор сайттарында өткізгендіктен тұтынушы мінез-құлықтың терең әрі тез дамуына алғышарт. Әсіресе, жастар жарнама компаниялардың басты клиент бағытталған объектілері болғандықтан, әлеуметтік желілерде жарнаманы визуализациялау және оны танымал топтарда насихаттау өте белсенді жүріп жатқандығын атап өткен маңызды.

Сонымен қатар, әлеуметтанулық зерттеу студент жастар арасында жүргізу барысында, қала мен ауыл аудандарынан шыққандарға сұрақтарды арнап құрастырылған. Осыдан, қала мен ауылдан шыққан студент жастардың жарнамаға қатынасы түрлі критерийлерге ие екенін көруге болады. Мысалы, жарнаманың жас индивидтің бойына құндылықтардың құрылуына тікелей әсер ететініне 45% - қала жастары, 50% - ауыл жастары қолдады. Ал, бүгінгі күннің жарнамаларында батыстан келген тұтынушы құндылықтар мен әрекеттер тобын насихаттайтынын 35% - ауыл жастары, 25% - қала жастары келіскен. Отбасы, денсаулық, адамгершілік, махаббатпен байланысқан жарнамалар саны аздау екендігіне 18% - қала жастары, 9% - ауыл жастары оң бағасын берген.

Осы мәліметтер бойынша, мемлекеттің қай аумағынан шықпасын жас тұлғалар арасында жарнамаға қатысты көзқарастар біршама айырмашылықтар болғанымен, ойлау және қабылдау қабілеттері бойынша ұқсастықтар бар екендігіне көз жеткізе аламыз.

Зерттеу қорытындылары көрсеткендей, респонденттер оқу орнынан алып жатқан әр ай сайын стипендия мен жұмыс істейтіндер арасында айлық алатындар алған қаражатын ата-анасына көмек көрсету немесе оқу ақысын төлеу мақсатында емес, өзінің тұтынатын тауарлары мен қажетті заттарына жарататынын 78%-ы жауап берді. Тек 10%-ы ата-анасына қол ұшын созады, ал қалған 5%-ы сыйлықтар беріп жататындығын атап көрсетті.

Бұл факт, қазіргі қоғамның жастары отбасына, туыскандарына қамқор, көмек көрсету, бір-бірін қолдау сияқты іс-әрекеттердің маңыздылығы жоғалтқандығын көруге болады. Бүгінгі күндері жас ұрпаққа ысырапшылдық, тұтынудың импульсивтілігі, эмоционалды сатып алу қасиеттері тән екендігі айқын. Жарнама компаниялары үшін бұл ақиқат мәлім болғандықтан, жастардың назарын аудару мақсатында, түрлі маркетингтік амалдар мен жолдар, тауарларға әдемі сыртқы қаптамалар жасап, қосымша сыйлықтар таратып, тіпті жас қоғам ішінде танымал жұлдыздарды да шақырады. Соның нәтижесінде, олардың бойында белгілі бір тауарды алу процесінде парасатты ойлау қабілеттерінің әлсіз болғандығын айқындайды.

Жоғары атап өткендей, заманауи маркетингтік фирмалар жас ортаның қызығушылығын таныту үшін түрлі танымал тұлғаларды тартады. Әсіресе, осындай тәжірибе көп жарнамалық акцияларды жасау барысында тиімді әлі ыңғайлы етіп жүзеге асырылып отырады. «Сіз жарнамалық акцияға немесе байқауға, егер сізге ұнайтын танымал жұлдызды шақырса, қатысуға дайын боласыз ба?» мәлімдемеге сұранушылардың 44%-ы оң жауап, 35%-мүмкін, 21%-нақты емес жауаптарын қалдырды. Әрине, барлық белгілі тұлғаларды бір қатарға жатқыза алмаймыз, бірақ та қазір жұлдыздар да материалды құндылыққа тәуелді болғандықтан, қарапайым жастарды алдау және алаяқтық жасау әрекеттерін бақылауға болады.

Көріп отырғанымыздай, жарнама әсерінен тұтынушы мінез-құлықтың жас ортаға тығызәсер ететіндігін, және олардың іс-әрекеттеріне қоса, кейде жағымды баға беру қиынға соғады. Осы уақыттың атақты тенденцияларының бірі «трендті қуалау немесе үнемі өзекті болу». Әлеуметтік ортада бұл ұғымдарды бүгінгі күндерде жиі естіп отырамыз. Жас ұрпақ өзекті не трендті болу мақсаттарын өздері електейтін танымал адамдардан көреді. Бұдан, олар сияқты киініп, жүріс-түрістерін електеп, олардың қолданатын брендтерін алып уақытын да, қаражатын да құртады. Жұлдыздар жас индивидтер тарапынан осы іс-әрекет бағдарын байқағандықтан, өздеріне пайда алу мақсатында қолданады.

Респонденттердің 35%-ы трендті қуаламайтындығын, 30%-ы жағдайға байланысты, 22%-ы кейде ұнайтындықтан, 10%-ы мүлдем теріс жауап қайтарды. Атап өтетін жайт, респонденттер оқу орнында оқып жүрген ересек адамдар болғандықтан, өзектіліктің артықшылықтары мен кемшіліктері жайлы жалпы ақиқатқа ие. Алайда, бұл проблемаға негізінен жастау ұрпақ арасында, яғни мектеп жасындағы индивидтер өте қатты бейім деп айтуға болады. Себебі, олар ата-ана бақылаусыз, кейде шындық пен өтіріктің айырмашылығын білмейді. Не дегенмен, студент жастар арасында бұл тенденция аздау болсада, маңызды рөлін ойнап тұрмағанын көруге болады.

«Сіз жарнамаға сенесіз бе?» сұрағына жастардың 68%-ы - жартылай, 29% - мүлдем сенбейді, 3% - толығымен сенеді деп жауап қатты. Жарнамалық коммуникацияның басты міндеті ықтимал тұтынушыға насихаттайтын жарнаманың белгілі бір тауардың маңыздылығын, қажеттілігін көрсету үшін сатып алуға ынталандыру. Сол жарнамаға қарым-қатынасы ақпаратты қабылдануына, түсінуіне байланысты екендігі сөзсіз. Тұтынушының ақпаратты өңдеу - ол алу, түсіндіру, ой



жадында ақпаратты сақтау және жарнамалық қозу, ынталандыру, еске алу процесі болып табылады.

Заманауи жастар жарнамаға жақсы ниетпен қарайды деп айтуға болады, дегенмен барлығы толығымен сене бермейді. Күнделікті өмірде көріп және қабылдап отыратын жарнаманың көптеген санын жастардың бойында тұтынушылық мінез-құлықтың белсенді дамуына басты қоздырғышы.

Жарнама біздің өміріміздің жартысы болды. Күнде біз мыңдаған жарнамалық видеобейнелерді көреміз, оларды қала көшелерінің кез келген жерінде көреміз және назар аударамыз. Ол басты мақсатына қол жеткізеді: тұтынушыға тауарды алуға ұмтылуын жасайды. Жарнама адамдарды тауарды, заттарды сатып алуға, қызмет алуға күннен күнге артып жүзеге асырып отырады. Ол біздің бойымызда адамгершілік гуманисті құндылықтарды емес, тұтынушы құндылықтардың қалыптасуына негіз болады. Біз көп жағдайда жарнамаға тым үлкен назарын аударып, оған біртіндеп тәуелді бола бастаймыз. Жарнама өңдеушілер тауарды сатып алу әрекетін қозғауға итермелейді. Олар жарнаманы қызықты, визуалды көрікті, танымал адамдарды шақыру барысында біз үшін, бізге жағу үшін, барлық үшін қолжетімді етіп жасайды. Кейде, жарнама өнімдер таңдауда зор көмек көрсетуші құрал да бола алады.

Заманауи жастардың негізгі құндылықтарын зерттеу барысында, Е.М. Танасиенкобасты назар аударатын бағдарды мыналар деп қарастырған:

- құндылықтар жүйесі, перспективалы өмірлік позицияларды, жеке танымдықстратегияны, кәсіби және әлеуметтік қызметтерді жоспарлап құрастыра білу;
- даму мәдениеті, мәдени білім алуды тереңдей дамыту, өмірдің әлеуметтік жақтарын ашу, өзіне-өзі жауап бері сезімін қалыптастыру;
- құндылық интегративтілікті орнату, қызмет орнату түрінде сенімді, тұрақты өзара әрекеттер тобын тұрақтандыру [1, 15 б.].

Жас ұрпақ үшін жарнама институты құндылықтарды сәйкестендіру және орнатуда белгілі бір орына алатыны сөзсіз. Жарнаманың көмегімен жастар қоғаммен, қоғам талабымен қарым-қатынас жасауды, өзара байланыс пен әрекеттесу қадамдарын орнатуға мүмкіндік береді. Ол жас адамдарға өздерін біршама отбасы әсері мен тәуелділігінен көп уақытқа болмаса да құтылуға, өздеріне бостандық сезімін сезінуіне жақсы құтқарушы рөлін атқара алады. Бірақ, кейде жас тұлғалар жарнаманың оң және теріс жақтарын білмей, жарнамаға тәуелді болып, жаңадан кірген әлеуметтік ортаға еліктеу іс-әрекеттерін жүргізеді. Бұл біріншіден, жас индивидтің жеке ойлау қабілетіне кедергі жасап, кейді тіпті мүлдем анализдеу, синтездеу қасиеттерінен айырып тастайтыны да болады. Жарнаманың теріс әсері, жастардың өзін-өзі дамыту, қалыптастыру, өзін-өзімен жұмыс істеу, әлеуметтену қабілеттерін тоқтатады.

Жарнаманың басты интеграциялық әлеуеті тұтынушы топтарды бір әлеуметтік ортаға тек бастарын қосу емес, сонымен қоса құндылық бағдарларын қалыптастыру және мінез- құлыққа тән бір модель тобын құру.

Бүгінгі таңда жарнаманы - толық әлеуметтік институт, социумда белгілі бір функцияны атқаратын, индивидтің, әсіресе, оның ішінде жастардың мінез-құлқына, дәстүрілеріне, нормаларға, таңдаулар жасауға әсер етеін құндылықтардың орнатуына осы фактты әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар, психологтар толығымен келіседі.

Жарнама институты үнемі коммуникативті технологияларды жетілдіріп отырады. Ол әлеуметтік практикаға әсерін тигізіп, тұтынушы мінез-құлықтың жекем одлін жаауда тұлғалық және әлеуметтік көзқарастың қалыптасу процесін ұйымдастырып, бұл мүмкіндікті индивидке, топқа, социумға береді. Жарнама жас ұрпаққа арналған тартымды мінез- құлықтың моделін орнатып, өздеріне ыңғайлы әрі оңай қабылдайтын дайын үлгілер мен прототипті жасатады. Маңызды әрекет әлеуетін визуалды жарнама орын алады. Объектте субъекттің қарым-қатынас үлгісі мен тұтынушыларды жоспарлы идентификацияға алып келеді, осыдан иммитациялық идентификация пайда болады, соның әрекетінен жас адамдар жарнамадағы көрсетіп жататын кейіпкер үлгілерін шынайы өмірде көшіріп отырады.

Жарнаманың әсері әр тұлғаға әртүрлі қатынасын көрсетеді. Кейбір жастар жарнама әффектісін алдын-алып, тәуелді болудан толығымен бас тартады.

Келесі зерттеуде, заманауи жас ұрпақтың жарнамаға қарым-қатынасын талдау барысында, жарнамадан практикалық пайданы 79%-ы мойындаса, қалған респонденттердің 39%-ы солармен қатар 66%-ы респонденттердің жалпы санынан жарнаманың қоғамға қауіп бар екендігінен бас тартпайды, яғни:

- белгілі бір тұтынушы тауарларды сатып орнатады (39%);
- өтірік құндылықтарды таратады (20%);

- бай мен кедей арасында айырмашылықтарды анық көрсетеді (10%).

Айта өтетін жайт, жас ұрпақ жарнаманың тарапынан тұтынушы қажеттіліктерді қалыптастыруда қатты қысым көрсетінін сезініп отырады, бірақ сонымен қатар, оның әлеуметтік маңыздылығын да түсінеді.

Жарнаманың жастардың қоғамда әлеуметтенуіне әсер ететін фактор ретінде қарастырсақ өзін-өзі ұйымдастыру теорияның позициясынан, жаңа әлеуметтік құндылықтарды қабылдау жағынан тәртіпсіздік, жүйесіздік әлеуметтену процесі кезінде болатынын байқауға болады.

Ата-ана ұрпақты зерттейтін болсақ, олар кезінде моральды құндылықтар мен идеология мүлдем басқа болған, яғни қоғам қандай болса, қоғам артынан қалма, өзінді ерекше етіп көрсетпе, ол бұрыс іс-әрекет ретінде тәрбиелеген. Олар әрине, бұл принципке сенген және одан басқа ешқандай мораль жоқ деп ойлаған. Бүгінгі күннің жастары мүлдем өз ата-ана болған жастар ұрпағынан толығымен ерекшеленеді. Қазіргі жас тұлғалар керісінше, қоғамнан бөлініп, өздерін жеке тұлғалық қасиеттерін дамытып, көзқарастары мен ішіндегі ойларын қорықпай толығымен айтып бөлісе алады. Осы жолда жүріп жатқан және таңдаған жас ұрпақтың ерекшелігін, қызығушылығын, қорқынышы жоқ екендігін көруге болады. Дегенмен, кей жағдайларда осындай мінез-құлық жағымсыз әрекеттердің, девиантты мінез-құлықтың, деструктивті мінездің қалыптасып дамуына және негізгі мәселеге айналуы мүмкін.

Заманауи жастардың әлеуметтенуінің басты критеріі - индивидуалдылықты көрсету, өзіне-өзі сенімді болуының нәтижесінде индивидтің өзі жеке таңдау жасай алуы таңдау траекторияның дамуына себеп болады. Негізінде, заманауи жас ұрпаққа индивидуалдылық, сенімділік, мақсатты, жауапты болу, таңдау алу қасиеттері тән болғанымен, бұл қасиеттер тұтынушы мінез-құлықтың шектеулерінде орналасқан. Осылай, таңдау бостандық әрекеті, белгілі бір затты немесе тауарды сатып алу кезінде көрінеді де, сенімділік бейберекетпен, ал индивидуалдылық - жас тұлғаның қоршап отырған кеңістігінде қымбаттау жарнамаланатын брендтердің болуымен алмастырылады.

Смелзер айтып кеткендей, құндылықтарға негіздеме қажет, бірақ олар өздері де негіздеме қызметін атқара алады [2, 37 б.]

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Информационно-аналитический бюллетень института социологии российской академии наук. – М. : Институт социологии РАН, 2008. – 72 с.
2. Смелзер Н. Социология / Н. Смелзер. – М. : Феникс, 1994. – 67 с.

### ТҰТЫНУ ҚОҒАМЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӘУЕКЕЛДЕР КӨЗІ РЕТІНДЕ

*Әлеуметтану мамандығының 1 курс магистранты, Бердіхан Г.М.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

**Кілт сөздер:** тұтыну қоғамы, тәуекел, мәдени құндылық, еліктеу, экономика, әлеуметтік теңсіздік, мәдени гомогенизация, постмодернизм, асоциалды мінез-құлық, БАҚ.

Тұтыну ұғымын экономисттер «пайдалылық» тұрғысынан қарастырады: олар тұтыну мақсатында белгілі бір игілікті қалау, яғни оның пайдалылығын жою туралы айтады. Тұтыну осылайша қолда бар тауарлармен анықталады және нарықта ұсынылатын әртүрлі өнімдерге байланысты преференциялар жасалады: барлығының негізі - тиімді сұраныс. Психологтар үшін тұтыну «мотивациямен» байланысты, бұл теория біршама күрделірек, ол «объектіге бағытталған» адамды емес, «инстинктке бағытталған» адамды білдіреді. Соңында келе жатқан әлеуметтанушылар мен психосоциологтар үшін «әлеуметтік-мәдени» ұғым бар. Олар жеке адамның қажеттіліктері бар және табиғатынан оларды қанағаттандыруға ұмтылуының антропологиялық постулатына да, тұтынушының саналы және не қалайтынын білетін еркін тіршілік иесі екендігіне де күмән келтірмейді (әлеуметтанушылар «терең мотивтерге» сенбейді), бірақ осы идеалистік постулат негізінде олар қажеттіліктердің «әлеуметтік динамикасы» бар деп есептейді. Олар тұтастай қоғаммен немесе тарихпен байланысы бар топ контекстінен немесе үлкенірек «мәдени үлгілерден» алынған сәйкестік пен бәсекелестік үлгісіне («Keep up with the Joneses») сілтеме жасайды [1].

Тұтынушылық - бұл тауарлар мен қызметтерді шамадан тыс алудың шексіз циклімен қатар жүретін социологиялық және экономикалық түсінік. Тұтыну адам қажеттіліктерінен асып түседі. Тұтынушылықтың негізгі артықшылықтарының бірі оның экономикалық өсуге маңызды әсері болып табылады. Қазіргі уақытта халықтың табысы өсіп, өмір сүру деңгейі көтерілген сайын сатып алу қабілеті артып келеді. Адамдар тауарларға неғұрлым көп ақша жұмсаса, соғұрлым бұл тауарлар өндіріледі, жұмысбастылық деңгейі артады, демек, экономика өседі. Бұл процесс баспанасыздықты азайтады және мұқтаждарды тамақпен және жұмыспен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, тұтынушылық шығармашылықты ынталандырады. Біз бәсекеге қабілетті әлемде өмір сүріп жатқандықтан, жеке адамдар мен ұйымдар енді басқаларда әлі жоқ инновациялық өнімдерді ұсынуға міндетті. Басқа бизнес бәсекелестерінен әрқашан жақсы болуға ұмтылу бұл ұйымдарды қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын жақсырақ өнімдер жасауға итермелейді.

Тұтыну қоғамы – экономикасы мен мәдениеті тауарлар мен қызметтерді үнемі өсіп келе жатқан мөлшерде сатып алуға бағытталған қоғам. Тұтыну қоғамында тауарлар мен қызметтерді өндіру мен тұтыну экономикалық өсу мен әлеуметтік прогрестің негізгі қозғаушы күші болып табылады. Тұтынушылық көбіне қажетсіз немесе тіпті пайдасыз болуы мүмкін өнімдер мен қызметтерге қажеттілікті тудыратын жарнамадан туындайды. Тұтыну қоғамында адамдар экономиканың өсуін сақтау үшін тауарлар мен қызметтерге ақша жұмсауға ынталандырылады.

Тұтынушылық экономикалық өсуді арттыруы мүмкін болғанымен, оның қоршаған ортаның нашарлауы, әлеуметтік теңсіздік және жеке қарыз сияқты жағымсыз салдары болуы мүмкін. Тұтынушылықты сынаушылар оның қоршаған ортаға тигізетін әсерін немесе ұзақ мерзімді құндылығын ескере отырып, адамдар өнімдерді сатып алып, лақтырып жіберетін қоқыс мәдениетін ынталандырады деп санайды.

Тұтынудың кейбір балама тәсілдеріне тұтынуды азайтуға және аз мүлікпен өмір сүруге баса назар аударатын минималистік өмір салты және экологиялық жауапты таңдау мен қалдықтарды азайтуға бағытталған тұрақты өмір салты жатады.

Тұтынушы қоғамының мәнін түсіну үшін екі маңызды тармақты көру керек: біріншіден, тұтыну қоғамдық қатынастарда басым рөл атқара бастайды, бұл осы қатынастардың өзгеруіне әкеледі. Екіншіден, тұтынудың басым түсінігі экономикалық емес, әлеуметтік және мәдени көзқарас болып табылады. Басқаша айтқанда, тұтыну қоғамы, «қоғам сияқты» айырмашылығы, тұтынуды экономикалық саладан тыс, тұтынудан тыс жеке адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін материалдық, утилитарлық процесс ретінде - әлеуметтік-мәдени саламен сәйкестендіреді.

«Тұтыну» түсінігіне келсек, жоғарыда атап өткеніміздей, оны тек экономикалық емес, әлеуметтік және мәдени түсіндірмелерде де қарастырған жөн. Неғұрлым жалпы түрде тұтынуды Ф.Котлердің (Котлер 1994) сатып алу мінез-құлқының үлгілеріне сілтеме жасау арқылы әлеуметтік және мәдени негіздер тұрғысынан көруге болады. Ол тұтынушылардың мінез-құлқына мәдени деңгей факторлары үлкен әсер ететінін көрсетеді: мәдениет, субмәдениет және сатып алушының әлеуметтік жағдайы. Мәдениет - адамның қажеттіліктері мен мінез-құлқын анықтайтын негізгі себеп. Кез келген мәдениет кішірек құрамдас бөліктерді немесе субмәдениеттерді қамтиды, олар өз мүшелеріне өз түрімен нақтырақ анықтауға және байланысуға мүмкіндік береді. Әрбір дерлік қоғамда әртүрлі әлеуметтік топтар бар, олар қоғам ішіндегі салыстырмалы түрде тұрақты топтар, иерархиялық тәртіпте орналасқан және олардың мүшелерінің ұқсас құндылықтарда, мүдделерде және мінез-құлықта болуымен сипатталады.

Қазіргі қоғамды тәуекел қоғамы деп атайды, ал әлеуметтік-гуманитарлық білім бұл ұғымды У.Бек зерттеулерімен байланыстырады. Тәуекел - әлеуметтік құбылыс ретінде постиндустриалды әлемнің қайшылықтарымен және ең алдымен техникалық, экономикалық және экологиялық сипаттағы қауіптермен байланыстырылады. Тұтынушы қоғамына қатысты бұл терминді қолдану өте орынды, өйткені ондағы көптеген әлеуметтік процестер тәуекел тудыратын белгілерді қамтиды. Тәуекел қоғамы оның өзі тәуекелдерді шексіз мөлшерде шығаруымен сипатталады. Шамадан тыс тұтыну (немесе тұтынушылық) тұтынушылық қоғамның негізгі қасиеттерінің бірі ретінде әрекет ете отырып, қоғам өмірінің экономикалық саласынан мәдени-адамгершілікке дейінгі барлық салаларын сипаттайды. Қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі іргелі тәуекелдердің бірі – жалпы тұтынушылық пандемия, оның қауіп-қатеріне қарсы тұру өте қиын. Тұтыну қоғамы нақты анықталған қажеттіліктер мен тілектер жүйесі, сондай-ақ мақсаттарға жетудің бірдей құралдары бар «дараланған» тұлғаларды қалыптастырады, осылайша өзіндік манипулятор ретінде әрекет етеді. Жеке тұлғаны шектеусіз тұтынуға бағытталған белгілі бір көзқарастарды тану арқылы тұтынушылық қоғам бір жағынан «бір өлшемді тұлғаның» пайда болуына жағдай жасайды. Екінші

жағынан, қоғамның өзі даралық пен сан алуандықтан ада, бет-бейнесі жоқ құрылымға айналып барады [2].

Тұтыну қоғамымен байланысты бірнеше тәуекелдер бар, соның ішінде:

Қоршаған ортаның нашарлауы: Тұтынушы қоғамындағы тауарлар мен қызметтерді өндіру және тұтыну ластану, ормандарды кесу және табиғи ресурстардың сарқылуы сияқты қоршаған ортаға теріс әсер етуі мүмкін.

Әлеуметтік теңсіздік. Тұтынушы қоғамда тұтыну қабілеті көбінесе әлеуметтік мәртебе мен байлыққа байланысты болады, бұл бұрыннан бар теңсіздіктерді күшейтіп, жаңасын тудыруы мүмкін.

Жеке қарыз: Тұтынушы қоғамындағы тұтынушылар жеке қарызға және қаржылық күйзелістерге әкелетін, олар көтере алмайтын өнімдер мен қызметтерді сатып алуға ынталандырылуы мүмкін.

Бір рет қолданылатын мәдениет: Тұтыну қоғамында өнімдер жиі ескіреді немесе тез ауыстыруды қажет етеді, бұл ресурстар босқа кететін және қоршаған ортаға зияны артқан бір реттік мәдениетке әкеледі.

Денсаулыққа қауіп төндіреді: Тұтынушы қоғамында сатылатын кейбір өнімдер мен қызметтер денсаулыққа зиянды әсер етуі мүмкін, мысалы, зиянды тағамдар немесе зиянды химиялық заттар бар өнімдер.

Мәдени гомогенизация: Тұтынушы қоғамның жаһандық сипаты ұқсас өнімдер мен брендтер әртүрлі аймақтар мен елдерде үстемдік ететін мәдени гомогенизацияға әкелуі мүмкін.

Бұл тәуекелдерді мойындау және экономикалық өсуді экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікпен үйлестіретін неғұрлым тұрақты және әділ қоғамға ұмтылу маңызды.

«...тұтынудың шегі жоқ. Егер бұл аңғалдықпен есептелетін нәрсе болса - сіңіру, тауарды жеу болса, онда ерте ме, кеш пе, тойып қалу басталады... Алайда, бұлай емес екенін білеміз: адамдар барған сайын көбірек тұтынғысы келеді. Бұл өсіп келе жатқан тұтынушылық кейбір психологиялық өлімге байланысты емес және тек беделге деген сұраныс емес. Тұтыну соншалықты бұзылмайды, өйткені ол белгілі бір шектен асып, қажеттіліктерді қанағаттандырумен немесе шындық принципімен ешқандай байланысы жоқ толық идеалистік тәжірибе ... Оған динамика беретін жоба әрқашан көңілін қалдырады. Белгіде делдалдықсыз тіршілік етуді ала отырып, ол өзінің динамикасын барған сайын жаңа тұтыну заттарын/белгілерін шексіз және жүйелі иеленуге ауыстырады» [3].

Тұтынушы қоғамы жеке адамдарға, қауымдастықтарға және қоршаған ортаға теріс әсер ететін әлеуметтік тәуекелдерді тудыруы мүмкін. Ең алдымен, қоғамда табысты және материалды қамтамасыз етілген адамдар сияқты болу, сол адамдардың істеп жатқанын жасау, сатып алған заттарын сатып алу сияқты жалпыға бірдеу еліктеу кеңістігі жасалады. Бұл жеке тұлғаның дамуы мен оның шығармашылығына қауіп төндіреді, Себебі, материалдық байлыққа деген ынта рухани байлықтың төмендеуіне жол ашады. Өзін-өзі жүзеге асыру еркіндігіне келетін болсақ, адам өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып бастан кешірген эмоциялары, қанағаттану сезімі ләззәт қажеттіліктерін қалыптастырады. Осылайша, адам мәңгілік ләззәт күйінде болады, өйткені заттарға, әсіресе сәнді заттарға деген қызығу ешқашан бітпейді. Тұтынушылық дүниетаным үстемдік ететін қоғамда ләззәт принципі негізгі ағымға айналып барады.

Мұның барлығына тауарлар мен қызметтер нарығындағы ойыншылардың барлық түрлері үшін осы алмастыруды жүзеге асыратын бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі ықпал етеді. Тұтыну қоғамы симуляциялық қоғам ретінде осы мәселені аша алады. Тұтыну қоғамы ұғымын модельдеу қоғамы ретінде алғаш рет француз әлеуметтанушысы Жан Бодрийар өзінің «Симулякра және симуляция» кітабында енгізді. Бодрийардың пікірінше, тұтынушылық қоғамда адамдар тек тауарларды ғана емес, сонымен қатар белгілі бір өмір салтын және бұқаралық ақпарат құралдары мен нарық көтеретін құндылықтар жиынтығын сатып алады. Бодрийардың тұтынушылық қоғам концепциясы симулятордың шексіз күші идеясының өзіндік қорытындысы болып табылады. «Тұтыну қоғамы» түсінігінің өзін Бодрийар, мысалы, Э.Фромм мен Г.Маркузенің арқасында қалыптасқан талдау дәстүріне сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдарының арқасында қалыптасқан «жалған қажеттіліктер» үстемдік ететін қоғам ретінде тұжырымдаған [4].

Модельдеу қоғамында шындық симуляциядан ерекшеленбейді, өйткені адамдар нақты тәжірибенің өзіне емес, шындықтың кескіндері мен көріністеріне көбірек назар аударады. Бодрийар тұтынушылық қоғамда өнімдер мен өмір салтының бейнелері мен өкілдіктері өнімнің өзінен гөрі маңыздырақ болатынын айтты. Бұл шындық пен модельдеу арасындағы шекара бұлыңғыр болатын гиперреальділік сезімін тудырады.

Сондай-ақ Бодрияр тұтыну қоғамы белгілерді үнемі өндірумен және тұтынумен сипатталады деп дәлелдеді. Жарнама және медиа кескіндер көбінесе қол жетімсіз өнімдер мен өмір салтына деген қажеттілікті тудырады, бұл тұтыну мен тілек цикліне әкеледі.

Тұтастай алғанда, тұтыну қоғамы модельдеу қоғамы ретінде адамдар нақты тәжірибенің өзінен гөрі шындықтың кескіндері мен бейнелеріне көбірек назар аударады деп болжайды. Бұл шындықтан алыстау және ажырау сезіміне әкелуі мүмкін, өйткені адамдар шындықтың өзіне емес, шындықты модельдеуге көбірек көңіл бөледі.

Тұтыну қоғамы сонымен қатар тұтынуға үйрену, тұтынуға әлеуметтік жаттықтыру қоғамы, яғни жаңа өндіргіш күштердің пайда болуына және жоғары өнімділікпен экономикалық жүйенің монополистік қайта құрылуына байланысты пайда болған әлеуметтенудің жаңа және ерекше тәсілі. Ләззат тұтынудың принципі мен мақсаты емес екеніне ең жақсы дәлелдердің бірі - соңғысының ендігі уақытта міндетті және құқық немесе ләззат ретінде емес, азаматтық борышы ретінде бекітілуі... Тұтынушы үшін, қазіргі азамат үшін жаңа этикада еңбек пен өндіріске дәстүрлі мәжбүрлеудің баламасы болып табылатын бақыт пен ләззатқа деген бұл мәжбүрлеуден арылу мәселесі жоқ. Қазіргі адам өз өмірін өндірістегі еңбекке азырақ жұмсайды, ал көбірек энергиясын өндіріске және өзінің қажеттіліктері мен әл-ауқатын үздіксіз жаңартуға жұмсайды. Ол өзінің барлық мүмкіндіктерін, тұтынушылық қабілетін мобилизациялау туралы үнемі ойлануы қажет. Әйтпесе, ол қолында бар нәрсеге қанағаттанып, асоциалды өмір сүру қаупі бар [5].

Қоғамның тұтыну үлгілерімен байланысты әлеуметтік тәуекелдер жеке адамдар, қауымдастық және қоршаған орта үшін әртүрлі жағымсыз салдарларға әкелуі мүмкін. Осы тәуекелдердің әсерін азайту үшін келесі қадамдарды орындауға болады:

Ақпаратты арттыру: тұтыну үлгілерімен байланысты әлеуметтік тәуекелдер туралы қоғамда білім қалыптастыру. Бұл адам құқықтарына, қоршаған ортаға және әлеуметтік әділеттілікке әсер етеді.

Саналы таңдау жасау: тұтыну таңдауыңыздың қоршаған ортаға және қоғамға әсері туралы ойлану. Тұрақты, этикалық және жергілікті түрде өндірілген өнімдерді сатып алуды қарастыру. Қоршаған ортаға зиян келтірмейтін және еңбекті қанауға қатысы жоқ өнімдерді таңдау.

Қалдықтарды азайту: тұтыну үлгілері нәтижесінде пайда болатын қалдықтар қоршаған ортаның нашарлауына және әлеуметтік теңсіздікке ықпал етеді. Қалдықтарды азайту үшін қайта пайдалануға болатын немесе қайта өңделетін материалдардан жасалған өнімдерді сатып алуды қарастыру.

Әділ сауданы қолдау: жұмысшыларға әділ жалақы беретін және тұрақты жұмыс тәжірибесін қамтамасыз ететін әділ сауда өнімдерін қолдау. Бұл әлеуметтік және экологиялық жауапкершілікке басымдық беретін кәсіпорындар мен ұйымдарды қолдауды қамтиды.

Өзгерістерге қарсы тұру: әлеуметтік әділеттілік, адам құқықтары мен экологиялық тұрақтылықты ойлайтындармен күш біріктіру. Қоғамның тұтыну үлгілеріндегі оң өзгерістерге ықпал ететін науқандар мен үгіт-насихат жұмыстарына қатысу.

Осы қадамдарды қолдану арқылы қоғамдағы тұтыну үлгілерімен байланысты әлеуметтік тәуекелдердің теріс әсерін азайту мүмкіндігі жоғары болады.

Қорытындылай келе, бүгінгі таңда кез келген қоғамның болашағы тұтынуға емес, жасампаздық пен дамуға байланысты екенін түсіну маңызды, мұнда ақша мен материалдық құндылықтар екінші орында тұрады және әрбір адамның таланты бүкіл қоғамның игілігі үшін жүзеге асады. Бұл мақалада тұтыну қоғамы түсінігіне әр-түрлі салалар бойынша анықтамалар берілді. Сонымен қатар, тұтынушылық қоғамның негізгі әлеуметтік тәуекелдеріне сипаттама жасалды. Әлеуметтік қатынастарға байланысты бірдей маңызды проблемалар, тұтынушылық пандемия және тұтынушылықтың мәдени құндылық пен қоғамға әсері көрсетілді. Осы мәселелердің кейбірі тұтынудың адамдар әлеуметтік қарым-қатынастарды растау және әлеуметтік байланыстарды нығайту үшін жиі қолданатын әртүрлі өзара әрекеттесу рәсімдерімен қалай қиылысатынына қатысты. Мұның барлығына тауарлар мен қызметтер нарығындағы ойыншылардың барлық түрлері үшін осы алмастыруды жүзеге асыратын бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі ықпал етеді. Мұндай жағдайда шынайы мәдениетті симуляциядан ажырату қиын, ең бастысы таңылған тенденциядан қалып қоймау және бұл үрдістің шынымен таңылып жатқанын барлық тұтынушылар түсінеді, бұл қалыптасқан клишеленген сананың салдары.

Тұтынушылық қоғамның себептерін түсіну арқылы қоғамдағы тұтыну үлгілерімен байланысты әлеуметтік тәуекелдердің теріс әсерін азайту өте маңызды. Бұл тәуекелдерді мойындау және экономикалық өсуді экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікпен үйлестіретін неғұрлым тұрақты және әділ қоғамға ұмтылу маңызды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бодрийяр Ж.: Общество потребления: его мифы и структуры. М, 2006. – 17 с.
2. Калабекова С.В. — Риски общества потребления // Политика и Общество. – 2018. – № 6.С. 58 - 63. URL: [https://nbpublish.com/library\\_read\\_article.php?id=26301](https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=26301) , қаралған күні 03.03.2023
3. Бодрийяр Ж. Система вещей. [Электронды ресурс]. URL: [http://royallib.com/read/bodriyyar\\_gan/sistema\\_veshchey.html#0](http://royallib.com/read/bodriyyar_gan/sistema_veshchey.html#0) , қаралған күні: 15. 03. 2023).
4. Бодрийяр Ж.: Симулякры и симуляция. М., 2015. – 30 с.
5. Бодрийяр Ж.: Общество потребления: его мифы и структуры. М, 2006. – 109-110 с.

### СЕНІМ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТІ

6D03101-Әлеуметтану мамандығы, 2-курс докторанты М.М.Дабылтаева  
Ғылыми жетекші: ҚСЗИ саяси зерттеулер бөлімінің басшысы, PhD, Е.Б.Тоқтаров  
*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада сенім мәселесінің әлеуметтік мәнін анықтау барысында, сенім феноменінің ғылыми зерттелуін талдау, әлеуметтік қызметін анықтау барысында сенім ұғымының құндылығын анықтау. Сенім ұғымына ғылыми анықтама бере отырып, әлеуметтік қызметін жүйелеу.

**Кілт сөздер:** Сенім феномені, институционалды сенім, әлеуметтік капитал.

Қазіргі қоғам бірқатар әлеуметтік өзгерістер салдарынан белсенді трансформация кезеңінде. Қоғамдағы әлеуметтік жағдайдың тұрақсыздығы, әлеуметтік қауіпсіздік мәселелері, қоғамдық өмірдегі сан алуан мәдени –идеологиялық ықпалдар сияқты әлеуметтік процесстер қоғамдық сананың өзгеріске ұшырауына алып келіп отыр. Осы тұрғыда қоғамдағы әлеуметтік институттар мен оларға қарым-қатынас тұрғысында сенім мәселесі туындайды. Қандай да бір қарым-қатынас белгілі бір сенімге негізделіп жүзеге асырылады. Сондықтанда әлемдегі және еліміздегі әлеуметтік өзгерістер кезеңіндегі қоғамдағы сенім мәселесі бүгінде өзекті болып отыр.

Сенім мәселесі ғылымда пәнаралық ұғым, сондықтанда сенім ұғымының әлеуметтік мәнін анықтау өзекті болып отыр. Ғылымда сенімнің негізгі үш түрін қарастырады. Олар: институционалды, тұлғаралық және жалпы (жалпылама) сенім. Жалпы сенім дегеніміз- бір қауымдастық арасындағы адамдардың қарым-қатынасы, мысалы: отбасында, жұмысында т.б қауымдастықтар. Тұлғаралық сенім- байланыстың бір түрі болып табылатын, бір немесе бірнеше адамның белсенді қарым-қатынасы. Институционалды сенім- институттардың тұлғаға билік жүргізу арқылы, «азамат-институт» қарым-қатынасы форматында көрініс табатын сенім түрі.

Ян Фузенің теориясына сүйенсек, сенім ол әлеуметтік феномен, атап айтқанда «ұжымдық қарым-қатынастың индикаторы» деп қарастырады. Осылайша қандай да бір қарым-қатынаста бір-бірінен күтілетін әрекетті орындауға тырысатын екі субъект болады. Бұл дегеніміз, әлеуметтік институт пен азаматтар арасында ортақ мақсатқа жету үшін қандай да бір ұжымдық қарым-қатынастың орын алуы дәлел болып табылады [4].

Ұжым, қауымдастық арқылы қоғам құрылады, қоғамдағы әлеуметтік-мәдени және экономикалық құндылық бағдарлар негізінде топтық ерекшеліктер мен қажеттіліктер қалыптасады. Осы қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін қарым- қатынас каналдары арқылы әлеуметтік институттармен байланыс орын алады, қалыптасады. Әлеуметтік институттар қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыратын механизмдерді жүзеге асыратын құрылым. Ал сенім- әлеуметтік институттар мен процесстердің қызмет етіп, шешім қабылдау үшін басты құрал болып табылады.

Институционалды сенімнің деңгейі бірнеше қоғамдық факторларға байланысты. Олар: мәдениет, институционалды орта, экономикалық және әлеуметтік орта, мемлекеттік билік органдары қызметінің нәтижелігі мен тиімділігі.

Сенім мәселесін зерттеудің қазіргі заманғы жалпы әлеуметтік тәсілдерінің ішінде бірнеше негізгі бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Э. Эриксон - балалық шақта қалыптасатын және әлеуметтену процесінде дамиды деп туралы танымдық идеялардың жиынтығы ретінде негізгі сенім туралы жазды; Г. Гарфинкель - этнометодологиялық зерттеулерде сенімді феномен ретінде қарап, "ашу керек" керек фактор ретінде анықтады; П. Бурдьё- сенімді жергілікті тәртіпті сақтауға

бағытталған прагматикалық мінез-құлықтың элементі деп санады; Э. Гидденс сенімді анықтау үшін қазіргі заманғы қауіп-қатер қоғамында қажет болатын қоршаған ортаның болжамды моделін құрайтын "қорғаныс коконы" метафорасын ұсынды [2].

Әлеуметтануда сенімнің әлеуметтік аспектілері жиі зерттеледі. Осы тақырыпқа арналған әдеби шолуда сенім көбінесе "әлеуметтік капитал" құралы ретінде және оның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл категорияны ғылымға Л.Дж. Ханифан 1916 жылы енгізді, кейінірек бұл тұжырымдаманы Э.Банфилд пен Дж. Джэкобс, содан кейін бұл тақырыпты Р.Патнэм қайта жандандырды. "Әлеуметтік капитал" теориясына Дж. Коулман ұтымды таңдау теориясында үлкен назар аударды. А. Селигмен, Б. Мицтрал және Н.Лумана үшін қазіргі қоғамның рөлдік күрделенуі артып жатқан жағдайда сенімді тұрақтылыққа үміт факторы ретінде қарастыру тән болды. Сонымен қатар әлеуметтік капитал тақырыбында кешенді зерттеулерді жан-жақты зерттеуді кеңестік авторлар да жүргізді. Оларға В.Степаненко, О. Яницкий, Т. Барчунова және Ф. Карасев.[]

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады. Әлеуметтік капитал ол тұлғаның өзара қоғамдағы қарым-қатынасы негізінде қалыптасатын үдеріс. Негізгі құралы сенім, әлеуметтік байланыс, әлеуметтік нормалар және әлеуметтік әріптестік болып табылады. Қоғамда тұлғалар аталған әлеуметтік құралдарды қолдана отырып әлеуметтік үдерістерді қалыптастырады. Белгілі әлеуметтік үдерістердің үлгілері пайда болады.

Капитал ұғымы өзінің зерттелу саласына байланысты сан алуан қызмет атқарады. Әлеуметтік капитал ұғымының ғылыми тұжырымдамалары толық дәлелденбесе де 1990 жылдардың басында әлеуметтанулық, экономикалық, саяси зерттеулерде кеңінен қолданыла бастады. Әлеуметтік капитал тұжырымдамасы генетикалық тұрғыдан XVIII ғ. өмір сүрген шотландық ғалым А.Смиттің неэкономикалық әлеуметтік ресурс теориясының альтернативасы. Әлеуметтік капитал тұжырымдамасын XX ғ. П.Бурдьё, Р.Патнэм, Дж. Коулман, Ф.Фуқуяма және т.б, әлеуметтанушылар қарастырды. Осы тұрғыдан әлеуметтік капитал ұғымының қолдану аясына байланысты негізгі сипаттамасы мен анықтамасына тоқталайық.

Әлеуметтік капитал ұғымы ғылыми тұжырымдама ретінде 1980 жылдары Батыс елдерінде қолданыла бастады. Ең алғаш әлеуметтік капитал тұжырымдамасына теориялық үлгіні П.Бурдьё ұсынды. П.Бурдьё өзінің зерттеулерінде әлеуметтік капиталдың құрал ретіндегі мәніне назар аударды. Ол әлеуметтік капитал топтағы мүшелердің өзара қарым-қатынасы таныс-туыстық және мойындалу деңгейінде институциаланған тұрақты байланыстардың шынайы және әлеуеті бар ресурстарының жиынтығы деп қарастырды.[1]

XX ғасырда әлеуметтік капитал теориясының белсенді тұжырымдамалануы әсерінен сенім мәселесінің әлеуметтік мәні басты назарда болды. Әлеуметтік капитал ұғымының бірнеше альтернативті анықтамаларына тоқталсақ:

-Таптық емес тұжырымдамада әлеуметтік капитал - индивид қарым-қатынасы арқылы қалыптасатын байланыстар мен игіліктердің қайнар көзі яғни актордың индивидуалды ресурсы ретінде қарастырылады. Бұл жерде әлеуметтік капитал қоғамдағы үлкен ресурстар мен билікке деген қолжетімділік, сондай-ақ нақты индивидтің ресурсы ретінде қарастырылды;

- Неолибералистік тұжырымдама бойынша ұжымдық және индивидуалды іс-әрекеттерді жеңілдетуге назар аударады. Әлеуметтік капитал сенім ретінде қарастырылады. Тұлғаның отбасылық және достық байланыстардан үлкен ауқымды байланыстарға ауысуы, яғни әлеуметтік-саяси, азаматтық позициясын білдіру, жеке қауіпсіздігін мойындау арқылы қоғамдағы ынтымақтастығы. [2]

Әлеуметтік капиталдың қайнар көзіне тоқталсақ.

Кесте-1

Қайнар көздері	Әлеуметтік капиталды қалыптастырдағы рөлі
Отбасы	Әлеуметтік байланыстар формасын қалыптастырды. Отбасы ауқымынан тыс сенім қарым-қатынасы мен әріптестікті орнатуға көмектеседі. Ең алғашқы үйрету үдерісінің қайнар көзі.
Мектеп	Әріптестік құндылығын қалыптастырады. Жаңа байланыстарды орнатады.
Аумақтық қауымдастықтар	Көршілермен, достармен, басқа да топтармен әлеуметтік байланыстарды орнатады, ортақ мақсат үшін жұмыс жасауды үйретеді.
Фирмалар\өніріс орындары	Білім мен дағдының әлеуметтену процессі. Әлеуметтік-экономикалық қарым қатынасты қалыптастыртын орта.

Азаматтық қоғамдар	Қоғамдағы мемлекет пен нарық салсына пайда әкелетін, азаматтық белсенділік пен өзара сенімді қолдау арқылы қызмет ететін ерікті ұйымдар .
Мемлекеттік сетор	Елде билік ететін, нормаларды қолдайтын және әлеуметтік әріптестікті қалыптастыратын құқықтық, институционалды, саяси жағдай. Бұл жағдайда сенім берік болады.
Этникалық байланыстар	«Жаңа» әлеуметтік топтардың әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, қолдайтын және бағыт-бағдар беретін ақпараттар қайнар көзі.

Әлеуметтік капитал тұжырымдамасы 20 ғасырда қарқынды зерттелген теория. Бұл әлеуметтанулық ұғымның сипаттамасы, анықтамасы, құрылымы тақырыбында ғылыми зерттеулер өте көп. Ол дегеніміз бұл тұжырымдаманың сыни, ғылыми талқылауларға түсу арқылы жүйеленуіне алып келді. Осы бағытта әлеуметтік капитал ұғымын зерттеу саласында белсенді үлес қосқан ғалымдардың әлеуметтік капитал ұғымына берген анықтамаларына шолу жасасақ.

П.Бурдьё – әлеуметтік капитал көптеген капиталдардың бірі, ол индивидтің шынайы және әлеуетті ресурстарының жиынтығы деп қарастырды. «Мойындау» сенім ұғымында қарастырылады.

Дж.Коулмэн- әлеуметтік капитал әлеуметтік нормалар мен ақпараттық каналдардың міндеттері мен нәтижелеріне мақсатты бағытталған өзара сенім мен өзара көмектің әлеуеті.

Р.Панэм- өзара пайда табу үшін ұжымдасу мен үйлесуге жағдай жасайтын сенім мен әлеуметтік нормалардың, әлеуметтік байланыстардың, әлеуметтік өмірдің ерекшелігі элементтерінен тұратын қоғамдық ұйым деген тұжырымдама береді.

Ф.Фукуяма- әлеуметтік капитал қоғам мүшелерінің сенімі нәтижесінде қалыптасатын қоғамның белгілі бір әлеуеті. [2]

Б.Мицтгел - сенім адамдардың нанымдары мен мотивтеріне негізделген нақты іс-әрекеттерін түсіндіретін әлеуметтік механизм деп сипаттайды.

Сенім феноменін ғылыми зертеу бүгінде барлық ғылым саласында өзекті. Әсіресе экономика, дін, құқық қорғау, философия, әлеуметтану, психология, саясаттану ғылымында өзекті болып отыр. Себебі қоғамдағы әлеуметтік институттардың қызметімен қарым-қатынаста сенім деңгейінің, мәнінің орны өзекті. [7] Осы тұрғыда әр түрлі ғылым саласындағы сенім феноменінің зерттелуіне тоқталып, әлеуметтік мәнін ашу.

Кесте-2

Сенім		
Білімді зерттеу саласы	Сенім ұғымының түсінігі	Зерттеушілер
Экономика	Сананың әлеуметтік-экономикалық құбылысы және қоғамның әлеуметтік өмірінің функционалдық сипаттамасы ретінде макро -, мезо-және микро деңгейлерде, сендіру ретінде түсініледі, әр түрлі факторлармен іс-әрекеттер мен коммуникациялардың сенімділігі және олардың мінез-құлық реакцияларының болжамдылығы	Г. С. Ромашкин
Дін	Адамға табиғат заңдарын жеңуге мүмкіндік беретін негізгі және қажетті фактор	Библия
Құқық қорғау	Заң жұмысының тиімділігіне әсер ететін фактор жүйелер	Дж. Фарлонг
Философия	Әлеуметтік болмыстың шындығы, өнімді әлеуметтік	В. Ю. Столяр



	құрылым, сондай-ақ қазіргі әлеуметтік мәселе, әлеуметтік даму мен әлеуметтік тәртіпті қамтамасыз ететін әлеуметтік-экономикалық механизм.	
Әлеуметтану	1.Басқа адам өзінің бостандығын тежейді деген жалпы күту; 2. Адамның сенімділігі мен әлеуметтік жүйеге сенім; 3. Жүйелік рөлдік күту саласынан тыс жүзеге асырылатын әлеуметтік акторлер қызметінің функциясы.	Н. Лунман, Э. Гидденс, А. Селигмен
Психология	1. Болашақтағы өзіңізге және басқа адамдарға қарым-қатынасымыздың бастапқы сезімі; 2. Басқаларға тәуелді болуға дайын болудың ішкі жағдайы; 3. Мінез-құлық бақылауға алынбаған кезде, объектіден қолайлы іс-әрекет күту; 4. Басқаларға субъективті тұлғалық қарым-қатынас; 5. Атқарушы орган.	Э. Эриксон, Е. С. Яхонтова, Д. Гамбетта, Т. П. Скрипкина, И. В. Антоненко
Саясаттану	1.Адамдардың саяси институттарға эмоционалды және тұрақты қарым-қатынасы; 2. Интеграциялық бірігу секілді халықаралық күрделі саяси жүйенің құрылуы.	Г. Д. Ишманова, Р. А. Доброхотов

Жоғарыда келтірілген тұжырымдамалар негізінде сенімнің әлеуметтік мәні және әлеуметтік қызметі айқындалады. Сенім мәселесі әлеуметтік институттардың барлық саласында өзіндік құбылыс ретінде қызмет етіді және зерттелу деңгейі өзекті. Сенімнің әлеуметтік деңгейі қоғамдағы топ мүшелерінің әлеуметтік рөлі мен әлеуметтік топтар арасында зерттеледі. Сенім қоғамдық феномен, ол әлеуметтік жүйенің құрамы ретінде қалыптасады және жоғары индивидуалды сипатқа ие болады.

Қорыта келгенде, теориялық концепциялардағы сенім ұғымына тоқталатын болсақ, сенім мәселесін циклдік үдеріс ретінде қарастыру қажет және ол айналмалы үдеріс деуге болады. Бастапқы қарым-қатынастарда сенім базалық деңгейде индивидтің өзіне-өзі сенімі деңгейінде қалыптасады, келесі деңгейлерде әлемге, қоршаған ортаға, өзі өмір сүріп жатқан ортадағы адамдарға сенім білдіру арқылы тұлғалық, тұлғааралық деңгейге өтіп, жаңа деңгейге өтеді. Сенімнің негізгі қызметі ол таным, айырбас және өзара қарым-қатынас қамтамасыз ету. Осы кезеңде сенім әлеуметтік табиғи деңгейге өтіп, әлеуметтік топтар аясында жеке қызмет ресурсына айналады. Қызмет ресурсы ретінде сенім қоғамның барлық қарым-қатынас деңгейінде қызмет етіп, әлеуметтік мәнге ие болады. Сенім арқылы адамдар қандай да бір игілікке үміттенеді.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. А.В.Тищенко, « Доверие к полиции: значение, факторы, перспективы формирования», ФГБОУ ВО «Адыгейский государственный университет», Ставрополь – 2020

2. Р.Э.Субхангулов, «Феномен доверия как фактор социального взаимодействия: социально-философский анализ» Уфимский государственный нефтяной технический университет, Уфа – 2016
3. Васильевна Е.Н. Социология культуры: теория и практика // Журнал социологии. – 2016. – №4. – С. 37-49 А. В. Кузьменко, «Социальный капитал», Челябинский гуманитарий, 2010 №10
4. И.А.Деменьтева «Довения как индикатор социального капитала», УДК 316.6 + 159.9 (045), 2011г.
5. М.С. Добряковой, В.В. Радаев «Формы капитала П.Бурдьё», электронный журнал «Экономическая социология», том 3№5, ноябрь 2002г.
6. Nathan James, Coordinator, Public Trust and Law Enforcement— A Discussion for Policymakers, Congressional Research Service, Updated July 13, 2020
7. С. Д. Гуриева, М. М. Борисова, «Доверия как социально-психологическое явление», // Вестник Санкт-Петербургского университета, УДК 159.9.072
8. Ю.Левада, «Механизмы и функции общественного доверия», /Users/Acer/Desktop/Литобзор/mehanizmy-i-funksii-obschestvennogo-doveriya.pdf
9. Serdyuk Alexey, Sokurenko Valerii, «Sociological monitoring «public safety and trust to law enforcement agencies» as a step to developing community policing in kharkiv region», УДК [316.624:316.354:351.74](477.54), ерія «Соціологічні дослідження сучасного суспільства: методологія, теорія, методи» Випуск 39, · November 2017
10. . Библия: Книги Священного Писания Ветхого и Нового Завета. М.: Издание Московской Патриархии, 1990. 1372 с

## **МИГРАЦИЯ ПРОЦЕСІН ЗЕРТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРДЫ ЖІКТЕУ**

*Әлеуметтану, I курс магистранты* **Мырзахан Н.Н.**

*Ғылыми жетекші: PhD Беймишева А.С.*

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

**Кілт сөздер:** миграция, құрылымдық-функционалды талдау, әлеуметтік өзгерістер, мобильділік, жаһандандудың көші-қонға ықпалы, ауылдан қалаға көшу факторлары.

Жаңа дәуір ХХІ ғасырда миграция үдерісі жаһандық сипат алып отыр. Әлемде болып жатқан индустрияландыру иен урбандалу процестері кез келген мемлекеттің әлеуметтік – экономикалық, мәдени саласына сондай ақ миграцияның көлемі мен сипатына өте қатты ықпал етуде. Жаһандық миграциялық тенденциялар жер шарындағы барлық мемлекеттерге, қоғамның барлық саласына оның ішінде әлеуметтік қабаттар мен топтардың, тұрғындардың өмір сүру салтына бірқатар күрделі өзгерістер алып келді. Бұл мақалада миграция процесін зерттеуге теориялық және әдістемелік негіз болатын, қазіргі әлеуметтану ғылымындағы парадигмалар топтастырылып, жіктеледі. Сондай-ақ, қазіргі жаһандық масштабтағы өзекті миграциялық жағдайлардың қоғамға әсері әлеуметтік тұрғыдан талданады.

Бүгінде миграциялық процестің мәні айтарлықтай саяси маңызға ие. Көші қон әрқашанда қоғамда да зерттеулерде де ешқашан өзектілігін жоймаған.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қазіргі жаһандық бағалауы бойынша 2020 жылғы мәліметтер бойынша әлемде шамамен 281 миллион халықаралық мигранттар болған, бұл жер шарындағы халықтың 3,6 пайызын құрайды. Бұл дүние жүзіндегі халықтың аз ғана бөлігі, туған елде болу, басым көпшілігінде қалыпты жағдай ретінде саналады. Халықтың басым көпшілігі өз елінен көшіп кетпейді, олардың басым көпшілігі елдер ішінде қоныс аударады. Дегенмен соңғы екі жылда біз мұның баяу екенін байқадық, өйткені COVID-19-мен байланысты қозғалмайтындық барлық жерде қауымдастықтарды қамтыды. COVID-19 пандемиясы сонымен қатар көші-қон мен ұтқырлық арасындағы өзара байланысты атап өтті, COVID-19 саяхатқа шектеулер қойғанының салдарынан миллиондаған адамдар айлар бойы саяхаттай алмай, мыңдаған мигранттар тығырыққа тіреліп, көмекке мұқтаж болды [1]. Бүгінде миграция құбылыс ретінде жіберуші мемлекет үшін де қабылдаушы үшін де қоғамдағы құрылымдық өзгерісті тудыра отырып, жіберуші мемлекет үшін де дамудың негізгі факторына айналып отыр. Мысалы Орталық Азияның мемлекеттерінде еңбек және сауда миграциясында жекелеген отбасылар мен аймақтағы, тіпті, ұлттық экономикадағы үлесі

жоғары және шетелдегі мигранттардың ақшалай аударымдарының мемлекеттің жалпы ішкі өніміндегі үлесі, шетелдік инвесторлар мен халықаралық ұйымдардың көмектерінен анағұрлым жоғары [2, б.10]. Орталық Азия мемлекеттері және дамыған елдер үшін көші-қон әлеуметтік-экономикалық дамудың факторы болса, дамушы мемлекеттердегі халықтың жылдам өсуі, елдегі құрылымдық кедейлік қазіргі бұл мемлекеттердегі көші-қонға әсер ететін негізгі факторлар саналады. Сонымен, көші-қонның бағыты көп өзгерген жоқ: көші-қон дамушы елдерден дамыған елдерге қарай бағыт алған. Дамыған елдерде иммигранттардың үлесі жергілікті халыққа шаққанда жылдан жылға өсіп келеді, бұл жағдай мигрантты қабылдаушы мемлекеттердегі әлеуметтік қатынастарға, мәдениетке, ұлттық сәйкестілікке және ұлттық саясаттың бағытына едәуір әсер етуде. Кей жағдайда бірқатар мемлекеттерде жергілікті халық тарапынан ксенофобтық көзқарастың туып отырғаны белгілі деп пікір білдіреді зерттеушілер. Әлемдік миграциялық жағдайлар еліміздің көші қонына да әсерін тигізді. Соңғы Ресей мен Украина арасындағы соғыс барысында Ресей президенті үкімімен қабылданған мобильділік процесі салдарынан шекараны заңды және заңсыз түрде кесіп өткен ресей мигранттарының санымен ел халқы толыққан болатын. Өз кезегінде бұл келуші мигранттар ел экономикасына, әлеуметтік жағдайына, қоғамға, нарыққа, демографиялық жағдайға оң және теріс әсерлерін тигізді. Бүгінді таңда миграция процесі ел ішінде өте өзекті.

Сондай-ақ қазіргі Қазақстан қоғамында ішкі көші-қон үрдісінің етек алуы аймақаралық әлеуметтік, демографиялық, экономикалық теңсіздіктерге тікелей байланысты. Елімізде ішкі көші-қон үрдісі біріншіден, мемлекеттік билік құрылымдары тарапынан ұйымдастырылған түрде іске асырылып жатса, екінші тараптан, стихиялық түрде, әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен аймақтардан республикалық маңызы бар ірі қалаларға жұмыс іздеу мақсатымен жүруде. Ауыл жастарының қалаға үздіксіз бет алуы өзекті болып отыр, өйткені қалаға қоныс аударған ауыл жастары Қазақстанның ірі қалаларының әлеуметтік-мәдени және этномәдени бейнесін трансформациялауда. Және ресми статистикалық ақпарат көзі соңғы он-жылдықта елімізден 300 мыңнан аса адамның көшіп кеткенін көрсетеді. Елден көшіп кетушілердің басым бөлігі жастар есебінен, яғни еліміздің әлеуметтік-демографиялық қабаты және жастардың инновацияға бейім екенін ескерсек, онда еліміздің экономикалық-креативті әлеуеті деп толық айта аламыз. Әлеуметтанулық зерттеулер нәтижесі жастар миграцияны өмір сүру мүмкіндіктерін арттырудың бірден-бір жолы ретінде қарастыратынын атап көрсетті.

Қазіргі әлеуметтану ғылымында көші-қон құбылысын түсіндіру және талдауда теориялық тұрғыда негіз болатын, бірін-бірі толықтыратын макро және микро деңгейлі бірқатар ғылыми парадигмалар қарастырылған. Солардың алғашқысы, қоғамдық жүйені басты орынға қоятын құрылымдық-функционалдылық теориясы. Құрылымдық-функционалдылық парадигмасы миграция процесін макро деңгейде қарастыра отырып, көші-қонның себебі қоғамдағы жүйелердің, соның ішінде экономикалық жүйенің жағдайына байланысты деп түсіндіреді. Бүгін де әлеуметтік құбылыстар мен процестерді зерттеушілер тарапынан құрылымдық-функционализмге қызығушылық едәуір артқан. Мұның себебі, қазіргі жаһандану заманының салдарын түсіндіру барысында туындаған болуы қажет. Құрылымдық-функционалдылық парадигмасының мазмұны бойынша адамның мінез-құлқының қалыптасуына және оның белгілі-бір жағдайларға қатысты белгілі-бір ортада жасаған іс-әрекетіне оның қоршаған ортасы тікелей әсер етеді. Парадигма өкілдерінің пікірі бойынша, оның ішінде Р.Мертон адамның қоршаған ортаға, қоғамға интеграциясы жанжалсыз жүруі керек деп түсіндіреді. Құрылымдық-функционалдылық теориясы көші-қонның себебін қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен, қоғамда қалыптасқан дәстүр мен мәдениет тұрғысынан айтады. Құрылымдық теория өкілдері көші-қонға әсер ететін факторларды былай топтастырады: Экономикалық (жалақының аздығы, жұмыссыздық); Әлеуметтік (баспана, мектеп, денсаулық сақтау мекемелері); Демографиялық (жасы, жынысы, отбасылық жағдайы); Саяси (ел ішіндегі саяси жағдайларға байланысты, соғыс салдары т.б.); Діни ахуал. Өйтседе құрылымдық теория өкілдері көші-қонның негізгі мотивтері мен нәтижесін ең бірінші әлеуметтік-экономикалық факторлармен байланыстырады [3, б.131]. Мертон парадигмаларымен түсіндірілген бұл теорияны мен де жақтаймын, себебі қазірде миграциялық процестің жоғары болуында аталған 5 фактор тікелей әсер етеді.

Сондай-ақ, құрылымдық-функционалдылық парадигмасына жатқызуға болатын теориялардың басымы көші-қонға әсер ететін фактор-экономикалық саланың жағдайы деп көрсетеді. Миграция көптеген жағдайда дамушы аймақтардан, елдерден, елді-мекендерден табыс табуға мүмкіндіктер жоғары болатын жерлерге қарай бағытталады. Зерттеушілер құрылымдық парадигма теоретиктерін сынап та жатты: егер көші-қонның басты себебі экономикалық жағдай

болатын болса, онда әлемде мигранттардың саны анағұрлым көп болуы керек емес пе еді? Алайда әлеуметтанушылар С.Стоффер және Э.Ли, ығыстырушы факторлармен қоса көші-қон факторын өз мекенінде ұстап қалатын факторлардың да болатындығын атап айтты. Олар туған жерге деген қимастық сезімдер, қалып бара жатқан жақын адамдарды қимау, өз отанына сатқындық жасаған сияқты сезімде болу т.б. сияқты сезімдер және шығынды есептеу.

Әлеуметтанудағы құрылымдық-функционалдылық парадигмасының кемшілігі, олар жүйені, жүйенің адамға әсерін бірінші орынға қояды. Яғни, адам қоғамға икемделіп, бейімделіп, қоғамға сай әрекет етуі қажет. Мұндай тұжырым бір қарағанда дұрыс көрінуі мүмкін. Бірақ бұл теориялар қоғамды және оның құраушы жүйелерін (әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени) алдыңғы орынға қойып, адамды жеке мені жоқ, қоршаған ортаға сай әрекет ететін «құрылғы» ретінде түсіндіреді.

Тіпті, құрылымдық функционалдылық парадигмасының негізгі өкілі Т. Парсонс өз теорияларында адамды да қоғамның бір жүйесі ретінде қарастырады [4, б.264]. Микроәлеуметтанулық көзқарас бойынша адам қоныс аударуға кететін шығындар мен көшіп барған жердегі табатын табысын салыстырып, яғни рационалды ойлау арқылы шешім қабылдап, соған байланысты әрекет етіп отыратын субъект ретінде қарастырылады. Мұндай көзқарасты біз М.Вебердің іс-әрекет көзқарас теориясынан, рационалды ойлау тұжырымдамасынан байқай аламыз. Әлеуметтанушы Э.Ли көші-қонның «ығыстырушы» және «тартушы» факторларымен қоса, және үшінші фактор-«ұстап тұрушы» жағдайлардың болатынын атаған, яғни жеке адамға қатысты субъективті факторлар, қимастық сезімдер, дәстүр мен діннің әсері, адамның жеке қасиеттері өзгерістерге, жетістікке ұмтылу мотивтері, т.б. Әлеуметтанудың микроәлеуметтанулық парадигмасы тобына кіретін бірнеше нақтылы зерттелген теориялар-әлеуметтік айырбас теориясы (Дж. Хоманс, П.Блау), рационалды таңдау теориясы (М.Вебер, Дж.Коулмен), символикалық интеракционизм (Дж.Мид, Г.Блумер, Ч.), феноменология (А.Шюц), әлеуметтік акционализм (А.Турен) теориялары. Бұл теориялардың ерекшелігі - нақты жағдайға байланысты жасалатын тұлғааралық қатынастардың ерекшеліктерін түсіндіру, яғни адамды, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқын басты орынға қою арқылы. Көші-қон процесін бихевиористік көзқарас тұрғысынан түсіндіретін еңбектің бірі У.Томас пен Ф. Знанецкийдің «Европа мен Америкадағы поляк шаруасы» (1918). Аталған еңбекте әлеуметтанудағы эмпирикалық әлеуметтанудың дамуымен қоса көші-қон теорияларын әдістемелік жағынан толықтыруға үлкен үлесін қосты. Кітап авторлары еңбекте көші-қонның салдары, көшіп-қонушылардың жаңа жерге бейімделуі, олардың әлеуметтік шығу тегі, көші-қонға итермелеген мотивтерін әлеуметтанудың эмпирикалық әдістері арқылы зерттеді [5, б.295]. Көші-қон адамның белгілі-бір өмір салтын ұстануынан келіп туындаған әрекет деп түсіндіретін тұжырымдама өкілдері - Р.Парк, Э.Берджесс, Л.Вирт, Р.Маккензи, т.б. Олар әсіресе үлкен қалалардың, ондағы адам үшін ыңғайлы өмірдің мигрантты тартатын қасиетін қарастырған. Мұндай тұжырымдаманы ұстанушылар үлкен қалалардағы жылдам өмір, қала мәдениеті, қала инфрақұрылымы ауыл тұрғындарын, әсіресе мобильділікке бейім жастарды тартатынын және қаланың «сіңіргіш, жұтып алатын» факторларын алға тартады. Мысалы, Р.Парк индивидтер мен әлеуметтік топтар бір-бірінен мәдениеттерді қабылдап, ортақ мәдениетті тудырып, индивидтердің әлеуметтік топқа әлеуметтік-мәдени түрде сіңіп кетуін ассимиляция деп түсіндіреді. Қала мигрантты қабылдамауы да әбден мүмкін, жаңа мәдениетке үйренбеу, мойын ұсынбау маргиналды топтардың көбеюіне алып келеді.

Парк ойы мен пікірін А. Шюц те қолдаған. Көші-қонды мобильділік, өзгерістер, бейімделу, әлеуметтену тұрғысынан зерттеп, көші-қон тек территориялық қозғалыс ғана емес, адамның жан дүниесі, белгілі-бір өмір сүру салтына ұмтылудан келіп туындаған әлеуметтік мобильділік деп түсіндіреді бұл тұжырымдаманы қолданушылар ұстанушылар. Жоғарыда аталған әлеуметтанушылардың ойларын қазіргі Қазақстанның жағдайымен салыстыруға да болады. Қазіргі таңда әлемде жабандандудың салдары урбанизация үрдісі қарқынды жүруіне әсер етіп отыр және Қазақстан осы әлемнің бір бөлігі ретінде бұл процестен тысқары емес. Тіпті мобильді ұтқырлық арқылы келген Ресей мигранттарының басымы ТМД елдері арасында Қазақстанды таңдағанынан аңғаруға болады.

Менің пікірімше, көші-қонды микроәлеуметтанулық парадигма тұрғысынан түсіндіретін теориялар шешім қабылдау процесіндегі адамның психологиялық ерекшеліктеріне мән береді. Мұндағы көші-қонға әсер ететін факторлар - ақпараттың ролі, сонымен бірге қатерлерді қабылдауға дайын болу, субъективті бақылау деңгейі, мобильділік, жетістікке, дамуға деген мотивтің жоғарылығы сияқты адамның жеке қасиеттері көбірек әсер етеді. Миграция процесі желілік қатынастар тұрғысынан түсіндіретін желілік теория, негізін салушы -

Д.Массей.Миграциологияда желілер-адамның әлеуметтік капиталы,яғни туыстары, таныстары, жерлестері, отандастары. Д. Массей өз теориясына негіз етіп П.Бурдые Дж.Коулман,Р.Патнэм, Ю.Хабермас,Ф.Фукуяма,Н.Луманның әлеуметтік капитал туралы еңбектеріне сүйенді, олар әлеуметтік капитал топтық ресурстар, құндылықтар, қоғамдық игіліктер, топтық бірегейлік, сенім арқылы қалыптасады деп түсіндірді. Әлеуметтанушылар өз кезегін де әлеуметтік капиталдың теориялық-әдістемелік негізін әлеуметтік капиталдың мәнін экономикалық категория деп түсіндірген А.Смит, Д. Рикардо, К. Маркстің теорияларынан алған [6, б,2].

Миграциялық процестің тағы да бір түсіндірмелері саяси қақтығыстар мен ахуалдарға байланысты. Белгілі бір аймақта соғыс болмаса да, елдің диктаторлық режимге бағынып, қарсыластарын немесе белгілі бір әлеуметтік немесе этникалық топты жүйелі түрде қудалауы әбден мүмкін.Соңғы жаңалықтарда Ресей мен Украина арасындағы қақтығыстан қаншама халықтың еркінен тыс отанын тастауы,немесе ресей азаматтарының мобильді ұтқырлықтың жариялануымен өз елінен қашуы,көшуі сынды жағдайларды да назарға алған жөн.Миграция тек адамның еңбек экономикалық жағдайының төмендігінен әл ауқатын арттырудан емес,соңғы уақытта жанын аман алып қалу мақсатында амалсыздан қабылданған шешімнен де туындады.Миграциялық процесті түсіндіретін теориялардың келесі тобын интегративті парадигмаларға жататын теориялар деп топтастыра аламыз. Интегративті парадигмалар әлеуметтік шындықты объективті және субъективті, құрылымдық және динамикалық, қоғамдық және тұлғалық тұрғыдан бірдей ала отырып талдайды. Бұл теориялар көші-қонға құрылымдық жүйелердің даму деңгейінің де және тұлғалық-индивидуалды факторлардың да әсерінің маңыздылығын бірдей қарастыратын миграциология ғылымы саласындағы жаңа теориялар ретінде саналады. Теориялық-әдістемелік негізін қалаған жаңа заман әлеуметтануының классиктері П.Сорокин (әлеуметтік мобилділік теориясы), П. Штомпка (әлеуметтік өзгерістер теориясы), П. Бурдые (конструктивтік структурализм), Ю.Хабермас (коммуникативті іс-әрекет теориясы), Э.Гидденстің құрылымдау теориясын атап көрсете аламыз.

Қорытындылай келе, миграция процесін әлеуметтік құбылыс деп түсіндіреміз, және әлеуметтік процесс ретінде зерттеу барысында П.Штомпканың құрастырған қоғамның төртөлшемді моделі үйлесетін сияқты. П. Штомпка қоғамдағы әлеуметтік құбылыстар мен процестерді зерттеу үшін шындыққа үйлесетін жаңа әдіс те ме нің қажет екендігін айтқан. Штомпканың түсіндіруі бойынша қоғам – үнемі өзгерісте болатын әлеуметтік процестермен белгілі-бір заңдылықпен қайталанып отыратын әлеуметтік құбылыстардың жиынтығы. Яғни қоғам, зерттеушінің айтуы бойынша динамикалық организмді құрайды. Қоғам-әлеуметтік құрылым, әлеуметтік процестер мен құбылыстар – әлеуметтік құрылымды құраушылар. Миграциялық процесті түсіндіретін алдыңғы қатарлы теорияларды талдай келе, мен көші-қон теорияларын Штомпканың қоғамдық құрылымды түсіндіретін төрт деңгейлі моделіне сүйене отырып жіктеуді ұсынуды қолдаймын. Көші-қон процесін сипаттайтын теорияларды талдау барысында және оларды ғылыми тұрғыдан жіктей отырып, біз, көші-қон саласындағы қазіргі заманғы теориялардың интегративті парадигмалардың идеяларына сүйене отырып құрастырылғандығын көреміз.Әрине, қоғамдағы құрылымдық қателіктер, теңсіздіктер сөзсіз көші-қонды тудыратын басты факторлар бола алады, алайда бұл жерде көшіп-қонушының ішкі сенімдері, өмірлік ұстанымдары сияқты факторлардың болатындығын да ескеру орынды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.World migration report[Электронный ресурс] <https://reliefweb.int/report/world/world-migration-report-2022?>
2. Садовская Е. Международная миграция в Казахстане в период суверенитета // Казахстан – 2016. – № 1 (75). – С.10
3. Забирова А. Теории и концепции процессов миграции в зарубежной социальной науке // Евразийское сообщество. – 2003. – № 2 (42). – С. 131-135
- 4.Ритцер Дж., Степнички Дж. Әлеуметтану теориясы.№10 – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – Б. 264.
- 5.Сердюков К.Н. Основные парадигмы социологического подхода к исследованию миграционных процессов. Серия Социология и Политология. – 2018. – Т.18. – Вып. 3. – С. 295-299.
- 6.Абдикерова Г.О. Социальный капитал: основные концепции и стратегии // Вестник КазНУ им.аль-Фараби. Серия психологии и социологии. – 2017. –№ 4 (63). – С. 2

## ЖАСТАР ӨМІР ТРАЕКТОРИЯСЫН ТАҢДАУДА ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ

Әлеуметтану, I курс магистранты **Нұрланқызы А.**

Ғылыми жетекші: *PhD Беймишева А.С.*

*Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті*

**Кілт сөздер:** өмір траекториясы, жастар, отбасы, жасөспірім шақ, психология, болашақ.

Қазіргі жастар әлеуметтік өзгерістерге икемді жауап береді, олар қоғамда болып жатқан процестер туралы көбірек біледі, қарым-қатынастың заманауи формалары мен технологияларын динамикалық түрде игереді, әлемдік ақпараттық кеңістікке белсенді енеді. Белсенді азаматтық ұстанымның болуы, өмірлік траекторияның құрылысы адамның тұлға ретінде өзін-өзі дамытуының ажырамас шарты болып табылады. Жастар қазақ қоғамын дамытудың негізгі ресурсы екені белгілі. Қазіргі жағдайда біздің мемлекетіміздің сақталуы, дамуы мен өркендеуі үшін дәл осы жас ұрпақ жауапты.

Психологиядағы өмірлік траектория деп адам өмірінің әртүрлі салаларындағы (отбасы, мансап, білім, әлеуметтік өмір) әлеуметтік берілген оқиғалар мен рөлдер тізбегінің өтуі және осы ілгерілеушіліктердің арақатынасы түсініледі [1]. Қазіргі психологияның бір бағыты өмір жолын құруға әсер ететін факторларды зерттеуге бағытталған. Мұндай факторлар когнитивті дамудың ерекшеліктері, әлеуметтену, әлеуметтік ландшафт, диспозиция және құндылықтар (мысалы, таңдау еркіндігі мен жауапкершілік туралы идеялар, өмірдің мәнін түсіну және діни нанымдар) болуы мүмкін.

Балтес, Линдербергер және Стандингер даму траекториясына әсер ететін факторлардың келесі топтарын анықтады:

– жасқа тән (age-graded), мысалы, мектепке түсу, жыныстық жетілу;

– әлеуметтік кеңістіктегі тарихи жағдаймен анықталады (тарих-дәреже), мысалы екінші дүниежүзілік соғыс уақыты, теледидардың өнертабысы;

– нормативті емес факторлар-жеке адамдармен кез-келген жаста болуы мүмкін оқиғалар, мысалы төтенше жағдайлар, эмиграция және т.б. [2]

Өмірлік траекторияны жобалау жас кезінен басталады. Адам есейген сайын бос уақытын қандай іс-шараларға беру керектігін, қандай бөлімдерге бару керектігін, 11-сыныпқа дейін оқу керек пе, бітіргеннен кейін не істеу керектігін таңдайды, университетке түсу, әскерге бару немесе жұмыс іздеу шешімдердің реттілігі адамның одан әрі траекториясына әсер етеді. Мысалы, шамамен 13 жасында қылмыс жасау — жасөспірімнің әлеуметтік жағдайлары мен өзіне деген көзқарасын түбегейлі өзгерте алады және оның одан әрі өмірлік таңдауын анықтайды.

Еуропа елдерінде өмірлік траекторияны таңдау 1970 жылдардың ортасынан бастап, соның ішінде жастар жұмыссыздығы мен әлеуметтік белгісіздік деңгейінің өсуіне байланысты белсенді зерттеле бастады. Бұл мәселе бұрын К. Левин, Ш.Бюлер, Н. Израиль, Л. Франк және басқалардың еңбектерінде талқыланған. Сонымен қатар, бұл пәнаралық бағыт 1920 жылдардан бастап А. Н. Макаренко, М. Я. Басов, С. Л. Рубинштейн, Б. Г. Ананьев, А. А. Кроник, К. А. Абульханова-Славская, Н. Н. Толстой сияқты авторлардың еңбектерінің арқасында қалыптасты. Олар өмір жолы, мағынасы, өзін-өзі анықтау және кәсіби бағдар, өмірлік мақсаттар мен жоспарлар, уақытша перспектива және т.б. сияқты өмірлік траекторияны зерттеуге қатысты тұлға дамуының әртүрлі аспектілерін зерттеді.

Субъективтіліктің, адамның белсенділігінің, оның өз өміріне қатысты авторлығының бұрышын С.Л. Рубинштейн «ағынмен жүретін» адамның бейнесіне сүйене отырып және рефлексия арқылы өз өмірін қарастыратын адамға назар аударды. И. Ялом әр адамнан өмірдің аяқталуы, оның өмірі үшін жауапкершілік, жалғыз қалмау мүмкіндігі және өмірдің мәні туралы сұрақтарға жауап беретін позициялар сияқты жауап беруді талап ететін орталық сұрақтарға сілтеме жасайды. адам өзінің өмірлік траекториясын құрады. Д. А. Леонтьев және оның шәкірттері жасөспірімдердің даму траекторияларын қарастырған кезде оларды жасөспірімнің екі негізгі идеяға — бостандық пен жауапкершілік идеяларына қатынасының ерекшеліктері арқылы жіктейді.

Мақал-мәтелдерді қолдану негізінде адамның «экзистенциалды өмір логикасының» қалыптасуын зерттеу жасөспірімдердің біртұтас, мағыналы және ықтималды-мүмкін логиканы ұнататынын және индукцияланған-императивті логикадан бас тартатынын көрсетті. Бұл жасөспірімдерде өмір туралы және олардың өмірлері туралы тұтас идеялардың болуын көрсетеді.

ондағы орын, өмірдегі мағыналы мағыналар туралы, дегенмен жасөспірім кезінде бұл идеялар тек қалыптасу кезеңінде болады. Халықаралық дәрежедегі көптеген чемпиондар мен спорт шеберлері бастауыш сыныптан бастап үйірмелерге қатысып, 9-10 жасында өмір бойы айналысуды шешкенін көрсетті. 17 жасқа жақын спортпен шұғылдана бастаған спортшылардың ерекше оқиғалары спорттық жетістіктермен және ең ұнайтын әрекетті таңдаумен байланысты болды. Осыған ұқсас жағдайлар басқа мамандықтарда жиі кездеседі: мысалы, көбінесе суретші болған адамдар сурет салуды 11-сыныпқа дейін, университетке түскенге дейін үйренеді. Сонымен қатар, көптеген мамандықтарды таңдау тек жұмыс таңдау ғана емес, сонымен қатар ерекше өмір салтын таңдау болып табылады. Өмірдің нақты траекторияларын таңдауда конформизм маңызды рөл атқарады. Бір кездері астанаға басқа аймақтардан оқуға келген табысты спортшылар спорттық траекторияға балама болғанын еске алады, аудан орталығында қалып, сатушылар, менеджерлер, күзетшілер болу, әскерде қызмет ету, ал егер аудан орталығында қалмаса, ауылға оралады. Конформизм маңызды факторға айналды, өйткені мұндай траекторияларды мүмкін, оңай қол жетімді және сыныптастарының таңдауы қолдайды. Осылайша, таңдау-жақын ортада қабылданған траекториялармен келісу немесе өз жолыңызды салу болып табылады.

Қазақстанда жасөспірімдерді әлеуметтендіру институттары әсіресе жасөспірімдердің екі (дарынды (олимпиадаларға сәтті қатысқан) және қиын балалар) тобын ажыратады: Бұл назардың себептері экономикалық болуы мүмкін: дарынды жасөспірімдер дамуды қолдай отырып, елдің адами капиталын арттырады, ал қиын жасөспірімдер зиянды азайту үшін олардың қоғамға қарсы бағыттарын түзетегін арнайы бағдарламаларды қажет етеді. Қызықты мәселе-жасөспірімнің девиантты траекторияларды таңдауы болып табылады. Ересек адам сипаттаған істердің бірінде жасөспірім құқық бұзушылық жасады, оның алдында: колонияға немесе әскери қызметке бару деген дилемма болды. Соған қарамастан, бұл жасөспірім әскери мансапты таңдап, әуе-десант әскерлерінің барлаушысы болды. Бұл жағдайда жасөспірім кезіндегі құқық бұзушылықтар мен таңдау одан әрі өмірлік траекторияға айтарлықтай әсер етті. Көбінесе ата-аналар жасөспірімге кәсіби немесе тәрбиелік өмірлік таңдау жасайды. Өрбір бесінші отбасында «біз сияқты бол» императиві бар, мысалы: «мен заңгер едім, сен заңгер болуың керек» деген сөздер айтылады. Баламен болашақ туралы сөйлескенде, ата-аналар «керек» сөзін нені қалайсың» сөзінен 4 есе жиі қолданатыны тән. Мысалы: «өте жақсы сурет саласың, сәнгер немесе суретші болуың керек» «болашағың туралы ойлануың керек деген сипаттағы сөздерді, болашақ туралы әңгімені жасөспірім қысым немесе нұсқаулық ретінде қабылдайды [3].

Қазіргі кезеңде әлемдегі көптеген жаһандық үрдістер мен әлемдік мәселелер әлеуметтенудің жаңа түрлерін қалыптастырып жатыр. Әлем елдерінің интеграциялануы және жаһандану үрдісі соңғы онжылдықта әлеуметтену процесстеріне айтарлықтай жаңашылдықтар алып келді. Жаңа әлеуметтену түрлері қалыптасты. Мысалы: интернет пен әлеуметтік медианың өсуімен онлайн әлеуметтену қазіргі қоғамның маңызды бөлігіне айналды. Адамдар бір-бірімен өзара онлайн әрекеттесе алады, ақпаратпен бөлісе алады және олардың көзқарастарын, құндылықтарын және сенімдерін қалыптастыра алатын желіде қауымдастықтарды құра алады. Сонымен қатар, жаһанданудың әсерінен әлемнің көптеген бөліктерінде көп мәдениеттілік қалыпты жағдайға айналды. Соның салдарынан адамдар жастайынан әртүрлі мәдениеттерге, тілдерге, діндерге бейім болады. Бұл экспозиция олардың жеке басын және дүниетанымын қалыптастыруға көмектесе алады, бұл үлкен төзімділікке және әртүрлілікті түсінуге алып келеді. Сондай – ақ жер ғаламшарының ең негізгі мәселесі ол – климаттың өзгеруі екені белгілі және әлемде экологиялық мәселелер барған сайын маңызды бола бастады. Нәтижесінде қазіргі қоғамда экологиялық білім мен әлеуметтендіруге баса назар аударылуда. Адамдар көміртегі іздерін азайту және қайта өңдеу сияқты экологиялық таза көзқарастар мен мінез-құлықтарды дамытуға мүдделі болуда. Жаһанданудың алып келген тағы бір жаңашылдығы тұтынушылық әлеуметтену. Тұтынушылық әлеуметтену – бұл адамдардың қоғамдағы басқалармен өзара әрекеттесу арқылы өз қажеттіліктері мен тілектерін қанағаттандыруды үйрену процесі. Қазіргі қоғамда тұтынушылық адамдар өмірінде маңызды рөл атқарады. Маркетинг және жарнама барлық жерде бар және адамдар үнемі көбірек тұтынуға шақыратын хабарламаларға кездеседі. Бұл олардың материалдық құндылықтарға деген көзқарасына және өзін-өзі бағалау сезіміне әсер етуі мүмкін. Маркетинг контекстінде тұтынушылардың әлеуметтенуі адамдардың достары, жанұялары, әріптестері,

қауымдастықтары немесе әлеуметтік желілері арқылы тауарлар мен қызметтер туралы біліп, осы әлеуметтік әсерлерге сәйкес сатып алулар жасау процесін білдіреді.

Жаңаша әлеуметтену түріне саяси әлеуметтенуді атауымызға болады. Саяси әлеуметтену қазіргі қоғамдағы маңызды процесс болып қала береді. Алайда саяси әлеуметтенудің қайнар көздері өзгерді. Мысалы, адамдар өздерінің саяси сенімдері мен көзқарастарын қалыптастыра алатын әлеуметтік желілер мен желідегі жаңалықтар көздері арқылы саяси ақпараттарды ала алады.

Қоғамдық өмірдің негізгі сфералары әлеуметтенудің экономикалық, саяси, құқықтық, рухани және әлеуметтік сияқты типтерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Негізгі әлеуметтену түрлерінің бірі саяси әлеуметтену. Саяси әлеуметтену тұлғаның саяси тәжірибені, саяси іс-әрекет пен саяси қатынастардың талаптарын, құндылықтарын және бағдарларының белгілі бір жүйесін белсенді түрде қайта өндірілу процесі ретінде түсіндіріледі. Шын мәнінде, бұл – ұрпақтан ұрпаққа саяси құндылықтар, талаптар және мінез – құлық үлгілерін жеткізіп отыру процесі. Американдық социолог Н.Смелзер саяси әлеуметтенуге балалардың және жасөспірімдердің өздерін қоршаған саяси ортаға тән мінез – құлық үлгілерін, өмірлік бағыттарды, идеяларды игерудегі эволюциялық процесс, - деген анықтама береді [3].

Жаһандану кезеңінде саяси әлеуметтену өзекті және маңызды тақырып болып қала береді, өйткені жаһанданумен бірге жүретін экономика мен технологиялардағы өзгерістер саяси көзқарастар мен құндылықтарға әсер етуі әбден мүмкін. Жаһандану экономикалық құрылым мен әлеуметтік қатынастардың жылдам өзгеруіне, сондай-ақ халықтар мен елдер арасындағы мәдени және ақпараттық өзара әрекеттестіктің артуына алып келеді. Сонымен қатар, жаһандану кезеңінде әртүрлі әлеуметтік және мәдени факторлардан туындайтын саяси теңсіздік пен қақтығыстардың жаңа түрлерінің пайда болу қаупі бар. Саяси әлеуметтену осы тәуекелдерді азайтуға, демократиялық институттарды құруға және бейбіт өзара әрекеттесу мәдениетін дамытуға көмектеседі. Саяси әлеуметтену үшін жаһанданудың негізгі салдарының бірі ақпараттың қолжетімділігінің артуы болып табылады. Интернет пен әлеуметтік желілердің дамуымен адамдар әлемнің түкпір-түкпірінен саяси оқиғалар, идеологиялар туралы ақпарат алуға мүмкіндік алды. Бұл оларға әртүрлі саяси жүйелерді салыстыруға және талдауға мүмкіндік береді, бұл саяси сенімдер мен құндылықтардың өзгеруіне алып келеді. Сонымен қатар жаһандану экономикалық жағдайларды өзгерту арқылы саяси әлеуметтенуге әсер етеді. Жаһандану аясында әлемдік нарықтың интеграциясы және капитал мен тауарлардың еркін қозғалысы орын алады. Бұл елдің экономикалық құрылымы мен халқының әлеуметтік жағдайының өзгеруіне әкелуі мүмкін. Бұл өз кезегінде адамдардың саяси сенімдері мен қалауларына әсер етеді.

Жаһандану жағдайында саяси әлеуметтенуге әсер ететін тағы бір маңызды фактор – көші-қон. Жаһандану халықаралық көші-қонды күшейтіп, көпұлтты қоғамдарды қалыптастырады. Бұл жаңа мәдени және саяси сәйкестіктердің пайда болуына және дәстүрлі саяси құрылымдардың өзгеруіне алып келеді. Сондай - ақ жаһандану адамдардың әлеуметтік байланыстарына әсер етеді. Адамдар басқа елдердегі достарымен және туыстарымен байланыста бола алады, басқа мәдениет өкілдерімен әлеуметтік желілер және басқа коммуникация құралдары арқылы сөйлесе алады, бұл таныстар шеңберінің ұлғаюына және әлеуметтік мобильділіктің артуын туындатады. Осылайша жаһандану өзін жаһандық қауымдастықтың бір бөлігі ретінде қарастыратын және ортақ құндылықтарды бойына жинайтын жаһандық азаматтарды, сондай-ақ мәдени икемділік пен әртүрлі мәдениеттерге бейімделу қабілеті бар космополиттер сияқты жаңа әлеуметтік рөлдерді тудырады. Жаһандану батыс құндылықтары мен мәдениетінің таралуын үдетеді, бұл дәстүрлі мәдени құндылықтар мен бірегейліктің эрозиясына алып келуі мүмкін. Бұл адамдардың белгілі бір қауымдастыққа немесе ұлтқа қатыстылық сезімін әлсіретіп, жергілікті дәстүрлерге негізделген саяси процестерге қатысу қабілетін төмендету арқылы олардың саяси әлеуметтенуіне әсер етуі мүмкін. Әлем елдерінің жаһандануы радикалды идеологиялардың таралуына, дәстүрлі билік құрылымдарының тұрақсыздануына, мемлекеттік емес субъектілердің күшеюіне байланысты саяси тұрақсыздыққа ықпал етеді. Интеграциялық процесс барысында әлем елдеріндегі дамыған және дамушы елдер арасындағы цифрлық алшақтыққа алып келуі мүмкін, бұл адамдардың ақпаратқа қолжетімділігін және жаһандық саяси процестерге қатысу мүмкіндігін азайтады. Бұл маргинализация және жаһандық қауымдастықтан шеттету сезімін туындатады. CNN, BBC және Al Jazeera секілді трансұлттық бұқаралық ақпарат құралдары жаһандық жаңалықтар мен талдауларды қамтамасыз ету арқылы адамдардың саяси әлеуметтенуіне әсер етеді, бұл адамдардың жаһандық оқиғалар мен саяси процестер туралы хабардар болуын арттырады. Олар сондай-ақ адамдардың бар нанымдары мен құндылықтарына қарсы тұруы мүмкін саяси мәселелерге қатысты әртүрлі көзқарастарды ұсына алады. Жаһандану кезеңінде трансұлттық корпорациялар өз жұмысын

өрістетуде кең мүмкіндіктерге ие болады. Трансұлттық корпорациялар азаматтар мен компаниялардың өзара әрекеттесуінің жаңа формаларын құру арқылы адамдардың саяси әлеуметтенуін өзгерте алады. Корпорациялар жаңа технологиялар мен ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етеді және бұл адамдардың саяси процестер туралы хабардарлығын арттырады. Әлемдегі елдердің интеграциясының ең негізгі көрсеткіштері ол – халықаралық ұйымдар. Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропалық Одақ, ХВҚ және ДСҰ сияқты халықаралық ұйымдар адамдардың саяси әлеуметтенуіне айтарлықтай үлесін қосады, халықаралық ынтымақтастық пен тәжірибе алмасу алаңдары ретінде қызмет етеді. Осылайша жаһанданудың саяси әлеуметтенуге әсері туралы мақаланы қорытындылай келе, бірнеше тұжырым жасауға болады.

Біріншіден, жаһандану саяси әлеуметтенуге айтарлықтай әсер етеді. Ол біз өмір сүріп жатқан әлемді өзгертіп, жаңа саяси шындықтарды қалыптастыруда. Жаһандық процестер мен оқиғалар, мысалы, халықаралық қақтығыстар, елдердің интеграциялануы, әлемдік ақпарат құралдары, трансұлттық терроризм, дағдарыстар және т.б. адамдардың саяси белсенділіктері мен сенімдеріне әсер етіп қана қоймайды, сонымен қатар олардың саяси құндылықтары мен идеологияларын қалыптастырады. Екіншіден, жаһандану ақпараттың қолжетімділігін және медиаконтенттің әртүрлілігін кеңейтеді, бұл байланыс арналарының көбеюіне алып келеді және адамдарға әртүрлі көздерден ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл олардың саяси әлеуметтенуіне әсерін тигізуі мүмкін саяси оқиғалар мен құбылыстарға әртүрлі пікірлер мен көзқарастарды тудырады. Сондай - ақ, жаһандану саяси әлеуметтенуді қалыптастырудағы негізгі орталықтар болып есептелетін мемлекеттік институттар мен басқа да әлеуметтік институттардың рөлін өзгертуде. Мемлекеттер бұдан былай адамдар алатын ақпаратты, құндылықтарды және идеологияларды басқара алмайды және өз билігі мен халыққа деген адалдығын сақтау үшін жаңа шындыққа бейімделуі керек болады.

Осылайша, жаһандану саяси әлеуметтенуге және саяси құндылықтар мен идеологиялардың қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Бұл әсерді түсіну қазіргі саяси жағдайды жақсырақ түсінуге және оның болашақта оның дамуын болжауға көмектеседі.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Абдикерова Г.О. Личность и общество. Алматы: Қазақ университеті . 2012. – 103 с. [Электронды ресурс] – URL: <https://pps.kaznu.kz/kz/Main/FileShow2/16057/1/4/0/>
2. Тұлға әлеуметтануы: оқу құралы / Г.О. Әбдікерова. – 2 бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 220 с. [Электронды ресурс] – URL: <https://www.kaznu.edu.kz/content/files/pages/folder1807/Abdikero%20G.O.2.pdf>
3. Социализация как процес [Электронды ресурс] – URL: <https://forpsy.ru/works/glava-sotsializatsiya-kak-protsess/>

### ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНДЕГІ ХИДЖАБ (БАС КИІМ) КИЕТІН ҚАЛАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР ФЕНОМЕНИ: ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

*Әлеуметтану, 1 курс докторанты Саймасева А.А.  
Ғылыми жетекші: әлеум.ғ.д., профессор Абдирайымова Г.С.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

**Кілт сөздер:** хиджаб, гендерлік теңсіздік, мұсылмандық орамал, этникалық дін, дін социологиясы.

#### Кіріспе

Қазақстандағы соңғы онжылдықтағы құрылымдық өзгерістер әлеуметтік қатынастардың да, құндылық бағдарларының да елеулі өзгерістеріне әкелді. Әлеуметтік-саяси және діни өзгерістер қалалық мәдениетке әсер етеді, бұл өз кезегінде қоғамның діни атрибуттарды қабылдауынан көрініс табады. Әлеуметтік мәселе деп қоғамның әлеуметтік бірлігіне, мәдени немесе моральдық нормаларына қауіп төндіретін жағымсыз жағдайды айтамыз. Адамзат тарихында әлеуметтік мәселелердің белгілі бір жиілікте пайда болуы және жоғалуы сирек емес, ал басқалары қоғамда тұрақты ғылыми пікірталастардың тақырыбы болып қала берді. Мағх қақтығыс теориясынан бастап Merton аномия теориясымен аяқталатын әлеуметтік мәселелерді зерттеуде бірнеше әлеуметтанулық тұжырымдамалар бар. Әлеуметтік мәселелерді талдаудағы заманауи теориялық дискурс конструктивистік теорияны қолдануды өзектендіреді. Бұл теория әлеуметтік мәселелердің сыртқы

көрінісіне назар аударып қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік мәселелер көрініс табатын үрдістерді және олар анықтайтын акторлардың қарым-қатынасын талдауға баса назар аударады. Осылайша, әлеуметтік мәселелер- бұл қоғам құрған және сайып келгенде ол шешетін көзқарастар, шарттар немесе әрекеттер. Әлеуметтанулық мәнмітін шеңберінде хиджаб (бас киім) киюді талдау мақаланың мақсаты болып табылады. Зерттеудің ақпараттық негізін Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (ҚР СЖРА ҰСБ) мәліметтері құрады.

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру барысында Қазақстан Республикасы ұстанатын дініне қарамастан адамдардың теңдігі, олардың ар- ождан және діни сенім бостандығына құқықтары, оның ішінде бостандық туралы ұстанымдарды бекітетін келесі халықаралық құжаттар тобына сүйенді: (1) 1948 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы; (2) Еуропа Кеңесінің 1950 жылғы 4 қарашадағы Құқықтар мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы конвенциясы; (3) 1966 жылғы 19 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт; (4) 1975 жылғы 1 тамыздағы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің қорытынды актісі; (5) 1981 жылғы 25 қарашадағы Дінге немесе сенімге негізделген төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Декларация; (6) 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Ұлттық немесе этникалық, діни және тілдік азшылықтарға жататын адамдардың құқықтары туралы декларация және адамдардың ар-ождан бостандығы құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттердің міндеттерін белгілейтін басқа да заңнамалар негізінде құралды.

Хиджаб (бас киім) мәселесін айқындау үшін хиджабты оның әлеуметтік, мәдени және діни аспектілері тұрғысынан қарастырғанымыз жөн. Ислам мәдениетінде хиджаб- денені басынан аяғына дейін жабатын дәстүрлі әйелдер киімі. Алайда, бүгінде таңда хиджаб сөзі тек басы мен мойнын жабатын дәстүрлі орамалға да қатысты қолданылып жүргенін де байқауымызға болады. Oxford Dictionaries сөздігінде хиджаб ұғымына келесі сипаттама берілген, хиджаб- бас пен мойынды жабуға мүмкіндік беретін орамал мен кең көйлектен тұратын мұсылмандық діни киім. Ал, И.А.Бочарова "Хиджаб мұсылман киімінің ерекшелігі ретінде" атты еңбегінде, хиджаб- ислам дініндегі әйелдер өмірінің маңызды қырларының бірі болып табылатындығын және ол тек сырт киімді ғана емес, сонымен қатар әйелдің ішкі мінез - құлқын анықтайтын атрибут деп жазады. [1, б.2]. Осы тұста айта кетері, хиджаб киетін қалалық әйелдерге қатысты стигманы қалыптастырушы негізгі белгі және басты символдық жүктемені көтерушы- орамал болып табылады. [2, б.1].

- Жас (18-39 жас аралығындағы) халық арасында төмен көрсеткіш байқалады
- Жастық құрамы бойынша айырмашылық жоқ
- Орта жастағы (40 жастан асқан) халық арасында төмен көрсеткіш байқалады
- Ақпарат жоқ

Діни топтың мүшесі ретінде қарастырады



Елдердің саны

Апта сайын діни орындарға барады



Дінді «өте маңызды» деп есептейді



Күнделікті сыйынады




**1-сурет – Орта жастағы (40 жастан асқан) халық арасында төмен көрсеткіш байқалатын мемлекеттер (Pew Research Center surveys, 2008-2017, “The Age Gap in Religion Around the World”)\***

\* Дереккөз: Pew Research Center [https:// https://pewresearch.org/](https://pewresearch.org/)

Хиджаб, дін атрибуттары және оларды әлеуметтік сәйкестендіру мәселесін зерттеуде Benhabib, Gole сияқты батыс ғалымдарының еңбектері айтарлықтай үлес қосты, олар Франция мен Түркияда мұсылман әйел қауымдастықтарының өмір салтын талдау мен түсінуге баса назар аударды. Посткеңестік ортада "хиджаб киетін әйелдер" құбылысын зерттеуде келесі ғалымдардың еңбектері өз үлесін қосты: Г.Сабилов, Ю. Гуреев, и. Кузнецов, олар өз кезегінде хиджаб киетін мұсылман әйелдердің өмірбаяндық жолы, стратегиясы, тәжірибелері және құндылықтарымен ерекшелентін әлеуметтік топ ретінде анықтады. Діни атрибуттарға деген қызығушылық- бұл қоғамдағы әлеуметтік маңызы бар қарым-қатынастың бір түрі және хиджаб кию әйелдердің діни бірегейлігін анықтауы үшін үлкен маңызға ие. Яғни, соңғы тұжырымдамаға сәйкес, хиджабтың әлеуметтік функциясы тек әйелдің сырт пішінін жасыру ғана емес, сонымен бірге қоғамға таныстыратын белгілі бір мағынасы бар белгі ретінде үлкен салмаққа ие екендігі белгілі. Хиджаб өз кезегінде қоғаммен келесі сипатта қабылдануы мүмкін: (1) дінге тиесіліктің көрінісі; (2) қауымдастық пен этникалық бірегейліктің белгісі; (3) жеке таңдаудың көрінісі.

Американдық әлеуметтанушы Benhabib өзінің "Мәдени талаптар" кітабында еуропалықтардың мәселелеріне жүгіне отырып, хиджаб кию діни тиесіліктен де басқа атқаратын қызметі бар деген қорытындыға келді, себебі хиджаб киетін әйелдер өздерінің сырт киімі арқылы жеке ерекшелігін және таңдау еркіндігін көрсетеді. [3, б.3]. Француз әлеуметтанушысы Gole қазіргі мұсылман әйелдерінің өмір салтын ерекше назар аударуға тұрарлық жаңа балама модернистік жоба ретінде қарастыруға қажет деген тезисті алға тартады. [4, б.2].

Соңғы жылдары аталмыш белгі негізінде орын алып жатқан әлеуметтік шеттету батыс қоғамындағы саяси пікірталастардың маңызды тақырыптарының бірі. [5, б.23]. Әлеуметтік шеттету тақырыптарына қызығушылықтың артуы өз кезегінде түрлі принциптерге негізделген мәселелерді шешу мақсатындағы кешенді тұжырымдаманы қамтамасыз етеді.




**2-сурет – Өңірлер бөлінісінде діни сенімі бойынша халық\***

\* Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ <https://stat.gov.kz/>

Әлеуметтік шеттету сонымен қатар саяси процеске қатысу, жұмысқа және материалдық ресурстарға қол жеткізу, жалпы мәдени процестерге қызығушылық көрсету мен азаматтық белсенділік таныту сияқты қоғамға сәтті бейімделуді жеңілдететін көп өлшемді тұжырымдама болып табылады. Ең алдымен, хиджаб (бас киім) киетін әйелдерге қатысты әлеуметтік шеттету құбылысын түсіну үшін күнделікті өмір әлеуметтануына назар аударуымыз орынды, себебі әлеуметтік шеттету күнделікті өзара әрекеттесу негізінде қалыптасатындығы белгілі.

Әлеуметтік шеттету әлеуметтік кеңістікке тиесілілікті, қоғамдағы ресурстарға және ақпаратқа қол жеткізуді бақылаушы құрал болып табылады. Бұл жердегі әлеуметтік кеңістік – әлеуметтік

байланыстарды құруға кедергі келтіруі мүмкін және өз кезегінде тұлға еңсеруі қажет шеттетулер жиынтығын құрайды. Осылайша, қоғам әлеуметтік топтар арасында түрлі әлеуметтік кеңістікті қалыптастырады, ал ол өз кезегінде әлеуметтік топтардың қоғамға кірігуін қиындата отырып, бірегей құндылықтар жүйесін қабылдауына да кедергі болатындығы анық. Әлеуметтік топтар арасында қалыптасатын әлеуметтік кеңістіктік құрылым кеңістіктік шекаралардан тұрады, олар өз кезегінде моральдық, символдық, сонымен қатар физикалық болып бөлінеді. Көптеген шекаралар ішкі қауіпсіздікті, жайлылықты және әлеуметтік бақылауды қамтамасыз ету және бөгде адамдардан қорғаушы рөлін атқаратындықтан, әлеуметтік топтардың құндылықтық жүйесімен келіспеушілік, немесе олардың жеке мақсаттары мен әлеуметтік, саяси және діни сенімдеріне қарсы шығу, қол сұғушылық алаңдаушылық тудыратындығы сөзсіз. [6, б.10].



**3-сурет** – Алматы қаласының тұрндарының жыныстық бөлінісіндегі діни сенімі бойынша халық\*

\* Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ <https://stat.gov.kz/>

### Қорытынды

Қазіргі қоғамда қалалық әйелдердің хиджаб кию дәстүрінің себептерінің негізі ретінде келесі негіздемелер қарастырылады: жеке таңдау, терең діни көзқарас немесе қоғам тарапынан қысымның орын алуы. Соңғы түйіндемеге сүйене отырып, қоғамдық тұрақтылықты сақтау үшін діни бірегейлікті нығайту қажет. Зерттеу тақырыбына арналған еңбектердің көпшілігінде хиджабтың әлеуметтік тәжірибе ретінде қоғамда қабылдануы және онымен өзара әрекеттесу назарында қарастырылады, себебі хиджаб тек діни киімді ғана емес, сонымен қатар үлкен әлеуметтік бірегейлікті де білдіреді, яғни әлеуметтік нормалар мен құндылықтардың тасымалдаушысы болып табылады.

Қазіргі жаһандану қоғамында хиджаб тек діни атрибут ретінде ғана емес, сонымен бірге идеология ретінде де қарастырылады. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, хиджаб мұсылман әйелінің мінез-құлқы мен дүниетанымының өзіндік үлгісі болып табылады. Қазақстандық қоғамдағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, жоғары руханият, ортақ тарих, мәдениет және тіл сияқты уақытпен тексерілген құндылықтар қоғамның тұрақтылығының негізі болуы тиіс.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Бочарова И. А. Хиджаб как особенность мусульманской одежды // Исламоведение. – 2010. – No 2 (4). – С. 4-8.
- Досанова Г.М. Городские женщины в хиджабе. Новый феномен в Казахстане? // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Социология. – 2010. – No 3. – С.5-11
- Benhabib S. The Claims of Culture, Political Theory–2006. – No34(3).–P.383-388. <https://doi.org/10.1177/0090591706286779>.
- Gole N. The Forbidden Modern: Civilization and Veiling, Ann Arbor: University of Michigan Press – 1996. – 173p.



- Lister, R. (1997). Citizenship: Towards a Feminist Synthesis. *Feminist Review*, 57(1), 28–48. <https://doi.org/10.1080/014177897339641>
- Sibley, D. (1995). *Geographies of Exclusion: Society and Difference in the West* (1st ed.). Routledge. <https://doi.org/10.4324/9780203430545>
- Bullock K. *Rethinking Muslim Women and the Veil: Challenging Historical and Modern Stereotypes*, International Institute of Islamic Thought (IIIT)– 2002. –328p.
- Douglas M. *Essays on the Sociology of Perception*, Routledge–2003.– 348p. <https://doi.org/10.4324/9781315888866>
- El Saadawi N. *The Hidden Face of Eve: Women in the Arab World*, London: Zed Books – 2015. – 426p. <http://dx.doi.org/10.5040/9781350251076>.
- Goffman E. On face-work: An analysis of ritual elements in social interaction, *Psychiatry: Journal for the Study of Interpersonal Processes*– 1955– No 18, P.213–231.
- Jamrozik A., Nocella L. *The Sociology of Social Problems: Theoretical Perspectives and Methods of Intervention*, Cambridge University Press– 1998. – 241p.
- Lewis R. *Muslim fashion: Contemporary style cultures*, Duke University Press – 2015. – 400p.
- Nilufer G. *The Forbidden Modern: Civilization and Veiling*, Ann Arbor: University of Michigan Press – 1996. – 173p.
- Rosenberg T. *Wrapped in Meaning: Modest Fashion as Feminist Strategy*, *Nordic Journal of Feminist and Gender Research* –2019. – No 27. P.1-5. <https://doi.org/10.1080/08038740.2019.1656669>.
- Simmel G., Frisby D., Featherstone M. *Simmel on culture : selected writings*, Sage Publications–1997. – 302p.
- Taylor S. A place for the future? Residence and continuity in women's narratives of their lives, *Narrative Inquiry* – 2003. – No 13, P.193-215.

## **АТА-АНАНЫҢ АЖЫРАСУЫН ҰЛ БАЛА МЕН ҚЫЗ БАЛАНЫҢ ҚАБЫЛДАУЫНДАҒЫ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Әлеуметтану, 1 курс докторанты Түктібаева М.Е.  
Әл-фараби атындағы қазақ Ұлттық университеті*

**Кілт сөздер:** ата-ананың ажырасуы, толық емес отбасы, жасөспірімнің жеке басы, ажырасудың салдары, аналық және әкелік отбасы, мінез-құлық, қыз бала, ұл бала, қарым-қатынастың бұзылуы.

Әрине, егер ажырасу ата-аналарға қажет болса, онда бұл балаға да қажет болып табылады, себебі ажырасқаннан кейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысының өмірін үйлестіру мүмкіндігі пайда болады. Үнемі шиеленіс болатын отбасында қақтығыстар шексіз көбейеді, мұндай жағдайда өмір сүріп жатқан бала өзін екі есе бақытсыз сезінеді. Отбасындағы орын алған мұндай жағдай балаға ата-анасының біреуімен тұрақты өмір сүруден гөрі ауыр әсер етеді. Бірақ, бала үшін тіпті ақтап алатын ажырасудың өзі ең үлкен соққы болуы мүмкін, себебі оның кейінгі өмірінде күтпеген жолмен әсер етуі мүмкін қолайсыз салдарларды тудыру қаупі бар екенін айтып өткен жөн. Отбасындағы ажырасу жағдайы баланың психикалық денсаулығына үлкен зиян келтіреді, ол үшін ата-анасының бірімен яғни әкесімен де, анасымен де ажырасу мүмкін емес. Отбасы баланың жеке тұлға болып қалыптасу жолында маңызды адами қасиеттердің негізін қалайтын орта.

Бала үшін ата-ананың ажырасуы травматикалық жағдай болып табылады, әдеттегі өмірдің бұзылуын білдіреді, жағымсыз эмоционалды тәжірибені тудырады. Отбасы құрылымының өзгеруі екінші ата-анамен қарым-қатынастың өзгеруіне әкеледі. Әр түрлі жанжалды жағдайлар болуы мүмкін, баланы ата – аналардың қарсылығына тарту және т.б. сонымен қатар, бір ата-анасы бар отбасында анасы екі ата-ана позициясын-ана мен әке позициясын жүзеге асыру қиынға соғады. Тәрбиенің осындай өзгерген ерекше шарттары балалардың психикалық дамуының ерекшеліктеріне, олардың эмоционалды жағдайына, өзін-өзі бағалауына, басқалармен қарым-қатынасына және т. б. кері әсер етері анық. Зерттеушілердің көпшілігі атап айтар болсақ Борисенко Е. А. [1], Никифорова Р. Р., Ульянова Е. М. [2], Гамаюнова И. Н. [3], Нартова-Бочавер С. К., Несмеянова М. И., Малярова Н. В., Мухортова Е. А. [4] бұл күйзеліс балаға ұзақ әсер етеді және оның жеке басының одан әрі толық эмоционалды және әлеуметтік дамуына кедергі келтіреді деп сендіреді. Атап айтқанда, ажырасқаннан кейінгі бірінші жыл ішінде ұлдар да, қыздар да толық отбасылардың балаларымен



салыстырғанда құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынаста неғұрлым талапшыл, мазасыз, агрессивті және тентек мінез-құлық көрсетеді. Екінші жылы көптеген қиындықтар тегістеліп, проблемалар азая бастайды, бірақ бұл жағдайдың өзі балалар жаңа жағдайға сәтті бейімделген отбасыларда орын алады. [5]

Отбасы ажырасқан соң баланы тәрбиелеумен кім айналысатынына байланысты келесі отбасыларды ажыратамыз: аналық және әкелік. Толық емес отбасы көп жағдайда ана мен баладан тұратындығын ескере отырып, біз ана мен бала қарым-қатынасының ерекшеліктерін және әке мен бала қарым-қатынасының ерекшеліктеріне де тоқталып өтеміз, олардың баланың психикалық және жеке даму сипатына әсерін қарастырамыз.

Әкесіз отбасында бала тәрбиелеудің болашағы қандай? Бұл тұрғыда әртүрлі, жиі қарама-қайшы көзқарастар бар, бірақ олардың барлығы дерлік әкенің болмауы ғана емес, ең алдымен бұл жалпы ер адамның болмауы баланың психикалық дамуындағы ауытқулардың маңызды алғышарты болып табылады деген ойға келеді. Психологтардың пікірінше, толық емес отбасылардағы әкенің әсер етуінің жетіспеушілігі келесідей көрінеді: интеллектуалды саланың үйлесімді дамуы бұзылады, баланың математикалық, кеңістіктік, аналитикалық қабілеттері ауызша қабілеттерін дамыту арқылы зардап шегеді. Баланың ақыл-ойының толыққанды дамуы үшін оның ортасында, ерте балалық шақтан бастап, ойлаудың екі түрі де болуы өте маңызды: еркек те, әйел де. Интеллекттің дамуына тұқым қуалаушылық, әлеуметтік орта және баланың өз тәжірибесі әсер ететіні белгілі. Сондықтан баланың қай жаста өзіне қажетті өмірлік тәжірибенің алғашқы көзі болып табылатын ата-анасының екеуінің де әсерін сезіну мүмкіндігінен айырылғаны өте маңызды. Әдетте, бала әкесінен неғұрлым ерте айырылса, оның психикалық дамуы соғұрлым көп зардап шегеді. Бұл тұрғыда әсіресе баланың өмірге келген алғашқы екі жылы ерекше маңызды. Әкесінің қайтыс болу жағдайында одан айырылуы, әсіресе, егер бақытсыздық сәті мектептің алғашқы жылдарында болған болса, баланың мектептегі жетістіктеріне әсер етеді. Сондай-ақ, отбасында ер адамның (әкенің) болуы баланың оқуға және білім алуға деген қызығушылығының қалыптасуына әсер етеді, оқуға деген ұмтылысын арттырады. Әкесінің кейінгі өмірдегі академиялық жетістіктердің маңыздылығы туралы пікірі баланың оқуға деген көзқарасын анықтайтын және теріс әсер ететін басқа нұсқалар болуы мүмкін. Бұл әсіресе қыздарға қатысты, яғни әкесінің отбасында тәрбиеленуші қыз бала туралы. Атап айтқанда, олардың оқу сәтсіздіктерінің себебі әкесінің қызына әйел мінез – құлқының ережелерін өзінің дәстүрлі түрінде енгізгендігімен байланысты болуы мүмкін: яғни әйел әлсіз және пассивті, ол ер адамнан үнемі қамқорлық пен назар аударуды талап етеді, оның жұмысы – үй және барлық ғылымдар, мансап және ақыл-ой дамуы-күшті ер-азаматтың құзыретінде екенін айтып жеткізуі. Мұндай ерлердің әсерінің нәтижесі, қыз баланың өмірдегі өз орнын дәл анықтай отырып, қыз өзінің өмірдегі орнына толық қанағаттанады. Бұл тек ең кең таралған трендтер.

Жалпы интеллект, психикалық дарындылық көбінесе табысты, күшті және белсенді әкенің болуымен байланысты, ал шығармашылық қабілеттердің жоғары деңгейі көбінесе әкелер тастап кеткен балаларда байқалады. Сондай-ақ, қоғамның ең материалдық жағынан қамтамасыз етілген топтарында әкесіз өскен балалардың қабілеттері көбінесе толық отбасылардағы балаларға қарағанда жоғары екендігі туралы мәліметтер бар.

Балалар мектепке дейінгі жастағы белгілі бір психоәлеуметтік рөлді сәтті игереді: ұлдарда 5-7 жас аралығында, қыздарда бұл кезең 3-8 жас. Мектепке дейінгі балалық шақта негізінен ата-аналардан туындайтын әлеуметтік әсерлердің әсерінен 3-6 жасқа дейін баланың белгілі бір жынысқа жататындығы туралы идея қалыптасады, бұл оның ер немесе әйел ретіндегі жеке басының қалыптасуының барысына қатты әсер етеді. Осы кезеңде баланың әкесіз өмір сүруі неғұрлым ұзақ болса, жыныстық сәйкестендіру қиындықтары соғұрлым ауыр болуы мүмкін, егер басқа ер адам тиімді алмастырғыш ретінде қызмет етпесе. Отбасында әкенің немесе оны алмастыратын адамның болмауы ер балалардың жеке басының дамуына және ер адам ретінде өзін-өзі тануына әсер етеді. Кейбір зерттеулер балалық шағында әкесімен жеткілікті қарым-қатынас жасау мүмкіндігінен ерте айырылған ұлдар көбінесе өздерінің әкелік міндеттерін орындай алмайтындығын және осылайша балаларының жеке қалыптасуына теріс әсер ететіндігін көрсеткен. Кейбір жағдайда әкесіз тәрбиеленген ұлдар анасынан әйелдік мінез-құлық түрін үйренеді немесе еркектік мінез-құлық туралы бұрмаланған идеяны әйелдікке антагонистік қарама-қарсы етіп жасайды және олар анасының оларға сіңіргісі келетін нәрсені қабылдағысы келмейді. Екі жағдайда да ер адамның мінез-құлық туралы агрессивті, дөрекі, қатал көзқарас қалыптасады. Толық емес отбасылардың балаларының алдында тұрған мәселелердің бірі-олардың өмірлік қиындықтарға төтеп бере алмауы, өзіне деген сенімсіздік және соның салдарынан олардың әлеуметтік белсенділігінің төмен деңгейінің орын алуы.

Ата-аналары ажырасқаннан кейінгі алғашқы жылдары балалар қақтығыс деңгейіне қарамастан қоғамға қарсы және импульсивті мінез-құлықты, кейде таза девиантты мінез-құлықты, агрессияны, тұрақсыздықты, тәуелділікті, ашуланшақтықты көрсетеді. Ата-анасының ажырасуын бастан өткерген жасөспірімдер мүлдем басқа қарым-қатынасқа бейімделуге мәжбүр. Әдетте, жасөспіріммен ұзақ уақыт қарым-қатынаста болған ата-аналардың көпшілігі балаларының өміріне батыл араласуға, тікелей қожайын болуға құқығы бар екеніне сенімді. Жасөспірім кезіндегі баланың өмірін мүмкіндігінше бақылайтын мұндай ата-анаға деген тітіркенуі мен ашулануының айқын көрінісі жасөспірімдердің депрессиясына және ата-аналармен өнімді қарым-қатынас жасауда дәрменсіздік сезіміне әкелуі мүмкін. Бұл кезеңде көбінесе жасөспірім барлық күш-жігерін жұмсай отырып, отбасын және ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты сақтау оның қолында сияқты ойлайды. Жасөспірім бұған сенеді және солай болғанын қалайды. Бірақ сәл кейінірек ол өзінің мүмкіндіктерін асыра бағалағанын түсінеді. Осы кезеңде оған эмоцияларымен уақытында күресуге көмектеспесе, жасөспірімде өзін-өзі бағалау күрт төмендейді, ұзаққа созылған депрессия орын алады. Жасөспірімдер ата-аналарына ажырасқаны үшін қатты ашуланады, олар қатты қобалжиды, төзгісіз азап шегеді, өздерін жалғыз және дәрменсіз сезінеді. Бас ауруы, тәбеттің бұзылуы және т. б. жағдайлар орын алады.

Айта кету керек, ата-анасының ажырасуындағы қыздар мен ұлдардың мінез-құлқы бір-бірінің арасында ерекше айырмашылықтарға ие. Ұлдар стресске көбірек бейім, олардың зейінін шоғырландыру қабілеті нашарлайды. Олар бұрынғыдан гөрі қоршаған ортадағы құрдастарымен қақтығысады. Сондай-ақ, олар бір кездері сүйікті үй жануарларына агрессияны көрсете алады. Сонымен қатар, олар жағымсыз жағдайлардың ұзақ және ауыр ішкі тәжірибесіне бейім болып келеді.

Ал жасөспірім қыздар ата-аналарының ажырасуының дәл осындай жағдайындағы ұлдарға қарағанда тезірек бейімделеді. Қыздар өздерінің шынайы сезімдерін ересек және бәрін жақсы түсінетіндей етіп басады. Бірақ көбінесе репрессияланған эмоциялар кейінірек ересек жаста ғана өзін еске түсіреді. Жасөспірім қыздар көңілсіздік жағдайында ситуациялық қажеттіліктерді қанағаттандыруға шамадан тыс көңіл бөледі. Олар ішкі жанжалды шешуді қалап, айналасындағыларға қолдау көрсетуге көмек іздеуге бейім емес. Олар агрессияның белсенді түрлерінің басым болуымен, эмоционалды тұрақсыздықпен, көңіл-күйдің төмендеуімен сипатталады.

Ата-ананың ажырасуы баланың өмірінде неғұрлым ертерек орын алса, соғұрлым толық емес отбасындағы ұл бала да, қыз бала да өз болашағына деген сенімсіздікте, теріс көзқараста болады. Сондай-ақ, әкесіз өскен қыздарға болашақ күйеудің идеалын және жұбайымен өзара түсіністікте ойлау қиынға соғады, бұл әрине болашақта отбасындағы жанжалды жағдайлардың көбеюі мен ажырасу қаупін тудырады [6].

Әрине, анасымен бірге тұратын және әкесімен бірге тұратын жасөспірімнің қарым-қатынасы айтарлықтай айырмашылықтарға ие. Жалғызбасты ана мен оның жасөспірім баласы арасындағы қарым-қатынас жасөспірімнің қолайсыз, әлеуметтік емес жеке ерекшеліктерін қалыптастыруға әсер етеді [7].

Аналар көбінесе бұрынғы серіктесінен таба алмаған нәрсені ұлынан табуға тырысады. Мұндай аналар көбінесе ұлдарға іске асырылмаған сүйіспеншілікті жеткізеді, олар аналар үшін нағыз тірек болады деп шын жүректен сенеді. Тіпті, ұлын ұзағырақ ұстау үшін анасы манипуляцияға жүгінеді. Мысалы, ол баласын өз бетімен жетістікке жете алмайтынына, тіпті анасыз жоғалып кететініне сендіреді. Мұндай балаларда мазасыздық жоғары болады. Бірақ бала мұндай гипер-қамқорлыққа және үлкен сүйіспеншілікке қарсы тұрады және осылайша өзінің еркектік көріністерін әртүрлі іс-әрекеттермен дәлелдейді (дәрекілік, тастанды оқу, девиантты мінез-құлық, агрессия) [8].

Бұл орайда көптеген аналардың жіберетін қателігі – баласын шектен тыс қамқорға алу. Балаға есеюге көмектесіп, өзбетті болуына жағдай жасаудың орнына аналар өздерін бала алдында кінәлі сезініп, шектен тыс қамқорлыққа алады. Анасы жақсы ниетпен баласына қамқорлық жасап, көбірек көңіл бөлуге тырысады. Бірақ, сол арқылы анасы өз қызығушылықтарын, армандарын, денсаулығын құрбан ете отырып, ер баласының бойындағы ер адамға тән қасиеттерді жойып, оны жігерсіз, шешім қабылдай алмайтын, қыз мінезді етіп тәрбиелейді [9].

Толық емес отбасында ана мен бала қарым-қатынасының стилінің қалыптасуына әсер ететін бірнеше факторлар бар, олардың біріне ананың баласымен эмоционалды қарым-қатынасының бұзылуы жатады. Отбасындағы эмоционалды қарым-қатынастың маңызы зор. Сондай қарым-қатынасқа негізделген негізделген отбасы мүшелері өздерін біртұтас жүйе ретінде сезінеді және бірін-бірі қолдап, жылулық танытады. Сүйіспеншілік пен жақсы көруден туындаған мұндай қарым-

қатынас отбасылық өмірде және балаларды тәрбиелеуде кездесетін фрустрациялық қайғыруларды азайтуға көмектеседі. Эмоционалды қарым-қатынастың бұзылуы бала тұлғасының қалыптасуына кері әсерін тигізеді.

Эйдемиллер Э.Г., Юстицкис В. Отбасылық терапиядан жинақтаған бай тәжірибесін жинақтай келе, ананың баласына деген эмоционалды қарым-қатынасының бұзылуының көп кездесетін түрлерін бөліп қарастырды. Соның бірі – «ата-аналық сезімдердің көрінбеуі» - бөл дегеніміз ана бала іс-әрекеттері мен жұмысына қызығушылық танытпауы. Ол ата-аналық міндетті ауырсынады, баланы баққаннан гөрі одан маңызды жұмыстарды жасау дұрыс деген пікірде болады[10].

Ажырасу отбасындағы зорлық-зомбылықтан туындамаған жағдайда әкесімен қарым-қатынас міндетті дәстүр ретінде қарастырылуы керек. Жасөспірімнің әкесімен қарым-қатынасының ерекшеліктері-баламен қарым-қатынас кезінде әкенің сезінетін ыңғайсыздық пен кінә сезімі. Ер адам-отбасының қорғаушысы, атап айтқанда ол бұл рөлді орындамады. Ажырасқаннан кейін ұлымен қарым-қатынас жасау кезіндегі оқу кезеңдері де адал және ашық бола алмайды, бұл әбден түсінікті және ақылға қонымды, себебі әкесінің әрекеті оның барлық нұсқауларынан асып түседі. Бұл жасөспірімнің әкесімен қарым-қатынасындағы сыни және шарықтау шегі болады, өйткені махаббат пен нәзіктік толығымен, әсіресе ажырасқаннан кейін, ананың семантикалық бейнесін алады. Ажырасу жағдайы қыздар үшін де, егер олар әкелерімен байланыста болса және анасымен тығыз қарым-қатынаста болса, сол жағдайда ұлдардың тәжірибесімен қатар өте әсерлі болуы мүмкін. Осыған байланысты пайда болатын реактивті қабаттар көбінесе ананың өзін жоғалтуы туралы алаңдаушылықпен, яғни жалғыздық пен әлеуметтік оқшаулану мазасыздығымен күшейеді. Көбінесе қыздар анасын өзінен босатпайды, әр уақытта ол кетіп бара жатқанда қатты мазасызданады. Оларға анасы қайтып келмеуі мүмкін немесе оған өте қорқынышты нәрсе болуы мүмкін сияқты. Жалпы қорқыныш күшейеді және ерте жастан бастап қорқыныш күшейген бұл жағдайда мынадай диагноздар - қорқыныш неврозы және үрейлену неврозы болады, көбінесе ересек жасөспірім кезінде обсессивті неврозға айналады. Аналар мен әкелердің тәжірибесін салыстыру кезінде жасөспірім ұлдардың сауалнамасының нәтижелері бойынша белгілі бір сипаттамалық айырмашылықтар анықталған.

Аналар кез-келген келісімге келуге дайын, ал әкелер өз мақсаттарын күштің күшімен жүзеге асырады. Аналардың дұшпандығы әкелердің ұқсас сипаттамасынан ерекшеленеді, өйткені аналарда бұл олардың тәуелсіздігі үшін күрес нәтижесінде көрінеді, ал әкелерде бұл басқаларға қатысты сәйкестік тенденциясы [11].

Жасөспірім қыздардың аналар мен әкелердің тәрбиелік қызметін бағалаудағы маңызды айырмашылықтар басқаша көрінеді. Позитивті қызығушылықпен және аналардың психологиялық қабылдауымен, әкелерден айырмашылығы, сенім мен бағыныштылық бірінші орынға шығады. Әкелерде өзіне деген сенімділік және қызымен қарым-қатынаста қаттылықтың, авторитарлықтың болмауы басым, бұл күш қысымы арқылы тәрбиені жоққа шығарады. Аналардың директивасы тек билікке деген өршіл талаптарға және қызының мінез-құлқын қатаң бақылауға негізделген, ал әкелердің директивасы сонымен бірге басқалардың пікірі мен нарциссизмге байланысты көрінеді. Дұшпандық, эмоционалды бас тарту кезінде аналар қыңыр конформизмді және басқалардың пікіріне еріксіз тәуелділікті анықтайды, бұл әкесінің жетекші позицияларына деген талаптарынан туындайды. Әкелер үшін жасөспірім қызына қатысты дұшпандық тәрбиелік тәжірибелер кезінде билік пен күш арқылы қатыгездікпен өзін-өзі бекіту бірінші орынға шығады. Аналар тарапынан автономия адамның жақсы қарым-қатынасының жоқтығымен және қызының проблемалары мен мүдделерінен оқшаулануымен ерекшеленеді, ал әке үшін автономия оның отбасындағы сөзсіз көшбасшылығымен және қызы үшін онымен қарым-қатынас жасай алмауымен көрінеді. Көріністердің қарама-қайшылығы тұрғысынан сәйкес келмейтін білім беру практикасында әкелер мен аналардың сипаттамалары бірдей болып көрінеді.

Толық емес отбасыдан шыққан балалардың өзіндік ерекшеліктеріне толық отбасының балаларына қарағанда бүгінгі күнмен ғана өмір сүруі және олар бір күні бақытты болуы мүмкін деп үміттенуі жатады. Олар өз өмірлерін қалай өзгертуге болатындығына қызығушылық танытпайды, болашаққа жоспар құрғысы келмейді. Мұндай жағдай, зерттеушілердің пікірінше, әлеуметтік белгіні ерекше көрсететін қыздарға тән: өзіне сенімсіз, олар болашақта сәттілікке үміттенбейді. Мұндай қыздар бірінші мүмкіндікте үйленуге дайын екендіктерін мойындайды, өйткені олар ешқашан өз позицияларын өзгерте алмайды, сондықтан неке – бұл жағдайдан құтқара алатын жалғыз жол деп көреді. Алайда, олар отбасылық бақытқа да сенбейді. Толық емес отбасында тәрбиеленген ұлдардың әлеуметтік жетілуі мен әлеуметтік белсенділігінің көрінісі де жақсы емес. Зерттеушілер олардың жеке басының әлеуметтік, азаматтық және психологиялық жетілмегендігін

атап өтеді, яғни ол "ханымдар" тәрбиесінде көрінетін инфантилизмнің орын алуынан, отбасындағы әкенің рөлінің төмендеуінен көрінеді.

Зерттеулер сонымен қатар әкесі кеткен отбасылардағы жас жігіттер анасыз қалғандарға немесе толық отбасыларда тұратындарға қарағанда үйде аз қақтығысатынын көрсетті. Әкелерсіз қалған ұлдар оларға жаңа мәртебе беретін отағасы рөлін белсенді қабылдайды. Мұндай жағдайға тап болған қыздар аналарымен жиі ұрыса бастайды-олардың өзін-өзі бағалауы айтарлықтай төмендейді. Алайда, көптеген зерттеушілер қыздардың ажырасудың салдарына ер балаларға қарағанда әлдеқайда жақсы бейімделетіндігімен келіседі. Жасөспірімнің әкесінен айырылуына реакциясы оның не себеп болғанына байланысты – ажырасу немесе өлім. Әкелері қайтыс болған жасөспірімдер жылы, қамқор ортада тәрбиеленеді. Ажырасқан отбасыларда ана да, жасөспірім де болған оқиға үшін жиі кінәлі және өзара бас тартуды сезінеді [12].

Қорытынды, зерттеушілер өз зерттеулерінде жалғыз басты отбасылардағы қыздарға қарағанда бір ата-анасы бар ұлдардың үлкен қиындықтарға тап болатынын көрсетеді. А.Скольник және Джером (1989) бір жыныспен өмір сүруге қарағанда қарама-қарсы жыныспен өмір сүру қиынырақ, өйткені қамқоршы көбінесе ана, ал ұлдар мұндай жағдайға жиі тап болатынын айтады.

Бала ажырасу қиындығын басынан жеңіл өткізуі үшін, оның әкесімен де анасымен де максималды жақсы қарым-қатынасы сақталу керек. Бұл ең алдымен ата-анаға байланысты: егер олар жағдайды ушықтырмай, бірін-бірі кінәләмей, баланы біріне-бірі қарсы қоймаса және онымен неғұрлым ашық болса, бала бұл жағдайға соғұрлым оңай бейімделеді. Сонымен қатар, ажырасқан ата-ананың бала тәрбиелеуде үлестері тең болса, бұл ол үшін жақсы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Борисенко, Е.А. Дисциплинарные родительские стратегии в неполных семьях / Е.А. Борисенко // Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены. – 2010. – № 1[95]. – С. 172-182.
2. Внутрисемейные отношения и их влияние на развитие личности ребенка / Р.Р. Никифорова, Е.М. Ульянова // Сборники конференций НИЦ Социосфера. – 2013. – № 31. – С. 56-59.
3. Гамаюнова, И.Н. Взаимосвязь детско-родительских отношений и мотивации к различным видам деятельности младших школьников / И.Н. Гамаюнова // Гуманизация образования. – 2010. – № 6. – С. 29-36. 224
4. Ребенок в карусели развода / С.К. Нартова-Бочавер, М.И. Несмеянова, Н.В. Малярова, Е.А. Мухортова. – М.: Дрофа, 2001. – 192 с.
5. Бушманова В.Э., Родионов А.В., Исследование индивидуально-психологических особенностей подростка в процессе самореализации. - Теория и практика физической культуры. 2012. № 6. С. 53-57.
6. Пихарт К.Е. Жалғызбасты ата-аналарға арналған нұсқаулық. М., 2011.
7. Аккерман Н. Роль семьи в появлении расстройств у детей // Семейная психотерапия. - СПб.: Издательство «Питер», 2000. - 202 с.
8. Акьюилино Вильямс С. Влияние разрушения семьи в детском возрасте на взаимоотношения с родителями у взрослых детей // Журнал Семьи и Брака. - 2004. - № 56. - С. 295-313.
9. Құдиярова А. Ортақтасу психологиясы. Алматы, 2002
10. Эйдемиллер Э.Г., Юстицкис В. Психология и психотерапия семьи. СПб.: Питер, 2001
11. Балкунова Н.П. Особенности взаимоотношений подростка и родителей // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии: сб. ст. по матер. XIV междунар. науч.-практ. конф. Часть II. – Новосибирск: СибАК, 2012.
12. Л.Ю. Фомина. Влияние развода родителей на личность подростка. // Ученые записки. 2008. Т. 1. Сер. Психология. Педагогика. № 1–2 с. 65

## **ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРДІҢ КҮНКӨРІС СТРАТЕГИЯЛАРЫНА ӘЛЕУМЕТТІК САРАПТАМА**

*Әлеуметтану, 1 курс магистранты, Тұрсынқожа Гүлназ  
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Ғылыми жетекшісі: Беймишева А.С.*

**Кілтті сөздер:** өмір сүру сапасы; әлеуметтік көрсеткіштер; өмір сүру деңгейі

Қазақстан өмір сүру ұзақтығы бойынша халықаралық рейтингте 105-ші орынға жайғасты. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2020 жылы өмір сүру ұзақтығы 71,37 жасты, Worldometer мәліметтері бойынша 73,9 жасты құрады. Өткен жылдың 1 қыркүйегінде Қазақстан Республикасындағы халық саны 19 млн адамды құрады, бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 1,4%-ға артық,- деп хабарлайды Ranking. Дамушы мемлекет үшін жақсы көрсеткіш. Өмір сүру ұзақтығы артқан сайын зейнеткерлер саны артатыны, олардың өмір сүруі үшін зейнетақы төленуі тиіс. Онымен қоса олардың қоғамнан шеттетілуі үшін жағдайлар жасалуы қажет.

Елімізде 2022 жылдың 1 мамырындағы жағдай бойынша қанша зейнеткер бар екені белгілі болды. Ақпарат Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми сайтында жарияланды, деп хабарлайды Экспресс К. Мәліметке сүйенер болсақ, мамырдағы жағдай бойынша зейнеткерлер саны 2 миллион 245 мың адамнан асқан болатын. 2022 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша зейнетақы төлемдерінің орташа мөлшері базалық зейнетақы [1] төлемін ескере отырып **108 960 теңге** болды. Мақала тақырыбының өзектілігінде осыдан шығады. Зейнеткерлерге бұл қаржы өмір сүруге жетеді ме? Зейнеткерлердің не нәрсеге тегін құқығы бар? Дәрігерлердің қаралымы қанағаттандырады ма? Олар бос уақытта немен шұғылданады? Қазақстанда зейнетке шыққанына өкінбейді ме?

Олар өз тарапынан ыңғайлы болу үшін қандай стратегияны қалайды? Осы және өзгеде сұрақтарға мақала барысында жауап беретін боламыз.

Қазіргі әлеуметтік желілер дамыған заманда жақсыны да, жаман хабарды да естіп, біліп, талқылау оңай. Мақаланың мақсаты өмірлерін отбасы мен жұмысқа арнаған, КСРО-дан Қазақстанға өтудің өтпелі кезеңін көрген қазіргі «қазақ қоғамының зейнеткерлерінің күнкөрісі, өмір сүру сапасы қанағаттандырылдық па әлде көңіл бөлуді талап етеді ма» сараптау. Мемлекет тарапынан олар үшін не жасалынып жатқанын және зейнеткерлерге оның тигізетін әсерін анықтау.

Тақырыбым әлеуметтік жағдайынан маңызды, сол үшін бұл тақырыпта көптеген ғалымдар зерттеулер жүргізген. Мақала барысында олардың сөздері мен кітап мәліметтерін қостым.

Көптеген психологтардың зерттеуі бойынша жұмыс істеп, әрдайым қозғалыста жүретін адам зейнетке шыққаннан соң депрессияға түсіп, өзін қажетсіз сезінеді екен[2]. Мұндай жағдайға тап болғандар үшін тегін психолог қызметтері қарастырылған. Онымен қоса Қазақстан аумағында 51 арнайы орталық зейнеткерлер үшін түрлі концерттік бағдарламалар, йога, жаттығу және т.б. уақытты тиімді өткізуге жағдай жасайды. Ыңғайлы уақытта келіп, концерт көріп, бір-бірімен танысып, әңгіме дүкен құрып, өзінің қатарластарымен көңілді уақыт өткізеді. Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты Татьяна Мазайлова өзінің сұхбатында: Зейнеткерлерге қоғамның әлсіз бөлігі ретінде қарауды доғаруымыз керек. Себебі қазір олар биші, әнші, спортшы. Олар үшін барлық жағдай жасалған, - деген болатын. Расында, үйде отыру ұнамаса, денсаулық рұқсат етіп тұрса бәрі бар.

Кіріспеде айтылған сұрақтардың жауабына кесте, сұхбат алу, соңғы әлемдік жаңалықтар арқылы жетеміз. Әлемдік саяси жағдайлар Қазақстанның экономикасынан айналып өтпеді. Өзіндік зияны тигенімен, пайдасы да жоқ емес. Қазақстанда экспорт мөлшері артты, шетелдік компаниялардың филиалдары еліміздің бірыңғай қалаларында ашылууда. Еліміздің қазынасы экспорттың артуынан толығуда, экономика өсуде. Алайда онымен қоса бағаларда жарыса көтерілуде. Күнкөріске қажетті тауарлардың бағасы 1,5-2 есе артқанын дүкен сөрелерінен байқауымызға болады [3]. Қарапайым мысал ретінде төменде кесте:

*Қосымша 1*

Тауар атауы:	Ескі бағасы:	Жаңа бағасы:
Айран Био-С	540 теңге\0,5 литр	780 теңге\0,5 литр
Майлылығы 3,2% сүт	220 теңге\0,5 литр	510 теңге\0,5 литр
Макарон тағамдары	250 теңге\ 350 грамм	345 теңге\ 350 грамм
Күріш	2900 теңге\ 5кг	3349 теңге\ 5кг
Киім жуғыш ұнтақ	2400 теңге\5 кг	5350 теңге\5 кг
Дәретхана қағазы	840 теңге\орам	1910 теңге\орам
Ұн	1300 теңге\5 кг	1749 теңге\ 5кг

Кесте 1 - Күнкөріске қажетті тауарлардың бағасы

Жоғарыдағы зерттеу «Магнум» дүкендер желісінде жүргізілген сараптама. Нағыз сарапшылардың ақпараты бойынша бір айлық бөліністе бағаның өсу қарқынының мынадай: Азық-түлік бір айда 1,6% – ға, азық – түлік емес тауарлар 1,3% - ға, ақылы қызметтер 0,5% - ға қымбаттады.

Тақырыптың қай арнаға келе жатқаны белгілі болды деп ойлаймын. Коммуналдық қызметтер, ең қажетті азық — түлік, дәрі-дәрмек-бұл қазақстандық зейнеткерлердің көпшілігінің негізгі шығындары. Қазіргі бағаның өсу дәуренінде қарапайым қазақстандық зейнеткер күні қалай өтіп жатқанын білу үшін сұхбат алып, зейнеткермен бірге бір күн өткіздім. Біздің кейіпкеріміз Алматы қаласының тұрғыны Ғазиза Разымжанова, бұрынғы офицер, қазір отставкада.

*Қосымша 2*

Гүлназ: Сәлеметсізбе, апа! Сұхбат беруге келіскеніңізге алғысымды білдіремін. Денсаулығыңыз қалай?

Ғазиза Разымжанова: - Сәлеметсіңбе, қызым. Осыншалықты жасқа келіп, сұхбат беремін деп ойламап едім. Өзімді жұлдыз сияқты сезініп отырғанымды қарашы. Денсаулық жақсы. Үйде ары-бері жүріп, немерелерді қарауға жарап тұрмын:

Гүлназ: - Апа, айтыңызшы, мемлекет тарапынан жүргізіліп отырған стратегия қалай өзіңізге? Сіздерге қалай қарап жатыр? Көңіліңіз толады ма?

Ғазиза Разымжанова: - Барлық нәрсенің жақсы жағы, жаман жағы болады ғой, қызым. Үкімет ақшамызды кешіктірмей уақытылы беріп отыр. Жақындаған уақыттан қуанып жүреміз, пенсия алатын едік деп. Шүкір, жаман емес. Алайда, балам-ау, мынау қымбатшылық деген қалтаны кеміріп жатыр ғой. Зейнетақымызды алып, немерелерге бір тәтті нәрселер ала қойып десең ақшамның жартысын құртамын.

Гүлназ: Сонда зейнетақыны көтеру керек пе, сіздің ойыңызша?

Ғазиза Разымжанова: - Қарағым, оны көтергеннен пайда жоқ. Зейнетақы өссе азық-түлік қоса өседі. Қажеті жоқ. Оданда үкімет бағаның тұрақтылығымен айналысса дұрысырақ болар еді.

Гүлназ: Ақша мәселесін түсіндім. Басқа қандай көмектер көрсетуде?

Ғазиза Разымжанова: - Бағдарламалар ұйымдастырып, үйде жата бермей, сыртқа шығуға мүмкіндік жасайды. Автобустарға жартылай төлем жасайтын қылып берген. Еріктілер келіп, сыйлықтар жасап тұрады. Ауруханаларда тегін емделуге болатын бөлімдер бар. Жаман емес жалпы.

Гүлназ: - Рақмет, апа, сұхбат үшін. Уақытыңызды бөлгеніңізге рақмет.

Сұхбат алуға рұқсат еткен Ғазиза апаның мемлекетке алғысы мен ашуы барын байқадық. Жақсыдан бастасақ, үкімет зейнетақыны кешіктірмей уақытылы береді, түрлі шаралар ұйымдастырып, көңілдерін көтеретінін жеткізді. Дәрігерлерге қаралуды тегін қылып, біршама ақшаны экономдауға жәрдем ететіндігі үшін дән риза. Алайда өткен жылы бағаның қымбатшылығына байланысты көңілі көншігенін жасырмады. Пәтердің жалға беру, коммуналды қызмер төлемдері, азық – түлік, дәрі-дәрмек бағасы өсіп жатқанымен, зейнетақы сол қалпында. Бұрын барлық шығынды жаппаса да, көңіл көншітірліктей көмек беретін еді, қазір дымға да жетпейді деп шағымдануда.

Владимиров Д. Г. «Ата буын экономикалық даму факторы ретінде» еңбегінде жасы ұлғайған адамдар көбірек зейнетақы алу үшін соңғы жұмыс жылдарында көбірек жалақы алуға тырысатындығы туралы айтқан болатын. Әсіресе мұндай белсенділік 55-59 жас аралығындағы жұмысшыларға қатысты. Қазіргі бағаларды қарап, өздері орнынан қиналып тұрып, отыратын жаста қарттардың жұмыс жасауының себебі: зейнетке шыққанда өз-өзін қамтамасыз ете алатындай ақша алу.

Әлемде зейнеткерлерге ең ыңғайлы мемлекетті таңдағанда бірінші критерий зейнетақы көлемінің орташа жалақыға пайыздық үлесі болып табылады. Одан соң барып медицина саласының ахуалы, ауа райы, климат жағдайы, халықтың бақыттылық пайызы есепке алынады. Мысал ретінде Норвегия зейнеткерлер үшін ыңғайлылық рейтингіне ТОП-1 бірінші орынды бірнеше жылдан бері бермей келе жатыр. Біріншіден, орташа жалақының мөлшері зейнетақыдан 1,6%-ға ғана жоғары [4]. Ал бұл көрсеткіш Қазақстанда шошытарлық десек қате емес. Себебі орташа жалақы зейнетақыдан 2 есе артық. Онымен қоса Норвегия медицина саласы өте жоғары деңгейде, ал еліміздегі медициналық орталықтарға шағымдар көп түсіп жатады.

Жоғарыда айтылған факторлар Қазақстан зейнеткер үшін ешнәрсе істемейді, ақша бөлмейді деген сөз емес. Мемлекет тарапынан бөлінген қаржы көлеміне [5] көз жүгіртейік.

*Қосымша 3*

Көмектің атауы:	Қаржы көлемі:	Пайдаланған адам саны:
<b>біржолғы материалдық көмек</b>	1,6 млн теңге	188,4 мың
<b>азық – түлік жиынтығы</b>	410,8 млн теңге	45,4 мың
<b>жеңілдетілген дәрі – дәрмекпен қамтамасыз ету</b>	16,2 млн теңге	5 мың
<b>тіс протездеу</b>	194,2 млн теңге	3,7 мың
<b>санаторий – курорттық емдеуді ұсыну</b>	888,2 млн теңге	8,3 мың
<b>тұрғын үйді жөндеу</b>	6,4 млн теңге	307 адам
<b>отынмен қамтамасыз ету</b>	67,5 млн теңге	2,3 мың адам
<b>жеңілдікпен жол жүру</b>	1,17 млрд теңге	130,6 мың
<b>басқа көмек түрлері</b>	329,3 млн теңге	31,3 мың

1 қазан – Қарттар күні болып белгіленгеннен соң үкіметтік емес ұйымдар тарапынан қолдау мен көмек көрсетілуде. Блогерлер, жеке компаниялар өз тарапынан қаржыландыру арқасында қоғамның жасы үлкен тобына концерттер ұйымдастырып немесе үйге азық-түлік, дәрі-дәрмек, киім-кешек сияқты қажетті заттарды әкеліп беруге.

Тоқсан ауыз тобықтай түйіні, Қазақстан аумағында қарттар үшін жағдай жасалынып жатыр. Алайда ол жағдай бәріне бірдей ұнамайтындығында. Қаржы көп келсе, сол қаржыны суырып алып қалардай болып азық-түлік бағасы көтеріледі. Оған қоса, пәтердің, коммуналдық шығындар мен жүріс-тұрысқа тағы ақша қажет. Экономикалық тұрғыдан қамтамасыз ете алмағанымен, өзге жақтардан жақсы көрсеткіштер көрсетілуде. Олардың үйде отырып қалмасы үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып, үкіметтік емес ұйымдардан көмек келуде. Медицина тұрғысынан тегін қызмет көрсететін ауруханалар қызмет көрсетіп, қоғамнан шеттетілмей, бірдей-ақ өмір сүретін жағдай жасалынууда. Реалистік көз қараспен қарағанда мінсіз жағдай жасалынуы мүмкін емес. Біздің еліміздің экономикасы мен елдегі ахуалға қарасаң жаман көрсеткіш көрсетіп жатқан жоқпыз. Қарттарымыз - қазынамыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 <http://turainform.kz/?p=8982>
- 2 Владимирова, Д.Г. Ата буын экономикалық даму факторы ретінде // СоцИс. – 2004. – №4. - Б. 57-60.
- 3 Что сильнее всего подорожало в Казахстане в 2022 году (nur.kz)
- 4 Рейтинг лучших стран для пенсионеров 2022 | InternationalWealth.info
- 5 Средние размеры пособий по инвалидности и потере кормильца назвали в Минтруда (nur.kz)

## ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

*Әлеуметтану, 1 курс докторанты Тауекелова Т.  
Ғылыми жетекшісі: әлеум.ғ.д. профессор Г. О. Абдикерова  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Кілт сөздер:** бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, корпоративті әлеуметтік жауапкершілік, қазақстандық бизнес, азаматтық қоғам.

### Кіріспе

Дәстүрлі әлеуметтік жауапкершілікті ұстанған елдердің біріміз. Қазіргі күнде Қазақстанда бизнестің қоғамды дамытуға қатысу тәжірибесі әлі де анықталмай отыр. Жергілікті билік өкілдерді көп жағдайда бизнесті өздері жұмыс істейтін аймақтардағы әлеуметтік мәселелерді шешуге мәжбүрлейді (1, б. 8). Әлеуметтік жауапкершіліктің даму кезеңі әлі де бастапқы кезеңмен сипатталады, ал кәсіпорындар оны саналы түрде жүзеге асыра алмай келеді. Қазақстандық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудың ерекшеліктерін ғылыми негізде талдау – маңызды ғылыми міндет болып табылып отыр. Бизнеске құндылық ретінде қарауды


қалыптастыру тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін дамытумен тығыз байланысты. Әлеуметтік жауапкершіліктің принциптерін жүзеге асыруға түрлі әлеуметтік институттар ықпал етеді. Біріншіден, олар қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруға, екіншіден, адамның әлеуметтік жауапкершілік деңгейін жоғарлатуға жағдай жасайды ( 2,б.258.)

Соңғы жылдары әлеуметтік жауапкершіліктің ғаламдық әлеуметтік мәселелерді шешудегі мықты әлеуеті мен бизнестегі ұзақ мерзімді жетістіктерін қамтамасыз ету маңызды мәселеге айналып отыр. Қазіргі кезеңде корпоративті әлеуметтік жауапкершілік дамыған елдердің кеңінен қолданатын құралына айналды. Ал, бизнесті қоғамдық институт ретінде қарастыруға болады. Көптеген зерттеушілер олардың негізгі міндеттерін әлеуметтік, экономикалық, заңдық талаптарды орындауымен қатар, мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершіліктерін ұмытпай орындауымен байланыстырады (3,б.42). Сондай-ақ Қазақстанда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі тақырыбының күнделікті жағдайға айналуы, саяси деңгейде де, ғылыми әлемде де кеңінен талқыланып, оны дамыту үшін мемлекет нақты шаралар қабылдап отыр ( 4,б.126). Алайда бұл құбылысты Қазақстандағы әлеуметтік жауапкершіліктің жеткілікті дамымауымен, қазіргі дәрежесінде қалып қоюына себепші болып отырғандығымен байланыстырады (5,б.70). Өйткені, бизнес мемлекет бекіткен әлеуметтік бағдарламалардан аса алмай, өз әлеуетін әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға дұрыс қолдана алмауда.

Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуына бизнесті әлеуметтік мәселелерді шешудің бірден бір жолы ретінде қарастыру өте маңызды. Себебі, жаһандық үрдістер әлеуметтік мәселелерді шешудің орнына, керісінше, шиеленістіріп барады. Сонымен бір уақытта Қазақстанда корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға, кәсіпкерлердің әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысуын кеңейту жолында нақты кедергілер бар (6,б.39). Осыған байланысты кәсіпкерлік ортада бизнестің әлеуметтік жауапкершілігіне деген жүйелік және концептуалдық көзқарастарды қалыптастыру қажеттілігін қазақстандық зерттеушілер баса айтуда. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қоғамның өмір сүру сапасын жақсартуға, елдің әл-ауқатын дамытуға үлес қосуы керек. Әлеуметтік жауапкершілік қоғамдық өмірде этикалық тәжірибелер арқылы ғаламдық құбылысқа айналып келеді (7, б.97). Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі сонымен қатар түрлі нарықтарға шығудың көзі, өйткені қоғамның әлеуметтік мәселелеріне назар аудару, стейкхолдермен тығыз байланыста жұмыс істейтін компаниялар тұтынушылармен және серіктестермен бірге, жаңа өнімдер мен қызметтерді өндіре отырып, сондай-ақ түрлі ынтымақтастық құрумен қатар, уақыт тезіне қарай жаңа бизнес модельдерін тәжірибе жасай отырып, дамытуға тырысады.

Қазіргі жағдайдағы қазақстандық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін анықтау мақсатында зерттеу 2022 жылдың мамыр айында (160 респондент) арасында жүргізілген онлайн сауалнама дамып келе жатқан азаматтық қоғамның сипатын, оның қозғаушы күштерін (драйверлерін) анықтауға бағытталды. Зерттеу бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жергілікті этика комитетінің қорытындысы бар. Зерттеуді бекіту күні 30.12.2021жыл. Мақұлдау номері: IRB-A365. Азаматтық қоғамды қалай түсінетіндіктерін сұрау барысында, респонденттердің 28,30%-ы азаматтық қоғамды тең және еркін адамдар қоғамы деп есептесе, 26,6%-ы мұндай қоғамдағы өзара әрекеттестіктің негізі болып табылатын сенімнің рөлін ерекше атап өтті. Сұрауға жауап берушілердің 15,2%-ы азаматтық қоғамды этникалық, діни, гендерлік, нәсілдік, мәдени және әлеуметтік тұрғыдан бөлінушілікке жол бермейтін қоғам деп санайтын болса, 12,7% -ы азаматтық бастамалар және ерікті бірлестіктер қоғамы деп есептейді екен. Әрі қарай әлеуметтік жауапкершіліктің азаматтық қоғамдағы рөлін анықтау мақсатында қойылған сұраққа респонденттердің 43%-ы оны азаматтық қоғамның дамуының маңызды индикаторы ретінде атап көрсеткен болса, ал 40,8%-ы әлеуметтік жауапкершіліктің белгілі бір деңгейде маңызды екендігін мойындады. Сонымен қатар, жауап берушілердің 6,3 %-ы бұл тұжырыммен келіспейтін болса, 9,9 %-ы жауап беруге қиналатындықтарын жеткізді (сурет 1).





Сурет 1. Әлеуметтік жауапкершіліктің азаматтық қоғамдағы рөлі

Қазақстанда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамыту бизнестің қайырымдылық жасауы мен әлеуметтік жауапкершілігінен жаңа деңгейге, яғни тұрақты даму тұжырымдамасына көшуді және әлеуметтік әріптестікті дамытуды көздейді. Сонымен қатар, корпоративті әлеуметтік жауапкершілік- бұл, бизнес қауымдастықтардың кейбір сегменттерінде атап көрсетілгендей, жай ғана сән үрдісі емес, керісінше инвестициялар үшін үлкен пайда болып табылады. Қазіргі уақытта инвесторлар қайда инвестиция салу керектігін анықтауда, әлеуметтік жауапкершілікке көбірек көңіл бөледі ( 8. б.14 ). Әлеуметтік маңызы бар бағдарламаларды іске асыру нәтижесінде компанияларға деген сенім айтарлықтай көтеріліп, тұтынушылардың мақсатты аудиториясы қалыптасты. Осыған орай мемлекеттік құрылымдар мен жұртшылық арасында да жағымды пікірдің орын алғандығын атап айтуға болады. Бірқатар зерттеулер қаржылық көрсеткіштер мен корпоративті әлеуметтік жауапкершілік немесе тұтасымен әлеуметтік тиімділік туралы ақпарат алудың арасында тұрақты жағымды өзара байланысты көрсетіп отыр (9, б.341).

Қазақстанда, посткеңестік кеңістіктегі барлық елдердегі сияқты қазіргі корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тұжырымдамасын түсіну және тиісті түрде енгізу дамыған елдердің деңгейіне әлі жете қоймады. Әлеуметтік жауапкершілікті көп жағдайда дәстүрге сай түсіну, көшбасшының этикалық принциптерді іске асыруы ретінде қарастыру орын алады. Іс жүзінде әлеуметтік жауапкершілікті бәсекелестік тұрғыдағы артықшылықтардың көзі ретінде қарастырған дұрыс емес, керісінше, оның шетелдік серіктестер мен инвесторларда жағымды имидж қалыптастырудағы рөлі маңызды. Бұл қазақстандық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің потенциалына халықаралық сенімділікті нығайтуға және жалпы алғанда, Қазақстанның ел ретінде бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі.

Әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға мотивация беру және оның технологиясы, әлеуметтік менеджменттің даму тенденциялары және оған бизнестің қатысуы, әлеуметтік мәселелер мен коммуникацияларға қатысты мемлекет, бизнес және азаматтық қоғам институттарының өзара әрекеттесу механизмдері бойынша қосымша зерттеулердің қажеттілігін уақыт көрсетіп отыр. Зерттеудің мақсаты - қазіргі орын алып отырған жағдайдың себептері мен факторларына талдау жасау, дамыған елдердің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы тәжірибелерімен таныстыру және болашақта Қазақстанда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамытудың бағыттарын айқындау болып табылады.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі оның қоғамға тікелей қатысты немесе жанама сипаттағы іскерлік шешімді қабылдаудағы жауапкершілігі. Қазақстанда бизнес азды-көпті қысымдарды, мемлекеттік органдар тарапынан бітпейтін тергеулерді де бастан кешіруде. Бұл оны тек заңдық әрекеттерге қатысты ғана емес, сонымен қатар ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың әрекеттеріне қатысты да жауапкершілікпен қарауға итермелейді. Мұндай мүдделі тараптарға билік, саяси партиялар, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар, олардың қызметкерлері, жұмысшылар, акционерлер және т.б. жатады. Қазақстанда мемлекеттік биліктің рөлінің жоғарылығын ескере отырып, зерттеуге қатысушылардан мемлекеттік билік пен бизнестің өзара әрекеттесуінің қандай моделінің болғандығын қалайтындықтарын білу үшін қойылған сұраққа (2-сурет) респонденттердің 48,6 пайызы басым бағыттарды олардың бірігіп анықтағаны дұрыс деп жауап берді. Яғни, мемлекет пен бизнестің серіктестігін қалыптастыру мәселесі респонденттердің көзқарасы бойынша ең маңыздысы. Екінші орында әлеуметтік саясатты қалыптастырудағы мемлекеттің ролінің басымдығын мойындау тұр (21,8 %). Респонденттердің салыстырмалы түрде алғандағы өте аз бөлігі бизнестің мемлекеттің алдына қойған міндеттерін өзіне алуын жақтайды екен (19%).



**Сурет 2 - Мемлекет пен бизнестің өзара әрекет моделі**

Қазақстан әлемнің тиімді дамып келе жатқан елдерінің біріне айналуы үшін корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің универсалды жоғары стандарттарын жасауы қажет. Тұтастай алғанда, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті тұрақты даму принципін қолдайтын тұжырымдама ретінде қарастыруға болады. "Тұрақты даму" түсінігін анықтау кезінде үш түрлі өлшемге негізделген көзқарасты қарау әдетке айналды. Бұл тәсіл қоғамның үйлесімді дамуын келесі үш өлшем бойынша қарастырады: әлеуметтік өлшем; экологиялық өлшем; экономикалық өлшем (10, б.477). Осы өлшемдердегі ұйымның табысы мен тиімділігі тұрақты дамудың тиімді процесін сипаттайды. Іс жүзінде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік принциптерін және оның декларациясын сақтауды бәсекелестік артықшылық ретінде қарастыруға болады.

Осы зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізіне корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті зерттеудің іргелі тұжырымдамалары мен заманауи тәсілдері кіреді. Зерттеуде социологиялық және экономикалық талдау әдістері қолданылды, бұл бағалаудың объективтілігі мен қорытындылардың дұрыстығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта зерттеулердің едәуір бөлігі әлеуметтік жауапкершілікті мінез-құлық принциптерінің компаниялардың қызметіне қаржылық, экономикалық және экологиялық тұрғыдан әсер ету салдарларын қарастыруды қамтиды. XX ғасырдың 80-жылдары әлеуметтік және қоғамдық тұрғыдан сенімге ие болу үшін есеп беруге негізделген ақпаратты алуға қажетті қызмет түрлерін ұйымдастыру туралы жүйелі түсінік болған жоқ.

Бүгінгі күнде қазақстандық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі түсінігі кеңінен қолданылып келеді. Қазіргі кезде қазақстандық кәсіпкерлер де біртіндеп корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті басқарудың эффективті құралы ретінде қарауды үйренуде. Халықаралық контексте корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қоғамның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларының дамуына бизнестің қосатын ерікті үлесі ретінде түсіндіріледі.

Бұл бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің мазмұны қандай болу керек және қандай қоғамдық құндылықтар көрініс беріп, қандай қоғамдық күтулер орын алуы тиіс және қандай деңгейде бизнес әрекет етуі керек деген сұрақтарды шешуге бағытталады. Әлеуметтік жауапкершіліктің дамуы мен тамыр жаюына келесі факторлар әсер етуде, атап айтатын болсақ, қазіргі кезеңде тауар мен қызметтің қандай түрін сатып алу туралы тез шешім қабылдайтын, тек қана сапалы мінездемелерге назар аударатын, этикалық мәдениетті, әлеуметтік-мәдени және экологиялық факторларды ескеретін тұтынушылардың жаңа типтері пайда болуда. Қазіргі кезеңде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі негізгі көп векторлы салаға айналып отыр. Ю.Е.Благов бойынша корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті бизнес тәжірибесіне енгізу және оны теориялық тұрғыдан түсіну үшін тұжырымдаманың қалыптасу және даму үрдістерін талдаусыз мүмкін емес (11,б.3.). Корпоративті әлеуметтік жауапкершілік тақырыптары бойынша қолжетімді дерекқорлар туралы хабардарлықты арттыру пайдалы, себебі JIBS және басқа да беделді менеджмент журналдарында жарияланған мақалаларда сандық зерттеулер басым (12,б.12). Көріп отырғанымыздай, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін нарық тәжірибесіне ендіріп, оны теориялық тұрғыдан түсінуде, тұжырымдаманың қалыптасуын, оның эволюциясын үздіксіз зерттеу мен сандық және сапалық зерттеулердің маңызының жоғары екендігіне тағы көз жеткізуге болады.

## **Нәтижелер**

Соңғы жылдары корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің дамуы елде қарқын алуда. Дегенмен, Орта Азия елдерінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамыту қажеттілігін ұғыну жыл сайын өсіп келеді. Алайда, әр елде корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті түсіну және оған байланысты кәсіпорындардың әрекет етуі әртүрлі. Кейбір сарапшылардың пікірінше, посткеңестік дамушы елдер арасында корпоративті әлеуметтік жауапкершілік эволюциясы контекстінде Қазақстандық тәжірибе анағұрлым дамыған (13, б.20). Орта Азия елдері арасында Қазақстан Республикасы корпоративті әлеуметтік жауапкершілік саласында көшбасшы болып табылады. Тәуелсіз Қазақстанда әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға жасалған алғашқы қадам нарыққа шетелдік компаниялардың келуімен ХХ ғасырдың 90-жылдарының ортасында пайда болды. Өйткені олар өздерінің әлеуметтік жауапкершілігін сол кездің өзінде-ақ көрсеткен еді. Алайда, осыдан бес жыл бұрын ғана корпоративті әлеуметтік жауапкершілік тұжырымдамасы Қазақстанда салыстырмалы түрде жаңа болып саналды. Қазіргі уақытта халық пен ұлттық компаниялардың әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі принциптері туралы хабардарлығы қарқынды түрде өсуде. Соған қарамастан, Қазақстанда корпоративті әлеуметтік жауапкершілік тұжырымдамасының жалпылама түсінігі әлі қалыптастырылмаған деуге болады. Елімізде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі туралы меморандумдар мен келісімдер жасасу тәжірибесі қалыптасқан.

### **Талқылау**

Сонымен қатар, еңбек және экологиялық заңнамалар күшейтіліп, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға бағытталған қоғамдық бастамалар пайда болуда. Бизнеске қатысты әлеуметтік үміттер жылдар бойы өзгеріп отырғаны белгілі және бұл өзгерістер өз кезегінде қоғамда кәсіпкерлердің рөлінің артуына ықпал етті. Заңдық және әлеуметтік жауапкершілікті ажырату өте маңызды. Заңдық тұрғыдағы жауапкершілік ұйымның өз қызметінде жүзеге асыруға тиісті және жасамауы керек іс-әрекеттерді құқықтық тұрғыда анықтайтын нақты заңдар мен Үкіметтің ережелерін басшылыққа алуы. Барлық осы заңдар мен ережелерді қолдануға тартылатын ұйымдар заңды түрде жауапты, бірақ ол міндетті түрде әлеуметтік жауапты болып саналмайды.

Халықаралық тәжірибе елдегі корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің даму деңгейінің негізгі көрсеткіштерінің бірі оның ұлттық стратегиясының қабылдануы болып табылатындығын көрсетіп отыр. Қазақстанның корпоративті әлеуметтік жауапкершілік моделі үкіметтің артықшылықтары мен мүдделеріне негізделген. Осыған байланысты ол бизнес пен Үкіметтің бірлескен қызметі ретінде қарастырылады. Осыған орай компаниялар пайданың бір бөлігін әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін пайдалануға міндетті (14, б.867).

Қазақстан қоғамы негізінен жабық бизнес түрімен сипатталады. Онда қызметкерлер, жеткізушілер және тұтынушылар сияқты мүдделі тараптар компаниялардың қызметіне жеткілікті деңгейде әсер ете алмайды. Корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің бизнеске қатысты барлық осы тиімді әсерлерін үйлестіре алатын рационалды эгоизм теориясы оның қазақстандық бизнес-ортада дамуына да барынша серпін бере алады.

Корпоративтік басқаруға әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан біріккен қазақстандық компаниялардың арнайы бюджетінің, басқару деңгейіндегі сәйкес құрылымдарының, бағдарламаларды мониторингтен өткізу және бағалау жүйесінің, әлеуметтік жауапкершілік стратегиясының, корпоративті әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі кеңесінің, әлеуметтік (қаржылық емес) есеп берудің ұқсастығының қалыптасуы қазіргі уақыттың талабын бейнелейді. Алайда, корпоративті әлеуметтік жауапкершілік - қазақстандық компаниялардың бизнес-стратегиясы мен бизнес-моделіне біріктірілмегендіктен, мұндай есеп беру инвесторларға компаниялардың толық бейнесін жасауға мүмкіндік бере алмайды. Сондықтан бұл, тек бақылаушы органдар үшін жасалған есеп болып табылады.

Халықаралық зерттеулерден компанияның әлеуметтік маңызды бастамалары мен оның жұмысының табыстылығы арасындағы тікелей байланысты көруге болады. Осылайша, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік осындай бизнес-модельдің негізін қалауы керек. Бүгінгі күнде қазақстандық бизнес корпоративті әлеуметтік жауапкершілік концепциясын әлі де сарқып болған жоқ. Қазіргі кезде ірі компаниялар корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті стратегиялық дамудың инновациялық бағыттары деп санау керек. Мұндағы қазақстандық бизнес ортасында әлеуметтік жауапкершілікті ынталандыру мақсатында драйверлер немесе қозғаушы күштер болуы керек. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі құқықтық және этикалық нормалар, іскер серіктестермен қарым-қатынастарын кәсіби қызмет стандарттарына сәйкес жұмыс жасауы тиіс. Әрине, корпоративті әлеуметтік жауапкершілік тұтынушылардың эмоционалды жағын тарта отырып, брендке деген сенімге тікелей әсер етеді, яғни бренд немесе компания қамқор, әрі сенімді болып көрінетін пікір тудырғанымен, оны растайтын көптеген дәлелдер қажет. Корпоративті

әлеуметтік жауапкершілік- басшылар стратегияда қолдана алатын қуатты құрал. Алайда, барлық фирмалар бірдей оң нәтижеге қол жеткізе бермейді (15.б.14.)

### **Қорытынды**

Қазіргі уақытта корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті бәсекелестік жағдайдағы артықшылық сапасында және инвесторлар, мүдделі тараптар мен мемлекет тарапынан бизнеске деген сенімнің тұрақты негізі ретінде қарастыратын өте әлсіз түрдегі түсінулер ғана бар. Корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті қазақстандық бизнес практикасына енгізу конструктивті дамудың маңызды элементі болып табылады.

Адамға, қоғамға және табиғатқа қатысты өркениетті қатынастарды қалыптастырмай қазіргі бизнесті тиімді дамыту мүмкін емес. Өйткені қоршаған әлеуметтік және табиғи ортаның сапасы ХХІ ғасырда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің жаңа стандарттарының қалыптасуына, оның дамуының жаңа өркениеттік деңгейге көтерілуіне мүмкіндік береді. Мұның дәлелі ретінде қазіргі Қазақстандағы жағдайды келтіруге болады. **Бизнесте мемлекеттік органдардың да іс-қимылдарының бір-біріне сай жүйелік тұрғыдан көрініс беріп тұрғандығын көрсетеді.** Әлеуметтік жауапкершілік тұжырымы нормативті негізде туындап отыр. Оның позитивті аспектілері бизнесті жүргізудің сұранысқа ие болған тәжірибесі деуге болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

3. Казначеев М.П. 2016. Проблемы развитие корпоративной социальной ответственности // *International science complex Astana*. 18 октября. <https://isca.kz/ru/analytics-ru/829>
4. Черненкова А. Проблема индивидуального и общественного здоровья в аспекте социальной ответственности // *Вестник КемГУ*. -2012. - №4 (52). – Т 1. - С.257-259.
5. Канаева О.А., Сопина В.С. Формирование концептуальных основ корпоративной социальной ответственности. - СПб: -2010, -С. 312.
6. Смирнова Е. Социальная ответственность бизнеса в странах Центральной Азии: сравнительный анализ // *Вестник КазНУ, Экономическая серия*. -2015. №2 (108). – С.18-126.
7. Смагулова Г.С, Жумагазиева А.Г. Компаниялардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыру және салық менеджменті // *ҚазҰУ Хабаршысы, Экономика сериясы*. 2016. - №3 (115),- Б. 68-74.
8. Кабатова К. Корпоративная социальная ответственность по-казахстански: госорганы, бизнес и гражданский сектор как ключевые участники построения системного подхода к КСО. - Алматы, 2016. – С. 56.
9. Moure, R.C. CSR communication in Spanish quoted firms // *European Research Management and Business Economics*. -2019. - P. 93–98.
10. Mikhaylova, O., Chmykhalo, A., Shefer, Y. Corporate social responsibility in Kazakhstan: Challenges and prospects. *Journal of Economics and Social Sciences*, 2017. 11. -P. 9-15
11. Sansyzbayeva, G., Temerbulatova, Z., Zhidebekkyzy, A., Ashirbekova, L. Evaluating the transition to green economy in Kazakhstan: A synthetic control approach. *Journal of International Studies*, -2020. 13(1), P.324-341.
12. Yevdokymova, M., Zamlynskyi, V., Minakova, S., Biriuk, O. Evolution of corporate social responsibility applied to the concept of sustainable development. *Journal of Security and Sustainability Issues*, -2019. 8(3), -P 473-480
13. Благоев Ю, Генезис концепции корпоративной социальной ответственности// *Вестник СПбГУ. Серия8*. 2006. Вып.2 – С.3-24.
14. Karen Paul, Carlos M. Parra. Corporate social responsibility in international business literature: results from text data mining of the *Journal of International Business Studies*. *International Journal of Corporate Social Responsibility*. 2021. 6:12. P.1-14. <https://doi.org/10.1186/s40991-021-00066-6>
15. Crotti, J. Corporate social responsibility in the Russian Federation: A contextualised approach. *Business & Society*, 2014. 55(6), -P.825-853.
16. Tetreva, L., Patak, M., Kyrylenko, I. Web-based CSR communication in post-communist countries. *Applied Economics Letters*, -2019. 26(10), 866-871.
17. Aimie-Jade Barnes. Corporate social responsibility and its effects on Brand trust. *AUT Business School*. July2011. –P.127.

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТИ ОТЫРЫП ӘЛЕУЕТІН ЖАҚСARTУ ЖОЛДАРЫ

*Әлеуметтану, I курс докторанты Тасыбеков А.Е.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Кілт сөздер:** Функция, құрылым, мүмкіндігі шектеулі, мүгедектердің еңбек реабилитациясы, мүгедектің жұмыс орны квотасы, әлеуметтік қорғау, оңалту.

Еліміз өз алдына ел болып өзіндік даму барысында жаңа жүйеге сәйкес қалыптасуда. Әлеуметтік жағдайды жақсарту-әлеуметтік зерттеулер мен қоғамдағы адам құқықтарын қорғаудың бір тармағы, оның ішінде тақырыпты қамтып отырған, аса қажеттіліктегі мүмкіндігі шектеулі жандардың еңбек құқығы мәселесі. Қоғамдағы құрылымдарды анықтауда, оның теориясының кейбір мәселелеріне сүйенсек.

Әлеуметтік құрылым, яғни белгілі бір қоғамды құрайтын топтық қарым-қатынастардың қайталанып отыратын үлгілері. Ал, құрылымдық-функциялық теория (құрылымдық функционализм), ол әлеуметтік ұйымның қалай жүзеге асырылатыны туралы проблеманы зерттейді.

Барлық әлеуметтанушылар қоғамның құрылымының қалай жұмыс істейтінін зерттеуге мүдделі. Алайда құрылымдық-функциялық көзқарасты жақтайтындар негізгі үш тұжырымды басшылыққа алады.

1.Тұрақтылық: кез келген әлеуметтік үлгіні бағалаудың басты критерийі-оның қоғамдық сақтауға қосатын үлесі.

2.Үйлесімділік: ағзаның бөлектері секілді, қоғамның бөлектері де әдетте тұтастық үшін үйлесімді түрде жұмыс істейді.

3.Эволюция: өзгеріс, ең алдымен, эволюция арқылы жүзеге асырылады, бұл дегеніміз-әлеуметтік құрылымдардың жаңа қажеттіліктер мен талаптарға, негізінен, бейбіт түрде бейімделуі және қажетсіз, я ескірген құрылымдардың жойылуы.

Әлеуметтік тұрақтылықты арттыруда, жағымды нәтижелерін функция ретінде, ал қоғамға теріс салдарын дисфункция деп қарап, жоспарланған немесе жоспарланбағандар арасындағы айырмашылықтардың теориялық ұғымдарын басқада көзқарастармен толықтырудың жаңа талаптарымен қатар дедукциялық процесін тудыруда.

Контенттік талдау бұл жерде, мүгедектердің физиологиялық жағдайына байланысты үнемі, өзгерістерге қатыстылығына байланысты.

Мысалы, менталдық аурулар және тән ауруларға да экологиялық тағы да басқа әлеуметтік факторлар әсер етеді.

Қазақстан Республикасы 1990 жылы 25 қазанда Қазақ ССР-ның мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны қабылдап, 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап егеменді мемлекет ретінде өз халқының мүддесі үшін экономикалық және әлеуметтік саясатын өз бетінше жүргізді.

Қазақстан Республикасының 1999 жылы 10 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы» Заңының қабылдануына дейін әйелдер, кәмелетке толмағандар мен мүгедектердің еңбегін қорғау кезінде мемлекет тарапынан жеңілдіктер белгілі бір еңбек жағдайларын белгілеу болды.

Ағзасының белгілі бір физиологиялық, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты еңбек нарығында анағұрлым әлсіз, бәсекеге түсе алмайтын, соның салдарынан мемлекет тарапынан ерекше қолдау мен қорғауды қажет ететін жалдамалы жұмысшылар тобын құрайтын азаматтардың белгілі бір санаты бар. Бұл азаматтар олардың ағзаларының физиологиялық ерекшеліктерінен көрінетін айрықша субъективті қасиеттерге ие. Сондықтан олардың денсаулықтарына кері әсер ететіндіктен, олар еңбек функциясын жалпы негіздерде атқара алмайды. Нақты осы жағдайда еңбек құқығына аталған тұлғалардың еңбек құқықтарын қорғау, олардың қалыпты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жүктелген. Сонымен, қандай субъектілер мемлекет тарапынан ерекше қорғауды қажет етеді.

Ғалымдар әлеуметтік-еңбектік реабилитациясын құқық институтының шегінде қарастыра келе, оны құқықтық реттеудің қандай да бір нақты бағытымен байланыстырады. Мысалы, Л.Н.Андреева, Д.И.Грицкевич мүгедектердің әлеуметтік-еңбектік реабилитациясын жұмысқа орналастыру, экономикалық әсер ретінде қарастырады. Я.М.Фогель., М.Л.Захаров оны жеңілдіктер мен қызмет көрсету тұрғысынан көрсетсе, Р.И.Иванова, В.А.Агаркин салалық

мәселелердің бір құрамдасы ретінде санайды. Бұрынғы КСРО мен алдыңғы қатардағы шетел мемлекеттерінде соңғы жиырма жыл ішінде мүгедектік, мүгедек және олардың дифиницияларының түсінігін дәстүрлі физиологиялық кемістік анықтамасымен ғана тоғыстырады [1].

Қазақстан Республикасында еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бір бағыты (Қазақстан Республикасының «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» Заңының 5-бабына сәйкес) еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастыққа бағытталуы. Аталған бағытты дамыту мақсатымен Қазақстан Республикасы 1996 жылы еңбекті қорғау саласындағы Халықаралық еңбек ұйымының «Еңбектің қауіпсіздігі мен гигиенасы және өндірістік орта туралы» №115 және «Жұмыс орындарындағы ауаның ластануынан, шудан және вибрациядан туындайтын кәсіби тәуекелден қызметкерлерді қорғау туралы» №148 Конвенцияларын ратификациялады [2].

Қазақстан Республикасының статистика бойынша агенттігінің берген мәліметтерінде Қазақстан Республикасында 2006 жылы еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалардан зиян шеккен 3395 адам тіркелген. Зиян шеккендердің жалпы санынан әйелдер 17,6%-ды, он сегіз жасқа дейінгі жасөспірімдер 0,2%-ды құраған. Бұның ішінде 188 адам топтық жазатайым оқиғалардан, 291 адам кәсіби аурулардың, 41 адам уланудан зиян шеккен [3].

Ал 2004 жылдың соңғы бес айында тау-кен және өнеркәсіп орындарындағы еңбек қауіпсіздігі мемлекеттік инспекциясының бақылауындағы кәсіпорындарда 147 қайғы-қасірет оқиға болыпты. Оның 13-і кісі өлімімен, 9-ы аса ауыр салдармен тиянақталған. Өткен жылғы осы уақыттағы жағдайтпен салыстырып қарсақ, жалпы жарақаттану 13%-ға кеміп, ауыр салдарлы жарақаттану 47,1%-ға, кісі өлімі екі есеге көбейген [4].

Бұл оқиғалардың орын алуына кейде жұмыс берушінің кінәсі себеп болса, кейде қызметкердің салғырттығы мен сауатсыздығы себеп болады.

Еңбекті қорғау саласындағы нормативтік актілердің ішінде бүгінгі күні 1997 жылы 3 қарашада Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрілігімен бекітілген «Еңбекті қорғау кабинеті туралы» типтік ережесі қызмет етеді [5].

Сондай-ақ, жүктілігі мен тууына байланысты демалыстан басқа, әйелге оның өтініші бойынша баласы бір жарым жасқа толғанға дейін оған күтім жасау жөнінде жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс беріледі. Қосымша демалыс уақыты ішінде оның жұмыс орны (қызметі) сақталады.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде «жасөспірімдер» немесе «кәмелетке толмағандар», «он сегіз жасқа толмаған тұлғалар», «өскелең ұрпақ», «жастар» сияқты терминдер қатар қолданылады.

Аталған терминологиялық топқа мұндай тар түсінік беру оның заңи қасиетін толықтай жойды, мүгедектік жағдайын мүгедектіктің алдын-алуға заң тұрғысынан рұқсатты, оның реабилитациясын, мүгедектер үшін олардың әлеуметтік және қоғамдық өміріндегі тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуді қамтитын құқықтық санат ретінде қарастырмады.

Еңбекке қабілетсіздік мүгедектік анықтамасының негізі болып табылады және оның уақытша немесе тұрақты сипатына қарай мүгедектік тағайындау жөніндегі сұрақ шешіледі.

Кейде еңбекке қабілетсіздік қандай жағдай болмасын кәсіби еңбекті орындауға мүмкіндіктің болмауы немесе өндіріс пен денсаулыққа зиян келтірмей жұмысты орындаудың мүмкін болмауы ретінде түсіндіріледі [6].

Енді бірде, керісінше, толық еңбекке қабілетсіздікке бірінші, және кейде екінші топтағы мүгедектерді жатқызады. Бұл жағдайда кәсіби қабілеттерімен қатар толық қабілеті де жойылғандарды атап көрсетеді [7].

Үшіншілердің пікірінше, еңбекке қабілетсіздер-еңбектену міндетінен босатылғандар [8].

Егер құқыққа жүгінсек, ол еңбекке қабілетсіз, жартылай еңбекке қабілетсіз азаматтарды мынадай негізгі санаттарға дифференциялайды: кәмелетке толмаған балалар, қарт адамдар, мүгедектер.

Біздің жағдайда құқықтық қатынастың субъектісі ретінде мүгедектер болып отыр. Аталған жағдайда еңбекке қабілетсіздікке немесе еңбекке қабілетін жоғалту дәрежесіне тікелей тәуелділік және соның салдары ретінде медико-биологиялық және құқықтық санаттардың сәйкестігі байқалады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы дефект, мүгедектік және еңбекке қабілетсіздік арасындағы келесі айырмашылықты анықтады.

Дефект–психикалық, психологиялық немесе анатомиялық құрылымды не функцияны тұрақты және уақытша жоғалту немесе одан ауытқу.

Мүгедектік–адам үшін қалыпты болып табылатын қандай да бір қызметті жүзеге асыру мүмкіндігінің кез келген шектелуі немесе мүлде болмауы (дефект салдарынан).

Еңбекке қабілетсіздік –жастық, жыныстық, әлеуметтік және мәдени мән-жайларға байланысты бұл индивидуум үшін қалыпты болып саналатын рөлін орындау мүмкіндігіне кедергі келтіретін немесе оны мүлде жоятын нақты индивидуумның шектелуі.

Еңбекке қабілетсіздік, дефект, мүгедектік әлеуметтік-еңбектік реабилитациясының бір субъектісі болып табылатын мүгедектің анықтамасын көрсетіп отыр.

Мүгедектердің әлеуметтік-еңбектік реабилитациясын талдау аталған саладағы бірінші ғылыми зерттеулер, бірінші нормативтік актілер, сонымен қатар мүгедектерге қатысты БҰҰ-ның конвенциялары мен ұсыныстары жұмысқа орналастыру мәселелерімен байланысты болғанын көрсетіп отыр. Бірақ, осындай бай тәжірибеге қарамастан, қазіргі таңда не теорияда, не заңнамада жұмысқа орналастырудың біркелкі жалпыға ортақ, бір мәнде түсіндірілетін анықтамасы жасалмаған. Теоретикалық әдебиеттерде еңбектік реабилитациясы, әдетте тек рационалды жұмысқа орналастыруға саяды. Ал рационалды жұмысқа орналасуы еңбек қызметінің белгілі бір түріне негізгі тыйым салу ретінде анықталады. Мүгедектер үшін олардың төмен еңбек қабілетімен сәйкес, денсаулығындағы ақауының нашарлауына қауіп келтірмейтін және мүмкіндігінше, мүгедектікке дейінгі олардың біліктілік деңгейінің сақталуын қамтамасыз ететін қызметтерді таңдау бойынша жұмыстар болып табылады. Бұл жердегі рационалды еңбекке орналастыру ғылымның түрлі салаларының (медицина, білім беру, құқық, экономика, т.б.) шегінде қарау қамтылған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңнамасында «Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы» заңымен еңбек реабилитациясының келесі элементтері бекітілген: мүгедектердің білім алуы және кәсіптік даярлықтан өтуі (IV бөлім), мүгедектердің еңбек саласындағы құқықтары (V бөлім).

Ал біздің көзқарас бойынша, мүгедектердің еңбектік реабилитациясы келесі бағыттарды қамтиды:

1. Медико-әлеуметтік Эксперттік Комиссиялардың дұрыс еңбектік нұсқауларды анықтауы;
2. Кәсіби дайындық;
3. Оқыту, даярлау, қайта даярлауды ұйымдастыру;
4. Мүгедектердің еңбегін ұйымдастыру;
5. Жұмыс істеуші мүгедектерге ұсынылған жеңілдіктер.

Мүгедектерді жұмысқа орналасуға құқығының кепілдігі ретінде әрекет етуші заңнамада бекітілген мүгедектерді жұмысқа қабылдаудан заңсыз бас тартқан тұлғаларды жауапкершілікке тарту болып табылады.

Мүгедектерді олардың келісімінсіз мерзімінен тыс жұмыстарға, демалыс күндеріндегі және түнгі уақыттағы жұмыстарға тартуға шек қойылған. Ал егер медициналық нұсқаулармен мұндай жұмысқа мүлдем тыйым салынса, онда тіпті мүгедектің келісімі болғанның өзінде әкімшіліктің оны аталған жұмыстарға тартуға құқығы жоқ.

Мүгедектердің жұмыс уақытын құқықтық реттеу еңбектің қоғамдық қажетті шарасын сақтаудың кепілдігі болып табылады. Мысалы, I және II топтағы мүгедектер үшін алты сағаттық жұмыс күні (36 сағаттық жұмыс аптасы) және ұзақтығы он бес жұмыс күні болатын ақы төленетін жыл сайынғы қосымша еңбек демалысы бекітілген.

I және II топтағы мүгедектерді толығымен, ал III топтағы мүгедектерді елу пайызға олардың алатын барлық табысы бойынша жеке табыс салығынан босатудың маңызы зор.

Мүгедектерді жұмысқа алуға мүдделілік туғызу үшін Қазақстандағы кәсіпорындарға қызметкерлердің жалпы санының отыз пайызынан кем емес бөлігін мүгедектер құрайтын болса, онда оларға салық салу, қаржыландыру және материалдық-техникалық қамсыздандару бойынша жеңілдіктер ұсынылған. Ал егер мүгедектер елу пайыздан астамын құрайтын болса, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар салықтар мен төлемдерден мүлде босатылады.

Әрекет етуші заңнама мүгедектердің еңбегін ұйымдастырудың келесі түрлерін қарастырады:

1. Қарапайым кәсіпорын. Әдетте, мұндай кәсіпорындарда III топтағы мүгедектер жұмыс істейді.
2. Мамандандырылған кәсіпорындар. Бұл кәсіпорындарда өндірісті жоспарлау жүргізілмейді, жұмыстың және жалақының ерекше жағдайлары құрылды.



3. Арнаулы цех, участка. Оның өндірістік база сында құрылған және қызмет атқарушы кәсіпорынның құрылымдық бірлігі. Мұндай цехтар (учаскілер) өзге кәсіпорындардың сұраныстары бойынша кооперация негізінде әрекет етеді. Негізінен олар аурулардың түрлеріне қарай бөлініп, жұмыс атқарады: өкпе туберкулезімен, жүйке-психикалық, жүрек-қан тамыр ауруларымен науқастанғандар. Арнайы цехтағы жұмыс күнінің ұзақтығы мүгедектер үшін МӘӘ-ұсыныстарымен реттеледі, өнім шығару нормасы белгіленбейді.

4. Үйдегі жұмыс. Бүгіндері мүгедектердің еңбегін ұйымдастыру нысанын реттейтін нормативтік базаның ерекшелігі оның мемлекеттің экономикалық дамуымен сәйкес келмеуі, әсерінің аз болуы, қарама қайшылығы болып табылады.

Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 39 Заңы.

31-бап. Мүгедектерді жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуде Жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтуды:

1) Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес ауыр жұмыстардағы, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмай, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызына дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу;

2) жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту арқылы мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құру;

3) мүгедектерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмысқа орналастыру үшін арнаулы, сондай-ақ әлеуметтік жұмыс орындарын құру;

4) мүгедектерге кәсіптік оқуды ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етеді.

Ескерту. 31-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 421-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

32-бабында мүгедектердің еңбек қатынастары саласындағы құқықтары:

1. 1 және 2-ші топтардағы мүгедектер үшін аптасына отыз алты сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді, ұзақтығы кемінде күнтізбелік алты күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалысы беріледі (ҚР ЕК 69-бабы 1-тармағы);

2. Түнгі уақыттағы жұмысқа мүгедектің келісімімен және егер оның мұндай жұмыс істеуіне денсаулық жағдайы бойынша тыйым салынбаған болса, рұқсат етіледі және МЭС-ға барып, тексерілуі тиіс (ҚР ЕК 76 – бабының 3- тармағы);

3. Жұмысты үйде орындауы; жетілмеген остеогenez(сүйек морттығы), соқырлық, көшеде жүру қиындығы бар мүгедектерді құрал-саймандармен, шикізат тағы басқа қажеттіліктермен қамтамасыз етіп, төлем ақысы талаптарын реттеу ҚР ЕК 137-бабында жазылған.

4. Қашықтықтан жұмыс істеу түрінде, интернет, коммуникация мен жұмыскер келісімімен төлемақы төлеу белгіленеді (ҚР ЕК 138-бабы);

5. Вахталық жұмыс әдіспен орындалатын жұмысқа бәрінші топ мүгедегі жіберілмейді (ҚР ЕК 135–бабының 3-тармағы ). Күнделікті қайтып келуі қамтамасыз етілу жағдайында еңбек процесін жүзеге асырудың ерекше нысанымен (ҚР ЕК 135-бабының 1-тармағы) қамтылады.

6. Медициналық қорытынды бойынша мүгедектің денсаулық жағдайы кәсіптік міндеттерін орындауға кедергі келтіретін не басқа адамдардың денсаулығына және еңбек қауіпсіздігіне қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, мүгедектік уәждері бойынша еңбек шартын жасасудан не қызмет бабында жоғарылатудан бас тартуға, жұмыс берушінің бастамасы бойынша мүгедекті жұмыстан босатуға, оның келісімінсіз басқа жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді.

Ескерту. 3-тарау 32-2-бапшен толықтырылды–ҚР 26.12.2019 № 287-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Жұмыс берушінің мүгедектерді әлеуметтік қорғау ісіне қатысуы бойынша, 33-бабында, жұмыс берушінің әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне бара алуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеті жазылған.

Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектердің өндірістік үйлерге, ғимараттарға, үй-жайларға бара алуы үшін жұмыс беруші жұмыс орындары мен жұмыс үй-жайларын жобалау және бейімдеу арқылы жағдай жасайды, мүгедекті оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес тұрғын үй-жайларды арнаулы құралдармен және көмекші құрылғылармен жабдықтайды.



34-бап. Жұмыс берушінің мүгедектерді жұмыспен қамту және кәсіптік оңалту саласындағы міндеті.

Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертiгуге ұшыраған және (немесе) кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс беруші кәсіптік оқытуды немесе қайта оқытуды, арнаулы жұмыс орындарын құруды осы Заңға сәйкес жеке қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

30-баптың 1-тармағында мүгедектерді кәсіптік оңалту Жұмыспен қамту орталықтарында тегін және шәкіртақы төлену арқылы жүргізіледі.

31-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтиды:

- жұмыс орындарының квотасын белгілейді;
- қосымша жұмыс орындарын құрады;
- арнаулы және әлеуметтік жұмыс орындарын құрады;
- кәсіптік оқуды ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етеді.

35-бап. Жұмыс берушінің мүгедекке келтірілген зиянды өтеу жөніндегі міндеті Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертiгуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерге келтірілген зиянды өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 05 шілдедегі №235 «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 83 бабы бойынша; мүгедектерді әлеуметтік қорғауда, көлік инфрақұрылым объектілеріне қол жетімді, мәдени іс-шараларға қол жетімді және жұмыс берушінің кінәсінен құқығы бұзылып жатса, есептік көрсеткіш мөлшермен айыппұлдар салынады.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №910 бұйрығымен мүгедектің жұмыс орны стандарттары бекітілген.

Мерзімді басылымдағы материалдар бойынша құзырлы мекемелердің жүйелі жұмыстар жасауын қамтамасыз ететін заңнамалық құжаттар беріліп, орындалу барсында жалпы халықтық талданумен талқыланып отырады.

Заңнамалық құжаттардың заман талабы деңгейіне қатысты лоббистік қызметке дейінгі жағдайларды реттеп, анықтап отыруына көмектеседі.

1. Заңнамада мүгедектердің еңбегіне қойылатын талаптар	2. Мүгедек жұмыскерлердің еңбек ету жағдайлары	3. Жұмыс берушінің жауапкершілігі
<p>Жергілікті атқарушы органдар квотаны ұйымдарға жұмыскерлердің тізімдік санына қарай белгілейді:</p> <p>-50-ден 100-ге дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының 2%- мөлшерінде;</p> <p>-101-ден 250-ге дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының 3%- мөлшерінде;</p> <p>-251-ден көп адам – жұмыскерлердің тізімдік санының 4%-ы мөлшерінде.</p>	<p>1 және 2 топ мүгедек жұмыскер аптасына 36 сағаттан аспайтын, қысқартылған ұзақтықпен ( ҚР ЕК 69-бап);</p> <p>1 топта жұмыс уақытының жиынтық есебін қолдануға болмайды.</p> <p>2,3 топқа комиссия тиым салған болса, есеп белгіленбейді (ҚР ЕК 75 бап);</p>	<p>Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертлікпен және кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектер алдында міндеттерін сақтамаған жұмыс берушіге:</p> <p>-лауазымды адамдарға -50 айлық есептік көрсеткіш;</p> <p>-шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 120 АЕК;</p> <p>-орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 200 АЕК ;</p> <p>-ірікәсіптік субъектілеріне – 400 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады.</p>
<p>Үлестеу туралы тізімдік мыналарға қолданылмайды:</p> <p>-жұмыскерлердің тізімдік саны 50 адамнан аз ұйымдарға;</p> <p>-мүгедектердің қоғамдық бірлестіктеріне, жұмыскерлердің орташа жылдық санының 20% астамын мүгедектер құрайтын ұйымдарға;</p> <p>-жұмыс берушінің қызметі тоқтаған, экономикасы нашарлаған, жұмыс көлемі азайған жағдайда;</p> <p>-елді мекендерде медициналық қызмет жоқ, еңбекке қабілетті мүгедектер болмаған кезде;</p>	<p>Түнгі жұмысқа жазбаша келісімі болса тартуға болады (ҚР ЕК 76-бап);</p> <p>Үстеме жұмысқа мүгедектер жіберілмейді(ҚР ЕК 77-бап);</p> <p>Медициналық көрсетілімі негізінде іс сапарға жіберуге болады. Бірақ өзі бас тартуына құқығы бар (ҚР ЕК 127-бап);</p>	<p>Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет:</p> <p>-лауазымды адамдарға – 80 АЕК;</p> <p>-шағын кәсіпкерлік субъектілеріне- 150 АЕК;</p> <p>-орта кәсіпкерлік суб -600 АЕК;</p>
<p>Мүгедектердің жеке мүмкіндіктерін ескере отырып жабдықталған жұмыс орындарын құру қажет:</p> <p>-кресло-арбамен жүріп-тұратын мүгедектерге;</p> <p>-көру қабілетінен толық айрылған мүгедектерге;</p> <p>-есту өабілетінен толық айрылған мүгедектерге.</p>	<p>Вахталық жұмысқа 1 топтағы мүгедектер медициналық қортынды ұсынған күннен бастап жіберілмейді (ҚР ЕК 135-бап);</p> <p>1 және 2 топ мүгедектеріне күнтізе алты күн болатын жыл сайынғы қосымша демалыстары беріледі (ҚР ЕК 135-бап).</p>	<p>Белгіленген квотасын орындамай Заңды бұзу және қайталап бұзған кезде:</p> <p>-лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, коммерциялық емес ұйымдарға – 5 АЕК;</p> <p>-орта кәсіпкерлік субъекті – 7 АЕК;</p> <p>-ірі кәсіпкерлік субъектілеріне -10 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады (ҚР ӘҚМК 98 – бап).</p>

Лоббизм-қандай да бір әлеуметтік топтардың қабылдауындағы нормативтік-құқықтық мүдделерін енгізу мақсатында заң шығару процесіне әсер ету қызметін білдіреді.

Ғылыми-техникалық және экологиялық жағдайларға қатысты заңнамалық толықтырулардың қажеттіліктері заңдылық.

Кесте 1

### Мүгедектерді жұмысқа орналастыру талаптары [9]

Соның бір айғағы, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі №39 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңының 41б. 7)

**тармақшасына сәйкес** (01.01.2016 жағдайға орай өзгерістермен және толықтырулармен) мүгедек –тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған адам болып танылып:

- мүгедектікті белгілеу;
- мүгедек жұмыскерлер еңбегін реттеудің ерекшеліктері;
- жұмыс берушінің міндеттері;
- мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасы
- мүгедектерге арналған жұмыс орындарын квоталау қағидалары
- Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңнамасын бұзуға жауапкершілік, мазмұны толықтырылып, бекітілді.

Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі 2016 жылғы 13 маусымдағы №498 бұйрығы** (2018.14.06. берілген өзгерістермен) бойынша.

Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларының жалпы ережесі мен мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау тәртібін ұсынды.

2005 жылғы 13 сәуірдегі №39 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңы (қосымша кесте 2.1.) Осы заңның 41б. 7) тармақшасына сәйкес 2016.01.01. өзгерістер мен толықтыру ендіріліп, (2016. 01.03. бекітілді). Ұйым үшін берілетін квотаның 13 тармағы өзгеріп, (мүгедек жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз болып тіркетіледі).

2017.14.02. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі бұйрығымен, Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау 2016.13.06. №498 бұйрығы 2018.14.06. өзгерістермен №242 бұйрықпен 2-тармағы өзгертілді.

2016.15.02. тіркелген №13027 нормативтік- құқықтық акті күші жойылды.

2016.06. №2 бұйрықпен (бұл қағида, өзін-өзі басқаратын атқарушы органға қатысты болды).

Жаңа ҚР ЕК мұндай бап жоқ, сондықтан жұмыс берушілер Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 06 қаңтардағы №2 бұйрығымен бекітілген Мүгедектерге арналған жұмыс орындарын квоталау қағидаларын басшылыққа ала отырып, жұмыс орындарында квота белгілеудің жалпы тәртібі, мөлшері, шарттарын белгілейді.

Қағида бойынша, жергілікті атқарушы органдар белгіленген квотаға сәйкес, жұмыс берушілердің жұмыс орындарын мүгедектерге ұсынушы ретінде танылды.

Жұмыс беруші квота енген күннен бастап 1 ай ішінде жұмыс орындарын қатаң түрде айқындап, уәкілетті орғаға 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-ІҮ «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 16 бабы 3 тармағының 2) тармақшасына сәйкес үш айдан кем емес мерзімге жасалған еңбек шартымен расталған мәліметтерді ұсынуы квотаны орындау болып табылады.

Жұмыстан босатылғаны және орналасқаны туралы мәліметтердің 5 күн ішінде уәкілетті органға хабарланып, белгіленгенуі, жүзеге асқан қағида жаңалығы болып табылады. Аймақтық жұмыспен қамту уәкілетті органдарына жұмыс беруші тоқсан сайын есеп (тоқсаннан кейінгі 10–күніне) берудің екі нысаны белгіленген.

Еңбек ресурстары–бұл мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік стратегиясының басты мәселесі. Сондықтан мүгедектердің әлеуметтік-еңбектік реабилитациясы және оларды еңбек қызметіне тарту мәселесі мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады.

Мүгедектердің еңбектік реабилитациясын құқықтық реттеу бөлімі бойынша келесідей қорытынды шығарамыз:

1.Өзінің маңыздылығына, көлемділігіне қарамастан әлеуметтік-еңбектік реабилитация мәселесі не теоретикалық, ғылыми зерттеулерден, не құқық нормаларынан тиісті түрде көріністі толық тапқан жоқ. Бұл мәселеге қатысты зерттеулер әлеуметтік-еңбектік реабилитацияны шектелеген нақты бір ғылымның шегінде ғана көрсетеді. Бұның ішінде теориялық та, тәжірибелік те жағынан толығырақ зерттеулер медицина саласында ғана болып отыр;

2.Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымның берген анықтамасы бойынша, мүгедектік– адам үшін қалыпты болып табылатын қандай да бір қызметті жүзеге асыру мүмкіндігінің дефект салдарынан кез келген шектеулі немесе мүлде болмауы.

«Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес, дене немесе ақыл-ой кемістігінің болуы салдарынан тіршілік етуінің шектеулігіне байланысты әлеуметтік көмек пен қорғауды қажет ететін адам мүгедек болып табылады;

3.Еңбек реабилитациясының негізгі компоненті болып рационалды еңбекке орналастыру табылады. Рационалды еңбекке орналастыру—бұл мүгедектер үшін олардың төмен еңбек қабілетімен сәйкес, денсаулығындағы ақауының нашарлауына қауіп келтірмейтін және мүмкіндігінше, мүгедектікке дейінгі олардың біліктілік деңгейінің сақталуын қамтамасыз ететін қызметтерді таңдау бойынша жұмыстар болып табылады

4.Квоталармен қамтамасыз ету қамтылған.

Қорыта келе, еліміздегі әлеуметтік құрылымның қалыптасуы, жаһандық және технологиялық үрдістер ықпалымен дами отырып, экологиялық тағы басқа жағымсыз жағдайлардан туындаған адам өміріне қатысты мәселелерді шешуде, жаңартулар мен толықтыру енгізе қамтылған. Адамның табиғи құқығы бола тұра, қолдану мүмкіндігінің шектелуі, мемлекет тарапынан олардың әлеуеттенуін реттеуде, заңды құқықтармен қамтамасыз етілген.Түрлі экономикалық дағдарыстарға қарамастан, мекемелерде коэффициенттер бойынша, мүмкіндігі шектеулі жандарға арнап жұмыс орнын жабдықтап, еңбекпен қамту, адам мәселесінің дұрыс шешілуі болып табылады. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам, зайырлы мемлекет категориялары қоғамның барлық мүшелерін қамтуымен құнды.

#### Пайдалынған әдебиеттер тізімі:

Дін саласындағы жаңа өзгертулер кейбір діни конфессияның ары қарай қалыптасуына көмегін тигізсе, заңға сәйкес келмейтін, тіркелмеген топтардың астыртын жұмыс жасауларына әкелді. Елімізде кеңінен таралған ислам мен христиан діндері 2011 жылғы қабылданған заңда халықтың мәдениетінің дамуындағы тарихи рөлдері бар әрі маңызды екенін көрсете отырып, бұл екі дін дәстүрлі діндер атауына ие болды. Сондықтан осы екі діни конфессияның тәуелсіздік жылдарында жүргізген миссионерлік қызметі жөнінде айта өткен жөн. Тарихи тұрғыдан алғанда, Қазақстанның негізгі халқы көшпелі халық болып табылатындықтан, Орталық, Шығыс және солтүстік-батыс өңірлеріне ислам кеш келді және тиісінше өте жеңілдетілген түрде жүргізілді, бұл жергілікті халықтың дәстүрінен көрініс тапқан болатын. Кеңестік үкіметтің шарықтап тұрған уақытында жоғалтқан салт-дәстүрін, діни-рухани сенімдерін халық қайта жандандыруға тырысқан еді. Өткенін еске түсіру халқымызға рухани азыққа мұқтаж болғаннан бөлек, ислам әлеміндегі елдерден өзіне деген бір жылуды іздеген болатын. Ислам әлеміндегі елдер Түркия, Сауд Арабиясы, Пәкістан, Кувейт сынды елдерде қолдау беруге тырысты. Араб миссионерлерінің Қазақстан территориясына таралуы араб-ислам ұйымдары мен қорларының белсенділігімен байланысты. Бұрынғы Кеңес Үкіметі елдерінде таралған бұл ұйымдар исламдық білім мен мұсылмандық өмір салттың қайнар көзі ретінде жергілікті халықтар үшін тартымды болды. Еліміздің территориясында Мұсылмандық Бауырластық ұйымы, Тайба Халықаралық қайырымдылық көмек ассоциациясы, Әлеуметтік реформалар Қоғамы ұйымдары бар еді. Әрине, араб-мұсылман елдерімен жақсы қарым-қатынас орнату, саяси-экономикалық тұрғыда тиімді болғанымен, діни сананың жаңғыру үдерісінде теріс тенденциялардың қалыптасуына алып келді. Шетелмен сауда-саттық жасау, саяси байланыс жасауы, араб-мұсылман діни миссионерлерінің Орта Азияға қаптап көбеюіне белсенділік танытулары, діни-мистикалық, кертартпалық ілімдерді, исламның кертартпа ағымдарының келуіне себеп болды. Уаххабиттерге, хизбут-тахриршілерге және өзге де бірлестіктерге жататын миссионерлердің ел ішінде ылаң туғызып жүргені әшкереленді. Хизбут-Тахрир ұйымы ұстанушыларының қатарын көбейту үшін, мешітте сөз сөйлеп, діни әдебиеттерді таратумен әрі көпшіліктің алдында сөз сөйлеуімен ерекшеленеді. Қоғамда өз орнын таба алмай, материалдық таршылық көрушілер, білімі төмен кісілер осы ұйымның адамдарынан қолдау тауып олардың қатарынан бірақ шыққан болатын. Оңтүстік Қазақстанда 1998 жылдан бастап қызу қызмет жасай бастаған еді, ал 2005 жылдары Қазақстанның барлық аймағынан орын алған. Осы оқиғаларының өрбуінің нәтижесінде ұлттық қауіпсіздікке және егемендігімізге қауіп төндірген Хизбут-Тахрир ұйымының қызметіне 2005 жылы тыйым салынды. Ал, көршілес Ресейде бұл ұйымды 2003 жылдан бастап лаңкестік ұйым деп тауып, тыйым салған болатын. Шетелдерден келген бұл демеу берудің негізгі түрі, бұрынғысынан айырмашылығы, орта және тегін жоғары білім беру болды (кейбір жағдайларда қаладан тыс студенттерге жатақхана беру). Кейбір студенттер Египетте, Ливияда, Сауд Арабиясында, Пәкістанда және Түркияда тегін оқу түрінде оқуға мүмкіндік алды. Сауд Арабиясы мен Пәкістанда білім алған студенттердің бір бөлігі дінге белгілі бір фанатизммен қарады, әдет-ғұрыптар фанатикалық қатандықпен сақталды, бұл Ханафит мектебіне (мәзһабқа) тән болды.

Өзге елдерден білім алушылардың өздері де миссионерліктің теріс жүргізілуінде үлессіз қалған жоқ. Араб миссионерлерінің көбі Ресейдегі араб қорлары өкілдіктерінің жеткілікті кең желісіне ие болған аумақтан басталған, содан олар шекаралас аймақтағы елдерге өткен. Қазақстан мен Ресейдегі араб ұйымдарының арасында айырмашылық көп деп айта алмаймыз, бірақ кейбір салаларда бір-бірінен ерекшеленді. Еліміздегі исламдық топтардың миссионерлік қызметі, оқу орнындағы білім, қаржылық көмек және зайырлы мектептермен, жоғарғы оқу орындарына араб тілін үйретуге көмек беруі оны Ресейден ерекшеледі. Мысал келтірер болсақ, Шымкент қаласындағы Қазақ-Араб университеті және Қазақ-Кувейт университеті шетелдік қайырымдылық қаражат шотымен қамтамасыз етілді. Осы қайырымдылық қоры өз мұғалімдерін жіберіп, педагогикалық біліктілігі төмен әрі Қазақстандағы ислам туралы мүлде білмейтін сонымен қатар, оқу үстінде дәстүрлі ханафит мәзһабының бағытында мүлде сабақтар жүргізбеген еді. Алғашында араб тілі және оның тарихы оқытыла бастағанымен кейінірек, дінтану мамандығында қосқан. 1999 жылдан бастап дінтану факультеті ашылып, онда Мысыр, Йемен, Судан, Тәжікстан, Өзбекстаннан

келген мамандар дәрістер жүргізді. 2005 жылы Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің комиссия тарапынан білім беру қызметін тексеруді мемлекеттік аттестаттау университетті реформалады. Дінтану факультетін жауып, шығыстық тілдерді үйрету тоқтатылды және университет «Отырар» атауына өзгертілді.

Осылайша, Қазақстандағы ислам жыл өткен сайын, Орталық Азия елдеріндегідей дәстүрлі мәдениеттің маңызды бөлігі ғана емес, әлеуметтік және саяси әлеуметтік өмірдің негізіне айналды. Түрлі идеяны қол шокпар етіп алушылардың алдында атеистік идеяда жүрген ел үшін дәстүрлі діннің тазалығын жоғалтпау аса маңызды оқиға болды, оны қолға алушы ретінде Орталық Азияны қамтитын діни басқарма құрылды. 1990 жылы 12 қаңтарда өткен Қазақстан Мұсылмандар Діни басқармасы жеке өзі бөлініп шығып, құрылды. Бас мүфтиі Рәтбек Нысанбаев болды. Қазақстандағы исламды дұрыс насихаттау, пайғамбар Мұхаммед (с.а.у.) уағыздарын дұрыс насихатталуын қамтасыз ету басты мақсаттары еді.

ҚР Дін Істер агенттігінің төрағасы Қайрат Лама Шарифтың «Литер» газетіне берген сұхбатында, 2011 жылдың 1 қазанында елде 310 шетелдік миссионер тіркелген, оның 124-і Рим-католиктік шіркеуі, 90-ы протестантық болса, 48-і исламдық үгіттеуші, ал 42 Орыс Православ шіркеуінікі, 5 иудейлік және 1 буддистік миссионері болған екен.

Ел аумағында исламнан кейін Рим-Католиктік шіркеуі ерекше көзге түсті. Қазақстан жеріне алғаш рет XII-XIII ғасырларда келді. Рим папасының арнайы тапсырмасымен монахтар Орталық Азияға жіберіліп, қазақ жеріне XVIII-XX ғасырларда миграцияның себебімен католик дінін ұстанушылар қоныстанды. 1991 жылы Орта Азия мен Қазақстан католиктары үшін арнайы Апостолдық Администратура құрылды. Осының нәтижесінде, Қазақстанның Апостолдық Администратурасы Қарағанды епархиясына айналып, үш жаңа администратурасы пайда болды. 8 жыл ішінде миссионерлік қызметін жақсы пайдаланған конфессия Астаналық, Алматылық, Атыраулық деп аталып 1999 жылы жаңа Апостолдық Администратуралар пайда болды. Католик дінінің ұстанушылары неміс, поляк, украин, орыс, корей ұлттарының өкілдері болатын. Христиандықтың ішінде миссионерлік қызметке ерекше көңіл бөлушілер осы католик дінін ұстанушылар болды. Қазақстандық шіркеулерде жұмыс жасаушы қызметкерлер бұлар шетелдік миссионерлер болып табылады. 1998 жылы «Мария – Шіркеу анасы» рухания семинариясы еліміздегі алғашқы католиктік жоғарғы оқу орны болатын. Қазіргі таңда Қазақстандағы Католик шіркеуі, орталығы Астанада орналасқан, Аса Қасиетті Мәриям архиепархия-митрополиясынан, екі суффраган епархиясынан – Қарағанды және Алматыдағы Киелі Үштік Епархиясы, сонымен қатар Атыраудың Апостол Әкімшілігінен тұрады. Архиепархия-митрополияны архиепископ Томаш Пэта басқарады. Осыдан бөлек, Қазақстан және Орта Азия территориясында митрофор протоиерей Василий Говераның басшылығымен грек-католиктерге арналған Апостол елшілігі жұмыс атқарады.

Кесте 1. - Қазақстан Республикасындағы тіркелген миссионерлер санының өсу динамикасы

№ ар	Конфессиял	01.01.2011	25.10.2012	28.12.2014	28.12.2016
1	Ислам	6	8	5	12
2	Католик шіркеуі	142	209	217	243

Берілген ақпарат бойынша мемлекетімізде исламдық миссионерлер саны басқа конфессиялармен салыстырғанда аз әрі жыл сайын тек 1-2 кісіге артуда. Мұның себебі, дәстүрлі исламды жақын қарым-қатынас жүргізу арқылы, отбасының барлық мүшелері ұстанғандықтан я болмаса ортасының айтуымен исламға келгендер бар, осылайша исламды ұстанушылар саны елімізде көбеюде. 5 жыл ішінде миссионерлік қызметке 6 миссионер қосылған, ел ішінде дәстүрлі деп танылған исламды қарапайым халық арасында тарату жақындарына дағуат жасау арқылы тарату оңай әрі тиімді болуда. Христиандық бағытта да дәл солай, бірақ исламнан кейінгі ұстанушылары жағынан көп конфессия осы дін. Қазақстанда 2009 жылғы халық санағының берген нәтижесі бойынша халықтың мың адамға шаққандағы үлесі 70,19 пайыз болса, христиандар саны 26,17 пайызды құрап, басым көпшілігі дәстүрлі исламды ұстанушылар санының үлесі жоғарғы екеніні байқаймыз.

Қорытындылай келе, Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдары діни тұрғыдан алғанда қауіпке толы болғаны сонша, оның салдары 2011 жылға дейін созылып, заңдарға жаңартулар енгізуге тура келді. Соңғы нүктесінде осы «Діни қызмет және діни бірлестіктер» толық қамтамасыз етпесе де,

түрлі діни қактығыстар мен діни-саяси кикілжіңдердің алдын алды. Қазақтың дәстүрлі діни ханафилік мазһаб пен матуриділік ақидаға негізделген дәстүрлі исламмен байланысты. Ислам қазақ халқының рухани-материалдық жағынан қалыптасуға аса үлкен үлесін қосқан дін. Адам дүниеге келгеннен бастап, дін оның өмірінде аса маңызды орын алды, қиын сәттерде үміт беруші жарығы болды, Ұлы Отан соғысы кезінде де атеистік идеологияның босаңсып, дінге деген сенімдердің қайта жандануы арқылы жеңіске жетуге жігерлендірді. Еуропалық христиандық мәдениетті үлгі ретінде, өзге елге кіргізу бұл сол христиандықты таратудың негізгі әдіс-тәсілі болған. Адамның дамуы тарихы барысында, миссионерлік қызмет формаларына және әдістеріне қарай өзгеріске ұшырап отырды. Ал миссионердің қызметінің нәтижесінің болуы, бұл миссионердің жеке өзіндік тәжірибесіне, әлеуметтік стратегиялар құра білуіне байланысты болды. Тәуелсіздік жылдарындағы миссионерлік, 19 ғасырлық миссионерліктен, осы дағуатшылардың түрлі әдістерді заман сұранысына қарай өзгертуінде деп айтып өтсек болады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Құрманалиева А.Д, Утебаева Д.С, Әскенұлы Е. Миссионерлік әдістері Оқу құралы.- Алматы, 2019.-117.
2. Утебаева Д.С. Қазақстандағы миссионерлік: тарихы және қазіргі заман (дінтанулық талдау) Диссертациялық жұмыс. – Алматы 2017. 95 б.
3. Вильковски Д. Арабо-исламские организации в современном Казахстане: внешнее влияние на исламское возрождение.- Астана-Алматы, 2014.126 б.
4. Грозин А. Казахстан и угрозы исламистского радикализма и экстремизма. 2019. 13 б.
5. Тұрғақылов Т. Қазақстандағы миссионерлік әрекеттер. Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Ғылыми-педагогикалық журнал. Алматы – 2011. 572-574 б.
6. Қаңлыбаев Б. Исламдық бағыттағы жаңа діни ағымдардың Қазақстандағы орны. Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, Ғылыми-педагогикалық журнал. Алматы – 2011. 609-612 б.
7. Королёва Е.В. Особенности миссионерской деятельности новых религиозных движений в современном казахстане. Вестник РУДН, серия Социология, 2010, № 2. 27-29 б.
8. Смагулов К. Современная религиозная ситуация в казахстане. Центральная Азия и Кавказ. Том 11, №3 Алматы -2011, 54-56 б.
9. Утебаева Д.С. Интернет кеңістіктегі дін және жастар. Алматы – 2018. 28-35 б.
10. Тасмағамбетов А.С. Особенности исламского миссионерства в Казахстане до начала XIX века. Уфа-2008. 82-89 б.

### **ДІНИ САУАТ АШУ КУРСТАРЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ДІНИ САНАСЫ МЕН ДІНИ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ**

*Исламтану, 1 курс докторанты Шаңбаева А.Н.*

*Ғылыми жетекші: филос.ғ.к, аға оқытушы Қаңтарбаева Ж.О.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті*

**Андапта:** Бұл баяндамада әйелдердің діни сауаттылығының шығу тарихы мен Қазақстандағы дамуы, діни сауат ашу курстарының әйелдердің діни санасы мен діни сауаттылығын қалыптастырудағы рөлі, **қоғамдағы** өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары айтылады. Әйелдерге арналған діни сауат ашу курстарының қол жетімділігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, сауат ашу курстарына қоғамдық дұрыс пікірді қалыптастыру, әйелдердің жан-жақты әрі діни салада сауатты болуын қамтамасыз ету, дәстүрлі ислам дінінің дәрежесін арттыру, экстремистік ағымдарға дұрыс жауап беру, жамағаттарды ҚМДБ-ның ресми өкілдерінің аясына шоғырландыру.

**Кілт сөздер:** сауат ашу курстары, әйелдер, діни сауаттылық, діни сана.

**Баяндама мақсаты:** Әйелдердің діни сауаттылығын дамытудығы тарихын, Қазақстандағы даму тарихын қарастыру. Қазіргі кездегі осы мәселе бойынша атқарылып жатқан шаралары мен болашақтағы маңыздылығын арттыру.

Қазіргі Қазақстан – көпконфессиялық мемлекет. Мұнда діни бірлестіктердің бейбіт қатар өмір кешуі және әрбір азаматтың діни сенім бостандығы құқығын жүзеге асыруы үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған, конфессияаралық келісімді құруға бағытталған бірыңғай стратегия жүзеге асырылуда. Сондай-ақ мемлекет пен конфессиялар арасындағы тиімді ынтымақтастық орнаған.

Діндердің жаңғыруы, бір жағынан, посткеңестік кезеңдегі – постатеистік дамудың ерекшелігімен, екінші жағынан, жаһандық десекуляризация процестерімен байланысты. Діни білімге жеке адамдар тарапынан да, қоғам мен мемлекет тарапынан да үлкен сұраныс болды. Діни қызметкерлердің, әсіресе исламдық бағыттың жетіспеушілігі сияқты олқылықтардың орнын толтыру қажет болды. Кеңес дәуірінде барлық рухани ислам оқу орындары жойылды. Орталық Азия аумағында мұсылман дін қызметкерлері Өзбекстанда дайындалды. Сапалы жергілікті діни білімнің жоқтығы мәселесі халықтың діни сауаттылығының жеткіліксіз деңгейіне әкелді. Көптеген адамдар діни білім іздеп, кейбір жағдайларда деструктивті діни көзқарастарды таратудың көздеріне айналған күмәнді әдебиеттер мен жекелеген уағызшыларға бет бұра бастады.

Сонымен қатар қазіргі күні қыздар мен әйелдердің діни сауатын ашу әлеуметтік үлкен маңызға ие болып отыр. Ислам дінінде бұл функцияны ежелден медреселер атқарып келді. Оны біз тарихтан білеміз.

Әйелдер медресесі – жалпы білім беретін мектептің де, мұсылман теологиялық семинариясының да қызметін қатар атқаратын оқу орны. Мұндай оқу орны ұлдар мен қыздардың жеке оқу процесімен сипатталады. Оқуды бітіргеннен кейін түлектер жоғары оқу орнына, мысалы, университетке түсуге құқылы.

Мұндай оқу орындарының шығу тарихының тамыры Мароккода жатыр, олардың біріншісі сегізінші ғасырдың ортасында ашылған. Кейін, IX-XIII ғасырларда басқа мұсылман елдерінде дами бастады. Медреселер негізінен мұсылмандар тұратын елдерде, соның ішінде Ресей империясында, халықтың үлкен пайызы ислам дінін ұстанатын аймақтарда – Орталық Азияда, Оңтүстік Оралда, Сібірде, Орта Еділ бойы мен Башқұртстанда белсенді түрде ашылып, жұмыс істей бастады. Көбінесе мұндай оқу орындары мешіттер жанынан ашылды. [5, 203;]

Сол кездері Қазақстан аумағында да қыздарға білім беретін екі медресе ашылған:

- Ахмет Риза медресесі — XIX ғасырда Семей қаласында пайда болған оқу орны болып табылады. Оны философия мен ескі шығыс әдебиетіне жетік ғұлама Ахмет Риза қалыптастырған.

Медреседе шәкірттер діни сабақтармен қатар, шығыстың классик ақындарының шығармаларымен, өнерлерімен, араб, парсы тілдерімен танысып, арифметика, география, астрономия, тарих пәндерінен дәріс алған.

Ахмет Риза медресесі шығыс әдебиетін дәріштеп, сол кездегі басқа діни оқу орындарынан әлдеқайда озық саналған. Бұл медреседе ұлы ақынымыз Абай Құнанбаев 3 жыл оқыған. Ақын Абай осында түрік, араб, парсы тілдерін үйреніп, бүкіл шығыс классиктерінің өлеңдерімен, философиялық ойларымен танысып, білімін жетілдірген.

Оның алғашқы өлеңдерінің айқын шығыс ақындары ізімен жазылғандығы содан байқауға болады. [5, 200;]

1993 жылы Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің шешімімен және Мәдениет министрлігінің арнайы хаты бойынша Ахмет Риза медресесі қалалық Абай мұражайы кешенінің құрамына кірді.

«Бағбұстан ханым» қыздар медресесі (Орынбор) — Бағбұстан Момынованың басшылығымен 1910 жылы ашылған медресе. «Бағбұстан ханым» қыздар медресесінде татар, башқұрт, қазақ, қырғыз, өзбек қыздары діни сауат алған. Медреседе он жыл ішінде 1212 шәкірт білім алып, соның ішінде 347 мұғалімдер оқытылды.

«Бағбұстан ханым» қыздар медресесін қалыптастыруға, оның ғылыми жұмыстарына физика мен табиғаттану пәндерінен оқулық жазған Ғұбайдолла Рудин және «Ғалия» медресесін ашқан Зия Камали қол ұшын созған. [7, 18;]

Бүгінгі таңда медреселерді екі түрге бөлуге болады: олардың қайсібірі зайырлы, негізінен бастауыш, орта немесе жоғары жалпы білім беретін мектеп функциясын қайталайды, ал екіншісі ислам дінінің қызметшілерін дайындайтын тек қана діни оқу орны болып есептеледі. Қазақстан зайырлы мемлекет болғандықтан біздің медреселеріміз ортақ ғылыми мемлекеттік стандарттарға сай негізделген.

Қазақстанда және посткеңестік кеңістіктегі елдерде соңғы жылдары әйелдер медреселерін ұйымдастыруға басты назар аударылуда, өйткені әйелдерді шарият мәселелері бойынша оқыту мәселесі бұрынғыдан да өзекті бола бастады. Онда әйелдер намаз, ораза және басқа да шарият мәселелері бойынша білім алып қана қоймай, әйел физиологиясының ерекшеліктеріне байланысты діни рәсім мәселелерін де оқи алады. Ғалымдардың мұндай мәселелер туралы айтуға әрдайым батылы бармайды, өйткені бұл өте нәзік және жеке адам басының тақырыптары. Пайғамбарымыз Мұхаммед ﷺ әдетте әйелдері арқылы мұндай сұрақтарды түсіндіруге ел арасында тырысатын.

Кәсіби діни білім беруді қазіргі таңда ислам, христиан (православие және католиктік) оқу орындары береді. Бүгінгі күні православиелік білімді Алматы теологиялық семинариясында алуға болады, католиктік білімді Қарағандыдағы «Мәрия – Шіркеудің анасы» диокесанаралық жоғары теологиялық семинария береді. Ислам бағытының оқу орындарына «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті мен Алматыдағы Имамдар Ислам институты, сондай-ақ Қазақстанның әртүрлі қалалары мен облыстарындағы 9 медресе колледжі кіреді. Соның ішінде әйелдерге білім беретін топтар Алматы, Шымкент, Астана қалаларында, Алматы мен Түркістан облыстарында орналасқан.

2015-2020 жылдары жүзеге асырылған ҚМДБ медреселерін реформалау жоспарлары, сондай-ақ олардың оқу қызметін жаңа талаптарға сай қайта реттеудің кейінгі кезеңдері оқу орындарының даму векторларына айтарлықтай әсер етті. Медресенің колледж мәртебесіне көшуінің бірінші кезеңі 2016-2017 жылдары жүзеге асырылды, 9 медресенің 5-і тиісті лицензияның иегері атанды (Әбу Ханифа, Ақтөбе, Шымкент, Сарыағаш, Үшқоңыр). Бұл процесс 2020 жылы колледж мәртебесін қалған оқу орындары (Астана, Ғибатулла Тарази, Әбу Бәкір Ас-Сыдық, Орал) алған кезде аяқталды. Осылайша, ҚМДБ-ның 2020 жылға дейінгі діни білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес, қазіргі уақытта барлық отандық медреселер оқу бағдарламалары, штаттық саны және инфрақұрылымы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етті. «0112000 – Исламтану» мамандығы колледж мәртебесін алуды аяқтады.

Әрине, Қазақстанда исламдық орта кәсіптік білім берудің тек бастапқы қалыптасу кезеңінде екенін айта кеткен дұрыс. Білім сапасы мен студенттерге жағдайдың жақсаруында оң өсу реттілігі байқалады. Дегенмен, дәл қазіргі жағдайда діни білім берудің бастапқы даму кезеңі жүйелі қателіктердің алдын алу және білім мен тәрбие жүйесін эволюциялық тұрғыдан жетілдіру мақсатында негізгі мәселелік аспектілерге ерекше, аса мұқият назар аударуды талап етеді.

Айта кету керек, отандық исламдық білім беру жүйесі аталған рухани оқу орындарымен шектелмейді және әртүрлі курстар мен дайындық орталықтарын қамтуы мүмкін. Атап айтқанда, "Қазақстан Мұсылмандарының рухани басқармасы" республикалық ислам діни бірлестігінің (ҚМДБ) білім беру жүйесінде оқытудың мынадай кезеңдерін бөліп көрсетуге болады:

1. Діни сауаттылықты оқыту курстары (мешіттер жанында);
2. Рухани оқу орындарына түсуге арналған курстар (мешіттер, медресе немесе Нұр-Мұбарак университеті жанынан);
3. Құранның кәсіби оқырмандарын даярлау орталықтары (мешіттер жанынан, жекелеген мекемелер);

#### **Әйелдер медреселері не үшін қажет?**

Қазіргі мұсылман әйелі – тамаша үй шаруасындағы әйел, жақсы ана, күйеуіне адал жар, сонымен қатар кәсіби қызметте өзін таныту үшін жан-жақты дамыған, білімді тұлға болуы керек.

Күнделікті өмірде мұсылман әйелі Алла Тағаланың әмірлерін орындап, қарапайым, мойынсұнғыш болуы шарт. Ол өзінің жүріс-тұрысында, киімінде шарият заңдарын білуі және сақтауы, сыртқы келбеті мен басқалармен қарым-қатынас стилін қадағалауы керек. Құдайдан қорқу, ұят пен момындық керемет біліммен, ерекше тәрбиемен, адалдықпен және сапалы кәсіби дайындықпен үйлеседі – міне, қазіргі заманғы мұсылман әйелдерінің үлгісі, қазіргі заманғы әйелдер мұсылман оқу орындарының түлектері өз оқушыларына шет тілдері, үй шаруашылығы, Ислам пәндері бойынша білім беріп қана қоймай, оларды сенімге тәрбиелеуге тырысады, өйткені ол Аллаға мойынсұнушылықты сақтауға, өміріндегі қиын кезеңдерден өтуге, көзқарастарын қалыптастыруға көмектеседі. Қазіргі мұсылман әйелдерде өз балаларын тәрбиелеуге инвестициялай алатын принциптер болуы шарт. Қазіргі заманғы әйелдер медреселері мұсылман қыздарға рухтың төзімділігі мен өз ойларын, азғырулар мен жаман әдеттерге қарсы тұруды үйретеді, демек, қазіргі қоғамның сауығуына жанама түрде ықпал етеді. [4, 25;]

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының медреселерінің қыздарға арналған бөлімдерінде келесі бағдарламалар бойынша тәлім беріледі:

- Ақида (дін);
- Фикһ (ислам құқығы);
- Пайғамбарлар тарихы;
- Сира (Мұхаммед Пайғамбардың өмірбаяны (оған Алла Тағаланың игілігі мен сәлемі болсын)

;

- Құран;
- Араб тілі;

- Әрбір мемлекеттің діни білім беру жүйесінің қалыптасуындағы басымдықтарды бірінші кезекте мемлекет құрушы ұлттың діни қатыстылығы айқындайтыны белгілі. Қазақстандағы ислами білім беру жүйесінің ерте орта ғасырлардан басталған мың жылдан аса тарихы мен тәжірибесі бар. «Қазақстан демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері біз асыл дінімізді тереңірек танып білуге мүмкіндік алдық. «Таза мінсіз асыл тас, Су түбінде жатады. Таза мінсіз асыл сөз, Ой түбінде жатады. Су түбінде жатқан тас, Жел толқытса шығады. Ой түбінде жатқан асыл сөз, Шер толқытса шығады», – дейді Асан қайғы. Осы бір өлең шумағынан санамызға аларымыз, адам шын ниет, зор тебіреніс арқылы ғана жан дүниесіндегі ұлы құдіретті аша алады.

Тарихқа көз жүгіртсек, ерте замандардан-ақ қазақтың небір ғұламалары алдымен сауатын медреселерде ашқан. Ұлы Абайдың да медреседен тәлім алғаны белгілі. Міне, осындай діни оқу ордасының берген білімінің тиянақтылығы, құнарлылығы арқасында ол адамдар қазақтың ірі-ірі ғұламаларына айналды. Жасынан медреседе білім алып, халықтың мақтанышына айналған тұлғалар қаншама?! Олар тарихта өз ғасырының данышпандары атанып қана қоймай, ұрпақтан-ұрпаққа тағылымдық-тәлімдік, білім мен біліктілік мәні жоғары мұралар қалдырды. Олар жайында айтылып-жазылып жүр, дегенмен сол ғұламалар бесігі – медресе туралы көпшілік әрине көп біле бермейді.

Бүгінде медреселер арқылы қыздар мен әйелдерге мемлекеттік стандартқа сай орта кәсіби білім беріледі. Білім алушылар тек қана діни білімін жетілдіріп қана қоймай, негізгі орта білімді игеріп және қосымша маман иегерлірі де болады.

«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислам діни бірлестігі соңғы жылдары Қазақстанда исламдық білім беру жүйесін нығайтуда жоғары табыстарға қол жеткізді. Сонымен қатар, студенттер санының артып келе жатқанын және медресе колледждерінің жаңа мәртебесін ескере отырып, Даму тұжырымдамасын жүзеге асыру барысында қол жеткізілген міндеттердің нәтижелеріне сүйене отырып, оларды одан әрі дамытудың арнайы даму жоспарын әзірлеу қажет сияқты.

Жалпы, Қазақстандағы мұсылмандық білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру үшін «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» тарапынан да, азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар тарапынан да үлкен күш-жігер қажет. Осы уақытқа дейін жоғары білімді, адамгершілігі жоғары рухани дін қызметкерлеріне, тәлімгерлерге, басшыларға сұраныс көп. Ал ұлттың рухани саулығы отандық діни білімнің сапалы дамуына байланысты екені даусыз.

Кәсіби діни білім алудың қыздарға болашақта әсері зор болмақ, өйткені олар біздің келешек ұрпақ жаоғастырушыларымыз. Алдындағы кездерде, мысалы, біздің қазақ қоғамында аралас ұлттық отбасыларда басқа дін мен ұлттардың міні басым болғаны жасырын емес. Оны талай ұлы тұлғаларымыздың ұрпақтарынан көріп отырмыз. Мысалы, Кенесары ханның ұрпағының бірі шіркеудің басшылығына жеткеніне мақтанып жүр. Сондықтан, болашақ ана тәрбиесін мемлекеттік деңгейде дамытқан жөн. Бұл саясатпен біз екі қоянды бір оқпен атуға мүмкіндігіміз бар: біріншіден, қазақ халқының ежелден келе жатқан салт-дәстүріне сай әдет-ғұрыптарымызды дәріптей отырып, болашақ ұрпақтарымызға өнегелі тәрбие беру, соның ішінде жаһандық және көршілес мәдениеттердің теріс ықпалдарына уақытылы төтеп беру. Екіншіден, қазіргі кездегі түрлі теріс діни ағымдардың жолын төтеп, дәстүрлі, ежелден ұстанатын, «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» саясатындағы Ханафи мазхабымыздың аясын жетілдіру және кеңейту.

Ата-бабаларымыз «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп айтқаны осы болашақ ел аналарының дұрыс тәрбиесі мен білімінің дамытуын ең алдымен меңзегені деп білемін!

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Бейсенова А. М., Иванович С. К. РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ МЕЧЕТЕЙ Г. АЛМАТЫ В 19 20 ВЕКАХ //Наука и образование сегодня. – 2022. – №. 4 (73). – С. 60-63.
2. Дербисали А. The Thinker of Otrar Province //Journal of Oriental Studies. – 2020. – Т. 92. – №. 1. – С. 14-25.
3. Kartabayeva E. T. ЖӘДИДШІЛДІК–XIX-XX ҒАСЫРЛАР МЕЖЕСІНДЕГІ ИСЛАМДЫ МОДЕРНИЗАЦИЯЛАУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚОЗҒАЛЫС //ХАБАРШЫ. – 2019.
4. Мустафина Р. М. Мечети и медресе в Западном и Восточном Казахстане (конец 1990-х-начало 2000-х годов) //ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ. – 2018. – Т. 1. – С. 56.
5. Mustafina, R. M. "Mosques and medresses in western and eastern Kazakhstan (the late of 1990th–the early of 2000th years) Мечети и медресе в Западном и Восточном Казахстане (конец 1990-х-начало 2000-х годов). Батыс және Шығыс Қазақстан өңірлеріндегі мешіттер мен медреселер (1990 ж. аяғы–2000 ж. басы)." (2020).

6. Абзалов Е. А. ОСОБЕННОСТИ РЕЛИГИОЗНОГО ОБРАЗОВАНИЯ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В КОНЦЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВЕКА FEATURES OF THE RELIGIOUS EDUCATION IN THE KAZAKH STEPPE AT THE END OF XIX, BEGINNING OF THE XX CENTURY //Международная научно-практическая конференция «Опыт исламоведческих исследований в контексте возрождения и развития отечественной богословской школы»: сборник научных докладов. – 2019. – С. 388.
7. Каримов М. А., Асхадула К. К. МЕДРЕСЕ «ГАЛИЯ» И ЕЕ РОЛЬ В РАЗВИТИИ ПРОСВЕЩЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ //Печатается решением Ученого совета Института языка, литературы и искусства им. Г. Ибрагимова АН РТ. – 2020. – С. 156.
8. Кусаинов Д. У., Аюпова З. К. СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ ИСЛАМСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ТЕОРЕТИКО-МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ И ФИЛОСОФСКИЕ ОСНОВЫ ESSENCE AND CONTENT OF ISLAMIC EDUCATION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: THEORETICAL-METHODOLOGICAL //Международная научно-практическая конференция «Опыт исламоведческих исследований в контексте возрождения и развития отечественной богословской школы»: сборник научных докладов. – 2019. – С. 464.
9. Алгожаева Н. С., Кыякбаева У. К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ МЕН АҒАРТУ ЖҮЙЕСІНІН ДАМУЫ //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2021. – Т. 72. – №. 4. – С. 41-47.
10. Досанова Г. М. Городские женщины в хиджабе. Новый феномен в Казахстане? //Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Социология. – 2019. – №. 3. – С. 5-11.
11. Баубекова, Гульзамира Джураевна. "Педагогическое наследие женщин-просветительниц центральной Азии конца XIX—начала XX вв." (2019).
12. Липина Т. А., Шаповал Ю. В. Религиозное образование в Казахстане: вызовы пандемии COVID-19 //Вестник Санкт-Петербургского университета. Философия и конфликтология. – 2021. – Т. 37. – №. 2. – С. 352-368

#### АЛҒАШҚЫ ЖАЗЫЛҒАН ТӘПСІР ЕҢБЕКТЕРІ

*Исламтану, 2 курс магистранты Д. Сайлауұлы*

*Ғылыми жетекші: доцент м.а., PhD Мұқан Н.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аннотация:** Ғылыми мақалада тәпсір ұғымы қысқаша беріліп, Құранның алғашқы тәпсір еңбектері жайлы және оны бірінші болып хатқа түсірген авторлар анықталатын болады. Сонымен қатар тәпсір еңбектерінің жалпы Құран аяттарының мән-мағынасын дұрыс түсінудің қоғамға тигізетін әсері мен маңыздылығына теориялық талдаулар жүргізіледі. Ислам тарихындағы алғашқы және кейінгі ғалымдардың зерттеулері бірінші болып осы тәпсір саласына басымдылық берілетін. Өйткені Құрандағы мухаммад (мағынасы ашық) және муташабиһ (мағынасы көмескі) аяттарды дұрыс түсіну арқылы барлық ғылымға жол ашылатын болған. Сондықтан тәпсір саласында зерттеу жүргізетін ғалымға осы саладағы жазылған еңбектер мен авторларды білу маңызды болып табылады. Көптеген тәпсірші ғалымдар өздерінен алдын өткен муфассиршілердің еңбектеріне сүйеніп отырған. Тізбек ретінде жалғасып келе жатқан бұл сала күні бүгінге дейін осы әдіснаманы сақтауда. Қоғамда туындап жатқан қайшылықтар Құранды дұрыс түсінбеу салдарынан өршіп келеді. Бұндай теке-тірестер елдің болашағына, бірлігіне әсер етпей қоймайды. Әр нәрсенің бастау алатын негізгі принциптері болады. Алғашқы принциптер нәтижесінде көптеген ғылыми тұжырымдар қалыптасады. Тәпсір саласындағы көптеген еңбектер алғашқы өзектің жемістері болып табылады.

**Түйін сөздер:** тәпсір, автор, муфассир, сахиға, алғашқы

#### Кіріспе

Тәпсір сөзінің тілдік (لغة) мағынасы- « сөздің мағынасын ашу, түсіндіру, баяндау»,- деген мағыналарға саяды. Араб тілі кітаптарында тілдік мағынасы былай келтірілген. **التفسير في اللغة: الفاء والسین والرأء كلمة واجدة تدل على بيان شيء وإيضاحه** **والتفسير كشف المراد عن اللفظ المشكل** «Тәпсір дегеніміз- түсініксіз, анық емес сөздің өрісін, мақсатын ашып беретін термин».

Ал, терминдік (اصطلاحاً) мағынасы – «Тәпсір ілімі- Құран ғылымдарының бірі және Мұхаммедке(с.ғ.с) түсірілген Аллаһтың кітабын түсінуге және оның мағынасын ашып, үкімдері мен даналықтарын шығарып беруге көмектесетін ғылым» [1, 15 б.].

علم التفسير هو احد علوم القرآن. ويشتمل على معرفة فهم كتاب الله، المنزل على نبيه المرسل (صلى الله عليه و سلم)، و بيان معانيه، واستخراج احكامه و حكمه

«التفسير في الاصطلاح: بيان معاني القرآن الكريم».

Яғни , Тәпсір ғылымы-Құран Кәрім аяттарының мағыналарын түсіндіретін ілім.

Құран аяттарының, кіріспе де айтылып өткендей мағыналары анық келмеген аяттардың түсінігін тәпсірсіз түсіну мүмкін емес. Тәпсір саласы Құран ғылымдарынан тармақталып шыққан ілімдердің бірі. Сонымен бірге тәпсірлік мағынада жеткен хабарларды қамтй алады. Тәпсірдің бірнеше түрі және ұзақ жылдық тарихы бар мектептері де бар. Тәпсір ілімінің де ішіне қамтыған алуан түрлі салалары бар. Мысалы: Әсбабу ән-Нузул, Насх және Мансұх, Меккелік немесе Мәдиналық, фикһтық үкімдері, Құранның Иғробы, Бәләға, Мұхатабаттардың түрлері, Фауасилдер, сүрелер мен аяттар арасындағы байланыстар тағыда басқа салалары бұрынғы және қазіргі дәуірдегі тәпсір кітаптарының ішінен табылады.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) өмір сүрген дәуірінде Ислам ғылымдары немесе пәндері теориялық тұрғыда болғанымен, қазіргі кездегідей классификацияға түспеген болатын. Оның, да өзіндік маңызды себептері болған. Басты себептерінің бірі- Құран аяттарның түсуі пайғамбар (с.ғ.с) өмірінің аяғына дейін жалғасуы мен сол замандағы Құран төңірегіндегі ғылымдардың қажеттілігі туындамауы еді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) алғашында Құраннан басқа еш нәрсе жазуға рұқсат бермеген. Аллаһ елшісі ол турасында мына хадисінде былай деген:

«عن أبي سعيد الخدري أن رسول الله -صلى الله عليه وسلم- قال: «لا تكتبوا عني، ومن كتب عني غير القرآن فليئمه، وحدثوا «عني ولا حرج، ومن كذب عليّ -قال همام: أحسبه قال: مُتَعَمِّدًا- فليئبوا مَقْعَدَهُ مِنَ النَّارِ».

Әбу Сағид әл-Худриден риуаятетілген хадисте.Пайғамбарымыз (с.ғ.с) бұл хадисінде: «Менен бір нәрсе жазбаңдар. Кім менен Құраннан басқа бір нәрсе жазған болса жойсын. Менен естігендеріңді жеткізіңдер. Күна арқаламайсыңдар. Кімде-кім менің атымнан әдейіліп жалған сөйлесе,өзіне тозақтан орын дайындай берсін»,–деп келеді[2, 70 б.]. Муслим риуаят еткен.

Ғалымдардың көзі алдымен тәпсір ғылымына түскен болатын. Өйткені тәпсір- барлық діни ғылымдардың негізі. Тәпсір-Құран аяттарының мағынасын зерттейтін ғылым ретінде Құран ілімдерінің бір саласы ретінде қалыптасқан. Сонымен қоса, тәпсір саласында «Ғариб -Құран», «Насих пен мансұх», «Әсбәбу ән-нузул» сияқты Құран ілімінің саласы болып табылатын тараулар да қамтылған. Өйткені бұл тарауларды білмей тұрып тәпсір ғылымын түсіну және меңгеру мүмкін емес. Ерте кезде жазылған тәпсір кітаптары Құран ілімдерінің басты дерек көзі болып табылған. Сондықтан, Тәпсір ілімі мен Құран ілімдері бір-бірімен өте тығыз байланысты.

Тәпсір саласы осындай сындарлы сағаттардан өтіп барып жүйелі түрде қалыптасқан. Тәпсір ғылымы бір күнде, бір айда немесе бір жылда ғана қалыптаса салған ғылым емес. Бәлки, сан ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ілім. Бұл ілімді дамытуда тәпсірші ғалымдардың еңбегі өте зор. Кез-келген адам құранды ашып алып тәпсірлеуге дәрежесіде және құқығыда жоқ. Құранды тәпсірлейтін ғалымға қойылатын міндетті шарттар бар.

Ғалымдар, құранды тәпсірлегісі келген муфәссирге төмендегі бір топ ғылым салаларын жетік меңгеру керек екенін шарт еткен. Бұл ілімдерді меңгерген муфәссир ғалым Құранды тәпсірлеген кезде түрлі қателіктерге ұрынбайтын болады. Сонымен қоса, Аллаһ Тағалаға қатысты ілімсіз қандайда бір сөз айтудан қорғайды. Ол ілімдер мыналар:

1-Тіл ғылымы (علم اللغة): Сөздердің мағынасын және синонимдерін орындарына сай ашықтай білуге мүмкіндік береді.

2-Синтаксис ғылымы (علم النحو): Бұл ілімді меңгерудің себебі, мағыналар граматикалық талдауға (اعراب) байланысты түрленіп, өзгеріп отырады. Сондықтан оны міндетті түрде жетік білуі тиісті.

3-Морфология ғылымы (علم الصرف): Өзгермейтін сөздер түрі және қалыбы осы ілім арқылы танылып білінеді.

4-Этимология ғылымы (علم الاشتقاق) Есім сөздің сөз жасамы қарама-қайшы екеу болса олар әр түрлі болып келеді.

5,6,7-Шешендік өнер немесе Риторика (علوم البلاغة الثلاثة) Бұл үш ілім: Бәдиғ(поэтика), бәиән (стилистика), мәғани (риторика) ілімдерін қамтйтын Бәләға ғылымы. Бәдиғ ілімінде- сөздердің кемел, көркем бейнелері білінеді. Бәиән ілімінде- құрлымның сипаттары, яғни сөздердің мәні жағынан ашық және құпия, әртүрлі болуын анықталады. Мәғани ілімінде – құрлымның сипаттары мағыналы түсінік беріу тұрғысын әртүрлі болуын қарастыратын ғылым.

8-Ақида және Кәләм ғылымы (علم الكلام او علم اصول الدين): Аллаһ Тағала үшін рұқсат етілген, міндет және мүмкін емес болған сипаттар, пайғамбарлық, ақырет секілді мәселелерге қатысты – муфәссирде дұрсы сенім болуы тиісті. Барлық аят-хадистерді тұтас қарастырып барып тәпсірлеуі



тиіс. Мұташабиһ аяттарды құранның ірге тасы болған Мухкам аяттардың негізінде түсініу және ашықтау үшін бұл ғылымға жүгінбеген жағдайда, діннің негізгі ұстындарында жаңылысу болады.

9-Фикһ негіздері ғылымы (علم أصول الفقه): Аяттардан діни үкімдерді қалай шығару керек екендігінің әдістерін көрсететін бұл ілімде ұғымдардың жалпылама және түсіндірме, егжей-тегжейлі, жалпы не шектеулі мағына, қандайда бір шектеумен шектелмеген әрі сол себепті көп мағына мен әртүрлі болуы мүмкін, жорамал жасалған, үкімі жойылған, үкімін жойған деген сияқты тармақтар осы ғылым арқылы танылады.

10-Аяттардың түсу себептер ғылымы (علم أسباب النزول): Аяттардың қандай жағдайға байланысты түскендігін, кейбір аяттар сырттай қарағанда бір-бірімен неге қайшы көрініп тұрғандығын анықтап беретін ғылым.

11-Қырағат ғылымы (علم القراءات): Құран Кәрімде біршама сөздер әртүрлі қырағатта оқылып, бұл жағдай әртүрлі мағыналардың туындауына себеп болған.

12-Тарих және қоғам ғылымы (علم القصص): Адамзат баласы душар болған тарихи оқиғаларды қарастырады. Аллаһ Тағала соңғы кітіп етіп түсірген Құранда бұрынғы өткен қауымдардың кітаптарында айтылмаған нәрселерді баяндағын. Сонымен қатар, алдыңғы өткен қауымдардың қиссаларын, олардың иләһи заңдарын келтіреді. Құран ол қиссалар жайлы мұқият хабар береді.

13-Насых және Мансұх ғылымы (علم النسخ و المنسوخ): Шарифат үкімінің кейіннен келген екінші бір шарифи үкіммен жойылуы. Алғаш түсіп, үкімі жойыған мәтін «Мансұх» деп аталса, кейін келіп, алдыңғы аяттың үкімін жойған мәтін «Насых» деп аталады.

14-Хадис ғылымы (علم الحديث): Жалпылама аяттарды және олардың анық емес тұстарын Пайғамбарымыздың сүннеті ашықтап береді.

15-Мәуһибә ғылымы (علم الموهبة): Өзінде бар білімге амал еткендерге Аллаһ Тағаланың илхәм арқылы көрегендік пен дарындылықты нәсіп етуі. Кәфияжи осы ілімді қосымша етіп қосқан болатын. Пайғамбарымыз бір хадисінде: «Кімде-кім білген нәрсесіне амал етсе, Алла оған білмеген нәрсесін үйретеді», - дейді. [3/53,54 б.]

### Алғашқы тәпсір жазбалары

Тәпсірдің жалпы қалыптасуын 5 қадаммен ықшамдап түсіндіретін болсақ бізге өте түсінікті болады. Сонымен бірге тәпсірдің ретке келтіріліп жазылу кезеңінде біле аламыз.

1. Тәпсірдегі алғашқы қадам (الخطوة الاولى للتفسير). Алла елшісі (с.ғ.с), сахабалар және табиғиндар кезеңінде бір-бірінен риуаят жолымен өрбіп отырды.

2. Екінші қадам (الخطوة الثانية). Сахаба және табиғиндар кезеңінен кейін, яғни әтбағу-Табиғиндар кезеңінде хадистің тәдуин кезеңі басталған болатын. Бұл өз кезегінде Алла елшісінен (с.ғ.с), сахабалардан және табиғиндардан жеткен тәпсірге қатысты мәліметтер жинақталды. Құранды басынан аяғына дейін сүре-сүре бойынша немесе аят-аят бойынша арнайы жеке тәпсірлейтін іс қолға алынбағанымен белгілі бір топ ғалымдар алғашқы үш ғасырдан тәпсір төңірегінде келген риуаяттарды жинаған. Олар: Йәзид бин Һәрун әс-Суләмий (117 ө.ж.һ), Шұғбә бин әл-Хужжәж (160 ө.ж.һ), Уакиғ‘ бин әл-Жаррах (197 ө.ж.һ), Суфиян бин ‘Уиәинә (198 ө.ж.һ), Раух бин Ғибадәту әл-Басрий (205 ө.ж.һ), Абдурраззақ бин Һәммәм (211 ө.ж.һ), Әдәм бин әби Ййәс (220 ө.ж.һ), ‘Абд бин Хамид (249 ө.ж.һ) тағыда басқа хадис жинаушылар, тәпсірді де жинақтаған.

3. Үшінші қадам (الخطوة الثالثة). Бұл қадамда тәпсір хадистен жеке дара бөлініп, Құрандағы әрбір аят реттелген түрде тәпсір кітабына түсті. Бұл жұмыс мына бір топ ғұламалардың қолынан өтіп барып толық тәмәмдалған еді. Ол ғалымдар мыналар: Ибн Мәжә (273 қ.ж.һ), Ибн Жәрир әт-Табари (310 қ.ж.һ), Әбу Бәкір бин әл-Мунзир ән-Нисабури (318 қ.ж.һ), Ибн әби Хатим (327 қ.ж.һ), Әбу әш-Шейх бин Хиббән (369 қ.ж.һ), әл-Хаким (405 қ.ж.һ), Әбу Бәкір бин Мәрдуәйһ (410 қ.ж.һ) тағыда басқа осы іске үлес қосқан ғалымдар.

4. Төртінші қадам (الخطوة الرابعة). Риуаят тәпсір шекарасынан ары асып кете қойған жоқ. Сәнәдпен және сәнәдсіз жеткен риуаяттар тәпсірге түсіп, тәпсірде жалған хабар мен исраилиаттардың хабарлары орын ала бастады.

5. Бесінші қадам (الخطوة الخامسة). Бұл ең ауқымды қадам болып табылады. Аббаси ғасырынан бастап біздің күнімізге дейін жалғасып жатқан ұзын сонар тәдуин кезеңі.

Тәпсір еңбектері мен жазбалары алғашқы «Сәләф Салихиндар» өмір сүрген алғашқы үш ғасырда жүйелі түрде қалптасып толықтай хатқа түспеген болатын. Дегенмен толқтай болмасада кейбір сүрелердің тәпсірі қағаз бетіне түскен еді. Хадис сахифаларының болғаны тәрсізді, Құран сүрелерінің кейбірінің тәпсірі болған. Белгілі бір кезеңге дейін тәпсір хадистің көлеңкесінде қалып

келгенін айтып өткен болатынбыз. Кутбу ситта жазылған ғасырда осы алты хадис кітаптарының ішінде тәпсір кітабы деген бөлімде орын алып отырған.

Ең алғашқы жазылған тәпсір төңірегінде ғалымдар арасында әртүрлі пікір бар. Мысалы док. Мұхаммед Хусейн әз-Зәһаби «әт-Тәфсир уәл-Муфассирин» атты еңбекте былай дейді: «Құран тәпсірін алғаш болып жүйелі тәртіппен жазылған еңбекті білу оңай емес».

Ибн Нәдимнің айтуы бойынша: Әл -Фарра (207 ө.ж.һ) Құран аяттарының баршасын бір тәртіппен мұсхафқа алғаш болып жинаған дейді. Әл-Фарра асхабтарына былай дейді: «Жиналындар Құранды сендерге кітап ретінде жатқа жаздырайын деп, бір күнді оларға арнайы тағайындайды. Сөйіп шақырған адамдар келіп, әл-Фарра алдыға шығады. Осы жиналыста болған бір кісі азан айтып, адамдармен намаз өткізеді. Оған әл-Фарра бұрылып былай дейді: « Сен Фатиха сүресін оқы, біз оны тәпсірлейміз. Кітаптың барлығын толықтай осылай істейміз. Жаңағы кісі оқыйды, әл-Фарра тәпсірлейді»[4, 105-106 б.].

Бұл турасында Әбу-Аббас былай деп баға берген: «Одан (Әл-Фарра) дан алдын ешкім бұлай істемеді. Одан біреу озып кетті деп есептей алмаймын», -деген.

Бірақ Ибн Нәдимнің келтірген бұл ибарасы қатығы емес. Яғни әл-Фарра әуелгі емес деген түйін шығады деген.

Осы тұста мына бір нәрсені ажыратып алған дұрыс. Құран тәпсірін жүйелі түрде алғаш жазған кім екенін және алғаш болып хатқа түсірген кім болғанын. Хатқа түсіумен реттілікті шатастырып алмауымыз керек.

Бұл ой өте бір нәзік ізденісті талап етеді. Бізден алдын өткен Ибн Аббас р.а тәпсір тәлімін үйренген шәкірттеріне тәпсірді көп жаздыратын еді. Осы шәкірттері тәдуин жасады деуге де болады. Бірақ тәртіппен емес болуы мүмкін.

Ибн Жәрир Әби Мәликадан жеткізген сәнәд бойынша былай деген: «Өзімен бірге Құранның тәпсірін жазатын тақтасы бар, Ибн Аббастан сұрау сұрап отырған Мүжәһидті көрдім. Сөйтіп Ибн Аббас оған «Жаз» деді. Тәпсір жайлы барлығын одан сұрап білді деді Ибн Жәрир сөзін аяқтап.

Алғашқы тәпсір жазбасы туралы бізге жеткен тағы бір дерек бар. Әл-Хатиб әл Бағдәди Мұса бин Уқба тізбегімен риуаят еткен хабарында былай келтірген: « Бізге Ибн Аббастың кітаптары артылып қиналған бір атан түйені әкелді. Сонда Әли бин Абдулла бин Аббас содан бір кітапты қалаған еді. Оған (Мұса бин Уқбаға) маған осындайда, осындай сахифаны жібер деп жазған. Бірден сол сахифаны көшіріп жазып оны жіберген екен» [4, 106 б.].

‘Ата бин Динар Сағид бин Жубәйрден бір сахифа риуаят еткен. Бірақ бұл оның одан тәпсірді естіді дегеніне дәлел емес. Әбу Хатим былай дейді: «Ол тәпсірді Диуаннан алды. Ол кезде Абдулмәлик бин Мәруан (86 ө.ж.һ) болған. Ол Сәғид бин Жубәйрден өзіне Құранның тәпсірін жазып беруді сұраған. Сөйтіп Сәғид бин Жубәйр бұл тәпсірді жазған. Бұл жазбаны ‘Ата бин Динар Диуанда тауып оны алып, Сәғид бин Жубәйрге жөнелткен».

Осы нұсқа бізге ашықтау. Сәғид бин Жәбир Құран тәпсірін бір кітапқа жинаған. Осы кітаптан ‘Ата бин Динар алған. Сағид бин Жубәйр (94-95 ө.ж.һ) деп алғанда ол жазбасын Абдулмәлик Мәруан һижри 86 жылы өлместен алдын жазғандығында күмән жоқ[4, 106-107 б.].

Жоғарыда Құран тәпсірі кітап ретінде толыққанды жарық көрмегенімен хадис тәрізді сахифа ретінде жазылған еңбектер болған деп айтқан едік. Бұл сахифаларды тәпсір кітаптарының алғашқы бастамасы және тұңғыш жазылған еңбек ретінде қарастыруға болады. Тағы да бір айта кететін нәрсе Құран ілімдерінен алдын тәпсір пайда болған. Ғалымдар жазған еңбектерін тәпсір атауымен атаған және басқа да ғалымдар ол еңбектерге тәпсір кітабы деген атау бергендері туралы дерек бар.

Ендігі тұста осы алғашқы сахифаға және оның авторлары мен жетіу жолына тоқталып өтсек. Әлин бин Талханың Ибн Аббастың р.а тәпсірін жеткізген сахифасы, арнайы бір жүз ретінде қалыптасқан Әбу Рауқтың жеткізген риуаяты, үш бөлім ретінде Мұхаммед бин Сәури ибн Журайдждан риуаят еткен бөлімдері. Бұл жүздер осы сахифаға тікелей қатысты [5, 42 б.].

Алғашқысы Әли бин Талханың ибн Аббастан жеткізген сахифасы. Бұл еңбек ибн Аббастың тәпсірі Әли бин әби Талханың сахифасы деп аталған. Автордың өмірі мен іліміне тоқтала кетсек, оның туған жылын тарихшылар нақты анықтай алмаған. Дегенмен зерттеулер нәтижесі мына деректерді алға тартады. Ислам тарихында ұзақ жыл билік құрған Әмәуия (41-132 h) мен Аббасия (132-656 ) халифаттықтары тұсында өмір сүрген. Әмәуия халифаларынан көбін көріп үлгірген және Аббасия халифаларынан Әбу Аббас Абдуллаһ (Абу Абдулла ас-Саффах ) пен Абу Жағфар әл-Мансур сынды екі халифты көріп өткен дейді[7, 11 б.].

Әли бин әби Талханың сахифасына көшетін болсақ, ол ғалымдар арасында тәпсірде мәшһүр болған сахифалардың бірі. Тіпті оны Имам Ахмад бин Ханбал (241 ө.ж.һ) ілім талабаларына насихат еткен. Бұл тәпсір ибн Аббастан жазып алынған алғашқы риуаяттардың бірі. Бұл сахифаның негізі

өте күшті. Оған имам Бұхари, әт-Табари, ибн әби Хатим, ибн Мунзир сынды мәшһүр ғұламалар негіз ретінде сүйенген.

Мысырда бірнеше рет; «Тәнуирил миқбас мин тәфсирбни Аббас» (تنوير المقباس من تفسير ابن عباس) деген атаумен, Әбу-Таһир Мұхаммед бин Яғқуб әл-Фируз Әбәдийдің жинақтауымен басылып шыққан. Бақара сүресінен басталып тәпсірленген[7, 54 б.].

Тәпсір бөлімі немесе бөлімдер болып ықшамдалып келген әбу-Рауқтың тәдуині. Толық есімі Әбу-Рауқ А'тия ибн Харис әл-Һәмдәни. Үлкен табиғиндардың бірі. Ибн Жәрир жүзден көп риуаят шығарса, ибн әби Хатим өзінің басып шығарған тәпсірінде үш жүзден артық риуаятты келтірген.

Үшінші тәпсір сахифасының авторы Мұхаммед бин Сәур әс-Сунғаний (190 ө.ж.һ). Ибн Жураидж және Ма'мар бин Рашид, Яхиа бин әл-'Алләу әр-Рази және Ауф әл-А'ғраби сынды ғұламалардан риуаят алған. Мұхаммед бин Сәур Ибн Жүрейджтен ол Ибн Аббастан жеткізген үлкен үш бөлімдік тәпсір риуаяты бар. Осы үш бөлімнен Әл-Хужжаж бин Мұхаммед бір жүзін риуаят еткен. Бұл бөлімнің дұрыстығына ешқандай талас жоқ.

Тәпсір хадистен жеке дара бөлініп, Құрандағы әрбір аят реттелген түрде тәпсір кітабына түсті. Бұл жұмыс мына бір топ ғұламалардың қолынан өтіп барып толық тәмәмдалған еді. Ол ғалымдар мыналар: Ибн Мәжә (273 қ.ж.һ), Ибн Жәрир әт-Табари (310 қ.ж.һ), Әбу Бәкір бин әл-Мунзир ән-Нисабури (318 қ.ж.һ), Ибн әби Хатим (327 қ.ж.һ), Әбу әш-Шейх бин Хиббән (369 қ.ж.һ), әл-Хаким (405 қ.ж.һ), Әбу Бәкір бин Мәрдуәйһ (410 қ.ж.һ) тағыда басқа осы іске үлес қосқан ғалымдар.

### **Қорытынды**

Тәпсір еңбектері жазылған уақтысында сол қоғамдағы кездесетін мәселелерге әсерін тигізді деп айта аламыз. Жаңадан тарих саханасына шығып жатқан саяси, ақидалық, фикһтық мәзһабтарға қарсы жауаптар осы тәпсір еңбектерінде қамтылып жатты. Илам тарихын қарайтын болсақ көптеген ағымдар мен жамағаттар Құран мәтіндерін дұрыс түсінбегендіктен пайда болып отырған. Жәбриә, Қадария, Мушәббихә сынды ертеректе пайда болған топтар аяттардың беткі мағынасын ала отыра ислам әлемінде жаңаша бір түсінік қалыптастырып, белгілі бір мөлшерде мұсылман жамағатын соған сендірген.

Тәпсір еңбегі арқылы ақиқатқа шақырып, Құран аяттарының мағынасын ашып беру. Сүйіншілеген жерінде қуандырып, үрейлендірген жерінде Алланың уағдасын еске салып адамды ғафлеттіліктен ояту.

- Құран тәпсір арқылы қоғамда тыныштықты сақтау. Бөлініп, ірткі салудан мұсылман жамағатын сақтап, ауызбіршілікте ұстау.

- Құран тәпсір еңбектері арқылы аяттарда меңзелген, астарлы мағыналарды тауып, оны қазіргі заманға қатысты болса ғылыми түрде дәлелдеу арқылы, ғылымның дамуына үлес қосу.

Пайғамбарымыз (Алланың сәлемі мен салауаты болсын) ғасырынан бастап қазіргі кезеңге дейін өте көп ғалымдар өткен. Ол мүмкін миллион немесе миллиард шығар.

Бір қызығы осындай көптеген ғалымдардың арасынан Құранды сөзбе-сөз түсінеміз деген 5 ғана ғалым болған. Соның нәтижесінде мұсылмандар тәшбихке барып ұрынған. Ол бес ғалым мыналар: Әбу Дәуд Заһири (200-270 һ) және оның ұлы Әбу Бәкір Мұхаммед бин Дәуд әз-Заһири (255-297 һ), Ибн Таимия (661-728 һ) оның шәкірті Ибн Қайюм (691-751 һ), Имам Мұхаммед әл-Әмин әш-Шанқити (1905-1974 м).

Бұл пікірдің мысалы дария тұрып жанынан құдық қазғанға ұқсайды. Ислам шарияты қашанда көпшілікті жамағатты қолдайды. Бұл қазақ қоғамында өте маңызды әрі қатысты болып табылады. Жоғарыдағы аталған бес адам ғалым ретінде танылған. Ал, ғалым деп танылмаған Құранды сөзбе-сөз түсінетін қарапайым жамағат қатары біршама деп айта аламыз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Сабир әл-Мәшрфий, Су'д әл-Хули, Әбу-Уәис Махмуд. . Әт -Тәкәллум ( التکلم فوق المتوسط ) – Мысыр/Кайр: Дару ән-Нил, 2015. – 157 б.
2. Хазим Сағид Хайдар. Улумул Құран бәйнәл бүрһән уәл итқан. – Мәдина: Дару әз-Зәмән, 1427. – 820 б.
3. Мұхаммед Хусейн әз-Зәһаби. Ғилму ат -Тәфсир. – Кайр: Дарул-мағариф, 1119. – 89 б.
4. Мұхаммед Хусейн әз-Зәһаби. Ат-тәфсир уәл-муфассирин 1-том. – Кайр, 1976. – 348 б.
5. Мұхаммед Хусейн әз-Зәһаби. Улуму әт-тәфсир. – Кайр: Дару әл-ма'ариф, 1119. – 79 б.
6. . Рашид Абдулмунғим әр-Ражал. Тәфсру ибн Аббас Сахифату Әли бин Талха 1-басылым. - Бейрут, 1411һ-1991м. -560 б.

## ДІНИ КОММУНИКАЦИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘСЕР МЕН МАНИПУЛЯЦИЯ

*Дінтану, 2 курс магистранты Олжабай Н.Б.  
Ғылыми жетекші: аға оқытушы, PhD Мұқан Н.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

**Андатпа:** Қоғамның діни коммуникация, манипуляция проблемалардың өзектілігін, оларды ғылыми тұрғыдан зерттеудің жоғары практикалық маңыздылығы мен жеткіліксіздігін, сондай-ақ ғылымның дамуындағы перспективалық тенденцияларды ескере отырып, қазіргі жағдайда діни тұлғаға әлеуметтік ықпал ету мәселесіне зерттеу жүргізілді.

**Кілт сөздер:** манипуляция, қоғам, дін, тұлға, адаптация

Жеке тұлғаның санасына әлеуметтік әсер ету проблемалары тұрғысынан әлеуметтік, психологиялық, заң ғылымының бағыттары, бір жағынан, діни тұлғаға сыртқы әлеуметтік әсер ету қалай жүзеге асырылатынын және оның қандай салдарға әкелетінін анықтауға тырысты, бұл процестерге осы уақытқа дейін адамға әлеуметтік әсер ету теориясын қалыптастыру аясында жинақталған маңызды теориялық багажды ескере отырып, өлшенген баға беру қажет болды. Діни тұлғаға әлеуметтік әсер ету мәселелерін ғылыми зерттеудің осы кезеңіндегі басты қиындық, көптеген бағыттар мен зерттеулер алдын-ала белгіленген мақсаттарға жету және әлеуметтік тапсырысты орындау құралы ретінде қолданыла бастағанын айту керек. Бір жағынан, белгілі бір діннің әлеуметтік ықпалының нәтижелері осы діннің қай лагерьге жататындығына байланысты бағалайтын көптеген жұмыстар пайда болды.

Екінші жағынан, бұл процесс ғылыми негізделген сынмен қатар жүрді, бұл ізденістің ғылыми тексерілген әдістемелері мен процедураларына жүгіну және әлемді "өздеріне" және "бөгделерге" дихотомиялық бөлу шеңберінде мәтіндерді құрастырудан бас тарту қажеттілігін көрсетті.

Бұл еңбектердің басты ерекшелігі - "бөгделер" лагерінің дінінде қолданылатын жеке тұлғаға әсер ету стратегиялары, сананың жұмысын болдырмайтын технологиялар арқылы адамдардың психикасына әсер етуге тырысатын, агрессивті сыртқы күштердің ерік-жігерін орындауға бағытталғандығын, олардың құрбандары ерік-жігерінен айырылып, басқалардың бақылауында болатынын дәлелдеуге ұмтылу болды.

Жаңа діни ағымдағы жеке тұлғаны бақылау құралдарының бірі-сөзді пайдалану, көндіру әдістерін және өзін-өзі сендіруді қолдану. Сөз адамның мінез құлқына, өмірлік белсенділігін өзгертуі терең әсер ете алатын өте күшті және көп қырлы психологиялық тітіркендіргіш. Ауызша әсер ету оң және теріс шартты рефлексті ынталандырудың мағынасына ие болуы мүмкін, оны адамның пайдасына да, зиянына да қолдануға болады.

Орта ғасырларда христиандар зиярат ету орны ретінде қарастырған орындар өте аз болды. Ең маңызды қажылық орны Иерусалимнен басқа, Ыстамбұл (Константинополь) да қасиетті жәдігерлердің негізгі орталығы болып саналды. 1204 жылы кресшілердің қорқынышты басқыншылығына дейін Ыстамбұлдың қасиетті жәдігерлері шығыс пен батыс қажыларын

<sup>11</sup> Бернадётта Субиру — католическая святая, известна благодаря тому, что по её уверениям, ей являлась Дева Мария. Явления были признаны Католической церковью подлинными и превратили Лурд в место массового паломничества.

<sup>12</sup> [www.wikipedia.org/wiki/Носа-Сеньора-ди-Фатима\\_\(Лиссабон\)](http://www.wikipedia.org/wiki/Носа-Сеньора-ди-Фатима_(Лиссабон)) Португалиядағы Лиссабонның солтүстік-шығысында орналасқан маңызды қажылық орталығы.

қызықтырды. Қаладағы қасиетті жәдігерлердің бірі саналатын «Тікен тәжі» қаржылай қиын жағдайға тап болған латын императоры Францияның Сен-Луисіне сатып, Сент-Шапельдің зергерлік жәшігінде сақтаған. Батыстағы сияқты Шығыста да кейбір әулиелердің бейіттері ең маңызды зиярат орталықтарына айналған. Мысалы, Франциядағы Сент-Мартен мен Сен-Дени, Англиядағы Сент-Кютебер мен Сент-Томас канторбериялық, Италиядағы Сен-Франсуа мен Сен-Николас, Киевте үңгір әкелері (Перес де Грот) сияқты қайраткерлердің бейіттері маңызды орынға ие. Әулиелердің қабірі бар христиан ғибадатханалары бастапқыда христиандардан жаулап алған мұсылман жерлерінде болған. Олар кейіннен Батыс қалаларына көшірілді. Мысалы, Сент-Николас Анадолудағы Майреден (бүгінгі Демре) Италияның Бари қаласына, Сент-Маркос Александриядан Венецияға, Севильяның Сен-Исидоры Севильядан Леонға мазарлары көшірілді. Конкуес монахтары тарапынан денесі ұрланды деп тұжырымдаған Агенли Фои, қажылардың әрдайым және жиі зиярат ететін жеріне айналды. Орта ғасырда Батыста екі үлкен христиан ғибадатханасы зиярат ету орталығы бойынша басқалардан алдын болды. Олар Римдағы әулие Перт мен Павелдің мазарлары және Компостеллада орналасқан әулие Жақыптың мазары болып табылады. Әулие Жақыптың мазары XI ғасырда Испанияның Солтүстік аймағында табылды. Ғибадатхананың Еуропадан тыс жерлерден келген қажыларға әсері Испанияға келген және христиан патшаларының жоғары қолдау көрген Клуни монахтарының үгіт-насихатымен жүзеге асты. Аталмыш аймақтағы зиярат орталығы Құддыспен салыстырмалы түрде өте танымал дәрежеге жетті. Рим ғибадатханалары ұзақ уақыт қасиетті тарихқа ие саналуда. Рим папасының ұзақ уақыт Римде орналасуы және Батыс христиан өмірінде ерекше орын алуы, маңызды зиярат орталығына айналуының негізгі себептерінің бірі болды. Сонымен қатар, Рим шіркеуі басшыларының шіркеу қызметін мемлекеттік ұйымдар шеңберіндегі жағдайға келтіруі Рим ғибадатханаларында орындалатын қажылықтың маңыздылығын арттырды. Қасиетті мазарлар және қасиетті жәдігерлермен қатар кейбір қасиетті иконалар әсіресе христиандар тарапынан Құдай ұлының анасы болған Мәриямның суреттері Католиядағы Монстеррат, Ле Пюи және Рокамандурдағы жерлер қажылардың назарын аударды. Сондай-ақ Константинополь, Атос тауы және Ресей сияқты жерлерде құрмет көрсету қажеттілігін көрсететін кейбір ғажайып иконалар бар.

#### **Реформистердің және Реформаға қарсы жақтастарының христиандағы зиярат мәселесіне көзқарастары**

Христиандағы зиярат ету ғибадаты ортағасырдың соңына қарай сынға ұшырады. Эразмус (1455-1536) қажылардың ақымақтығынан ғибадатханалар қиянатқа ұшырады деп сынау арқылы зиярат ету құбылысын келемеждесе, Томас Кемпис (1379-1471) және кейбір басқа жазушылар да қажылықты құпия сенімге айналғаны туралы ойын айтқан. Лютер (1483-1546) қасетті жәдігерлері сақталған Шато шіркеуінің (Уиттенберг) қақпасына өзінің атақты 95 тезистан туратын қарсылық жазбасын іліп қойған, дәл сол күні зиярат етушілерді өз жағына көркем түрде шақыруға тырысты. Реформацияның таралуы нәтижесінде зиярат етілетін шіркеулер тоналып, қасиетті жәдігерлер мен иконалар жойылды. Реформаторлар католик шіркеуін пұтшылық және ырымшылдықпен айыптады. Ал католиктер болса дәстүрлі шіркеу сенімін қорғап реформаторларға қарсы шықты. Реформацияға қарсы ханзадалардың өздері зиярат ету ниетімен және әдемі жаңа шіркеулер салу арқылы қажыларды шіркеуге жиі зиярат етуге шақырды. Американың ашылуы католик шіркеуіне Солтүстік Еуропада жоғалтып алған сенушілерін қалпына келтіру мүмкіндігі туды. Осы күшпен католик шіркеуі шіркеулер мен зиярат ету орындарын салып, жаңа қажылық орталықтарын құрды. Мексика маңындағы Тепейак қаласындағы Гвадалупе монах шатыры Кортестің ескі сарбазы Бернал Диас дель Кастильо жиі болатын кереметтердің орны ретінде сипаттады. Мәриям анамыз және айқышқа шегеленген Исаның а.с. ғажайып иконалары Испанияның барлық аймақтарынан келген қажылардың назарын аударды. Осылайша, католиктер кейбір шіркеу папаларының әрекеттерін дәлел ретінде келтірді. Мысалы, Грегуар Ле Гранд (540-604) канторбериялық Августинге англосаксондық ғибадатханаларына шіркеулер құруға кеңес берді, Турстық Мартин (316-397) және Бонифас өздері кесіп алған қасиетті ағаштардан шіркеулер тұрғызды. Шартр криптосы Римге дейінгі дәуірден бастап патшайымға арналған ғибадатхана болды. Кейбір ғибадатханаларды Филипп Нери (1515-1595) және Франсуа де Салес (1567-1622) сияқты реформацияға қарсы ұлы әулиелер қастерлеген. Олар бұл ғибадатханаларды зиярат ету орындары екенін айтты. Лайола әулие Игнаси (1491-1556) жаңа өмірін Монсерратқа қажылық жасаудан бастады және сол жерде ол бір түн ғибадатпен айналысты, сонымен қатар семсерін Мария анаға беру ниетімен сол жерде қалдырды. Содан кейін ол тау етегіндегі Манрес үңгірінде рухани жаттығуларын жасады. Содан кейін ол қайтадан қажылық үшін Құддысқа барды. Қажылыққа өте мұқият болған әулие Игнаси, сонымен қатар әрбір діни қызметкерге үміткер адамға ең жақын ғибадатханаға барып зиярат ету міндетін жүктеді.

#### **Қазіргі Замандағы христиан дініндегі зиярат мәселесі**

Ағарту дәуірінде танымал діни ғұрыптар аса жоғары бағаланбады. Осы себепті қажылық та біраз құндылығын жоғалтты. Ғылым адамдары мен басшылар да осы тұста ұқсас ойда. Олар мысқылмен танымал тәжірибелерді ақылға қонымды етіп, тежеп, реформалағысы келді. Ресейдегі сияқты Батыс елдеріндегі қарапайым халықта бұл әдеттерден әсерлене бастады. Өздерін зиялы деп таныған деспоттардың шешімдерінде халықтың сеніміне теріс көзқарас болды. Батыс бұл жағынан Ресейді басып озды. 1789 жылғы француз төңкерісі және Наполеонның жорықтарымен Еуропаның басқа аймақтарында тараған бұл жағымсыз көзқарас танымал зиярат ету ғибадатының мәртебесін түсірді. Зиярат ету орны ретінде қабылданған сансыз ғибадатханалар осы түсініктің құрбаны болды, олардың көпшілігі халықтың жадында ғана қалды. Оларды 1815 жылдан кейін ғана діни жамағаттар қайта құрды немесе қолға алды. 1917 жылға дейін Ресейде бір ғибадатханадан екінші ғибадатханаға бара жатқан зиярат етушілерге толы болды. Атап айтқанда, Киев үңгірлер монастырінде Әулие Антцин мен Феодоза храмы, Загорскта орналасқан үштік храмында әулие Сергей ғибадатханасы және Ақ теңіз аралында орналасқан Соловский монастырының негізін қалаушылардың храмы - қажылар ең көп зиярат ететін жер болып табылады. Ресейлік қажылар да Құддысқа көптеп баратын. Ол жерде бірнеше Орыстарға қатысты монастырлар мен қонақ үйлер ғимараты болған. Дәл сол уақытта олар Атос пен Бариге де баратын еді. Императорлық үкімет Әулие Николай ғибадатханасына зиярат етуге келген ресейлік қажылар үшін Бариде қонақ үй жасатты. Бұл қажылар ғибадатханадан ғибадатханаға Исаның дұғасын оқи отыра зиярат етіп жүретін.

Батыста 1789 жылғы Француз революциясына қарсы көтерілістен кейін зиярат ету рәсімдері қайта пайда болды. Көптеген ғибадатханалар қайта салынды және қайта қажылардың назарын өзіне аударды. Батыста Бенуа Джозеф Лабре есімді мистикалық қажы туралы аңыз айтылады, ол үнемі ғибадатханадан ғибадатханаға зиярат ететін еді. Латын Америкасында ғибадатханаларға қатысты бас ұрарлықтай жағдай болған жоқ. Көптеген Республиканың аймағында ең танымал ғибадатханалар Мариям анаға қатысты деп мәлімдеді. Мексиканың тәуелсіздік үшін күресіне қатысқан Гвадалупе Нотр-Дам ғибадатханасын тіпті ең катал антиклерикалдық үкіметтер қорғады және жабуға батылы жетпеді. Дәстүрлі ғибадатханалар әдетте әулие немесе әулие қабірінің үстіне немесе киелі деп саналатын жерде салынған. Мұндай киелі жерлер ХІХ. және ХХ. ғасыр қажыларын өзіне тартушы еді. Лурд пен Фатимада орналасқан ғибадатхана секілді басқаларда Мариям ана бейнесі негізгі орында тұр. Бұл бейнелер негізінен қазіргі заманға, дүниенің жаңа зайырлы көзқарастарына қарсылықты күшейтетін, кейбір адамдардың қажылық құбылысына деген теріс көзқарасын жоятын хабарлардан тұрады. Лурд пен Фатима қалалары қазіргі кезде Европада христиан қажыларының ең көп зиярат етілетін жері ретінде қолданыста. Лурдқа жылына бес миллионға жуық адам, Фатимаға төрт миллион, Париждегі Ру де Бакка бір миллион адам зиярат етуде. Христиандардың Анадолыда да баратын киелі жерлері бар. Бұл орындар христиан тарихымен және маңызды тұлғалармен байланысты. Павелдің миссионерлік сапарлары кезінде саяхаттаған жерлерге бүгіндері кейбір христиандар зиярат етуде. Сол жерлердің бір – Антакия. Мұнда христиан дінін Павел, Петр және Барнаба тарата бастаған, б.з. 252-300 жылдар арасында бұл қалада он шіркеу жиналысы өтті және Антакия шіркеуі алғашқы кезеңден бері бес үлкен шіркеудің арасында орын алды. Келесі киелі жердің бірі – Эфес. Павел христиандықты тарату үшін Эфесте біраз уақыт қалған болатын, хауари Жохан осында тұрған және қайтыс болған кезде осында жерленген. Мариям ана Жоханмен бірге Эфеске келіп, осында тұрды деген көзқарас бар, бірақ бұның ықтималы аз. Өйткені Эпифанидың айтуы бойынша Мариям ананың Эфеске барып сол жерде қайтыс болғаны туралы пікір дәлелденбеді. Бұл сенім неміс мистикінің көзқарасына негізделген. Шіркеу әкелеріде Эфесте Мариям ананың үйі мен бейіті бар екені туралы ешқашан айтпаған. Дегенмен, Эфесте және Мәриям анаға тиесілі еткен үй бүгінде зиярат ету орны ретінде қабылданған. Христиандар бұл жерде қасиетті саналатын судан ішіп дұға жасайды. Сонымен қоса Демреде (Анталия) көптеген христиандар Әулие Николайдың (Аяз ата) өмір сүрген және жерленген мекен ретінде зиярат етуде. Бұл жерде ІV ғасырда Мира (Демре) епископосы болған әулие Николайға қатысты бір шіркеу бар. Диоклетианның кезінде өлтірілген, орыс, грек және сицилия халықтарының, балалар мен теңізшілердің қамқоршысы, әулиесі болып саналатын Николай, ХІ ғасырда сүйектері Италиядағы Бариге жеткізіліп жерленді.

#### **Христиандықта зиярат ету көрінісі**

Ғибадатханаға немесе қасиетті жерге зиярат ету үшін келген христиан құлшылығын бірнеше жолмен орындайды. Оларды келесі түрлер бойынша жіктей аламыз:

1. Тән дұғасы: Бұл құлшылық жүзін жерге тигізу, қолды айқастыру сияқты амалдармен орындалады.
2. Үнсіз тәубе ету: Жалаң аяқ және тізерлеп тұрып жасалады.

3. Суды пайдалану: суға тию немесе суды әртүрлі тәсілдермен пайдалану арқылы құлшылық жасалады.
4. Аяқ жаттығуларын көбейту арқылы Құдайдың разылығын алуды көздейді.

Қасиетті жерлерді зират ету үшін христиандықта қасиетті деп саналатын уақытты таңдау керек. Рождество күндерінде Құддысқа, 15 тамызда Мариям ананың денесін періштелер аспанға алып шыққан күнді еске алу үшін белгіленген мереке күні (Assomption) Лурдқа барады. Сонымен қатар, Пасха мейрамы және Елуінші күндері (Pentikost) де зиярат ететін жерлерге ең көп қажылық жасалатын уақыт деп саналады. Осы қасиетті уақыттарда физикалық қатысу арқылы, олар мәңгілік қуат көздеріне жақындағанын сезініп, рухани тыныштыққа қол жеткізгендей болады. Сондай-ақ, шіркеу күнтізбесі бойынша көрсетілген бір уақытты белгілеу христиан қажыларының мақсаттарына кіреді және құлшылықтарын белсенді орындауына себеп туғызады. Аптаның бір күні дәстүр бойынша қасиетті жерлерге зират етіледі. Мысалға «Дүйсенбі қажысы» немесе «Жұма қажысы» деп айтылады. Алайда «жексенбі қажылары» ретінде қолданылатын сөз жоқ. Жексенбіде барлық христиандар үшін ең маңызды ғибадат күндерінің бірі болып табылады, сондықтан басқа істермен айналысуға уақыт бөлмейді, сол үшін осындай сөз тіркесінің қолданылмауының бірден бір себебі.

#### **Қорытынды**

Исламнан тыс діндердің көпшілігінде қажылық немесе соған ұқсас амалдар бар. Жалпы, киелі жер барлық діндерде зиярат етудің ортақ нүктесі ретінде қабылданған. Олардың барлығында болмаса да, кейбіреулерінде ең маңызды ортақ нүктелердің бірі - қасиетті уақыт. Алайда, исламдағыдай уақыты мен мекені уахи арқылы белгіленген, белгілі бір дәрежеде бай болу шартымен парыз етілген және қабыл болу үшін шарттары белгіленген құлшылық түрі басқа діндерде кездеспейді. Монотеистік саналатын яһудилік және христиандық діндерде де Ислам діні секілді нақтылық жоқ. Исламнан басқа ешбір дінде қажы болу үшін Арафа күні Арафатта болу, келесі күні Қағбаны тәуап ету сияқты нақты уақыт пен мекенге негізделген құлшылық түрі кездеспейді. Басқа діндерде қажылық Исламдағы қасиетті жерлерге жылдың әр күні баруға болатыны сияқты зиярат болып табылады. Бұларды Исламдағы нафил ғибадаттарды түсіну арқылы түсіндіруге болады. Бұл исламдағы нәпіл құлшылық ретінде қабылдауға болады.

Айта кетерлігі, Құддыс шаһары иудаизм, христиан және ислам дінінде де қасиетті мекен ретінде қарастырылады және зиярат етіледі. Мәсжид әл-Ақсаның болуы және көптеген пайғамбарлар шыққан жер Құддысты қасиетті етті. Ислам діні бойынша әл-Ақса мешіті зиярат етуге лайық үш мешіттің бірі және барған жағдайда сауап алатын орын болып саналады.

Яһуди және христиан діндерінде қажылық Киелі кітаптағы кейбір сілтемелерге ғана негізделген және ғасырларға созылған даму процесінен кейін қалыптасты. Қажылыққа қатысты христиандар арасында ынтымақтастық құруды қалайтын христиан қажыларының ең ұсынылған мақсаттарының бірі болуы мүмкін. Христиан тарихында бұл мәселе әрдайым әртүрлі түсіндірмелермен үнемі күн тәртібінде ұсталды. Әсіресе крест жорықтарында христиан әлемінің киелі жерлерді жаулап алу үшін жасалған жоспарында «қасиетті қажылық» ұраның жамылып көптеген қырғындар жасалып, киелі жерлер қиратылды. Бүгінгі таңда, әсіресе миссионерлер тұрғысынан, қажылық христиандардың ең маңызды құндылықтарының бірі болып табылады және жаңа қажылық орталықтарын құруға талпынуда.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Adem ozen. Yahudilikte Ibedet. Istanbul 2001. S. 213
2. Yesu, 18:1; Hakimler, 18:31
3. II Krallar, 23:22; II Tarihler, 30:13.
4. Yeremya, 4:15.
5. Ezra, 7:19.
6. Ali Erbas. Islam disi dinlerde has // sakarya universitesi ilahiyat fakultesi dergisi. dinler tarihi. 2002
7. Matта 8:22; маркос 2:14; лука 5:27; иуханна 21:19-22
8. Иуханна 10:7-16
9. Alphonse Dupront, "Pelerinege", Dictionnaire des Religions (Paul Paupard'in yönetiminde), Paris 1993, II, 1549.
10. M. Guarducci, "La Tomba di Pietro", Editrice Studium, 1959'dan Jaime Vidal, "Le Pelerinage dans la Tradition Chretienne", Cotici!ium, sy. 266, s' 59.

11. [https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D1%83%D1%82%D1%8C\\_%D0%A1%D0%B2%D1%8F%D1%82%D0%BE%D0%B3%D0%BE\\_%D0%98%D0%B0%D0%BA%D0%BE%D0%B2%D0%B0](https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%9F%D1%83%D1%82%D1%8C_%D0%A1%D0%B2%D1%8F%D1%82%D0%BE%D0%B3%D0%BE_%D0%98%D0%B0%D0%BA%D0%BE%D0%B2%D0%B0)

12. Бернадэтта Субирú — католическая святая, известна благодаря тому, что по её уверениям, ей являлась Дева Мария. Явления были признаны Католической церковью подлинными и превратили Лурд в место массового паломничества

13. [www.wikipedia.org/wiki/Носа-Сеньора-ди-Фатима\\_\(Лиссабон\)](http://www.wikipedia.org/wiki/Носа-Сеньора-ди-Фатима_(Лиссабон)) Португалиядағы Лиссабонның солтүстік-шығысында орналасқан маңызды қажылық орталығы.

14. Баки Адам. Ank. Üniv. ilahiyat Fak. Araştırma Görevlisi

## ИСЛАМДАҒЫ КҮНӘ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАҒЫ КӨРІНІСІ

*Дінтану, 2 курс магистрант: Тусупжанова А. Е.*

*Ғылыми жетекші: PhD, Абдилхаким Б.Ш.*

*Нұр-Мұбарак Ислам мәдениеті университеті*

**Аңдатпа.** Исламда күнә кейбір шарттарға, адамдардың ерекшеліктерін, жағдайға, уақытқа және мекенге байланысты адамнан адамға өзгертін ұғым болып табылады. күнә өзгермейтін үкім емес, адам өмірінің мұқтаждықтарына байланысты өзгеріске ұшырауы мүмкін жағдай. Исламда бірдей күнәні жасаған адамдардың жағдайларына, ерекшеліктеріне қарай жасалған күнәнің дәрежесі де өзгереді. Яғни күнә жасалған жағдай және ерекшеліктерге байланысты күнә үшін берілетін жаза да өзгеруі мүмкін.

Исламда күнә, Аллаға қарсы жасалған үлкен қылмыс, жеке және қоғам өміріне тереңінен әсер ететін жағдай ретінде сипатталады. Исламда адамды жақсы нәтижеге апаратын, дүниелік және ақырет бақытын беретін болымды әрекет болып табылатын сауаптың антонимі күнә, кейде Алланың бұйрықтарына мойынсұнбау, тиым салынған әрекеттерден алыстамау ретінде Аллаға қарсы шығудың кейде өзінің кейде басқаларының ақыларының желінуі секілді әрекеттер ретінде көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** күнә, сауап, қоғам, ислам, дін, мораль, нәпсі.

Исламда күнәнің рухани екендігіне байланысты көптеген дәлелдер бар. Исламда күнә адамның санасында және сезімдерінде маңызды орынға ие және күнә жасау адам болудың алғышарты болып табылады. Себебі күнә адамның табиғатында бар.

Бір хадисте бір сахаба Әзіреті Пайғамбарға жақсылық пен күнә туралы сұрақ қояды. Әзіреті Пайғамбар былай жауап береді: «жақсылық моральдың әдемі болуы, күнә жүректі тырмайтын, адамдардың естігісі келмейтін нәрсесі». Басқа бір хадисте Әзіреті Пайғамбар: «жақсылық нәпсіге және жүрекке ұнайтын; күнә болса нәпсіні тырмалайтын, жүрекке күмәнға себеп болатын нәрсе.» деп айтқан.[7] Сонымен қатар Әзіреті Пайғамбар: күнәні иманмен байланыстырып «адам жасаған жамандығынан көңілі түссе, уайымға берілсе міне бұл мұсылман» деп, адамның Аллаға иман еткеннен кейін Оның әмір мен тиымдарын орындау керек екендігін айтады. Осы әмірлер мен тиымдарды бұзу арқылы күнә жасалған кезде, адамның ішінде тепе теңдік бұзылады және осы себептен жүрегінде және рухында ыңғайсыздық сезімі пайда болады. Бұл жағдай адамның рухани жағдайына болымсыз әсер етеді. Басқа бір хадисте: «бір адам жасаған күнәсі үшін қайғырып, жасаған сауапты ісі үшін қуанса, ол адам мұсылман» деп айтылады. Хадистердегі мәліметтерге сүйенетін болсақ күнә адамның жүрегіне тыныштық бермейтін бір жағдай ретінде адамға қиындық беретін, кеудесін тарылтатын және жүректі қарайтатын, адамды күмәнға апаратын, оны шаршататын, уайымға салатын жағдай болып табылады. Сонымен қатар күнә бір адам тарапынан жасалынған алайда басқа адамдардың білмеуі керек жағдай болып табылады.[5] Себебі жасалған күнә адамның ұялуына, адамдық қадірінің төмендеуіне себеп және бұл жағдай адамдық принциптерге де қарсы келеді. Яғни Исламда күнә, Алланың әмір мен тиымдарына мойынсұнбау дегенді білдіреді. Исламда күнә ұғымы мойынсұнбауды, қарсы шығуды білдіреді. Себебі мойынсұну әмірлерді орындау, ал әмірге мойынсұнбау қарсы келу болып табылады.

Исламда күнә, адамдардың жақсы және әдемі болып келетін игі іс жасауына, сауап жасауына кедергі болған, игі істен адамды алыстатын барлық сөз және әрекет болып табылады.[3] Исламда күнә дұрыс әрекеттен бас тартуды білдіреді. Исламда күнәні екі тараптан қарастыруға болады, біріншісі күнәнің жазасы бар, екіншісі рухани тұрғыдан күнә адамды бақытсыз етеді, адамның

жүрек тыныштығын алады. Исламда күнә Алланың сызған өлшемдеріне мойынсұнбаған, әділетсіздік жасаған, шектен шыққан жаман, қате істерді жасауды білдіреді. Мысалы Лут қауымының шектен шығып күнә істер жасауы секілді.

Исламда күнә ұғымы иманмен байланысты. Сонымен қатар күнә ұғымы иманның антонимі болып табылатын күпірлікпен де байланысты.

Күнә және қателік мағынасы жағынан бір-біріне жақын сөздер болып табылады. Кейде бір-бірінің орнына қолданылған. Алайда Ислам дінінде күнә және қателік бір-бірінен бөлек ұғымдар ретінде қарастырылады. Жеке тұлғаның жаман әрекеттерді біліп, әдейі және өз қалауымен жасауы күнә; білместікпен жасауы болса қателік болып саналады. Күнәні қателіктен айыратын ең маңызды жағдай, жаман әрекеттің саналы түрде жасалуы болып табылады. Ал қателік болса білместікпен немесе сол мәселе бойынша аз білгеннен жасалады. Себебі адам табиғатынан әлсіз жаратылыс және жаңылысуы табиғи жайт болып табылады. Бұл жағдайда әрбір күнә қателік. Алайда әрбір қателік күнә емес деп айтуға болады. Бұл айырмашылық Құранда Ахзаб сүресінің бесінші аятында көрсетіледі. Бұл аятта қандайда бір жаман әрекеттің барылығының күнә ретінде қарастырылмайтындығы айтылады. Алайда Құран жеке тұлғаның дұрыс деп ойлап ант етуі және білместікпен адам өлтіруі секілді жағдайларға жауапты екендігін айтады. [6]

Илаһи әмірлердің және тиымдардың бұзылуы ретінде қарастырылатын күнә, қарсы шығу және мойынсұнбау әрекеті болып табылады. Бұл әрекет, адам табиғатындағы күнәға, қылмысқа бейімділігінен туындайды. Адамды Алладан алыстатын күнәлардың негізгі ерекшеліктері мыналар болып табылады:

Күнә адамның өзін жоғары санап Алланың әмір мен тиымдарын орындамауы болып табылады.[2]

Исламда күнә түсінігінің кейбір белгілі ерекшеліктері бар. Бұлардың алғашқысы күнә болып табылады және бұл Алланың әмірлерінің орындалмауы, тиымдарының бұзылуы дегенді білдіреді. Ислам түсінігі бойынша Алла адамды жаратылыстардың ең үстемі етіп жаратқан. Құранда, Алла адамдарға ақыл мен ерік секілді ерекшеліктермен жаратумен қатар адамға кейбір міндеттер мен жауапкершіліктер беру арқылы одан жаратылыс себебі болып табылатын құл болудың шарттарын орындауы керектігін білдірген. Күнә жеке жауапкершілік болып табылады.

Исламда күнәнің жауапкершілігінің жеке тұлғаға тиесілі екендігі түсінігі бар. Жасалған күнәнің жауапкершілігі күнәні жеке жасаған адамға тиесілі, мұсылман болса да кәпір болса да әркім тек өзінің жасаған күнәсіне жауап беретіндігі туралы Құранда көрсетілген. Сонымен қатар Құранда әрбір нәпсінің жасаған жақсылығы өзіне, жасаған жамандығы өзіне екендігі анық көрсетіледі.[2]

Исламда күнә адамның ең жақындары болып табылатын ата анаға, достарына, туыстарына, ата бабаларына, өткеніне немесе келешектегі ұрпағына, балаларына жүктелмейді. Тіпті пайғамбарлармен туыс болып табылатын адамдардың да басқа барлық адамдар сияқты есепке тартылатындығы айтылады.

Қоғамдағы болымсыз үлгілердің ізінен еру де адамды күнәға итермелейді. Көзіміздің алдында жүрген адамдардың әрекеттері мен сөздеріне еліктеуіміз қалыпты жағдай болып табылады. Алайда ол адам немесе қоғам күнә болып саналатын әрекеттерден қашпайтын болса, яғни үлгі дұрыс таңдалмаса, оның ізінен ерген адам немесе қоғам күнәға жақындайды және күнә жасайды. «Кімде кім бір қауымға ұқсаса, ол сол қоғамнан» хадисі бұл мәселені түсіндіреді.

«Адам досының дінінде. Сол себептен адам кіммен дос болғанына мән берсін.» деп айтқан Өзіреті Пайғамбар (с.ғ.с.) достарымыздың болымды немесе болымсыз әсері туралы түсіндірген. Құранда, «Уа иман еткендер! Аллаға қарсы келуден сақтаныңдар және тура жолдағылармен бірге болыңдар.» делінеді. Яғни мұсылмандарға кімдермен бірге болғандарының маңыздылығы түсіндіріледі. Себебі адамдар бір бірінен әсерленеді. «Күнә жасауды әдетке айналдырған тұлға өзінің рухани әлемімен қатар қоғамның да өмірін қараңғылыққа апарды.»

Жеке тұлғалардың нәпсі және шайтанның қулықтарына берілуді олардың ұятсыз әрекеттер жасауына себеп болады. Моральдық әлсіздіктер уақыт өте келе кеңінен таралуда, қоғамның моральдық ұстанымы бұзылуда.

Бұқаралық ақпарат құралдарының дамуымен бірге барлық мәлімет жарыққа шығуда, сол секілді ешқандай жамандық та жасырын қалмайды. Көптеген күнә, осы ақпарат құралдары арқылы жан жаққа таралуда. Халық алдында жүрген танымал адамдардың кейбір күнәларды жасауы, тіпті бұл күнәларды жақтауы, басқа адамдарға кері әсерін тигізуде. Ал бұл ішімдік, құмар, зина, өсек және тағы басқа секілді көптеген күнәлардың таралуына жол ашуда.



Кейде белгілі бір жағдайға байланысты көңіл айту мақсатымен әлеуметтік желіде бөлісіп жатады. Негізі бұл жағдай да адамдарға кері әсерін тигізе алады. Кейбір адамдар сол мысалдарды көріп, солар секілді жамандықтарды жасай бастайды.[6]

Адамды күнәға итермелейтін жеке және қоғамдық себептер бар. Жеке себептер адамның табиғатында нәпсінің болуы және туа біткен әлсіздіктерінің болуы болып табылады. Егер нәпсіні тәрбиелемейтін болсақ, адамды күнәға итермелейтін ең негізгі себеп бола алады. Адамның туа біткен асығыстық, үмітсіздік, шыдамсыздық, ашкөздік, байлықты және қарама қарсы жыныстағы адамды шектен тыс қалауы, қызғаныш және Алланы тек қиындық кезінде еске алу секілді кейбір психологиялық және физиологиялық әлсіздіктері бар. Бұлар да адамның күнә жасауын оңай қылады.

Адамның тек осы дүние ғана бар деп ойлауы, ақыретті есепке алмауы, дүниеге беріліп кетуі, өлімнен кейінгі өмірді ойламауы да оның күнә жасауына себеп болуда және күнә болып табылатын әрекеттерден қашуына кедергі болуда.

Адамдардың өздерінен бұрын келген барлық әдеттерді жалғастыруы да маңызды күнә себебі болып саналады. Себебі діни тұрғыдан тиым салынған нәрселер де салт дәстүрлерге араласады, адамдар қателіктерді салт дәстүр ретінде жалғастырады.

Кері әсерін тигізетін үлгілер де адамдарды күнәға апарады. Мысалы халық алдында жүрген тұлғаларға қарап адамдар әрекет етеді. Олардың жасаан күнәларын қорғай бастайды. Осылайда күнәлар кеңінен тарала бастайды.[5]

### **Қорытынды**

Күнәдан осы дүниеде қорғану және арылу жолдары шайтан және шайтани күштер үшін Аллаға сиыну, адамның өз әрекеттерін үнемі бақылауда ұстауы, өзін есепке тартуы, жасағн күнәсі үшін тәубе етуі, періштелердің дұғасы және жасалған күнәнің Алла тарапынан жасырылуы болып табылады. Адамның әрекеттерін бақылауда ұстайтын, моральдық тұрғыдан жақсы ерекшеліктер көрсетуге тырысатын ар ұят, адамды күнәдан алыстатын, құтылуына көмектесетін маңызды фактор. Ар ұят адамдағы жамандық сезімін басады, жақсылық сезімдерін шығарады, адамды жақсылыққа итермелейді. Алла барлық адамның табиғатына ар ұят сезімін беру арқылы, жақсылық пен жамандықты бөліп жару мүмкіндігін берген.

Құраннан шығарылған жалпылама қорытынды бойынша күнә, заңдылығын Алланың бар болуынан алатын барлық нәрсеге қарсы шығу, заңсыз болуын да Алладан алған барлық жаман әрекеттерді жасау болып табылады. Яғни күнәнің бір мағынаға ие болуы Алланың бар екендігін қабылдау арқылы жүзеге асады. Исламда харам болып табылатын тамақ, сусын және зина секілді әрекеттердің күнә болуы Алланың бар болуы және Оның тиым салуына байланысты. Яғни күнә жасау Алла түсінігімен байланысты болғандықтан, күнәні бір позиция ретінде қарастырғанда күнәһарлық Алла алдында өзін осы позицияға орналастыру ретінде қарастырыла алады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Jacobs, Louis, «Sin», Encyclopedia Judaica, ed. Fred Skolnik, C. 18, Macmillan, USA 2007, s.624.
2. Eisenstein, Judah David, "Sin", The Jewish Encyclopedia, ed. Isidore Singer, Frank and Wagnalls, London: 1905, s. 377.
3. SadıkKılıç, Kur'an'daGünahKavramı, HibaşYaıınevi, Konya 1984s. 79
4. SadıkKılıç, Kur'an'daGünahKavramı, HibaşYaıınevi, Konya 1984s. 89
5. SadıkKılıç, Kur'an'daGünahKavramı, HibaşYaıınevi, Konya 1984s. 31-32
6. SadıkKılıç, Kur'an'daGünahKavramı, HibaşYaıınevi, Konya 1984s. 88.
7. Harman, ÖmerFaruk, T. D. V. İslam Ansiklopedisi, İstanbul 2016, C. 14s. 282.

### **ҚЫТАЙДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ДІНДЕР**

*Дінтану магистратура І курс Әділжан Г.*

*Ғылыми жетекші: PhD., аға оқытушы Мұқан Нұрзат  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** ғылыми мақалада Қытайдағы ежелгі діни наным-сенімдерге дінтанулық сараптама жасап Қытайдағы діндердің таралу тирихымен ерекшеліктері тоқталып , қытайдағы этникалық топтардың діни сеніміне салыстырмалы талдау жасалған тарихи шолу болып есептеледі.

**Кілт сөздер:** Шаманизм , Даоцизм, Буддизм

**Шаманизм** (萨满教)



Ерте тарих Шаман діндері (1-сурет) Қытайда ең алғашқы тіркелген діни дәстүрлердің бірі болды, кем дегенде Шан әулетіне дейін (б.з. д. 1600 – б. з. д. 1050). Ерте дәстүрлердің элементтері қазір Қытай Халық (немесе дәстүрлі) діні деп аталатын негізгі бөлігін -Шаманизм осы кезеңнен бері дамып келе жатқан көптеген жергілікті нанымдарға, культтер мен тәжірибелерге қатысты. Осы кезеңде Қытай халқының діни наным-сенімнің маңызды компоненттері пайда болды[1].



**Сурет – 1. Шаманизм**

Шаманизм – бұл алғашқы нанымдар негізінде біртіндеп дамыған халықтық сенімдердің бірі түрі. Ол Қытай елінің солтүстігіндегі барлық этникалық топтар арасында бұрыннан басым болды. Шаманизм алғашқы балық аулау мен аң аулау дәуірінде пайда болған деп саналады.[1, 60 б.]. Алайда, әр түрлі шетелдік діндер бірінен соң бірі пайда болғанға дейін, шаманизм Қытайдың солтүстігіндегі барлық этникалық топтарға қатты әсер етеді. Соңғы уақытқа дейін буддизм немесе ислам басым сенімге айналған дегенмен Қытайдың солтүстігіндегі кейбір этникалық топтардың арасында шаманизмнің қалдықтарын әлі де анық көруге болады. Шаманизм-Шыңжаң Алтай аймағындағы этникалық топтардың ежелгі нанымдары. тунгус тілінде аталады «Шаман» (бастапқы мәні «Жабайы билейтін адам»), оның есімімен аталған Шаманизм-қарабайыр діннің кеш формасы, айқын кландық және тайпалық діни ерекшеліктері бар, жұпта «Тенгри» Тағзым (богам) ядросы болып табылады, анимистиканы сақтай отырып табиғатқа табыну, тотемдерге табыну, ата-бабаларға табыну және т.б. Қарапайым нанымдар Бұл шаманизмді көшпелілер ежелгі Қытайдың солтүстігінде, мысалы хунну сияқты Үйсін, Түркі, Ғұн Сяньбэй ұлттарда .Қазіргі Шыңжаң ұйғыр автономиясы Қазақ, Өзбек, Қырғыз, ата бабалары XVII ғасыр бұрын Шаманизм ұстанған, [3,80б]сонымен қатар Моңғолия, Маньчжурлар XVII ғасырға дейін Шаманизмге сенген.Мысалы табиғат, тылсым күшке, ата-бабалардың жоғары мәртебесі, бақытсыздық пен рухани ортаны пайдалану, аспанға табыну және құрбандық ретінде тамақ ұсыну, Жан туралы түсінік : Әлемдегі барлық заттардың жаны бар деп саналады, ал адамдарға табиғаттағы өзгерістер әкелетін бақытсыздықтар мен баталар - бұл әртүрлі эльфтер, елестер мен құдайлардың ерік-жігерінің көрінісі.

Құдайлар туралы түсінік : Шаманизм көбінесе от, таулар, өзендер, ағаштар, Күн, Ай, жұлдыздар, Күн мен найзағай, бұлттар, мұз, қар, жел, жаңбыр, кемпірқосақ және кейбір жануарларды қиял мен жұмбақ руханиятпен бейнелейді және оларды табиғат пен әлемді басқаратын құдайлар ретінде қарастырады.

Атап айтқанда, Өлмейтін ата-бабалар қалыптастырған елестер мен рухтар туралы түсінік және жер бетіндегі әртүрлі аурулар мен өлімнен туындаған қорқыныш құдайлардың бақсылық тұжырымдамасының өзегі болып табылады. шаманизмде құдайлар (Тәңір) ұғымы пайда болды, біртіндеп құдайлардың позициясына көтерілді[2].

Алғашқы қоғам қауымдастықтардың ыдырауымен және таптық қоғамдардың пайда болуымен шаманизм күннен-күнге құлдырап, қоғамның дамуына байланысты адамдар дәйекті түрде тибеттік буддизмге, православие мен исламға бет бұрды. Бұл діннің кейбір бастапқы факторлары белгілі бір дәрежеде жоғарыда аталған діндермен біріктіріліп, біріктірілді. Алайда, халық арасында ол әлі де күшті әсер етеді және тіпті мутацияланған түрінде өмір сүреді.

#### **Даосизм (道教)**

Қытайда пайда болған, біздің заманымыздың 2 ғасырында қалыптасқан және 1700 жылдан астам тарихы бар дін.Даосизмнің мазмұны жан-жақты. Ол теориялық негіз ретінде Лао Цы ойына негізделген ежелгі қытайлық рухтар мен құдайларға табыну тұжырымдамасына негізделген .Даосизм Лао цзы өзінің ата-бабасы деп санайды, "Дао те Цзиньді" негізгі классика ретінде қарастырады және "даоны" өзінің ең негізгі сенімі ретінде қабылдайды. Барлық катехизмдер мен

ілімдер осыдан туындайды.[4,2056] Даосизм "Дао" жан-жақты және барлық жерде бар деп санайды және бұл бәрінің бастамасы.Даомен бірге айтылатын нәрсе - "ізгілік", яғни Даода тұратындар - ізгілік, ал "ізгілік" - даоның күші, даоны қолдану және даоны көрсету.Сондықтан даосизм сенушілер "даосизмді дамытып, ізгілікті дамытып", даосизммен бірлікке ұмтылып, табиғат пен қоғаммен үйлесімді болуы керек деп болжайды.Осылайша, даосизм мен ізгілік даосизмнің өзегі және негізгі ілімдері болып табылады.

Даосизм Қытайдағы буддизммен көршілес православиелік діндердің біріне айналды.Тарихнама да даосизм шеңберлері деосизм біздің дәуіріміздің 2-ғасырында пайда болды деп санайды.

Біріншісі: Ежелгі діндер мен халықтық сикырлықтан. Хан әулетінің соңындағы Вей және Джин әулеттері кезеңі Қытай елінде даосизмнің дамуындағы маңызды кезең болды. [5,876]

Екіншісі: Цин мен Хан әулеттеріне дейінгі соғысушы мемлекеттер кезеңінің өлмейтіндері мен алхимиктері туралы аңыздар.

Үшіншісі:Лаожуан философиясынан Цин мен хан әулеттерінің даос теориясы.

Төртіншісі :Конфуцийшілдік пен инь мен ян ойының бес элементі.

Ал бесіншісі :Ежелгі медицина мен спорттық гигиена туралы білімдерден туындайды. Даосизмнің тарихи шығу тегі Хан әулетінің соңында пайда болды. Бұл хан әулеті қоғамының өнімі және Хан әулетінің ойы мен мәдениетінің ажырамас бөлігі болды. Оның терең әлеуметтік себептері бар.



Сурет –2. Даосизм

Буддизм- Қытайда салыстырмалы түрде ұзақ тарихы бар және салыстырмалы түрде үлкен ықпалы бар бес діннің бірі.Қытайда буддизмінің тарихы 2000 жылдан асады.Буддизм Үндістаннан келгенімен, оның жетілуі мен дамуы Қытайда аяқталды. Ол дәстүрлі қытай мәдениетін сіңіріп қана қоймай, дәстүрлі қытай мәдениетін байытты.Қазіргі Қытай буддизмі дәстүрлі қытай буддизмінің мұрасы және жалғасы болып табылады және әлеуметтік тарихтың, саяси экономиканың, ғылым мен мәдениеттің, идеологияның және өмір салтының дамуы мен өзгеруіне ықпал етті. Біздің дәуірімізге дейінгі 6 ғасырдан б.з. д. 5 ғасырға дейін Сиддхартта Гаутама ежелгі Үндістанда буддизм құрды.Содан бері буддизм елден тыс жерлерде, әсіресе Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияда тарала берді. Ол біздің дәуірімізге дейінгі бірінші ғасырдан кейін Қытайға Орталық Азия арқылы енгізілді және оның тарихы шамамен 2000 жыл бұрын пайда болды.12 ғасырдың аяғы мен 13 ғасырдың басында Үндістандағы буддизмді басып кірген Ислам жойды, бірақ оның негізгі мазмұны Қытайда жақсы сақталған және дамыған, сондықтан Қытай көбінесе буддизмнің екінші Отаны деп аталады.Қытай буддизм өркендей алатын негізгі аймақ қана емес, сонымен қатар буддизмнің бүкіл әлемге таралуының негізгі платформасы болып табылады.Әр түрлі берілу жолдары мен әлеуметтік шығу тегіне байланысты буддизм Қытайда үш негізгі отбасын құрды: Хань буддизмі (қытай тілі), Тибет буддизмі (тибет тілі) және теравада буддизмі (Пали тілі) Юннаньдағы дай халқы сияқты этникалық аудандарда.Буддизмнің үш негізгі сектасының тарихында, доктринасында және әсерінде айтарлықтай айырмашылықтар бар. Мұнда басты назар Хань буддизміне, сондай-ақ Қытай буддистік мәдениеті мен тарихымен танысуға аударылады.Жалпы, Қытай будда мәдениеті дамудың бес кезеңіне өтті.



**Сурет 3 Буддизм**

**Бірінші кезең:** екі Хань әулетінен үш патшалыққа дейін, будда мәдениетінің бастапқы кезеңі болды. Тарихи жазбаларға сәйкес, Батыс хан әулетінің аса тұту императоры юаньшоудың (б. з. д. 2 ж.) бірінші жылында Даюэ руы "Будда Сутрасын" айту үшін Чан ' Анға (Қазіргі Сиань, Шэньси) елшілер жіберді; Шығыс хан әулетінің императоры Мин (б. з. 58-75 жж.) Даюэ руына елшілер жіберді будда жазбалары, және екі үнді монахтарын алғашқы будда жазбаларын қытай тіліне, қырық екі тараудан тұратын сутраға аударуға шақырды, сонымен қатар Қытайдағы алғашқы монастырь, Байма храмы, Лоянда салынды.

**Екінші кезең:** будда мәдениетінің өсу кезеңі болды. Батыс Цзинь әулеті келгеннен кейін қытай мен үнді монахтары арасындағы алмасулар күшейе түсті, материктегі монахтардың саны көбейе берді, монастырлар біртіндеп қалыптасты және буддизм Қытайда біртіндеп орнықты. Әсіресе солтүстік және Оңтүстік әулеттерде әулеттер жиі өзгеріп, сол кезде соғыстар жалғасқанымен, буддизм үлкен дамуға қол жеткізді. Статистикаға сәйкес, Батыс Цзинь әулеті кезінде небәрі 180 монастырь болған, ал оңтүстік Лян әулеті кезінде Тек Цзянкан ауданында (қазіргі Нанкин, Цзянсу провинциясы) 500-ден астам монастырь болған.

**Үшінші кезең:** Суй әулетінен Тан әулетіне дейінгі будда мәдениетінің гүлдену кезеңі болды. Суй және Тан әулеттерінің билеушілері конфуцийшілдік, даосизм және буддизмнің қатар саясатын жүргізді және буддизм мәртебесі айтарлықтай жақсарды. Солтүстік және Оңтүстік әулеттердің көптеген мұғалімдерінің ілімдеріне сүйене отырып, Қытайдағы жергілікті буддистік секталар көп мөлшерде құрыла бастады.

**Төртінші кезең:** екі Сун әулетінен Цин әулетінің соңына дейін, будда мәдениетінің интеграция кезеңі болды. Суй және Тан әулеттерінің гүлденуінен кейін буддизм Сун әулетінен біртіндеп алыстап кетті және катехизмді түсіндіруде түбегейлі жетістіктерге жету қиын болды. Алайда, өткен әулеттердің билеушілерінің көпшілігі буддизмге қарсы қорғаныс саясатын жүргізгендіктен, буддизм кейбір аспектілерде, әсіресе діни сенім ретінде өркендей берді, ол қарапайым адамдарға маңызды әсер етуді жалғастыруда. Бұл кезеңнің ең көрнекті ерекшелігі-біріктіру.

**Бесінші кезең:** будда мәдениетінің қазіргі заманнан өзгеру кезеңі болды. Қазіргі уақытта буддизм ұзақ уақыт бойы қалыптасқан, туа біткен, патша өкіметі қолдаған, монахтарға бағытталған және ғибадатханалардың меншігіне негізделген дәстүрлі даму моделі үлкен сынақтан өтті. Христиандық сияқты Батыс мәдениеттері буддизм аумағын үнемі басып алып, ойланбастан басып кірді және демократиялық революция толқынында пайда болған әртүрлі идеялар буддизмді әдеттегі феодалдық мәдениет ретінде қарастырып, қатыгез крест жорығы мен сынды бастады. Буддизм қайта-қайта үлкен қиындықтарға тап болды, тіпті жойылу алдында тұр. Осыған байланысты буддистік қауымдастықтағы бір топ адамдар буддизмнің жинақталған кемшіліктері туралы ойлады, жігерлендіруге және жаңашылдыққа ұмтылды және буддизмді жандандыру қозғалысын бастады. Оның шараларына адам буддизмін насихаттау, будда колледждерін ұйымдастыру, будда топтарын құру және қарапайым қозғалыстарды көтеру кіреді. Буддистік газеттер мен журналдарды құрастыру және тарату, сонымен қатар ауыл шаруашылығы мен дзен

практикасы. Бұл шаралар буддизмнің жандануында оң рөл атқарды, бірақ бүгінде буддистік мәдениеттің дәстүрліден қазіргі заманға ауысуы аяқталған жоқ және әлі де ұзақ жол бар.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Анна А.З. Шаманизм и трансперсональная психология. – Оқулық, 2008. – 60 б.
2. Алдабек Н. Түргенбай А. Қытай діндерінің тарихы. – Оқулық, 2017. – 310 б.
3. Смағұлова К. Шыңжаңдағы этникалық топтардың діни наным сенімдері. – Диссертациялық жұмыс, 2018. – 80 б.
4. Нұржамал А. Қытай мәдениетінің тарихы. – Оқулық, 2018. – 205 б.
5. Шуц ди шан. "Қытай даосизмінің тарихы" (中国道教史) – Шандонг мәдениеті, 2018– 169б.
6. Мұқан Н. Қытайдағы Исламның даму үдерісі. – Диссертациялық жұмыс, 2019. – 70 б.
7. Мұқан Н. Қытай исламының конфессиялық ерекшелігі. - халықаралық журнал 2016. - 2б
8. Сыроежкин К.Л. Қытайдағы этникалық сепаратизмнің мифтері мен шындығы және Орталық Азияның қауіпсіздігі. – Алматы: 2003. – 382 б.
9. Сун Ян 中国古代哲学史 (Ежелгі Қытай философиясы). – Пекин, 1972. – 343 б.
10. Erik Zurcher Buddhism in China. – Leiden Boston 2013.– 63б.

## **ГЕОПОЛИТИЧЕСКАЯ ТУРБУЛЕНТНОСТЬ И РЕЛИГИОЗНАЯ СИТУАЦИЯ В КАЗАХСТАНЕ**

*Религиоведение, магистрант 1 курса Тазабеков Ә.Б.*

*Научный руководитель: д. филос. н., профессор Байтенова Н.Ж.*

*Казахский Национальный университет имени аль-Фараби*

**Аннотация:** Казахстан, находясь в самом центре Евразии, является многонациональной и многоконфессиональной страной с уникальным культурным наследием. Страна получила независимость от СССР, и с тех пор, сделало крупные шаги в плане экономического, социального и политического развития. Тем не менее, сложная геополитическая ситуация в стране имеет очень большое влияние на религиозную ситуацию в стране.

**Ключевые слова:** геополитика, религия, конфессиональность.

**Введение** Учитывая нахождение на перепутьях между Европой и Азией – геополитическую важность Казахстана нельзя не заметить, что государство окружают такие страны как Россия, Китай, Кыргызстан, Узбекистан и Туркменистан и которые имеют разные культуры, религиозные убеждения и наконец, геополитические интересы. В итоге Казахстану приходится иметь дело с широким спектром геополитических вопросов для поддержания безопасности и стабильности

Религиозный климат так же многослойный ввиду многоконфессиональности страны. Наиболее распространенная религия - ислам, с последующими религиями как христианство, иудаизм, буддизм и т.д. Правительство Казахстана адаптировала себе политику веротерпимости, которая способствовала гармонии и мирному сосуществованию среди различных конфессий. Тем не менее, рост религиозного радикализма несет в себе угрозу имеющимся достижениям.

Данный научный доклад ставит себе целью осветить тренды мировой геополитики и их влияние на религиозную ситуацию в стране. Доклад так же включает анализ относительно влияния мировых геополитических игроков на основные тренды радикализации исламистских группировок. Статья посвящена анализу геополитической ситуации в стране в призме всемирной исламской радикализации.

### **Современные тренды мировой геополитики**

Геополитический ландшафт в мире на данный момент характеризуется жесткой конкуренцией и напряженными отношениями между мировыми державами, включая США, Китай и Россию. Взаимная неприязнь проявлялась в торговле, гонке вооружений и борьбой за политическое влияние.

Геополитическая повестка Казахстана строго диктуется противостоянием США, Китая и России за контроль над Центрально-Азиатским регионом. Местоположение Казахстана, которое описывается как мост между Европой и Азией, включая ее обширные природные ресурсы – делает государство важной фигурой в геополитике.

Россия до сегодняшнего дня, традиционно являлась главным экономическим партнером Казахстана. Соответственно влияние России на Казахстан в социальном-экономическом и

культурном плане остается велико. Тем не менее, за прошедшие годы Китай стал крупным торговым партнером Казахстана, в энергетическом секторе, в частности. Инициатива “Один пояс – один путь” Китая играет ключевую роль в этой тенденции, так как она нацелена на развитие инфраструктуры в странах Евразии.

США так же имеют влияние на динамику геополитики в Казахстане с помощью дипломатических связей и крупного вовлечения капитала в энергетический сектор. Однако присутствие США в регионе воспринимается с подозрением со стороны России и Китая, которые видят в этом посягательство на их интересы.

В последние годы, мир стал свидетелем крупных геополитических процессов. Появление новых игроков, а также рост новых технологий, влияющих на все процессы - все эти крупные изменения не могли обойти стороной и Казахстан

Одним из наиболее крупных геополитических процессов является противостояние США и Китая за всемирное господство. Два государства вовлечены в стратегическую борьбу, которая охватывает экономические, военные и технологические сферы. Эта конкуренция привела к усилению двух систем: либеральный миропорядок, возглавляемый коллективным Западом, и китайская авторитарная модель.

В еще один тренд превратилось развитие многосторонних отношений и политики однополярности. Соединенные Штаты, под началом Дональда Трампа, проводили политику “Америка превыше всего” которая оспаривала мировой порядок, установленный после Второй Мировой Войны. Эпидемия коронавируса также выявила недостатки международной кооперации между странами, так как государства были вынуждены в первую очередь соблюдать свои интересы для выхода из кризиса.

Мир так же испытывает на себе стремительный рост высоких технологий, особенно в области робототехники и искусственного интеллекта. Эти вещи способны серьезно повлиять на мировую экономику и военно-промышленный комплекс.

Правительство Казахстана стремится лавировать между сверхдержавами в тоже время обеспечивая себя независимостью и нейтралитетом. Это было обозначено во внешней политике государства, в котором подчеркивается многовекторность и региональное сотрудничество.

В целом все тренды мировой геополитики имеют влияние на развитие стабильности в экономике, политике и культуре государства. От способности корректно сопоставлять все эти вещи между собой зависит будущее.

### **Влияние глобальной геополитики на основные тенденции радикализации исламистских течений в Казахстане.**

Влияние глобальной геополитики на радикализацию исламских движений в Казахстане нельзя не учесть. Наличие мусульманского большинства, при этом, имея обширные запасы ресурсов и границы с Китаем и Россией, делает Казахстан отличной мишенью для исламистских радикальных группировок, стремящихся укрепиться в Центральной Азии.

Появление ИГИЛ (запрещенная в Казахстане террористическая организация), оказало сильное влияние в радикализацию казахстанских граждан. По некоторым оценкам, около 2000 граждан незаконно уехали за границу для принятия участия в боевых действиях на стороне ИГИЛ в Сирии и Ираке. Учитывая радикализацию этих людей, данная проблема вызвала беспокойство о будущем возвращении этих граждан назад.

Правительство предприняло шаги по недопущению радикальной исламской идеологии и борьбе с экстремизмом в Казахстане. В 2014, с принятием Закона о религиозных практиках – государство усилило контроль за религиозными организациями, а также были ограничены действия экстремистских групп. Надзор и давление по отношению к экстремистским организациям также был усилен.

Несмотря на это, некоторые критики утверждают, что такой жесткий подход с помощью ограничивая и запретов может только привести к отчуждению и соответственно способствовать дальнейшей радикализации казахстанской молодежи. Правительство приняло к сведению эти опасения и сделало усилие по развитию межконфессионального диалога и увеличения роли традиционного ислама в религиозных учреждениях Казахстана.

Следовательно, можно сделать вывод, что мировые геополитические процессы оказывают огромное влияние на радикализацию общества. Относительная близость страны к горячим точкам на Ближнем востоке, а также преобладание мусульманского большинства населения делает государство уязвимым по данному направлению. Тем самым следует вывод: государство в борьбе с

религиозным экстремизмом должно найти точку соприкосновения между стремлением к безопасности и обеспечением религиозных свобод и терпимости.

### **Геополитические процессы в России и странах Центральной Азии и возможные последствия для религиозного климата в Казахстане.**

Геополитические процессы в России и странах Центральной Азии также имеют значительное влияние на религиозный климат в стране. Россия, как крупнейший региональный игрок, играет ключевую роль в составлении геополитической повестки всего региона. Учитывая советское прошлое Казахстана – влияние России на внешнюю и внутреннюю политику в Казахстане, данная ситуация не удивительна.

Наиболее выраженный признак Российского влияния в стране – развитая сеть церквей Русской Православной Церкви. Исторически сложилось так, что Русская Православная Церковь со времен существования Российской Империи обладала ведущей ролью в Русском Обществе, и ее влияние также не обошла стороной и бывшие советские республики, включая Казахстан. В последние годы Русская Православная Церковь усилила миссионерскую деятельность – тем самым вызвала негативную реакцию со стороны мусульманской части населения.

Еще один признак – влияние России на отношения Казахстана со странами Центральной Азии. Казахстан делит границу с несколькими странами региона, включая Узбекистан, Кыргызстан и Туркменистан. У этих стран есть свои геополитические вызовы, включая экономическую и политическую нестабильность. Россия стремилась сохранить доминирование с помощью лавирования между Центральной Азией и Казахстаном. Это привело к созданию различных союзов и конфликтов, которые задают тон религиозным отношениям.

Примером может послужить Исламский экстремизм. Россия противостояла исламскому экстремизму в пределах своих границ много лет, в то же время она стремилась дублировать эти явления и в Центральную Азию. Это привело к усилению сотрудничества Казахстана и России в области противодействия экстремизму, но это так же привело и к ограничению и запрету деятельности радикальных исламистских религиозных организации в Казахстане. Некоторые эксперты считают, что все это было спланировано таким образом, чтобы экстремистские элементы оказались в подполье – откуда их было бы трудно достать и контролировать.

Как уже было сказано – Россия и страны Центральной Азии влияют на религиозный климат в стране. Российское влияние на внутреннюю и внешнюю политику Казахстана, наравне с влиянием на страны Центральной Азии привели к напряженности между христианами и мусульманами Казахстана. Проблема исламского экстремизма – является одной из серьезнейших вызовов для современного Казахстана.

### **Возможности преодоления угроз религиозного радикализма в реалиях современного Казахстана.**

Казахстан делает все для борьбы с религиозным радикализмом и экстремизмом. Государство обладает внушительным арсеналом средств для борьбы с подобными явлениями, включая усиление правоохранительных органов, регулирование религиозных практик и обеспечение межконфессионального диалога.

Одна из ключевых стратегий которая используется государством это улучшение понимания причин и следствий религиозного радикализма. Сюда входит исследование отдельных личностей и их причин радикализации, также как и вычисление организаций, которые распространяют экстремистскую идеологию.

В дополнении к этому, государство способствовало развитию религиозного образования, которое учит терпимости, уважению к правам человека и отрицанию насилия. Это включает в себя подготовку высококвалифицированных имамов и других религиозных деятелей, которые послужат примером для подрастающих поколений и помогут распознать экстремистские угрозы.

Государство так же предприняло шаги к регулированию деятельности религиозных организаций. Это включает в себя внедрения нового закона о религиозных практиках 2011 года, которая требует от религиозных конфессий и различных групп официальной регистрации и соблюдения определенных критериев при осуществлении своей деятельности. Данный закон также запрещает распространение литературы экстремистского толка и разжигание религиозной ненависти.

В качестве еще одного инструмента для борьбы с экстремизмом – государство обеспечило межконфессиональный диалог, которое включает в себя организацию мероприятий нацеленных на

сбор представителей различных конфессий для обсуждения общих ценностей и выказывания взаимного уважения.

Адамның ағзасындағы қантамырлары сияқты және қантамырлардың жүрекке жетуі тәрізді, біздің тарихи құбылысымыз да, оның екіжақты жолы да Еуразияның қантамырлары іспеттес мәдениеттің, діннің, ойлардың, құндылықтардың, мәдени артефактілердің, ескерткіштер мен қазынаның, көне кесенелердің тоғысқан арнасы, олардың таралып, жан-жақты көркемдетуге арналған жылдам әрі маңызды желісі болды. Әсіресе Қазақстан үшін мағынаға толы тарихы мен оның қалыптастырған төл мәдениетін мақтанышпен айтып жеткізуге болады. Орнынан қозғалмайтын мұраларымызды тарихи-мәдени ескерткіштер қаратына жатқызамыз.

Сондай-ақ көптеген көне сәулет құрылыстары, көне қалалар мен қоныстар, қақпалар мен қорғандар, жартастағы қашап жазылған жазулар, семиотикалық таңбалар және тарихи – мәдени ордалар жетелік. Осы мұралардың заңдылықтарына анық жауап беретін тарихи-мәдени ескерткіштер Түркістан маңайында жетерлік. Жалпы Қазақстанда қазіргі кезде 25 мыңнан асатын тарих, археология, сәулет және мүсін өнерінің мәнін бұзбай жеткен үлгілері тіркелсе, зерттеушілердің ойынша, Түркістан төңірегіндегі елдімекендерде табылған мәдени жәдігерлер саны 2500-нан асады. Мұндағы әрбір тарихи кезенді қамтитын тарихи-мәдени мұраларымыз – еліміздің мол рухани азығымыз, байлығымыз болып табылады.

Солардың ішінде көне киелі Түркістан облысында орналасқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесі тарихи-мәдени мұраларымыздың ең негізгісі болып табылады. Бұл кесене тарихи-мәдени ескерткіш ретінде қарастырылып, ашық аспан астындағы мұражай кейпінде ұйымдастырылған көненің көзі. Кесененің айналасында көптеген тарихи-мәдени мұралар зерттеліп, ескерткіштердің саны көбеюіне орай «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайы құрылған болатын. Оның құрамына Қожа Ахмет Ясауи кесенесі және оның маңындағы қайта қалпына келтірілген сәулет құрылыстары мен Күлтөбе қалашығы, ортағасырлық Түркістан қаласы археологиялық ескерткіш ретінде енгізіліп, ортағасырлық қаланың тарихи – мәдени өзегі болып табылатын 88,7 га жер негізгі қорғау аймағы деп бекітілген болатын.

Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан аймағы көнеден жан- жаққа кетіп жатқан керуен жолдарының тоғысқан жеріне айналған болатын. Шығысында Ұлы Жібек жолынан бастау алған



керуен жолы (Сыр жолы) Сырдарияны жағалай келе Арал теңізіне, онан әрі Батыс Қазақстан арқылы Шығыс Еуропаға өтіп, ал Сырдарияның жағасындағы көне қалалардан шыққан Қарқаралы мен Жетіқоңыр керуен жолдары Қаратаудан басып озып, Сарыарқа жағалауы арқылы Ертіске өткен болатын. Киелі аймақ тарихымыздың әр түрлі кезеңдерінен сақталған тарихи-мәдени көне ескерткіштерге өте бай өлке.

Түркістан аймағында 100-ге жуық ежелгі, орта ғасырлық бекіністе, елді мекендер, қарауыл төбелер, қалашықтар мен қалалар бар, олардың көпшілігі Сырдария мен Қаратаудың аралығындағы жазықта, керуен жолдарының бойында жатыр, үлкен қалалар бір-біріне 10-20 км жерде орналасқан. Мысалы, Иқан, Түркістан, Қарашық, Сидақата, Сауран қалалары. Елді мекендер мен қалашықтардың бір қатары Қаратаудың шатқалдарында, тау алды жазығында кездеседі. Қазақ хандықтары кезіндегі тастан салынған бекіністер мен қалашықтар Біресек, Үшөзен, Қызылата шатқалдарында және Өгізтауда сақталған. Ортағасырлық қарауыл төбелер мен қарауыл мұнаралары Қаратаудың теріскейге өтетін шатқалдарының бойында, асуларда, тау алды жазығында және елді мекендер мен қалалардың арасындағы биік жерде орналасқан [3, б.7-14].

Қола, ерте темір және ортағасырлық тасқа салынған суреттер Қаратаудың оңтүстік-батыс беткейіндегі Қоржайлау, Жыңғылшық, Қарадегез, Қиынжүрек, Шүкірсаз, Төсбұлақ, Қызылшың, Кенөзен, Қаракұдық, Майдантал өзендері мен шатқалдарында, Бессаз шыңы төңірегінде сақталған. Тасқа салынған суреттерде тау ешкісі, арқар, жылқы, түйе, қабан, адамдар бейнеленген.

Ортағасырлық қалалардың төңірегінде каналдар, арықтар, егістік алқаптары сақталған, кәріздердің тізбектеле қазылған құдықтары Қаратаудың тау алды беткейінде орналасқан Майдантал, Абай, Бабайқорған, Қарашық ауылдары төңірегінде кездеседі.

Түркістан қаласы мен оның аймағында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштер баға жетпес жәдігерлер тарихымыздың куәгерлері болып табылады, оларды әр түрлі туристік бағыттарға енгізуге болады.

2018 жылдың 19 маусымында тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Жарлығымен Түркістан облысы құрылып, Түркістан қаласы облыс орталығына айналып түркі әлеміндегі тарихи оқиғаға біріне және Ұлы Жібек жолындағы ең көне шаһарлардың бірі Түркістан қазіргі кездегі инфрақұрылымы дамыған, мәдени орталықтары көз жауын алатын жасыл желекті, өте көрікті туристік қаланың мекеніне айналды.

Қазақ халқының аузында кең тараған: «Арыстанбапқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деген қанатты сөздердің өзі-ақ Түркістан өңірінің киелі де қасиетті мекен болғанын біршама ғасырдан бері дәлел болғаны анық. Түркістан қаласын ірі орталық айналуына Тәуелсіздік алған жылдардан бері елбасмыздан бастап зиялы қауым өкілдерінің аузында талай әңгіме арқауына айналғаны бәрімізге белгілі. Қазақтың маңдайына біткен қоғам және мемлекет қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің 1991 жылы киелі түркістан туралы айтқан сөзі: Түркістан қаласы қазақ халқының қаны жері үшін, елі үшін көп төгілген жер және ең қасиетті мекен. Сондай - ақ үш жүз жылға жуық қазақ хандарының тұрағы – астанасы атанған киелі Түркістанда халқымыздың асыл азаматтары, ең қалаулы ұлдарының асыл сүйегі жерленген. Бұл мекенді қадірлеп - қастерлеп, Түркістанда облыс орталығы құрылса халқамыздың басына біткен бағы болар еді», – деп жазды.

Түркістан облысын қаймағы бұзылмаған аңсарлы атажұрты, құтты мекені, нағыз қазақтың қарашаңырағы деуге болады. Берекесі мен мерекесі ұйыған киелі мекен десек артық айтпаған болар едік. Мағжан Жұмабаев ақын ағамыз жырлағандай:

Түркістан — екі дүние есігі ғой,

Түркістан — ер түріктің бесігі ғой .

Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің Тәңірі берген несібі ғой - деген өлең жолдарынан қаншама тарих сыр шеткенін және Түркістан түркі әлемінің рухани ордасы екенінің дәлелі.

Демек, Түркістан – барлық түркі халықтарының, одан да кеңірек айтар болсақ, Шығыс халықтарының қасиетті киелі мекені, ақ ордасы, астанасы екені анық. Тарихи деректерге сүйенетін болсақ, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сол кезеңде – ақ әлемге аты әйгілі болғанын растайды.

Түркістан атауы шығыс жазбаларында VIII-IX ғасырларда айтылса, араб зерттеушісі Ибн Хордадбек Түркістанды «Түркілер елі» деп қағазына түсірсе, географ әл-Якуба бір еңбегіне: «Түркістан» деп атаған болатын. Ал XI ғасырдың ғұлама түркі ғалымы Махмұд Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік» кітабында Түркістан қаласы мен оның айналасындағы қалалар туралы көп жазбаларынды мысалдар келтірген. Сонымен қатар XIV-XV ғасырлардағы жазба деректерге сүйенетін болсақ, Сырдария өзенінің орта жағалауында орналасқан: Сауран, Отырар, Сығанақ,

Қарнақ, тағы басқада қалаларды «Түркістан қалалары» деп және бұл өлке Түркістан аймағы екені көрсетілген.

Тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы: «Әрбір халық, әрбір тәуелсіз мемлекет өзінің рухани орталығын нақтылап алуы керек. Қазақстанның рухани орталығы Түркістан», — деген болатын. Киелі Түркістан шаһары облыс орталығымен шектелмейді еліміздегі ұлттық болмысымыздың, рухани қазыналарымыздың ордасы мен түркі дүниесінің рухани мәдени астанасы [4, б.7-14].

«Түркістан дүниежүзіндегі түркі халықтары үшін аңсарлы атажұрты және бабаларымыз осы мекендегі ғұлама ұстаз Қожа Ахмет Ясауиден діни білім алып, түркі-ислам мәдениетін бүкіл әлемге танытып таратқаны бәрімізге белгілі. Түркілер Кіші Азияға бет алғанда бұл құндылықтар түп-тамырымызды сақтап, бірлігімізді берік ұстауға негіз болған. Біздің мақсат борышымыз – түркі әлемін ХХІ ғасырда маңызды экономикалық және мәдени-гуманитарлық кеңістік болуға ат салысу. Түркі өркениетін қайта жаңғыртуды, ең алдымен, Ясауи мұрасы мен қасиетті, киелі Түркістандыбарша әлемге танытудан бастаймыз. Сондықтан бүгінгі саммит «Түркістан – Түркі әлемінің рухани астанасы» болып саналады. Тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастау алуымен Түркістан қаласы түбегейлі өзгеріске еніп, жаңа келбетте көрініс тапты.

Түркістанда алғаш 1991ж. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркістан университеті болып ашылған. 1993 ж. Қазақстан мен Түркия президенттерінің шешімімен ол Халықаралық қазақ-түрік университеті болып қайта құрылып, Қазіргі таңда, университетте Түркістан, Тараз, Шымкент, Алматы, Кентау институттары мен Анкара бөлімі бар.

Сайрамда сансыз баб, Түркістанда түмен баб, Отырарда отыз баб, ең үлкені Арыстан баб - деген сөз бекер айтылмаса керек. Ал, әр елдің, әр жердің өз киесі мен қадірі болады десек, Түркістан облысында да ғажайып орындар бар. Оның дәлелі ретінде осы аймақта орналасқан, тарихқа аты алтын әріппен жазылған қасиетті Бұл бағыттың мақсаты Түркістанға зиярат етуге келген сыртқы және ішкі туристер мен жергілікті тұрғындарға Түркістан қаласы мен оның аймағында орналасқан киелі орындарды көрсетіп, оларға зиярат еткізу. Бұл бағыт бойынша зиярат етуге келген туристер мен жергілікті тұрғындар келесі киелі орындарға келер болсақ, Арыстан баб кесенесі, Гаухар ана бейіті, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Өл-Қожа ата кесенесі, Қарнақ медресесі, Үкәшата бейіті мен құдығы, Жылаған ата бұлағына зиярат етуіне болады.

Тылсым тұнған мекенде туристер ең көп келетін орындардың көшін – Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Ясауи кесенесі бастайды. XIV ғасырда сәулет өнерінің теңдессіз туындысы – осы өлкенің бас мұраларының бірі саналады. Облыстық туризм басқармасының мәліметінше, ортағасырлық ескерткішті тамашалауға былтыр 3 миллионнан астам турист келген.

Кесене ХІІ ғасырда өмір сүрген бүкіл Шығысқа аты әйгілі көне түркі ақыны, софизмді уағыздаушы Ахмет Ясауидің бейітінің басына тұрғызылған. Архитектуралық ғимарат Ахмет Ясауи қайтыс болған соң 200 жылдан кейін атақты қолбасшы Әмір Темірдің бұйрығымен салынған.

Көптеген жазба деректерге қарағанда, болашақ құрылыстың жобасын жасауда Әмір Темір тікелей өзі қатысып, негізгі өлшемдерді анықтаған. Ғимараттың сапалы салынғаны соншалық, әлі күнге дейін көп бөлігі бүлінбей сол күйінде сақталып, теңдессіз сәулет туындысы ретінде кесене 2003 жылы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне алынды.

Тарихымыздың құты болған Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі алты ғасырлық тарихы бар қасиетті, алып қазан жалпы салмағы 2 тонна, сыйымдылығы 3 мың литр болатын қазан су құюға ғана арналған. Оған бейсенбі күні су толтырылып, тәтті араластырылып, келесі күні яғни жұма намаздан кейін тәтті су жұртқа таратылып, одан кейін бос қазанға әркім өзінің әкелгенін, яғни саудагер тиынын, қасапшы етін, аңшы терісін, шаруа бидайын тастап, шырақшылар мұқтаж адамдарға таратып беретін болған.

Зерттеушілердің дерегінше, он бөліктен тұратын қазанның астындағы тіреуіші сегіз бөліктен құралған. Бүгінде қазан құйылған пештің орны анықталып, сол кезде жұмыс істеген шеберлер жайлы зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Зерттеушілердің дерегіне қарағанда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде сақталған ортағасырлық Тайқазан 620 жыл бұрын, яғни 1399 жылы Тұранның билеушісі Әмір Темірдің бұйрығымен Түркістаннан 25 шақырым жерде орналасқан Қарнақ елді мекеніндегі Әбділ Әзиз Шарафуддин Тебризи шебердің ұстаханасында құйылған. Тайқазан 1935 жылы Ленинград, қазіргі Санкт-Петербург қаласында өтетін Иран шеберлерінің ІІІ Халықаралық конференциясына үш айға жіберілгенімен 54 жылдан кейін, яғни 1989 жылдың 18 қыркүйегінде тарихи отанына қайта

оралды. Бұл іске, яғни көне жәдігердің Түркістанға әкелінуіне мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің қосқан үлесі зор [5, б.197].

Алып қазанның сыртында үш қатар жазу бар. Алғашқы қатарда Құранның Тәубе сүресінің 19-аятынан үзінді Пайғамбарымыздың: «Кімде- кім Алла тағала үшін су құятын ыдыс жасаса, жұмақта оған арнап хауыз дайындайды», – деген хадисімен жалғасқан. Сондай-ақ «Әлемдегі шайхтардың сұлтаны Ахмет Ясауидің мазары үшін Әмір Темірдің бұйрығымен жасалған», – деген сөзбен қатар «жиырмасыншы шәуәл, 801 жыл», – деп уақытты айшықтаған. Бұл біздің жыл санауымызша, 25 маусым 1399 жыл деген сөз және тайқазанның авторы өз аты-жөнін жазуды да ұмытпапты.

Қазір біздегі тарихи мәліметтер бойынша Түркістанда 21 хан жерленген. Еңсегей бойлы Ер Есімнен бастап, Әбілмәмбет, Тәуке, Жәңгір, Әбілпейіс, Барак, Бөкей, Абылай сынды хандар бар. Ал мұнда жерленген батырлардың моласының саны отыздан асты. Мысалы Бөгенбай батыр, Жәнібек батырлар. Билерден қаз дауысты Қазыбек би бабамыз да сонда жатыр. Қазбек би мен Абылай ханның құлпытасы толық сақталған.

Қазақстан Республикасында 2023 жылға дейін туристік индустрияны дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының жобасына сәйкес, облыс «Ұлы Жібек жолын жаңғырту» кластеріне енгізілген. Түркістан қаласы кластердің негізгі нысаны ретінде айқындалған. Облысқа келетін туристер ағымы жылдан-жылға арта түсуде.

Негізгі бағыттағы нысандардарға келер болсақ, бірінші Рухани діни бағыт, «Әзірет Сұлтан» музейі, ашық аспан астындағы музей, Қ.А.Ясауи кесенесі, Гауһар ана, Ұқаша ата, Жылаған ата мазарлары айтылады. Ал тарихи бағыт айтар болсақ «түркістан тарихы ізімен», «түркістан тарихы» музейі, Шауғар-Шойтөбе, Иассы-Күлтөбе, Сауран қаласын қоса аламыз.

XII ғасырда мұсылмандар үшін қасиетті мекенге айналып, XII ғасырда сопылық ілімді белсенді ұстанушысы Қожа Ахмет Ясауи осы қалада жерленген болатын. Ясауи өмірден өткен соң қабірінің басына үлкен мазар тұрғызылып, Мазар мыңдаған мұсылмандардың зиярат ететін орнына айналған. Кесенені тұрғызуға ұйытқы болған Әмір Темір болатын.

XVI ғасырдың соңында Сырдарияның бойындағы қала Сығанақ өзінің бұрынғы маңызын жоғалта бастап, ал, Түркістан Ахмет Ясауидің әсем де зәулім кесенесінің арқасында Орта Азияның рухани орталығына айналған болатын. 1598-1628 жылдары Есім хан Ясыны Түркістан деп атап, оны Қазақ хандығының орталығы етіп, қазақ хандары XVIII ғасырдың соңына дейін билік құрды.

Тарихи-мәдени «Әзірет султан» қорық-мұражайының территориясында 164 атақты тұлғалар жерленген. Олар әртүрлі заманда өмір сүрген күллі қазақ халқының игі арыстандары, сондай-ақ кесенеді қазақтың Қаз дауысты Қазыбек би, Абылай хан, Есім хан, Хакназар хан, Тауке хан, Шығай хан, Жәңгір хан, Қанжығалы Бөгенбай, тобықты Мамай, қоңырат Сырғақ жатыр.

Бүгінде өңірде қым-қуат тіршілік қарқынды жүруде: ауқымды құрылыс жұмыстары жүргізілуде, инфрақұрылым жылдам дамып жатыр, сауда саласы дамуда. Облыс зор мүмкіндіктер өңірі ретінде танылды. Шынымен де, облыстың экономикалық даму әлеуеті өте зор. Өңірде жұмыстар төрт аса маңызды бағыт бойынша жүргізілуде: шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, инвестициялар тарту, экспортты ұлғайту, туристік әлеуетті ауқымды жүзеге асыру.

Тарихи туризмнің алтын бесігіне айналған Түркістан, отандық та, шетелдік те туристердің арасында аса танымал. Облыста туризмнің әлеуеті аса зор. Ежелден рухани астана ретінде саналып келген Түркістан жылына бір миллионнан астам туристі қабылдауға қауқарлы.

Түркістанда қалалықтар мен қала қонақтары үшін ойын-сауық орталықтары, заманауи қонақ үйлер, тарихи-мәдени орталықтар, драма театры, мейрамханалар, Салтанат үйлері, аквапарк, спорт нысандары, базарлар мен супермаркеттер бар. Қала туристерге сапалы қызмет түрлерін ұсына алады деуге болады. Облыста орналасқан және ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Отырар ауданында орналасқан ежелгі қалалар Отырар мен Сауран, Арыстан баб кесенесі, Бәйдібек ата, Домалақ ана кесенелері, Бәйдібек ауданындағы Ақмешіт үңгірі, Түлкібас ауданының теңдессіз табиғаты, Ақсу-Жабағылы, Қаратау қорықтары, Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі саяхатшыларды әсемдігімен тамсандырады [6, б.72].

Туризмнің жылдам және тұрақты өсуін, қоршаған ортаға мықты әсерін, экономиканың барлық секторлары мен қоғамның жақсы тұрмыстық жағдайын назарға ала отырып Үкімет Қазақстанның ұзақ мерзімді даму бағдарламасында туристік саланы басым сипатқа ие сала етіп анықтады. Бұл тұжырымдама туризм саласындағы мемлекеттік саясат толықтай құрастыруды, Қазақстандағы туризм саласында қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негізді қалыптастыруды болжайды

Көне Түркістан шаһарының маңайында менмұндалаған әсем мешіттер мен кесенелер, мұражайлар, тарихи- мәдени жәдігерлер – халқымыздың рухани мұрасының сарқылмас қазынасы.

Осынау рухани қазынамызды сақтап, ұрпаққа жеткізуді көздейтін мемлекеттік деңгейдегі бұл бастамаларымыз берекелі, нәтижелі болғай.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Хасенов Ә. Қазақстанның XIV-XVIII ғасырлардағы мәдениеті. 2013. – 150 б,
2. Есенқұлов Е. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. Алматы, 1976. 10б.
3. Каратаев М.К. Қазақ совет энциклопедиясы, 12 т. Алматы, 2012. – 647 б..
4. К.М. Байпақов, Н.О. Алдабергенов. Отраралқабы, Археология өнер, қолөнерескеркіштері. Алматы., 2005 ж. 7-14 б.
5. Асан Д.С., Абишева А.О. Туризм менеджменті: оқу құралы / – Түркістан: "Тұран" баспасы, 2009. – 197б.
6. Ғабитов Т.Х. Мәдениеттану. А. 2000. – 260 б.
7. К. Байпақов. Қазақстанның ежелгі қалалары. Аруна., 2005ж. 72 б.
8. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – Астана 2006-2011 жылда
9. Қазақстан Республикасының мәдени мұралары [электрондық ресурс].- Кіру тәртібі: <http://www.madenimura.kz/2011>
10. Назарбаев Н. Ә. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол. Қазақстан халқына жолдауы. 11 қараша 2014 жыл
11. Әметұлы. Ә. «Түркістан салтанаты», Түркістан - 2002 Анкара.
12. Салықов Қ. «Түркістанға тағзым», Алматы 2000
13. Жұмат Ж. Алуахан Е. «Қасиетті мекендегі қала» Астана 2000
14. «Түркістан» газеті, №16,21 сәуір 2005

#### **ЖАТАҚХАНА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР МӘДЕНИЕТІ**

*мәдениеттану мамандығының 1-курс докторанты **Нарымбаев Қ.Д.***

*Ғылыми жетекші: филос.ғ.д., профессор **Исмагамбетова З.Н.***

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Аңдатпа.** Мақалада жаңа қалалардағы жоғары оқу орындарында немесе орта арнаулы оқу орындарында салынған студенттер жатақханаларының күнделікті тіршілігінің ерекшеліктері ашылады. Зерттеу негізінен ауызша мәдени-тарихи әдістерін қолдануға және пәнаралық сипатқа ие. Зерттеудің негізгі тұжырымдамасы ретінде бұл жатақханалар қалалық кеңістікте болғандықтан сол жаңа әлеуметтік-мәдени ортаның үлкен ықпалында жатыр. Ол студенттердің күнделікті өмірінің күнделікті жағын ғана емес, сонымен қатар белгілі бір саладағы студенттердің кейбір психикалық көзқарастарын анықтады. Дәл осы жатақханаларда кейінгі кезеңде студенттер арасында сақталған күнделікті өмір элементтері қалыптасты.

**Кілт сөздер:** Жатақхана, күнделікті, қалалық аудан, әлеуметтік-мәдени кеңістік, тұрмыс, мәдениет

Мақаланың ғылыми жаңалығы ретінде күнделікті өмір мәдениеті ғылымда салыстырмалы түрде жақында қолданыла бастаған концептуалды, жүйелік, семиотикалық және басқа әдістері күрделі құрылымы бар құбылыс ретінде қарастырылады. Сонымен қатар ол өзімен бірге адамның барлық істері жүзеге асырылатын, оның дамуын ынталандыратын және тежейтін өмірдің тірі үлгісі ретінде қарастыру.

Студенттер жатақханасының күнделікті мәдениеті хронотоптық білім ретінде әрекет етеді. Жатақхана табиғаты және ұжымдық күнделікті мәдениеті ондағы тұру ережелері талаптарын қалыптастыру қатаң қабырғаға негізделген жүйелік тәсілді пайдалануды талап етеді

Жатақхананың күнделікті мәдениетінің тұтас спектрі ретінде барлығына қолайлы өзара әрекеттесу нысандарын жасауға арналған бұрын бейтаныс адамдар тұратын әрбір студенттік бөлменің күнделікті мәдениетінің үлгілері неғұрлым ұсақ пішіндер жазылған жыралар ретінде көрінеді. Бұл мәдениеттің ауыспалы элементтерінің фрагменттік ішкі және сыртқы алмасуының арқасында мүмкін болады, мұнда сыртқы алмасу оның күйінің өзгеруін анықтайтын қозғаушы күш болып табылады. Сонымен қатар, ішкі тұрақтылық біртұтас қызмет пен шарттармен (университеттегі білім беру жүйесі және жатақханада тұру) реттелетін құндылықтар алмасуымен қамтамасыз етіледі.

Студенттік жатақханадағы күнделікті мәдениет белгілі бір қызметтерді жүзеге асыру үшін, ең алдымен өмірдің жаңа жағдайларына бейімделу үшін құрылғандықтан, жеткілікті тұрақты жүйенің ерекшеліктеріне ие болады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы оның негізгі элементтері топтастырылған және негізделген күнделікті мәдениет үлгілерін жасаудың мәдениеттану кодының идеясын ұсыну, күнделіктіліктің нақты нысандарына қатысты мәдениеттануды сынау болып табылады. Сонымен қатар жатақхана студенттерінің күнделікті мәдениетінің әр түрлі құрылымының заңдылықтарын анықтау және тетігін әзірлеуде; студенттердің күнделікті мәдениетінің үлгілерін жасауда басқару нысандарын қолдану қажеттілігін негіздеу болып табылады.

Мәдениеттану белгілі бір дәуірге тән заттар дүниесінің, құндылықтардың, мінез-құлық үлгілерінің, ойлау формаларының және басқалардың күрделі құрылымы бар күнделікті өмір мәдениетінің қалыптастырушы факторларын зерттейді. Күнделікті өмір мәдениеті тұлғаны жан-жақты қалыптастырудың негізгі құралы ретінде қарастыра отырып, оған тұтас көзқарас қалыптастырады. Ол тек форма құраушы белгілерді ғана емес, сонымен бірге олар енетін өзара тәуелділіктерді де қамтиды. Күнделікті өмір мәдениетінің өмір сүруінің тәуелсіз аспектілері осы орайда ол қай жерде болуы керек және адам онымен күресуі керек екендігін насихаттайды. Осыған байланысты күнделікті өмір мәдениеті концептуалды, жүйелік, семиотикалық және басқа да тәсілдерде күрделі құрылымға ие құбылыс [1].

Күнделікті өмір мәдениетінің құрылымы оның статистикалық және динамикалық бөліктерінің қайшылықты бірлігі ретінде өмір сүретіндіктен, өте полиморфты болып келеді. Күнделікті өмірдің статикасы кедергілерге төтеп беруге қабілетті әлеуметтік шындықтың осы сферасының тұрақты өмір сүруін қамтамасыз етеді. Динамика ішкі процестердің нәтижесінде пайда болатын және басқа сфералардың әсерінен ынталандырылған өзгерістерге жауап береді. Құрылымдық сипаттамалық белгілері мен олардың тәуелділіктері, оның ішінде мезгілдік, кеңістіктік, деңгейлік-семантикалық сипаттамалар бойынша жүзеге асырылады. Олардың жиынтығы мыналарға мүмкіндік береді: қайталанатын процестер мен оқиғалардың күнделікті ырғағын айқын статистикалық үлгіде бекітуге; оларды онтологиялық талдау, өйткені күнделікті өмірде адам күн сайын болып жатқан және қайталанатын оқиғалар тізбегімен айналысады; басқалардың эмоционалды жауаптарын бағалау және таңдаулы түрде жауап беру; объективті ортаның кеңістіктік өзара тәуелділігін және оның орналасуына байланысты мәселелерді зерттеу.

Күнделікті өмірдің құрылымдарын зерттей отырып, мәдениеттанулық талдау бір мезгілде күнделікті қарым-қатынас технологияларын жасауға бағытталған. Күнделікті мәдениеттің форма ретінде үнемі жасалып, өзгеріп отыратын процесс екенін ескереді. Ол күнделікті өмірдің барлығына тән бір үлгінің векторлары бойынша реттелген мәдениет түрінде бірнеше үлгілерін жасайды. Осы жерде тұратын студенттердің құқықтары мен міндеттерінің ортақ қатаң шеңберіне салынған жатақхана корпусы; ондағы әрбір студенттік бөлменің күнделікті мәдениетінің ішінара форма-модельдерінің негізі ретінде түрлендіру. Бұл позицияларды зерттеу күнделікті мәдениетті құру процесін оның әртүрлі формалары мен үлгілерінде қайта құруға және олардың құрамының механизмдерін қадағалауға көмектеседі. Олар әрқашан күрделене және кеңейуге, не қысқаруға және жеңілдетуге бейім болып келеді. Мұның себебі жатақханадағы күнделікті өмір мәдениетінің жалпы жағдайы және студенттердің субъективті белсенділігі немесе белсенді еместігінде [2].

Студенттік жатақхананың күнделікті мәдениеті тұтас және ішінара нұсқалар жеткілікті тұрақты жүйе және сонымен бірге динамикалық орта ретінде әрекет етеді. Динамика нақты формалардың қосылу немесе иеліктен айыру процесі ретінде әрекет етеді және оның өзгеруін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге өзгерістер қоршаған ортаның өзін де, процеске қатысушы адамдарды да қамтиды. Осыған байланысты ол күнделікті микромәдениетте тұрақты және сонымен бірге шартты тұрақтылық күйімен сипатталуы мүмкін. Студенттік өмірдің негізі болып табылатын тұрақты жаңалықтарды бойына сіңіріп үлгеру үшін ол динамикалық жағдайда болуы керек. Күнделікті микромәдениеттің тұрақтылығының ерекшеліктерін нақтылы көрсете отырып, оны динамикалық тұрақты жүйенің күйі ретінде қарастырған жөн.

Оның түрлену тетіктері үнемі тұрақты күйден динамикалық күйге және керісінше ауысады, бұл күнделікті мәдениеттің өзгермелі өмірге сәйкес келуін қамтамасыз етеді. Күнделікті мәдениеттің тұрақтылығы осы мәдениетті тасымалдаушылар - индивидтер арасындағы құндылықтардың ішкі алмасуын жүзеге асырып қана қоймайды, сонымен қатар инерция заңымен сәйкес келетін тұйық өзгермейтін жағдайды сақтайды. Сонымен қатар кез келген күнделікті мәдениет динамикалық құбылыс болып табылады, өйткені ол мәдениеттің қозғалмалы құндылықтарымен алмасады.

Сонымен бірге, әрбір ауысу оған қатысушы екі агенттің де күйінің өзара өзгеруі процесі ретінде әрекет етеді; ауысу кезінде күнделікті мәдениет бекітілген құндылықтар процестерін және олар өз кезегінде күнделікті мәдениет жағдайы өзгеріп отырады. Сонымен қатар, күнделікті мәдениеттегі өзгерістердің ішінде тұлғаның өзгеруі байқалады. Демек, күнделікті өмір мәдениетінің тұрақтылығы өте шартты және адам белгілі бір жағдайлар мен жағдайларда болғанша сақталады, соңғысының өзгеруіне қарай өзгереді.

Студенттердің күнделікті мәдениетінің әлеуметтік сипаттамасы студенттің күнделікті мәдениетінің негізгі белгілері қарастырылады. Ол осы жастың максимализмнен қалыптасқан негізгі психологиялық ерекшеліктеріне негізделеді; ымырасыз көзқарас, өзін-өзі бағалаудың жоғарылауы; сыни тұрғыдан ойлау; инсативтілік; ұтқырлық; инновация қызығу; өзгермелі өмірге және басқа жағдайларға бейімделу [3].

Қазіргі студенттер ұжымының ерекшелігі сол оның қоғамдық өмірге ену процесі тек оқу қызметі мен кәсіптік оқыту арқылы ғана емес, сонымен бірге өз бетінше материалдық және тұрмыстық жағдайларды, өз іс-әрекетін көрсетудің жаңа формаларын қалыптастыру және әлеуметтік өзара әрекеттесу формаларын таңдау арқылы жүреді. Жүргізілген зерттеулердің талдауы студенттердің шығармашылық, қызықты жұмысқа бағдарын сақтай отырып, мәңгілік құндылықтардың маңыздылығын арттыра отырып, тәжірбиелік, прагматикалық болып келе жатқандығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. (Достық, Махаббат, Отбасы)

Студенттердің мотивациясында үмітке беделді және лайықты жұмысқа орналасу перспективасы маңызды орын беріледі. Бұл бағыт заңгерлер арасында айқын, экономистер арасында біршама аз, ал басқа мамандықтардың студенттері арасында бұл көрсеткіш 20%-дан 28%-ға дейін ауытқиды. Университеттерді таңдау мотивтерінің санына «өмірдің уайымсыз кезеңін ұзартуға ұмтылу» кіреді. Мамандыққа деген қызығушылық пен өз қабілеттерін жүзеге асыруға деген құлшыныс жоғары болған университеттерде уайымсыз өмір салтына бейімдердің үлесі де сәйкесінше төмен.

Орта есеппен 5 респонденттің 4-і университет пен мамандықты қанағаттанамын деп таңдады. Таңдау мотивациясын талдауда көрсетілген себептерден басқа, мамандықтың «бұқаралық сипатының» әсері де әсер етеді. Студенттердің 25%-ы мемлекеттік секторда, 42%-ы коммерциялық құрылымдарда таңдаған мамандығы бойынша жұмыс істеуді жоспарлап отыр. Мемлекеттік құрылымдарда жұмыс істегісі келетіндердің арақатынасы және коммерциялық құрылымдар 1-ден 2-ге дейін, мамандық бойынша және 5-тен 1-ге дейін. Студенттердің шамамен 16%-ы оқуын жалғастырып, ғылыми-зерттеу қызметімен айналысуды жоспарлап отыр. Студенттердің 16%-ы шетелге оқуға және жұмыс істеуге барғысы келеді. Болашаққа жоспары жоқтардың үлесі 11%-ды құрайды. Жатақханада тұратындардың 87% үшін бұл позициялар ортақ. 79% үшін ол жаңа шындыққа бейімделуге көмектесетін негіз ретінде әрекет етеді. Сонымен бірге құрамы, іс-әрекет сипаты, менталитеті жағынан күнделікті мәдениеттің көптеген нысандарын жасайтын полифункционалды орта ретінде әрекет етеді.

Студенттік жатақхананың күнделікті мәдениеті ұйымдастырушылық, мағыналық, уақыттық аспектілерде хронотоптың барлық белгілері бар жатақханада қалыптасатын тұрмыстық мәдениеттің ерекшеліктерін ашады. Жатақхана табиғатының өзі және ондағы ұжымдық күнделікті мәдениетті қалыптастыру басқарудың жүйелі тәсілін қолдануды талап етеді. Басқару міндеттерін іске асыру күнделікті өмірдің оң мәдениетті қалыптастыратын негізін, студенттердің оқу және университеттен тыс іс-әрекетінің күрделілігі мен сабақтастығы органикалық түрде үйлесетін жатақхананың нақты атмосферасын құруға бағытталған, өйткені жатақхана жаңа әлеуметтік микроорта болып табылады. Бұл тұлғаның даму процестері ретінде жастардың жаңа әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға бейімделуін анықтайды. Қоршаған ортаның мәдени қалыптасу деңгейі бірқатар критерийлермен анықталады – жатақханадағы тәрбие жұмысы жүйесіндегі барлық буындардың жұмысының тұрақтылығы мен айқындылығының дәрежесі болып табылады. Ондағы өткізілетін іс-шараларға оқушылардың жаппай қатысуы, қатысу сапасы, байқаулар, фестивальдар, конкурстар, конференциялар көрсеткіштерінің тиімділігі, студенттердің бастамасының болуы, олардың аудиториядан тыс жұмыстың жаңа формаларын іздестірудегі шығармашылық қабілеті; мәдени-демалыс, спорттық-сауықтыру шараларының, конференциялардың сапасын бағалау және, әрине, жатақхана ішінде құқық бұзушылықтардың болуы немесе болмауы. Жалпы, зерттеу жатақханада тұратын студенттерді толғандыратын әлеуметтік-психологиялық мәселелердің ауқымы кең екенін көрсетті. Жастардың әлеуметтік әл-ауқаты белгілі бір мәселелердің қалай шешілетінімен анықталады. Жатақханадағы күнделікті өмір мәдениетінің бағыты мен сапасына тікелей әсер ететін әлеуметтік мәселелер болып табылады.

Күнделікті мәдениетті қалыптастыру механизмдері жалпы күнделікті мәдениеттің тұтас спектрін қарастырады, ол әрбір студенттік бөлмеде күнделікті мәдениеттің кішірек формаларын жасайтын негіз ретінде әрекет етеді. Күнделікті мәдениетті бұл жағдайда белгілі бір функцияларды, ең алдымен өмірдің жаңа жағдайларына бейімделу функциясын жүзеге асыру үшін құрылған жеткілікті тұрақты жүйе деп атауға болады. Осыған байланысты күнделікті микромәдениетті тұрақты және сонымен бірге шартты тұрақтылық күйімен сипаттауға болады. Тұрақтылық пен динамиканың үйлесуі осы құбылыстың сипатын көрсетеді, мұнда тұрақтылық тепе-теңдікте болады, жүйенің ішкі және сыртқы алмасуын орташа стационарлық көрініске айналдырады. Сондықтан, адам санына қарамастан, студентте өмір сүретін өте әртүрлі мәдениетті тасымалдаушылар болып саналады. Жатақхана олардың барлығы ұқсас жағдайларда өмір сүруге қолайлы жалпы ұқсас үлгілерді жасайды [4].

Сонымен қатар, жатақхананың жалпы күнделікті мәдениеті оның әрбір үлгісінің күйін өзгеріссіз сақтайды, ал ішкі және сыртқы құндылықтардың алмасуы баламалылықты сақтайды. Қалыптасқан және құрылымдалған модель бұл жағдайда «өзіндік» және «бөтен» құндылықтарды тануға және тұрақтылыққа қауіп төндіретіндерден бас тартуға қабілетті болып келеді.

Осының арқасында күнделікті ішкі құрылымы тұрақты мәдениет өзінің тасымалдаушылары арасындағы тең ішкі алмасуды жүзеге асырып қана қоймайды, сонымен қатар тұйық өзгермейтін жағдайды сақтайды [5].

Сонымен қатар кез келген тұрмыстық мәдениет динамикалық құбылыс болып табылады. Бұл бөлмеге қосымша адам қоныстанған кезде күнделікті мәдениеттің басқа ерекшеліктерін бар атмосфераға енгізгенде алдымен бағаланады, содан кейін жиналғандар қабылдайды немесе қабылдамайды. Бұл жүйе, оның ішкі құрылымын өзгерту арқылы өз ішіндегі құндылықтарды қайта бөлуді талап етеді. Осылайша, мәдениеттің құндылықтары мен элементтерінің ішкі және сыртқы фрагменттік алмасуы оның күйіндегі барлық өзгерістерді анықтайтын қозғаушы күш болып табылады. Күнделікті мәдениеттегі өзгерістердің толық ауқымында жетекші рөл қоршаған ортамен реттелетін сыртқы және ішкі алмасуға да тиесілі болуы мүмкін. Сондықтан мұндай процестердің қозғаушы күші сыртқы алмасуы, бүкіл университет-жатақхана жүйесі қоршаған ортамен реттеледі.

Қорытындылай келе күрделілігі мен сәйкес еместігіне байланысты күнделікті өмір мәдениетінің элементтері, онда нақты формаларға қосылу немесе айыру процесі ретінде тең емес алмасу да орын алуы мүмкін. Бұл жағдайда әрбір тең емес алмасу актісі екі агенттің күйінің өзара өзгеруі процесі ретінде әрекет етеді. оған қатыса отырып, қоршаған орта тең емес алмасуда бекітілген құндылықтарды өңдейді және олар өз кезегінде күнделікті мәдениеттің жағдайын өзгертеді. Алмасуда өңделетін құндылықтардың күйін өзгертудің үздіксіз процесі сонымен қатар күнделікті өмірдің өзіндік құрылымын өзгерту процесі болып табылады, мұнда студенттің өзі оның тасымалдаушысы ретінде күнделікті өмір мәдениетінің мәніне қарсы тұрады. Оның мазмұнын өз өміріне қолайлы формада сәйкестендіру үшін ол өзінің ойлау ерекшеліктерін қозғалысқа келтіреді. Сонымен қатар оқушыларда да өзгеріс бар күнделікті мәдениет ішіндегі өзгерістер қалыптасады. Олар кез келген ұйымның негізін құрай салысымен олар үшін оның өзі құрылады. Демек, күнделікті өмір мәдениетінің тұрақтылығы өте шартты болып табылады және студенттер берілген университет пен жатақханада болғанша сақталады және соңы өзгерген сайын өзгереді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мягченко Г. Ю. Феномен культуры повседневности студенческого общежития: диссертация . кандидата философских наук. — Тамбов, 2006. — 285 с.
2. Мягченко Г.Ю. Герменевтика культуры повседневности в пространственно-темпоральных аспектах // СЭНИ «Аналитика культурологии», № 2, 2004. № Гос. рег 0420500022. 0,7 п.л.
3. Рыженко В. Г. Образы и символы советского города в современных исследовательских опытах: региональный аспект: монография. — Омск: Изд-во Ом. гос. ун-та, 2010. — 310 с.
4. Сборник методических материалов по вопросам работы общественных организаций в студенческих общежитиях / Под общ. ред. А. Берковича. ВЛКСМ. Моск. гор. ком. Профсоюз работников просвещения, высш. школы и науч. учреждений. Моск. гор. ком. Моск. гор. совет по делам студенческих общежитий. — М., 1971. — 112 с.
5. Каталог типовых проектов одно-, двух- и трехэтажных жилых домов и общежитий / Комитет по делам архитектуры при Совете министров СССР. Гл. упр. по проектированию жилых зданий. — М., 1948. — 26 с.



## ІЗГІЛІКТІ ТУ ЕТІП КӨТЕРГЕН ЖАЗУШЫ

(Қажығали Мұханбетқалиұлы әңгімелерінен туындаған ой)

Құльжанов А.Б.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Д.Қонаев атындағы мектебі. Ақтөбе қаласы

Көркем шығарма авторының мақсаты – қоғамдық шындықты, адамның бастан кешкен өмірін суреттеу арқылы өмірді таныту, адамзаттық ұлы мұраттарға қызмет ету. Мақалада қарымды қаламгердің әңгімелерін санамызда қайта бір жаңғыртуды алдымызға мақсат етіп қойдық.

Қ.Мұханбетқалиұлы – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Қаламгер туралы ресми мәліметтерді «Қазақстан жазушылары» анықтамалығынан, [Ақтөбе](#) өңірінің тарихи-танымдық, мәдени-әлеуметтік тұтас келбеті тұжырымдап баяндалған «Ақтөбе» энциклопедиясынан т.б. таба аласыз [1,2.]

Қ.Мұханбетқалиұлы көптеген хикаят, әңгімелердің авторы. Әңгіме жанрына үлкен мән беріп, белсене айналысқан десек те артықтық етпес. Біздің ойымызша Қ.Мұханбетқалиұлының қазақ әңгімелері тарихында алар орны айырықша. Бұл турасында «Қажығали Мұханбетқалиевті қазақ әңгімесінің айтулы шебері деуге әбден болады. Оймақтай ғана оқиғаға ойдай мағына сыйғыза алған прозашы адам құлқындағы құбылмалылықтан басталатын дәуірлік трагедиялар мен әлеуметтік драмалар жұлынын дөп басады» [3,5-б.] дейді дарабоз жазушы Әбіш Кекілбаев.

Біздің мақсат – жазушының ұлттық көркемдік дамуға қосқан үлесін, әңгімелерінің қазіргі қазақ прозасынан алатын өзіндік орны мен жаңашыл сипатын ашу, яғни «алтынның қолда барда қадірін білуге» ұмтылдык.

Жалпы қаламгер адам үшін жазады, тақырыбы да адам тағдыры екені белгілі. Қарапайым жандардың көкірегінде қандай мұң, жүрегінде қандай сезім, көңілінде қандай түйткіл, санасында қандай сапырылыс, арында қандай арпалыс, жанында қандай құлазу, сезімінде қандай сергелдендер бар, қаламгерге соны танып жазу шарт еді. Себебі, «күйесіз қазан жоқ, қайғысыз адам жоқ». «Мұңайғанда мұң бар, жымығанда сыр бар», сол себепті де жазушы мұңайған жанның мұңын, жымыған жанның сырын тереңнен ашып көрсетуге міндетті. Қаламгер Қажығали Мұханбетқалиұлы да осы аталған мұңдықты жоқ етер мейірімді, мейірімділікті танытар жылуы мол жүректі аңсайды.

Адам сыры қай кезде танылады? «Темір сырын отта танытады, адам сырын жоқта танытады». Немесе «адамды: кейде баршылық сынайды, кейде жоқшылық сынайды». Сондықтан адамның адамдық қасиетін түрлі сынақтардан өткізіп барып, сырын ашып, білуге болады.

Жазушы сол үшін кейіпкерлерін сан түрлі шырғаландар мен шытырмандарға салады. Адамды жақсылыққа да, жамандыққа да жолықтырады. Адам басында қандай жағдай болса да адам қалпында қалуы керек. Қаламгер иек артатын «адам қайғысы – заман қайғысы» екені де түсінікті.

Қажығали Мұханбетқалиұлы өз заманының шындығын жазды, замана тынысын өз кейіпкерлері арқылы ой елегінен өткізеді. Кейіпкері арқылы келеңсіздікке қиналып, кейіпкері арқылы жақсылыққа қуанады. Жазушы әңгімелерінің кейіпкерлері санаулы келеді. Жазушы олардың жан әлеміндегі алай-дүлей ахуалды ежіктейді. Терең талдайды.

Жазушы «Сынық терезе» әңгімесінде бұрынғылардың айтқан бір сөзі ретінде «Әрбір адам – шешілмеген бір-бір жұмбақ» [4,49-б.] дегенді айтқызады бір кейіпкеріне. Бұл пікір – жазушының бар әңгімесіне арқау. Жазушы сол жұмбақты шешкісі келеді. Соған жол іздейді.

«Сынық терезе» әңгімесінде шахмат ойнап жатқан Есболған мен Тоқан арасындағы текетіресте Тоқанның фигураны ұстап қойып, кейін оны жүрмей осалдық танытқаны, ал Есболғанның Тоқанға қарағанда шын шебер, нағыз мықты ойыншы бола тұра, «ұстағаныңды жүр» деп қатып қалып, қарсыласының бір қателігін кешіріп, мәрттік танытпауын айыптаған көзқарас бар. Сондықтан жұрт Тоқандікі теріс болса да, оны айыптамай, ал Есболғандікі дұрыс болса да, оны қолдамай тұрады. «Және осы жігіттің өзінде нағыз күштілерге тән, кісі сүйсінерлік бір...кеңдік, кешірімшіл ірілік жоқ» [4,38-б.] деген әңгімені баяндаушының ойынан да адам баласына кеңдік, кешірімшіл қасиеттердің керектігін, ол кез келген адамнан табыла бермейтінін, тек нағыз күштілерде ғана болатын қасиет екенін көре аламыз. Кейіпкердің осы сөзінен бұл қасиетті жазушының адам бойынан көргісі келетін аңсарын байқауға болады. Қазақ халқы да «Кешірім жасау – кеңдік, кешіре алмау – кемдік» деп, кешірімшілдікті кеңдікке, ірілікке жатқызады [5,369-б.] Біз білетінде «Кешірім - ізгіліктің белгісі» болса, ал «Ізгілік – адамгершілік белгісі».

Адам болмысына берілген асыл қасиеттердің бірі – кешірімділік. Үндістан ұлт-азаттық қозғалысының қайраткері Махатма Ганди айтқандай «Кешіру – мықтылардың ісі. Әлсіздер



кешірімді бола алмас» [6,211-б.] Кешірімділік қатандық пен қатыгездіктің құрсауынан арылтып, бақытқа жеткізеді. Сәйкесінше кешірім сұрамау мен кешірмеу де адам өмірін түпсіз тұңғыыққа тірейтін жағымсыз қасиет. Осы әңгіменің келесі бір кейіпкері Байжігіт те өзін-өзі көп уақытқа дейін кешірмей келген адам.

Байжігіт те үлкендердің өзіне жасаған әділетсіздігіне шыдамай, бастықпаған көңілдің жалған намысқойлығының кесірінен амалсыз арамдыққа барып, терезе сындырып, әділетсіз бәстесудің құрбаны болады. Осы үшін көп жылдар бойы өзін кешірмейді. Оның өз сөзімен айтқанда «әдіре қалғыр терезе сынған күннен бастап, өзімді адал адамдар қатарынан біржола сыздым» [4,48-б.] Бәкең осы оқиғадан соң тірлігінің терезесі сынды деп ойлайды. Яғни Бәкеңнің (Байжігіт) сынған терезе арқылы көңілінің де терезесі талқандалады. Ол енді жыртқы жағалып, тесігі бүтінделмейтіндей көріп келген. Осыдан кейін Байжігіттің келген шешімі «Ендігі жерде кісімсімей, өзіңе-өзің сақ болып, ешкімге пайдаң тимесе де – қиянат жасамай, жайыңа ғана жеке жүретін бол!» [4,48-б.] Ары қарай бұйығып өмір сүреді. Қай жерде қызмет жасаса да, ортаға қосылмайды. Ылғи да бөлектеніп жүреді, бөлек ас ішеді.

Дегенмен басында өзін сәңкіген сынық терезеге баласа да, соңынан, Есболған мен Тоқан арасындағы шахмат оқиғасынан соң, бұл ісінің дұрыс еместігін түсінеді. Яғни өз-өзін кешіреді. Себебі Байжігіттің сөзімен айтқанда «...бір әлсіздік кім-кімнің де бойынан табылады екен ғой. ...Адам болған соң – аяғын бірде-бір рет шалыс баспаған адамды осы уақытқа дейін көрген емеспін. Ал, бір рет жаза басқан жанның бәрі бірдей жаман адам ба, құдай-ау!?» [4,49-б.] Сол оқиғадан бастап ортаға қосылып, елден бөлектенбейтін болады.

«Жігіттің көз жасы» әңгімесінде азаматтық, ақтық, әділдікті айтады. Дегенмен осы ұстаныммен жүргенді бұл күнде жұрт жек көреді. Оған Бекжан басындағы іс-әрекеттер дәлел.

Баласы Бекжанның бірбеткей, турашылдығы жөнінде «Бақай есеп ар-рам, жылпылдаған жағымпаз, яки қайырымсыз қарау болмаса, тәйір-ай, сүмірейген сумұрындықтан сол тентектігі, турашылдығы-ақ артық» [4,208-б.] дейді Жарықбас қарт.

Бекжан директордың шопыры боп жүргенде бастығының «мінгізбейсің!» дегенін тыңдамай жол бойында көлік күтіп зарыққан Күнжан есімді жетім кемпірді кемтар қызымен бірге ала кетеді. Сол үшін жұмыстан қуылады.

Жарықбас қарт баласының бірбеткей, турашыл мінезін кейде ұнатпаса да тап осы оқиғада «О бала да қызық, бос мәшиненің несін аяды екен, ай, аллай!» деп директордың іс-әрекетін де қостамайтын жері бар [4,209-б.].

Есесіне халықтың өкілі Күнжан кемпір «Құдай-ау, көсегесі көгерсін, Жәке, көсегесі көгерсін! Азамат екен балаң, Жәке-ау, азамат екен!» деп Бекжанның азаматтығын сүйсіне баяндайды Бекжанның әкесіне [4,209-б.].

Жарықбас қарттың «Әй, балам-ай, бүгінде біреудің еркелігін біреу көтере ме...Бетің бар, жүзің бар демей, жұрттың бірдеңесін көрінген жерде көзінше қойып қаласың. Одан сені жақсы екен деп жатқан жан болса екен. Ақ, әділдігінді ашынып, айқайлап айтсаң да, ақымақ көреді жұрт. Қайтейін...Жек көріп тұрсаң да жақауратып, былай...бипаздап сөйлеу бойыңа сіңбей қойды-ау...» [4,210-б.] деген сөзінен де баласының мінезін бірыңғай ұнатпау емес, бүгінгі қоғамдағы азаматтық, ақтық, әділдіктің де «шекарасы» бар екеніне қиналу бар.

«Жігіттің көз жасы» әңгімесінде бүгінгі қоғамдағы адамның арында қандай арпалыс, жанында қандай құлазу, сезімінде қандай сергелдендер бар, қаламгер соны танып, жазып көрсеткісі келеді.

«Ескі достар» әңгімесіндегі төрт дос бір кезде арадан қыл өтпестей тату болған. Нұралхан ғана шалғай облыста, ал қалған үшеуі бір қалада, астанада тұратын. Шалғай облыстан астанаға келгенде Нұралханның алдында екі шаруа тұрды. Бірі – жұмыс бабы болса, екіншісі – жеті жылдан бері, яғни институт бітіргелі көрмеген, бір кездегі араларынан қыл өтпес достарына жолығу. Бұл достарымен бір институтта бес жыл бойы бірге оқып, бір бөлмеде жатқан, бір қара нанды бөліп жеген.

Дегенмен көп жылдан бері бірін-бірі көрмеген достардың кездесуі сәтті бола қойған жоқ. Нұралхан алдымен жігіттердің басын әуелі өзі қосып, қонақ қылып, сосын барып жата-жастана олардікінде қонақ болғысы келіп еді. Бұл кездесуге тек Қанат келеді де, алдын ала хабарланып, келем деген уәделерін берсе де, Бейсек пен Ерғазы келмейді.

Сүйтсе Бейсек пен Ерғазы бірінің баратын дастарқанына бірі бармайтындай болған. Екеуі де тіршілік ыңғайына қарай, аз күн болса да тек өзінің жамбасына жайлы жағын күйттей бастаған, яғни бұлардан гөрі тәуірірек серік, жанына жақынырақ кісілер тауып алған. Бейсек пен Ерғазының бір-бірімен сәлем-сауқаты ғана түзу, жүзі таныс адамдар секілді боп қалған, бұрынғыдай аяқ-табақ араластықты былай қойғанда, ара-тұра қатынасып тұруды да қойып бара жатыр екен. Тіпті Қанаттан

да кашқақтап жүреді екен. Шалғайдағы Нұралхан бұлардың арасындағы мұндай қатынасты түсінбей, кетем дегенше ретке келтірсем деп армандайды. Ерғазыны мүлдем көре алмай кетеді, ал Бейсекпен бас қосудың сәті түссе де сөз бағысып, әңгіме беті ортақ тақырыптарға аумағандықтан, сергіп-серпіле алмайды.

Қанаттың ойынша достық «Адамның тіс жарып айтпайтын, бірақ әрқашан жүрек түбінде қаттаулы жататын бір киелі сезімдері болады ғой. Сол секілді, жолдастыққа адалдық, айнымастық деген де – әркімнің өз көңіл түкпірінде ең аяулы нәрсесі боп жатуы керек. Сонда ғана ол аяулы болады» [4,77-б.].

Бақай есепке құрылған достыққа да жазушы тоқтала кетеді. «Есепті дос айрылмас» деген қазақ мақалына мысал етіп, ескі достардың бірі, қазір СМУ-дың бастығы Бейсек пен облсовпрофта істейтін жігіттің екі туып, бір қалғандай араласуларын айтуға болады. Екеуінің де бір-біріне пайдалы жағы бар. Біріншісі екіншісінен демалыс орындарына, теңіз жағалауларындағы ең жақсы жерлерге жолдама алса, екіншісі біріншісінен таудағы дачаға үй салу үшін қызыл кірпіш алады. Сондықтан бес жыл бойы бірге оқыған, қара нанды бөліп жеген, бір қалада тұратын екі досынан көрі Бейсек облсовпрофта істейтін жігітпен өте жақсы араласады.

«Сол мөлдір бастаудың тұнығын қалайша, қашан лайлап алдық...» [4,78-б.] деп Қанат күйзелсе, ескі дастан ажырау деген «Бүкіл өміріңді қайта бастаумен бірдей болу керек» [4,99-б.] деп топшылайды Нұралхан да.

«Дүниеде адамның жалғыз қалғаны — өлгені, қайғының бәрі соның басында» деп қазақ мақалында айтылғандай, астанаға келгелі қалбалақтап қасынан Қанат қалмаса да, елге аттанарда бірі қалып, бірі кеткен екеу де іштерінде әлдене ұлып жатқандай күй кешеді.

Жоғарыда талданған әңгімелер жүйесінен көріп отырғанымыздай жазушы көбіне-көп кейіпкерлерінің жан дүниесіне аса мән береді. Әңгіме секілді көлемі шағын жанрда кейіпкерлердің жан әлемін толық саралау, сараптау әсте мүмкін емес. Белгілі бір әдіс-тәсілдерді пайдаланбай, бастан-аяқ бірыңғай баяндай беру тым қарабайырлыққа ұрындыратыны да ақиқат. Сондықтан қаламгерге мазмұнды жеткізудің үздік формаларын, әдеби әдіс-тәсілдерді барынша пайдалану, үздіксіз іздену керек-ақ.

Мұны біз «Ақырғы күн» әңгімесі арқылы дәлелдей аламыз. Мұндағы басты кейіпкер Тәнеке Жарасбаевич – бір үйдің көзінің ағы мен қарасындай екі ұлының бірі. Ата-ана үлкенін шаруаға ыңғайлап, Тәнекені оқытады, тоқытады, үй қылады. Ал ол кейін бауырындағы баласымен бір әйелді тастап, басқаға үйленеді. Ата-анасын жерге қаратады. Тіпті әкесі теріс бата да береді. Өз басыңның күйін қуып, атақ-мансап іздейді. Мұнысы дұрыс па? Жалпы Тәнеке Жарасбаевич қандай жан? Мұны қаламгер бізге былай сездіреді, жеткізеді.

Мәселен Қ.Мұханбетқалиұлы кейіпкерлерінің жан дүниесіндегі терең сырларды ашу үшін хат секілді эпистолярлық жанрды да еркін пайдаланады. «Кейде көркем шығармада кейіпкерлердің өзара жазысқан хаттарына үлкен орын беріледі. Бұл үлгіні қолдану шығармада адамның көңіл күйін, ішкі сезім толғанысын тереңірек ашып көрсетуге мүмкіндік береді» [7,375-б.]

Мысалы Тәнеке Жарасбаевич пен жалғыз ағасы Жәнекеннің бір-бірімен хат алмасулары кезінде ағасының інісін былайша кінәлайтын жері бар: «Кісі үлкен болғанда, азамат болғанда кісілікті ұмытпағаны жөн еді» [4,163-б.]

Келесі бір тәсіл қаһармандар табиғатын оларды бір-біріне қарама-қарсы қою әдісімен (диалог, әңгімелестіру) ашуына қарай қаламгер Тәнеке характерін төмендегіше танытады. Алдымен диалогтың анықтамасына тоқталайық: «...автордың өз қаһарманына ұзақ-сонар мінездеме беруі міндет емес. Мінез (характер) диалог яғни екі кейіпкердің өзара тілдік қарым-қатынасқа түсуінен туындайды. Адам қаншалық дәрежеде бетперде (маска) киіп алып, өзгеше ішкі әлемін жарқыратып, жайып салмай, құпия ұстаса да, диалог процесінде сол құпиялылықтың аз да болса, элементтері мәлім болып қалатыны ақиқат» [8,65-66-б.]

Қайтыс боларынан бір күн бұрын жазушы Тәнекені тұманды ойға сүңгітіп, екінші бір дауыспен диалогқа түсіреді. «Қайткенмен бір қателік жібергем ғой. Не қателік? Қашан...қай мезгілде? Жұрт қатарлы өмір сүргем жоқ па ем» [4,164-б.] деп ақталған Тәнекеге әлгі дауыс «Ал не істедің сонда? Не тындырдың?! Бауырындағы баласымен бір әйелді тастап, басқаға үйленгенің бе?! Ата-ананды жерге қаратқаның ба? Бәлкім, өз басыңның күйін қуып, атақ-мансап іздегенің шығар?» [4,164-б.] дегенде Тәнеке жауап таба алмайды, жеңілуге мәжбүр болады. Мұның бәрі бізге, оқырманға, Тәнеке Жарасбаевичтің қылығының дұрыс еместігін айтып, азамат болғанда адамдықты ұмытпауға шақырмақ.

Біздер бұл шағын еңбекте талантты қаламгердің әңгімелерін санамызда қайта бір жаңғыртуды алдымызға мақсат етіп қойдық. Жалпы, әдебиет адамның өмірге деген көзқарас-танымын

калыптастыруға айрықша үлес қосатын болғандықтан да жазушыға жүктелер міндет те салмақты болатыны сөзсіз. Көркем шығарма авторының мақсаты – қоғамдық шындықты, адамның бастан кешкен өмірін суреттеу арқылы өмірді таныту, адамзаттық ұлы мұраттарға қызмет ету.

Қажығали Мұханбетқалиұлы шығармаларында көтерілетін мәселелер ойдан шығарылмаған, олардың негізінде жанды оқиғалар жатыр. Яғни, автор туындыларының оқиғасы өмірдің өзінен алынған, дұрысында жазушы өзіміз күнде естіп, көріп-біліп жүрген жағдайларды әңгімелерінің өзегі етеді.

Дегенмен өмірден құр көшіріп қана қоймайды. Қажығали Мұханбетқалиұлы күнделікті өмірден орын алып жатқан құбылыстарға идеялық-шығармашылық мақсатына сай, өзіндік парасат-пайым, дүниетаным, адамгершілік, азаматтық мұрат-идеалдары тұрғысынан келеді. Мұны біз қаламгердің әрбір шығармасының шешімінен, кейіпкерлердің харекеттерінен, қарым-қатынастарынан т.т. анық аңғарамыз.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан жазушылары: Анықтамалық/Құрастырушы: Қамшыгер Саят, Жұмашева Қайырниса Алматы: «Аң арыс» баспасы, 2009 жыл
2. «Ақтөбе» энциклопедиясы. ЖШС баспаханасы, [2002 жылы](#). Бас редакторы -М. Қ. Тәжібаев.748 б.
3. Әбіш Кекілбайұлы «Шымыр шығарма, шымбайға батар шындық»: [жазушы Қ. Мұханбетқалиев туралы] // Жас Алаш. -2002. - 26 желтоқсан. -5 б.
4. Мұханбетқалиұлы Қ. «Сынық терезе» Әңгімелер мен хикаяттар. – Астана: «Елорда», 2003. – 272 бет.
5. «Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы» (8 675 мақал-мәтел). «Аруна ltd.» ЖШС. – 632 бет.
6. «Даналардан шыққан сөз» Нақыл сөздер жинағы. «Мектеп», 1987. – 250 бет.
7. «Әдебиеттану. Терминдер сөздігі» (құраст.: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
8. «Драма жанрының қазақ ауыз әдебиетіндегі бастау көздері» Ләззат Аупбаева. «Қазақ тілі мен әдебиеті», №4, 2006 ж.

### ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ БОЛМЫС МӘСЕЛЕСІ (ОНТОЛОГИЯСЫ)

*Азаматтық персонал, Қалықов О.С.*

*ҚР Радиоэлектроника және байланыс әскери институты*

8. Arshamian, A. The functional neuroanatomy of odor evoked autobiographical memories cued by odors and words / A. Arshamian, E. Iannilli, J. Gerber. – Текст: электронный // *Neuropsychologia*. – 2013. – URL: <https://doi.org/10.1016/j.neuropsychologia.2012.10.023> (дата обращения: 09.03.2023).
9. Cahill, L. The amygdala and emotional memory / L. Cahill, R. Babinsky, H. J. Markowitsch. – Текст: электронный // *Nature*. – 1995. – URL: <https://www.nature.com/articles/377295a0> (дата обращения: 06.03.2023).
10. Osman, A. Historical Overview of Olfactory Art in the 20th Century / A. Osman // CAS Seminar Paper. – 2013. – P. 2–21.
11. Royet, J. Emotional responses to pleasant and unpleasant olfactory, visual and auditory stimuli: a positron emission tomography / J. Royet [и др.] – Текст: электронный // *J Neurosci*. – 2000. – URL: <https://www.jneurosci.org/content/20/20/7752> (дата обращения: 06.03.2023).
12. Scents of Exile: Interview with Olfactory Artist Brian Goeltzenleuchter. – Текст: электронный // *Eris parfums* [сайт]. – 2021. – URL: <https://www.erisparfums.com/new-blog-1/category/olfactory+art> (дата обращения: 10.03.2023).
13. Smelling boundaries. – Текст: электронный // *Scent Culture Institute* [сайт]. – 2015. – URL: <https://scentculture.institute/morgan-wong-thatshow-i-used-to-know-i-have-in/> (дата обращения: 01.03.2023).
14. The revolutionary smell memory kit. – Текст: электронный // *Supersense* [сайт]. – 2015. – URL: <http://smellmemorykit.supersense.com/> (дата обращения: 03.02.2023).
15. U-deur. – Текст: электронный // *Rimini Protokoll* [сайт]. – 2000. – URL: <https://www.rimini-protokoll.de/website/en/project/u-deur/> (дата обращения: 15.02.2023).
16. Warburg, A. *Gesammelte Schriften. Der Bilderatlas MNEMOSYNE* / A. Warburg. – Berlin: Akademie Verlag Berlin, 2000. – 140 p.
17. Willander, J. Smell your way back to childhood: Autobiographic odor memory / J. Willander, M. Larsson. – Текст: электронный // *Psychonomic Bulletin & Review*. – 2006. – URL: <https://doi.org/10.3758/BF03193837> (дата обращения: 01.03.2023).

#### XIX Ғ. II ЖАРТ. – XX Ғ.Б. СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ РУХАНИ-АҒАРТУШЫ ТҮЛҒАЛАРЫ ЖАЙЛЫ ҚҰНДЫ ҚОЛЖАЗБА

*Исламтану мамандығының 1-курсмагистранты Елеусізбаева Н.М.*

*Ғылыми жетекшіі: д.м.а., PhD доктор Жамашев А.Ш.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*



**Андатпа:** Мақалада қазақ тарихындағы Ресей империясының әлсіреп, жаңа үкімет құрылар алдындағы аласапыран заманда өмір сүрген, Шығыс Қазақстандағы ірі білім орталығы саналған Семейге тұрақтап халықтың рухани дамуына үлес қосқан тұлғалар жайлы баяндалған. Қайнаркөз ретінде 1846-1913 жж. Шығыс қазақ даласында өмір сүрген атақты тарихшы, өлкетанушы Құрбанғали Халидидің жазған табақат еңбегі қарастырылады.

**Кілт сөздер:** Семей, Құрбанғали Халиди, табақат, имам, молда, мешіт-медресе.

XIX ғ. II жарт. – XX ғ.б. Шығыс қазақ даласында халықтың сауаттануына, рухани қайнардан сусындауына қазақ, татар, башқұрт діндарларының қосқан үлесі аса зор. Олар мешіт-медресе салуға ұмтылдырды, халықтың рухани қажеттілігін өтеді, шәкірт тәрбиелеп, ілім айналымын жалғастырды. Діни тұлғалардың өмірбаянын сол заманда өмір сүрген әрі ғалым, әрі діни қайраткер Құрбанғали Халидидің жазған табақат еңбегіне сүйене отырып қарастырмақшымыз. Әуелі, Халидұлы Құрбанғалидің өмірі мен шығармашылығына тоқталған жөн. Оған қатысты күнімізге дейін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мақала, кітап, диссертациялық жұмыстар жарық көрген.[1; 2; 3; 4, p.63-82; 5]

Құрбанғалидың балалық шағы Аягөзде өтті, бастауыш білімді 1850 жылдары Петропавл көпесі Мұртаза Мақсұтов салдырған [3, с.101] Аягөз медресесінен алды. Мұнда тәлім берген алғашқы ұстазы – Шейхул-ислам Ахун ибн Мұхаммед-Садық ибн Исмаил (д.қ.ж. 1889). Одан кейін білімін Семей медреселерінде жалғастырды. Ол Семей тарихына қатысты деректерді Семейдегі ұстаздарының бірі молда Мәлік ибн Мұхаммед-Рахим Шамауиден естіген. Шынында, Құрбанғалидың тарихшы ретінде қалыптасуына әсер еткен әрі ауызша тарихи деректерді жинауға қызығушылығын оята білген бірден-бір ұстазы – осы молда Мәлік [4, p.74-75]. Басқа да ұстаздары жайлы ол қолжазбасында кеңірек мәлімет берген [5].

Біраз уақыт Бақты бекінісінде тұрып, кейін 1874 жылдан бастап 1913 жылы өмірден қайтқанша Құрбанғали Шәуешек қаласындағы мешітте имамдық қызметін атқарды, сонымен қатар, жергілікті татар медресесінде дәріс берді. Оның барлық тарихи еңбектері осы кезеңде жазылған.

Құрбанғали Халидидің еңбектерінің мазмұнына көңіл бөлсек, оның жан-жақты сауатты болғанына көзіміз жетеді. Медреселерде, негізінен, діни пәндер оқытылғанымен, ол талпынысының арқасында кейбір зайырлы ілімдерді меңгерген. Десе де, ілімнің біржақтылығы оның көзқарасына шектеу болды деген пікір білдіреді Ж. Кармышева [3]. Дегенмен, бұдан алдын Семейдегі ұстазы молда Мәлік Құрбанғалидың тарихшы болып қалыптасуына әсер еткені айтылды. Ол ұстазының тарих, география пәндерінде терең ілімді болғанымен бөліседі. Сонымен қатар, 1865-1882 жылдары Семейдегі №8 мешітте сабақ берген Камалуддин ибн Мұхаммед-Рахим деген ұстазынан мантық (логика) ілімін үйренген [5, XI].

Құрбанғалидың татар тілінен өзге қазақ тілін жетік меңгергені мәлім. Себебі, шығармасында қазақ тілінде мол дерек, қазақ фольклорының үлгілері кездеседі. Ал «Тауарих хамсанын» кейбір деректеріне назар салсақ, оның ауызекі орыс тілінен де хабардар болғанын аңғарамыз [3, с.101]. Одан бөлек, Құрбанғали парсы, қытай, моңғол, түрік және басқа да шығыс тілдерін жетік меңгерген деседі.

Халидұлының қолжазбалары мен басылып шыққан еңбектері Шығыс Қазақстан және Шыңжаң өлкесінің өткенінен сыр шертеді.[3, с.101] Оның екі тарихи еңбегі Қазан баспасынан шыққан. Біріншісі, «Тарих-и жәрида-и жәдида» кітабы 1889 жылы жарық көрді. Құрбанғали 1885 жылы Шығыс Түркістандағы көне Тұрфанда орналасқан Асхабу кафф атты құлшылық орнын зиярат ете барған. Бұл кітапты осы сапарында жергілікті халықтан алған ауызша, жазбаша деректердің негізінде жазды. Келесі аса бір маңызды, танымал 710 беттік «Тауарих хамса-и шарқи» («Шығыстың бес елінің тарихы») еңбегі 1910 жылы Қазан қаласында басылды. Ол Ресей империясы кезінде жарық көрген ислам тарихнамасының маңызды туындысы саналады. Сонымен қатар, Халидұлының 1911 жылы жүйелі жазып бастаған қолжазбасы назар аударарлық. Биографиялық сөздік қамтылған бұл қолжазбаның жалпы көлемі – 137 парақ. Әуелі, табақат ұғымына назар аударайық. Араб тілінде «табақат» сөзі дәрежелер, мәртебелер, қабаттар дегенді білдіреді.[6] Ал терминдік мағынасы – адамдарды біліктілігіне, дәрежелеріне байланысты топтарға, қабаттарға бөлу.[7, б.1] кеңірек айтсақ, табақат пен таражум кітаптары – сахаба, табиғиндердің, ислам ғылымдарының түрлі салаларына байланысты ғалымдардың, ақындардың, сопылардың өмірбаяндарын сипаттап көрсететін әдебиеттер екені айқындалды. Тарихшы Құрбанғалидың жоғарыда аталған қолжазбасының мазмұны:

– 1а-18b парақтары Семей қаласы мен ондағы діни білім орталықтарының тарихы;

- 19b-109a парақтары атаусыз биографиялық сөздік;
- 110a-112a парақтары Шәуешектің тарихына қатысты материалдар;
- 112b-137b парақтары Құрбанғали отбасының шежіресі жайлы мәліметті қамтыған [5, р.ХХ]. еңбек Қолжазбаның алғашқы екі бөлігін Аллен Франк пен Мірқасым Османов ағылшын тілінде биографиялық сөздік ретінде өңдеп шығарған. Оны қазақ даласында жазылған ислами ғылымдарының дәстүріне сай табақат еңбектерінің қатарына қосуға әбден болады. Семей қаласы мен ондағы мешіт-медреселердің тарихына қатысты 1a-14a парақтарындағы мәлімет «Materials for the Islamic history of Semipalatinsk: two manuscripts by Aḥmad-Walī al-Qazāni and Qurbān‘ali Khālīdī» кітабында, ал 21b-98a және одан кейінгі кейбір парақтары (106b, 107b, 108a) «An Islamic biographical dictionary of the Eastern Kazakh steppe, 1770-1912» кітабында жарияланған. Алғашқы, соңғы парақтарының берілмеуі ол беттердің табылмауы немесе оқылуының қиындығымен байланысты болуы мүмкін. Ағылшын тіліндегі аудармадан кейін екі кітаптың да соңында түркі (шағатай) тіліндегі мәтін берілген. Аталған кітапта қолжазба Мірқасым Османовтың кітапханасында сақталғаны жазылған. Бірақ бүгінгі күні нақты қай жерде сақталғаны белгісіз.

«Materials for the Islamic history of Semipalatinsk...» шығармасының авторлары екі қолжазбаны негізге алған. Өңделіп жарық көрген еңбек мазмұны Ахмад Уали әл-Қазанидің өмірбаяны мен оның «Семипалат қаласының тарихы» кітабы және Құрбанғали Халидидің өмірбаяны мен оның Семей қаласы тарихына қатысты еңбегін қамтиды. Олардың ағылшын тіліндегі аудармасы мен шағатай тіліндегі факсимиле суреттері берілген. Екі автордың мәліметтерді реттеу әдіснамасы өте ұқсас. Олар Семейдегі Бірінші, Екінші, Үшінші деп нөмірлеп тоғыз мешітке жекелей сипаттама береді, олардың тарихымен және онда қызмет еткен имамдармен жекелей таныстырады.[4]

Халидұлы Семей тарихы жайлы қайтыс боларынан бір жыл бұрын 1912 жылы бастап оны толық аяқтап үлгермеген. Жазған қолжазбасы екі негізгі бөлімнен тұрады, оның әрбірі Семей мешіттері мен имамдарымен байланысты және сол арқылы қаланың тарихына қатысты мәліметтерге қанық боламыз. Жалпы алғанда, еңбектің атауы қойылмаған. Бірақ екінші бөлімге Құрбанғали Халиди «Семипалат баладасының бинасы уа Семипалат намила уажһи тасмиясы уа онда олан масжидларының тарихы» («Семей қаласының құрылуы, Семипалат атауының қайнары және оның мешіттерінің тарихы») деп атау берген. Оған қоса, қолжазбада негізгі тақырыптан тыс мәліметтер бар, бірақ олар өңделген нұсқада берілмеген. Имамның Семей тарихына қатысты мәлімет қайнаркөздері – Семейдегі ұстазы молда Мәлік Эфенди, Семейден шығып кейін Шәуешекте өмір сүрген көптеген тұлғалар. Осы және басқа еңбектері секілді, негізінен, ауызша жеткен мәліметтерге сүйеніп қағаз бетіне түсірген. Десе де, еңбектің мазмұны оның замандасы Ахмад Уәлидің «Китаби тауарихи Семипулат қалға» (Семей қаласының тарихы) кітабымен, кейбір жерлерде, тіпті, сөзбе-сөз сәйкес келеді.[4, р.66]

Ал «An Islamic biographical dictionary of the Eastern Kazakh steppe, 1770-1912» шығармасында автор көбіне Ресейдің қарамағындағы Семей және Қытайдың қарамағындағы Шәуешек қалаларының ғалым, сопыларына көбірек тоқталған. Еңбектің жартысы дерлік Семеймен байланысты тұлғаларға арналған. Оған қоса, аймақтық кішігірім Бақты, Аяғөз, Лепсі, Қопал, Өскемен, Көкпекті, Зайсан секілді қалалар жайлы мәлімет бар.

Табақат еңбегінің жазылған мерзіміне назар аударсақ, Құрбанғали өз ұстазы Камалуддин ибн Абдурахим жайлы 1325/1907-1908 жылы жазған жазбасына қарағанда, оны «Тауарих хамса-и шарқи» еңбегін (1910 жылы) жарияламастан алдын құрастырып бастаған. Дегенмен, онда «Тауарих хамса-и шарқидан» кеңінен мәлімет келтіріп, тіпті, бір жерінде бет нөмірін көрсеткендіктен, сөздіктің едәуір бөлігі аталған кітаптың жарияланымынан кейін құрастырылған болса керек.[5, ХХІ-ХХІІ].

Ендігі кезекте Құрбанғали Халиди Семей мешіт-медреселерінде қызмет еткен бірнеше көрнекті діни қайраткерлерінің өмірбаянына көз тастайық. Реттілігі автордың еңбекте берген ретімен сай келеді. (Халидұлы табақат еңбегіндегі тұлғаларды көне түркі (шағатай) әліпбиінің ретімен тізген: «әлифтен» бастап «йә» әрпіне дейін).

- Ахмад ишан ибн Қызыл-Мұхаммед ибн Абдураззақ ибн Иш-Мұхаммед ибн Темурали – «Тимки» атымен танылған, Бұхарада тәлім алған имам. Сопылық ілімдерінен Халифа Хусейннен ижаза алды. Шафи бай, Сафақұл байлар оны Семейге алдырып, №1 мешіттің имамдығына тағайындайды. Аталған мешітті шамамен 1800 ж. Шафи бай тұрғызған. Бұл алғашқы татар мешіті Тоқал мешітінен кейін салынған. Иш-Мұхаммедтің ұлы хазіреті Мұхаммед-Ярды Мазарбашыдан шақыртылып, №1 мешітке Ахмад ишанның жанына наиб

(орынбасар) имам етіп тағайындалады. Бірнеше жылда жергілікті тұрғындардың саны өсіп, бірінші мешітті көшіріп, оның орнына екінші мешітті тұрғызды. Мұхаммед-Яр көшірілген №1 мешіттің имамы болды. Сол секілді мешіттің аты ауысып, бұл мешіт Мұхаммед-Ярдың мешіті деп танылып кетті. Ал оның орнында салынған Ахмад ишанның мешіті №2 мешіт аталды.[5, p.4-5]

- Ибраһим ахун ибн Ахмад ишан. Бір кездері хазіреті Дамолла Ризауддинмен бірге оқыған, одан кейін Бұхараға барған. Онда екі не үш жыл тұрып, әкесі біраз жасқа келіп қалғандықтан Семейге оралып, №2 мешітке имамдық қызметке орналасты. Оған қоса, губернатордың тағайындауымен аймақтық ахун лауазымына келді. Оның жалақысы көп болмаса да, жүрегі жұмсақ, текті, қарапайым болатын. Бірде ғұламалар жиынында жаназа намазы үшін имамға қаншалықты орын қажет деген сұраққа ол бірінші болып жауап беріп, сәждеде тұру үшін жеткілікті орын қалдыру керектігін айтты. Сонда оның ұстазы Риза: «Біздің ахун шешімі күрмеулі сұрақтардың жауабын біліп қалыпты», - деп мысқылдап айтқан деседі. Құрбанғали Халиди айтады: «Ол 1294/1877-1878 ж. Шәуешекке мен дәріс алып жүрген уақытта келді. Мешітімізде азанды дауыстап шығару, дауыстап оқылатын намаздарды дауыстап оқу осы кісінің кезінен басталды». Бұл 1300-1882/1883 жылдан кейін орын алды. Ол қажылыққа барып келгеннен кейін дертке шалдығып, содан қайтыс болды.[5, p.5-6]
- Ахмад-Сафа қари ибн молда ил-Мұхаммед – қари, имам, қажы. Чистопольдан шыққан. Ілімін Бұхарада жалғастырды. Кейін Семейге келіп, хазіреті Иса имам қайтыс болған соң ол №3 мешіттің имамы болып тағайындалды. Ілімде озат болмаса да, Құран оқуда алда еді. 1868 жылы ол Васыл бай бастаған топпен бірге қажылыққа шығады. Келген соң наиб имамдыққа ауыстырылды. Аз сөзді кісі болатын.[5, p.6]
- Ибраһим ибн қари Ата – Семейдегі №1 мешіттің имамы (имамдыққа Осман қаридан кейін келген). Ахмад-Сафа қаридың ағасының баласы. Халидұлымен бір кезде Бұхарада білім алған.[5, p.6-7]
- Дамолла Ахмад Уали ибн Али ибн Мунасиб ибн Ураз-Мұхаммед әл-Утари (1833 жылы туған). Жастайынан әкесінен жетім қалған. Семейде дүниеге келген, анасының тәрбиесімен өскен. Дамолла Ризауддинмен бірге оқыған. Одан кейін білімін Бұхарада жалғастырды, хазіреті Миян Фараққа қол беріп, илм эз-заһир, илм әл-батын бойынша одан ижаза алған. Бұхарадан 1864 жылы оралып №7 мешіттің имамы, аймақтық ахун болып сайланды. Оның кезінде медресесі гүлденіп, одан көптеген қари, молдалар түлеп шықты. Тәубемен көз жасын жуатын сопы болған, өзіндік сөйлеу мәнерімен ерекшеленетін. Жасы жетпістен асқанда қажылыққа шықты, Одесса қаласына барар жолда жерленген.[5, p.7]
- Ахмаджан шаһид (д.қ.ж. 1310/1892-1893). Тегі башқұрт. Бұхара медресесінен ілім алып келіп Семейге орнығады. Имамдық қызмет атқармаса да, шәкірт оқытып даңқы жайылды. Аз уақытта көп шәкірт жиып, байлар оны алдырып, көп дүние берді. Солайша, мол дәулет жиып алды. Бір түні оның үйіне ұрылар түсіп, оны өлтіріп кетеді. Ол қылшылдаған отыз жасында шейіт болды. Құрбанғали Халиди онымен өмірде кездеспегенін білдірді.[5, p.15]
- Ахмаджан қари ибн Муслим ибн Мумин Жанбай – Семей қаласындағы Буқач байдың екі мұнаралы мешітінің имамы.[5, p.16]
- Ахмаджан ибн Алтайбай – Семей қаласындағы Тинубай мешітінің имамы. Мешіт Ертіс өзенінің жағасына салынған.[5, p.16]
- Исхақ ахун ибн Ахмад ишан. Ахун, имам Алматы салынып жатқанда (Семейдің) №1 мешітінің имамы болған. Генерал Колпаковский оған аса қамқорлықпен мәміле жасады. Генерал ол жерден кеткеннен кейін ахун имамдық лауазымынан алынды.[5, p.16]
- Исмаил муаззин ибн Ахмад ишан – Семей тас мешітінде көптеген жылдар азаншы болған.[5, p.17]
- Бабажан имам – Семейдегі Тінібай атындағы №6 мешітінің бірінші имамы. Ахмад Уали оның қазақ екенін айтқан.[5, p.22]

**Қорытынды.** Қазақ жерінен шыққан тарихшы, этнограф ғалым Құрбанғали Халидидің мұралары Ақпан төңкерісіне дейінгі халқымыздың тарихнама саласында биік орынға ие. Оның еңбектері мазмұндылығымен, нақтылығымен және жеткізу шеберлігімен құнды саналады. Халидұлының басылып шыққан кітаптарынан тыс қолжазбалары бар. 137 беттік қолжазбаның ағылшын тілінде өңделіп жарыққа шығуына Аллен Франк және Мірқасым Османовтың сіңірген еңбегі мол. Семей және оның мешіттерінің тарихына қатысты бөлігі «Materials for the Islamic history

of Semipalatinsk» кітабында, ал шығыс қазақ даласының діни тұлғаларының өмірбаяндары «An Islamic biographical dictionary of the Eastern Kazakh steppe, 1770-1912» кітабында жарияланған.

Мақалада аталған еңбектерге кең сипаттама берілді, Ресей империясының әлсіреп, жаңа үкіметі құрылар алдын аласапыран заманда өмір сүрген, Шығыс Қазақстандағы ірі білім орталығы саналған Семейде тұрақтап халықтың рухани дамуына үлес қосқан тұлғалар жайлы баян етілді. Мысалы, Семей мешіттерінің имамдары Ахмад ишан ибн Қызыл-Мұхаммед, Ахмад-Сафа қари, Ибраһим ибн қари Ата, Дамолла Ахмад Уали әл-Утари, Ахмаджан қари ибн Муслим, Ахмаджан ибн Алтайбай, Исхақ ахун ибн Ахмад ишан, Бабажан имам, т.б. Бұл қолжазбалардан алынған деректер қазақ тарихнамасы, дерекнамасы, өлкетану саласында өзекті саналады. Себебі, бұл мәліметтерді өзге еңбектерден кездестіру қиын. Құрбанғали еңбектерінің маңызы сонда, қағазға түспеген ауызша деректердің тарих өзенінде ізсіз жоғалып кетпей, кейінгі буын ұрпақтарға жетуіне күш салды. Бұған дейін Құрбанғали ағамыздың шығармаларына негізделіп бірнеше іргелі ғылыми еңбектер жарық көргенімен, зерттеуді талап ететін мәселелер әлі де көп.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мұқанова А. Н. Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» еңбегі қазақ тарихының дерегі ретінде: т.ғ.к. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Ғылыми жетекші т.ғ.д., профессор Жұмашев Р.М. – Қарағанды, 2007.
2. Халид Қ. Тауарих хамса. Ауд.: Төтенаев Б., Жолдасов А. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.
3. Кармышева Дж. Х. Казахский историк-краевед и этнограф Курбанғали Халиди. – Советская этнография, 1971. № 1. – С. 100-110.
4. Allen J. Frank, Usmanov M. Materials for the Islamic history of Semipalatinsk: two manuscripts by Aḥmad-Walī al-Qazāni and Qurbān‘ali Khālīdī. – Berlin: Das Arabische Buch, 2001.
5. Khalidi Q. An Islamic biographical dictionary of the Eastern Kazakh steppe, 1770-1912. ed. Allen J. Frank, Mirkasyim A. Usmanov. Brill’s Inner Asian library. – Brill, Leiden, 2005. V. 12. – P. 179.
6. Абдулғани Әбул-Азм. Муғжам әл-ғани әз-зәһир. – Рабат: Муәссаса әл-ғани, 2013. Т. 3.
7. Абжалов С. У., Абдулхаким Б. Исламдағы «Табақат» ілімі және оның ерекшелігі. – 6 б.

### **«ҚАЗІРГІ САЯСАТТАНУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕНДЕНЦИЯЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

#### **«THEORETICAL AND PRACTICAL ISSUES OF MODERN POLITICAL SCIENCE: TRENDS AND PROSPECTS»**

#### **«ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАКТИЧЕСКИЕ ВОПРОСЫ СОВРЕМЕННОЙ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ: ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

---

### **ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ ОРНЫ МЕН РӨЛІ**

Саясаттану, 1 курс докторанты **Әлішерова А.Б.**

Ғылыми жетекші: *PhD Төлен Ж.М.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

**Аңдатпа:** Бұл мақалада жастарға саяси тұрғыдан зерттеу жүргізіліп, оларды басты объект ретінде сипаттап, жастардың саясат процесінің мәні мен оның өзекті проблемалық өзектілігі ашылады. Жастарға мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қызметтерге шолу

жасалады. Жұмыстың мақсаты жастардың қоғамда алатын орны мен рөлін анықтап, елімізде жастар саясаты негізінде жүргізіліп жатқан жұмыстарды талдау.

**Кілт сөздер:** Қазақстан, саясат, жастар.


Елдің тірегі жастар екені бәрімізге белгілі. Қай ел болмасын мемлекет болашағы жастар болып саналады. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де, білгір жастардың қолында. Жастар алдыңғы буын ағалардың жолын лайықты жалғастырып, өздерінің сенімді ізбасар екенін дәлелдеуде. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Бүгінде жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеяларымен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне барша үлес қосып келеді. Осы ретте Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Мен сіздер, бүгінгі жастар ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздердің жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақытты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңдер», - деген сөзді мемлекет пен ұлт болашағы жастар болашағымен тікелей байланысты екендігін айқындайды. Жастар қауымы болмаса, жаңа идеялар мен көзқарастар болмайды. Елдің болашағы жастарға сенім артылған.

Жастар-бұл бүкіл тарихта және әртүрлі мәдениеттерде әр түрлі анықталған категория. Жастардың теориялық анықтамалары уақыт өте келе дамыды, бұл әлеуметтік көзқарастардағы, нормалар мен құндылықтардағы өзгерістерді көрсетеді. Негізінде жастар санаты жас бойынша анықталады, бірақ әлеуметтік рөлдер, сәйкестілік және мінез-құлық сияқты басқа факторлар да осы категорияны құруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері, жастардың болашағы мен тағдырына жеткілікті назарын аударып келеді. Қазіргі ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың жас буынға деген артқан сенімі ерекше екендігін атап өтуге болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, 15 пен 24 жас аралығындағы адамдар жастар ретінде анықталады. 2021 жылдың ақпанында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Жас классификациясын жаңартты. 18 жастан 44 жасқа дейінгі аралықта қазір жастар болып саналады. Әлеуметтану ғылымында 18 жастан 33 жасқа дейінгі адамдар жастар болып есептеледі. Сонымен қатар, батыс елдерінде 40 жасқа дейінгі азаматтар жастар санатына жатады [1]. Алайда, 2022 жылы Қазақстанда жастар санатына 14-тен 35 жас аралығындағы азаматтар кіретін болды. Бұл туралы президент Қ.К. Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойған еді [2]. Қазіргі таңда 2022 жылғы ҚР Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 15-35 жас аралығындағы азаматтар саны 5,7 миллион адамды құрайды (1 диаграмманы қараңыз).

1-диаграмма. ҚР 35 жасқа дейінгі халық саны, 2022 | млн. адам



Дереккөз: Ұлттық Статистика Бюросы ҚР СЖЖРА

Бұл жас диапазоны жасөспірімдер мен жастарда болатын биологиялық және даму өзгерістеріне негізделген. Алайда, жастықты анықтау тек жаспен шектелмейді. Адам өмір сүретін әлеуметтік және мәдени контекст оның жастар тәжірибесін қалыптастыруда да маңызды рөл атқарады. «Жастар» термині балалық шақ пен ересек өмір арасындағы кезеңін білдіреді. Бұл физикалық, эмоционалды және когнитивті өзгерістермен ерекшеленетін өтпелі кезең. Алайда, «жастар» категориясының теориялық анықтамасы күрделі және көп қырлы, әртүрлі көзқарастар мен түсіндірулер ұсынылады. Жастықтың алғашқы теориялық анықтамаларының бірі әлеуметтанушы Эмиль Дюркгеймнен келеді. Ол жастықты аномия немесе нормалардың жоқтығы кезеңі ретінде қарастырды [3].

Дюркгейм осы кезеңде нақты нормалар мен құндылықтардың болмауы әлеуметтік тұрақсыздық пен девиантты мінез-құлыққа әкелді деп сенді. Бұл анықтама жастар дамитын әлеуметтік және мәдени контекстке баса назар аударады. Тағы бір ықпалды анықтама психолог Эрик Эриксон жастықты “тұлғаның қалыптасу кезеңі” ретінде қарастырды [4]. Эриксонның айтуынша, жастар өзін-өзі бағалау мен нақты сәйкестікті дамыту керек болған кезде жеке тұлға мен рөлдердің араласуы арасындағы дағдарысқа тап болады. Бұл анықтама жас кезінде болатын психологиялық және жеке процестерге баса назар аударады. Жақында ғалымдар жастар тәжірибесінің әртүрлілігі мен күрделілігін атап өтті. Мысалы, әлеуметтанушы Аннет Ларо жастардың тәжірибесі әлеуметтік тапқа, нәсілге және жынысқа байланысты әр түрлі деп тұжырымдады [5]. Бұл анықтама жастар тәжірибесінің қиылысуын және жастар дамитын нақты контексттерді түсінудің маңыздылығын көрсетеді.

Жалпы, «жастар» категориясының теориялық анықтамасы көп қырлы және күрделі. Ол балалық шақтан ересек өмірге көшу кезінде пайда болатын әлеуметтік, мәдени, психологиялық және жеке процестерді қамтиды. Жастардың теориялық анықтамасын түсіну жастардың дамуы мен әл-ауқатын қолдауға тырысатын саясаткерлер, тәрбиешілер мен зерттеушілер үшін өте маңызды.

Қазақстанның саясаты үшін жастардың орны ауқымды, әрі әлі күнге дейінгі негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселені шешу мақсатында жастар санаты құрылған болатын. Қоғам жастардың қай салаға болмасын жетелеу мақсатында арнайы іс-шаралар мен жобаларды ұйымдастыруда.

Қасым-Жомарт Кемелұлы президент болып сайланғаннан кейін, ұлтымыздың жастарын қоғамдық үдерістерге атсалыстырған болатын. Жастарды барынша жігерлендіру мен ынталандыру үшін мемлекетімізде көптеген іс-шаралар жүзеге асырылып, жастардың өз арман-мақсаттарына жететіндей қолайлы жағдайлар жасаған болатын. Тіпті, президент болмаған кезде де, Қасым-Жомарт Тоқаев жастарға деген сенімі мен көзқарасы ерекше болатын. Оған дәлел мына сөзі: «Алға қойған мақсаттарына қол жеткізіп, өзін-өзі дамытуға талпынған жастарға шынайы қолдау қажет. Қазақстандық жастар өз болашақтарына сеніммен қарауы тиіс, олар үшін Қазақстан мемлекеттік басқарудан бастап, ғылым мен шығармашылыққа дейін сан алуан салаларда табысқа жетуге мол мүмкіндіктер беретін ел болуы тиіс» [6]. Жалпы, Қазақстанда ресми түрде «Жастар жылы» болып 2019 жыл 6 ақпан тіркелген болатын. Осы «Жастар» жылы туралы Парламентте өткен жиында Қ.К. Тоқаев барлық жергілікті өкілетті орган қызметкерлерін жастарды қолдауға белсенді шақырғаны рас. Қазіргі таңда президент әрбір жас буынның толыққанды дамуы үшін әртүрлі іс-шаралардың жан-жақты жолдарын қарастырып жатыр. Мысалы, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қарастыратын болсақ, мемлекетіміздің жастары мен жаңадан отау құрған жас отбасылардың жағдайын жақсарту үшін, табыс деңгейін көтеру үшін, ұзақмерзімді несие беруінің жаңа жүйесін енгізген болатын. Сонымен қатар, білім алудің мүмкіндіктерін кеңейтіп, жұмыссыздықты азайтып, тұрғын үй мәселелерін шешуге бағытталған барлық іс-шаралар қолға алынды.

Тұтастай алғанда, Қазақстан мемлекеттің жастар мүддесіне тұрақты көп деңгейлі қатысу саясатын жүргізеді, ол қоғамдық-саяси институттардың қызметін үйлестіруді, жастар саясаты салаларын заңдармен және актілермен реттеуді, жалпы қағидаттар мен бастамаларды қолдауды қамтиды.

Мемлекеттік органдардың жастармен және жастар ұйымдарымен жалпыұлттық өзара іс-қимылы үшін республикалық жастар форумы - жас ұрпақтың проблемаларына назар аударуға және оларды шешу бойынша бірлескен өзара іс-қимыл жасау құралдарын жасауға арналған алаң құрылды.

ҚР жастар саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес басымдықтар өзгеріссіз қалады:

- сапалы білім беру және ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту;

- салауатты өмір салты;
- жастар арасында жұмыспен қамтуды, қолжетімді тұрғын үйді, кәсіпкерлік қызметті, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қамтамасыз ету;
- мәдени бос уақытты және дамуды қамтамасыз ету [7].

2019 жылдың наурыз айының 23 жұлдызында Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасының Президенті ретінде ең алғашқы жұмыс сапарын Түркістан облысынан бастаған еді. Облыстың орталығы Түркістан қаласында халықпен кездесуде сөйлеген сөзінде: «Біз жастар үшін жаңа мүмкіндік беруіміз керек. Соның ішінде олардың бизнеспен айналысуына, білім алуына, жұмысқа орналасуына, табыс табуына жол ашу қажет. Өз өмірін жақсартуға, мансабы бойынша жоғарылауға арналған әлеуметтік лифттер іс жүзінде жұмыс істеуі керек. Еліміздің жастары мен талантты азаматтары мемлекеттік қызметте ілгерілеу үшін арнайы кадрлық бағдарлама дайындаймыз. Болашағымыз жастардың қолында» деп айтып кеткен болатын [8]. Сондықтан да, болашағына қойған мақсаттарына қол жеткізіп, өзін-өзі дамытуға талпынған жастарға мемлекеттің шынайы қолдауы қажет.

Тәуелсіз Қазақстан үшін жастар саясаты мемлекеттің басты басымдықтарының біріне айналды. Жастар саясатының негізгі мақсаты жастардың патриотизм, заматтық, әлеуметтік дербес тұлғалық қалыптасуын жүзеге асыру үшін қажет құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық жағдайларды жасау мен нығайту. Жастардың инновациялық әлеуетін тиімді пайдалана алған мемлекет қана стратегиялық артықшылыққа ие болады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың айтуы бойынша кез келген мемлекет болашағын өз ұрпағымен байланыстырады. Яғни, жастардың дамуына, тұрғын болып қалыптасуына айрықша көңіл бөлген мемлекет болашақта саяси және экономикалық табысқа жететіні сөзсіз.

Қазақстанда қазіргі таңда әр жас азаматтың толыққанды дамуына арналған жан-жақты тетіктер жасақталған. Мәселен, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан, мемлекет жастар мен жас отбасылардың экономикалық ахуалын жақсарту мен табыс деңгейін көтеру, ұзақ мерзімді несиелердің кезеңдік жүйесін енгізу, басқа да экономикалық көмек түрлері арқылы білім алу мүмкіндігін кеңейту, іскерлік белсенділігін арттыру, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдай жасаудың барлық шараларын қолдануда. Мысалы, студенттерге жол ақысының жеңілдігінің қолданылуы, еліміздегі жас азаматтар мен жас отбасыларды жеңілдікті ипотекалық несиелеу, жас мамандарды жұмыспен қамтудағы жеңілдіктер, ауыл жастарына берілетін көпсалалы квота, ауылға барған жастарға көтерме көмектер, жетім балаларға және мүгедек жандарға көрсетілетін көмек түрлерін атап өтуге болады.

Қазіргі таңда мемлекет жастар саясатына басты назар аударып жатыр. Жастар саяси ұйымдары соның дәлелі. Алайда ол ұйымдар саяси деңгейге әлі жете қоймады. Әрі кеткенде университет қабырғаларынан аса алмай жүр. Сондай жастар саяси ұйымдарының белсенділігін облыстық, республикалық тіптен халықаралық деңгейде арттыру керек. Және ұйым басшылары өз істерін жауапкершілікпен атқарып, ұйымға қатысушыларды біріктіріп, оларға өзекті мәселелерге қатысты тапсырмалар беріп отыру керек.

Қазақстанда жастар саясаты ҚР Конституциясында, Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму Стратегиясында және 2015 жылдан бастап «мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңында көрсетілген. Осы құжаттарға сәйкес, «Қазақстанның жастар саясатының мақсаты жастардың толыққанды рухани, мәдени, білім беру, кәсіби және физикалық дамуы, шешімдер қабылдау процесіне қатысу, табысты әлеуметтену және оның әлеуетін елді одан әрі дамытуға бағыттау үшін жағдайлар жасау болып табылады» [9]. Елімізде жан-жақты даму және жастармен атаулы жұмыс үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Мәселен, республикада «Болашақ», «Жасыл ел», «Дипломмен ауылға», «Жас отбасы», «Жастар практикасы», «Жұмыспен қамту және Бизнесінің жол картасы», «Қолжетімді баспана», «Серпін-2050», олар білімге, инновацияға, технологияға және тәжірибеге бағдарланған.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасында жастардың рөлі және маңызы өте зор. Сол себепті, Қазақстан Республикасында жастар туралы заңды алғышқы Президент Н.Ә. Назарбаев бекітті. Қазақстанның бір мемлекет болып қалыптасуының өзі де жастардың қосқан үлесін атап өтуге болады. Мысалы, қазіргі жастар шет елдерде білім алып, сол білімдері мен тәжірибелерін елге келіп бөлісіп жатыр. Оның бір дәлелі Қазақстан дамыған 50 елдің құрамына кіруі.

Қазіргі таңда еліміздің жастары өздерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау жолдарын іздеп, мектеп және студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарынан бастап, жастар парламентіне, жастар үкіметіне дейін түрлі институттар мен ұйымдар құруда. Қазіргі таңда бұл толқынға ілесіп, осындай саяси ұйымдарды қолдайтын жастар саны көбейіп келе жатыр. Жастарымыз жаңа ел, жаңа саясат

құруға ниет білдіріп, сол үшін бар жандарын салып еңбек етіп жатыр. Жастардың болашағы зор және мақсаттары айқын. Біздің міндетіміз жастарға сену және оларды қолдау.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Организация Объединенных Наций. Основные факты. Справочник. – М., 2000. – С. 424.
2. Akorda.kz Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты // Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды, 26.12.2022. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kazakstan-respublikasynyn-keybir-zannamalyk-aktilerine-memleketik-zhastar-sayasaty-zhane-aleumettikkamsydzandyru-kol-koydy-24114022> (05.03.2023)
3. Дюркгейм Э. О разделении общественного труда. Метод социологии. М., 1991.
4. Erikson, E. (1968) Identity: Youth and Crisis. N. Y.: Norton. 336 p.
5. Lareau A. (2011) Unequal childhoods: Class, race, and family life, 2nd edition with an Update a Decade Later. Berkeley: University of California Press.
6. Shygystanu.kz Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институтының ресми сайты // Жастар – ел ертені немесе ел президентінің болашаққа қатысты қадамы туралы, 14.12.2020. <https://shygystanu.kz/rus/archives/2198> (07.03.2023)
7. "Қазақстан 2020: болашаққа жол" Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпандағы № 191 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000191> (10.03.2023)
8. Akorda.kz Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты // Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан қаласының жұртшылық өкілдерімен кездесті, 23.03.2019 [https://www.akorda.kz/kz/events/astana\\_kazakhstan/astana\\_other\\_events/kazakstan-prezidenti-kasym-zhomart-tokaev-turkistan-kalasyynyn-zhurtshylyk-okilderimen-kezdesti](https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/astana_other_events/kazakstan-prezidenti-kasym-zhomart-tokaev-turkistan-kalasyynyn-zhurtshylyk-okilderimen-kezdesti) (08.03.2023)
9. О государственной молодежной политике Закон Республики Казахстан от 9 февраля 2015 года № 285-V ЗРК. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000285> (10.03.2023)

#### LANGUAGE POLICY: FROM ECOLOGY OF LANGUAGE TO IDEOLOGY OF LANGUAGE

Political science, 1st year of doctoral student **Kasymbayev A.Sh.**

Supervisor: *PhD, associate professor, Sikhimbayeva D.A.*

*Al-Farabi Kazakh National University*

**Abstract:** *This article examines the peculiarities of the influence of language ecology on language policy. The article identified the relationship between linguistic ecology and linguistic ideology. Meanwhile, the paper provides a literary review of both western and domestic authors considering linguistic ideology through the prism of linguistic ecology. Also, language policy as a central element of the language landscape is the basis for the formation of language ecology in any country of the world. This article analyzes various approaches to language policy, which are associated with different interpretations of language ecology and ideology. The main objective of this paper was to outline three different approaches to the problem of language recognition or recognition. The review characterizes the ecology of language as a poly-paradigm direction of linguistics, which is a research response to one of the most important requests of modern society - a request to ensure the cultural and linguistic diversity of the world, as well as the safety of languages.*

**Keywords:** *language, language policy, language ecology, language ideology.*

Initially, the ecology of language was Haugen's metaphor, which he defined as the relationship between language and environment [1]. Haugen considered the importance of social conditions for language and environment. The environment includes both the social and psychological system of society. A social system is its interaction with a society in which language functions as a means of communication. The social environment is characterized by political and economic conditions, and how these socio-political and economic conditions determine the impact on the functioning of the language [2]. The psychological environment interacts with other languages in the minds of bilingual and multilingual speakers. Also, the psychological environment determines the conditions for individuals and various social groups, both the



internal environment and external factors are interrelated [3]. The sociopsychological aspect determines the understanding and awareness of representatives of different language groups about the activities of the language environment. In this regard, linguistic ecology intersects with linguistic ideology. These two directions in modern linguoecology allow us to determine the relationship between language and the environment. And how the environment affects the value orientations of the social and political context. Apparently, there is an obvious relationship between society and language, and not a metaphorical meaning. This relationship manifests itself in various characteristics of society: history, sociology, demography, cultural values, religion, etc. influence the use of language [4].

Haugen's metaphor allows us to take a fresh look at the multilingual space, and what kind of interaction takes place in it. Thus, Horneberger apparently defines the ecological method as metaphorical ('ecological metaphor') and as providing an ideological basis for language planning and language policy, which serves to promote the benefits of multilingual communities [5]. The metaphorical ecology of language considers macro-political processes. In Philipson's work, linguistic ecology moves into a political dimension in which linguistic human rights are explored. This work consists of a sociological approach in which individuals and social groups have the right to speak and receive education in their native language. And it includes an approach in which languages have a 'legal personality' with certain rights, just as individuals, groups and peoples can have rights.

Dialectical relationship between linguistic ideology as a superstructure and the linguistic environment as a reality from the Marxist point of view. Language ideology is a set of views and values of society on how the language structure should be formed. In a dialectical context, this is not just a set of passive views and beliefs. Thus, linguistic ideology as a superstructure forms values and value orientations for various social groups on how language should exist. Moreover, this superstructure defines the dialectic of economic, aesthetic views on the language environment. In some cases, a language ideology can be implemented as a language policy, although not always (Spolsky). In other cases, linguistic ideology can materialize in the form of social and political movements that change the existing linguistic order [6].

The formation of the ideology of language can be interpreted from the standpoint of constructivism. The way a person's language and values are formed. Language, in this case, is an environment independent of a person. Language is only a part of nature, and a person is not able to influence language as an environment. Language is a ready-made social construct in which an individual or a group has a certain kind of thinking. However, Haugen's ecological metaphor is that languages, like living species, can go through stages of evolution, grow, change, live and die in relation to other languages, as well as in relation to the environment.

Environmental psychology in contrast to cognitive psychology, which was based on the preferences of a characteristic pattern of behavior. The founder of environmental psychology, James Gibson, did not agree with such views in favor of direct perception. Gibson's approach was based on action: 'What we perceive when we look at objects is their accessibility, not their qualities. [...] The value is observed before the substance and surface, color and shape are perceived as such [7]. Language programs individuals for the obvious reaction of social processes. The formation of values among native speakers is associated with various subjects of reality: the influence of the place of residence, city, village, metropolis, experience, the level of education of representatives of language groups. Different conditions (wearing, driving, negotiating and talking) affect the behavior of an individual and his values, since a person is limited by the ecosystem context. Hodges noted that ecological linguistics is based on the principles of limited values, namely: different kinds of values limit human interaction, which in turn creates conditions for tension and frustration [8]. Language in this context is a social force that can shape social hierarchies in society (Bacon and Kim, 2018). Haugen emphasizes the reciprocity between language and the environment, noting that it is necessary not only to describe the social and psychological situations of each language, but also the impact of this situation on the language. In this regard, the ideology of native speakers has a number of significant differences in relation to socio-political and economic events. Modern research reflects how linguistic ideologies define differences in relation to language and native speakers. Language ideologies form the values of native speakers, both at the individual and group level.

The ideology of the coexistence of different languages and their interaction in a certain geographical area, that is, the environment defines language as an ecological source for the formation of a socio-political context. This approach is widely used in modern works on how several languages coexist in a geographical area or social institution [9]. One geography – different languages. Geography is the same, but the use of languages and the understanding of reality, that is, the surrounding reality, are completely different. The coexistence of languages today is an important area of research, which is usually conducted under the heading "linguistic ecology".

The concept of linguistic ideologies can be created many times during the interaction between individuals and institutions of the speech community. Thus, definitions of the concept of language and ideology in a wide range of socio-cultural conditions. They focus mainly on how such defining realities shape the relationships between individuals and institutions. Aspects of linguistic representations are manifested in both implicit and explicit modes that interpret the intersection of language and human beings in the social world; this is what we mean by "language ideology".

It is obvious that in the literature devoted to language ecology, the ecology of language processes in Kazakhstan has been studied in the context of language policy and national identity. Language processes in Kazakhstan were studied with the help of studies of language policy in different years of Kazakhstan's existence as a Union Republic of the USSR and an independent country. The language dynamics of the Kazakh SSR was studied within the framework of the USSR language policy. The independence gained after the collapse of the USSR allowed the Central Asian states to consolidate their linguistic designations in new constitutions. New laws were adopted that made the titular languages official and defined Russian as the language of interethnic communication. Since 1991, research has been concerned with the revitalization of the languages of Central Asia. The process of de-Russification, when non-Russian peoples in the Soviet republics were asked to replace seven decades of Russification with linguistic nativization. The independent states of Central Asia were forced to develop their titular languages in order to build a national identity [10]. Consequently, linguistic nationalism was strengthened to ensure nation-building through the management of linguistic processes.

The existing gap of knowledge about language ecology and language ideology in modern literature devoted to the language processes of Kazakhstan is that language ecology is studied from the standpoint of language policy [11], and the ideology of language is studied with the help of personal or group values of various representatives of society [12].

The language environment occupies an important place in the concept of language ecology. Because the environment determines the status of the language and its future fate both locally and globally. The linguistic ecology of the environment in Kazakhstan was considered from the standpoint of the functioning of the Russian language in post-Soviet states, in particular, language changes in Kazakhstan. The status and significance of the Russian language in the public sphere as a "laissez-faire" language" [13]. Mutual influence and interdependence of the Kazakh and Russian languages competing for the communicative space of Kazakhstan [14].

An important feature of the language space in Kazakhstan is bilingualism and multilingualism. Today, the Russian language is experiencing a process of diversification. Russian, in particular, a radical change in the status of the Russian language, due to fundamental shifts in Kazakh-Russian bilingualism, namely, the crisis of linguistic identity of a significant part of the population [15].

Kazakhstan has a special language environment that is experiencing a constant characteristic change: the growth of the Kazakh-speaking population, and a decrease in the number of the Russian population. These changes form the value orientations of native speakers in Kazakhstan. Often these values do not have a homogeneous character, which leads to the separation of native speakers from each other. A large group of people who use both Russian and Kazakh – bilinguals - has formed in Kazakhstan. All these language groups have their own ideology.

Studies of linguistic ideologies based on the idea of the revival of the titular language and the formation of ethnic identity through the restoration of the "native language". Moreover, a monolingual language policy was defined, which was created to build a nation in order to neutralize centuries-old language changes and unite the Kazakh people into a single nation. However, the relationship between the languages (Kazakh and Russian) and the "environment" is not defined. In this regard, questions arise: how do Russian-speaking and Kazakh-speaking groups assess the socio-political reality, and what are the ideological and ideological values of two different language groups in Kazakhstan.

The studies that examined the influence of ideology on the language space were devoted to the English language. The study of the relationship between linguistic ideologies and socio-political factors. The concept of "national branding" in the context of national imagination and globalization [16].

Haugen's scientific metaphor was originally proposed to explore the relationship between language and the environment. For Kazakhstan, this metaphor, which later became a scientific concept is characteristic of application, since there is a bilingual linguistic situation in Kazakhstan [17]. Native speakers of two languages (Russian and Kazakh) have distinctive features on a number of issues of understanding and awareness of the socio-political process. The peculiarity lies in the fact that the environment has different effects on the formation of public opinion among speakers of two languages and their attitudes to reality. Also, a distinctive feature of the linguistic landscape of Kazakhstan is the presence

of bilinguals who combine different language habits and their uniqueness. Bilinguals in Kazakhstan have a preponderance of value orientations towards Russian or Kazakh culture.

However, the bilingual model of Kazakhstan reflects the contradiction in society on a number of significant issues. Russian-speaking and Kazakh-speaking representatives of society have contradictory views on what is happening. The ideology of native Kazakh and Russian speakers, as well as bilinguals, has a unique feature characteristic of a bilingual state.

### Bibliography

1. Haugen, Einar. (1971). The ecology of language. *The Linguistic Reporter*, Supplement 25, 19-26.
2. Sune Vork Steffensen, Alwin Fill. *Ecolinguistics: the state of the art and future horizons*. *Language Sciences* 41 (2014) 6-25.
3. Blackledge, A., 2008. Language ecology and language ideology. In: Creese, A., Martin, P., Hornberger, N.H. (Eds.), *Encyclopedia of Language and Education*. Volume 9: Ecology of Language, second ed. Springer Science+Business Media LLC, Berlin, pp. 27–40.
4. Mark Garner Language ecology as linguistic theory January 2005 *Kajian Linguistik dan Sastra* 17(2)DOI:10.23917/kls.v17i2.4485.
5. Hornberger, N.H. (Ed.), 2003a. *Continua of Bilinguality. An Ecological Framework for Educational Policy, Research, and Practice in Multilingual Settings*. *Multilingual Matters*, Clevedon.
6. Spolsky, Bernard. 2004. *Language policy: Key topics in sociolinguistics*. Cambridge: Cambridge University Press.
7. *The Ecological Approach to Visual Perception Classic Edition* By James J. Gibson Edition 1st Edition First Published 2014.
8. Hodges, B.H., 2013. Righting language: a view from ecological psychology. *Language Sciences*, 41 (PA), 93–103.
9. Voegelin, C.F., Voegelin, F.M., 1964. *Languages of the world: native America fascicle one*. *Anthropological Linguistics* 6 (6), 1- 149.
10. Dave, B. (1996). *National Revival in Kazakhstan: Language Shift and Identity Change*. *Post-Soviet Affairs*, 12(1), 51–72.
11. Zhumanova, Aiman Z.; Dosova, Bibigul A.; Imanbetov, Amanbek N.; Zhumashev, Rymbek M. *Language Politics in the Republic of Kazakhstan: History, Problems and Prospect*. *International Journal of Environmental and Science Education*, v11 n11 p4241-4253 2016.
12. Zufar Makhmutov1 , and Alfiya Sagitova *Perceptions of national diasporas language policy in Kazakhstan*. *Life Science Journal* 2014;11(8s).
3. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) 2021 жылғы парламенттік сайлау туралы ақпаратты қамтитын әйелдердің Қазақстандағы саясатқа қатысуы туралы есепті жариялады. Сілтеме: [https://www.undp.org/content/kazakhstan/en/home/library/democratic\\_governance/women-in-politics-kazakhstan.html](https://www.undp.org/content/kazakhstan/en/home/library/democratic_governance/women-in-politics-kazakhstan.html)

4. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) Қазақстандағы 2021 жылғы парламенттік сайлауға мониторинг жүргізіп, сайлаудың гендерлік аспектілері туралы есеп жариялады. Сілтеме: <https://cabar.asia/en/kazakhstan-s-national-gender-policy-reality-and-challenges>

5. Аида Балаеваның 2019 жылы Қазақстанның Ақпарат және әлеуметтік даму министрі болып тағайындалғаны туралы мақалаға сілтеме: <https://astanatimes.com/2019/09/aida-balayeva-appointed-minister-of-information-and-social-development/>

6. Развитие гендерной политики в Казахстане за годы независимости. Экспертный обзор. Ссылка: <https://www.nur.kz/nezavisimost/1904553-razvitiie-gendernoy-politiki-v-kazahstane-za-gody-nezavisimosti-ekspertnyy-obzor/>

## ҚАЗІРГІ САЯСАТТАҒЫ САНКЦИЯЛАР: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

Саясаттану, 1-курс магистранты **Рахманалиева П.Б.**

*Ғылыми жетекшіі: саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Мусатаев С.Ш*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті*

**Аңдатпа.** Санкциялардың халықаралық қатынастарға, экономикаға және саяси тұрақтылыққа қалай әсер ететіні туралы осы мақалада жазылған. Мақалада келесі аспектілерді қарастырылған: Халықаралық қатынастардағы және саясаттанудағы санкциялардың теориялық негіздері. Қазіргі саяси және экономикалық салаларда санкцияларды қолданудың практикалық мысалдары талданған. Болашақта санкцияларды қолдану тенденциялары мен перспективаларын, оның ішінде ықтимал тәуекелдер мен теріс салдары қарастырылды. Саяси және экономикалық мақсаттарға жетудегі санкциялардың тиімділігі бағаланды. Санкциялардың халықаралық сауда-экономикалық жағдайға әсері талданды.

**Кілт сөздер:** Халықаралық қатынастар теориясы; санкция; кері байланыс теориясы; Ресей; Иран; конфликт; рубль; АҚШ.

Санкциялар халықаралық қатынастарға, экономикаға және саяси тұрақтылыққа айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Біріншіден, санкциялар халықаралық қатынастарды қиындатып, мемлекеттер арасындағы дипломатиялық байланыстарды бұзуы мүмкін. Бұл мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық пен сенімнің күрт нашарлауына, сондай-ақ шиеленістің күшеюіне және қақтығыс қаупіне әкелуі мүмкін. Екіншіден, санкциялар экономикаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Тауарларды экспорттауға тыйым салу немесе басқа да шектеулер енгізу санкцияларды қабылдаған елдің экономикалық жағдайының нашарлауына, тауарлар мен қызметтердің бағасының өсуіне әкеліп, өз кезегінде бизнестің бұзылуына және капиталдың кетуіне себеп болады. Үшіншіден, санкциялар қабылдаушы елдегі саяси тұрақтылыққа әсер етуі сөзсіз [1].

Санкцияларды енгізу үкіметке қысымды күшейтіп, қоғамда толқу тудыруы мүмкін. Кейбір жағдайларда бұл саяси өзгерістерге және саяси қарсылықтың күшеюіне әкеледі. Дегенмен, мемлекеттер қойған мақсаттарға байланысты санкцияларды қолдану басқа мемлекеттерге және олардың саясаттарына әсер етудің тиімді құралы бола алатынын айта кеткен жөн. Сондай-ақ, кейбір жағдайларда санкциялар елдерді балама нарықтар мен экономикалық серіктестер іздеуге ынталандыруы мүмкін, бұл экономиканы әртараптандыруға және ұлттық экономикалық қауіпсіздікті нығайтуға жол ашады.



Халықаралық қатынастардағы және саясаттанудағы санкциялардың теориялық негіздері ұзақ тарихқа ие және халықаралық қатынастардың мәнін және мемлекеттер арасындағы өзара әрекеттесу принциптерін түсінудің әртүрлі тәсілдерімен анықталады.

Негізгі теориялық көзқарастардың бірі халықаралық қатынастардың реалистік мектебі болып табылады, ол мемлекеттер халықаралық саясаттың негізгі субъектілері болып табылады, олардың мүдделері мен ұмтылыстары олардың сыртқы саясатының бағытын айқындайтын негізгі фактор. Бұл тәсілдің шеңберінде санкциялар ұлттық мүдделерге қол жеткізу және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралы ретінде қарастырылады [2].

Халықаралық саясаттағы халықаралық институттар мен құқықтың ролін атап көрсететін халықаралық қатынастардың либералдық мектебінің шеңберінде санкцияларды халықаралық әділеттілікке жету және мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды шешу құралы ретінде қарастыруға болады. Санкциялардың теориялық негіздері де халықаралық құқық концепциясымен байланысты, оған сәйкес санкциялар халықаралық нормалар мен принциптерге сәйкес қолданылуы, сондай-ақ басқа мемлекеттердің құқықтары мен мүдделерін құрметтеуі қажет. Сондай-ақ санкциялардың басқа мемлекеттерге және олардың саясаттарына әсер ету құралы ретінде тиімді екендігі туралы пікірталастар бар. Кейбір зерттеушілер санкциялар керісінше әсер етіп, санкцияға ұшыраған режимдердің күшеюіне алып келуі мүмкін деп санайды. Басқа зерттеулер санкциялардың үкіметтерге қысым көрсетуі және олардың саясатындағы өзгерістерді ынталандыруы мүмкін екенін көрсетеді [3].

Халықаралық қатынастардағы және саясаттанудағы санкциялардың теориялық негіздерін әртүрлі көзқарастардан қарастыруға болады. Санкцияларды қолдануды түсіндіретін теориялардың бірі – моральдық экономия теориясы. Бұл теория бойынша санкциялар халықаралық құқық немесе мораль бұзылған жағдайда қолданылатын құрал. Бұл теория егер санкциялар халықаралық нормаларды бұзатын мемлекетті немесе ұйымды жазалауға бағытталған болса, оларды ақтауға болады деп болжайды. Санкцияларға қатысты тағы бір теория – кері байланыс теориясы. Бұл теория бойынша санкциялар белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған жағдайда ғана тиімді болады. Егер санкциялар нәтиже бермесе, бұл санкция салынған елдің немесе ұйымның позициясының артуына және күшеюіне әкелуі мүмкін. Санкцияларға қатысты үшінші теория – әрекет теориясы. Бұл теорияға сәйкес, санкциялар санкцияланған елдің немесе ұйымның мінез-құлқын өзгертуге бағытталған жағдайда ғана тиімді болуы мүмкін. Егер санкциялар мемлекеттің немесе ұйымның мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге әкелмесе, онда бұл қақтығыстың өсуіне және халықаралық қатынастардың нашарлауына әкелуі мүмкін. Санкцияларды халықаралық жүйені нығайтып, әлемдік тәртіпті орнатуға болатын құрал ретінде қарастыратын интернационализм теориясы да бар. Бұл теорияға сәйкес, санкциялар халықаралық қоғамдастық қолдаған және ортақ құндылықтар мен нормаларға негізделген жағдайда ғана тиімді болуы мүмкін.

Соңғы жылдары көптеген елдер енгізген қазіргі санкциялардың дәстүрлі санкция түрлерімен салыстырғанда бірнеше ерекшеліктері бар. Мысалы, экономика секторларының кең ауқымы. Бұрынғы санкциялардан айырмашылығы, әдетте экономиканың белгілі бір секторларымен, мысалы, энергетика немесе қаржымен шектелген, ал, қазіргі санкциялар көптеген секторларды, соның ішінде технология, көлік, ауыл шаруашылығы, қорғаныс және басқа да салаларды қамтиды. Кейінгі ерекшелігі ұзақ мерзімділік: кейбір ағымдағы санкциялар ұзақ мерзімге, кейде бірнеше жылға немесе шексіз мерзімге енгізіледі [4], [5].

Экстерриториалдылық: Америка Құрама Штаттары сияқты кейбір елдер санкцияланған елдермен жұмыс істейтін Еуропа немесе Азия компаниялары сияқты сол елдермен тікелей байланысы жоқ компаниялар мен жеке тұлғаларға санкцияларын кеңейтеді. Содан кейінгі мақсатты санкцияларды қолдану. Ол елдің бүкіл экономикасына әсер ететін кең ауқымды санкциялардың орнына, көптеген елдер белгілі бір әрекеттер немесе бұзушылықтар үшін жауапты деп саналатын нақты компанияларға, жеке тұлғаларға және ұйымдарға мақсатты санкциялар енгізуге бет бұруда. Санкциялар мен дипломатиялық күш-жігерді біріктіру, көптеген елдер санкцияларды басқа елдерге қысым жасау құралы ретінде пайдаланады, сонымен қатар қажетті нәтижеге жету үшін дипломатиялық әдістер мен келіссөздерді бір уақытта қолданады.

Соңғы салынған санкциялардың нәтижелері санкцияларды қолданушылардың көздеген нақты жағдайлары мен мақсаттарына байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Дегенмен, жалпы алғанда,

бірнеше жалпы тенденцияларды атап өтуге болады. Санкцияларға ұшыраған кейбір елдер экспорттың қысқаруы, инфляцияның өсуі және ұлттық валютаның құнсыздануы сияқты экономикалық мәселелермен бетпе-бет келуде. Кейбір жағдайларда санкциялар үкіметтерге саяси қысым жасайды және адам құқықтарының бұзылуын азайтуға немесе халықаралық құқықтық нормаларды қолдауға көмектеседі. Сонымен қатар, санкциялар ұлтшылдықтың күшеюіне және санкциялардың әсеріне қарсы тұруға тырысатын режимдердің күшеюіне әкелуі мүмкін.

Ал басқа да жағдайларда санкциялар экономикалық байланыстардың үзілуіне және халықаралық сауданың қысқаруына әкеліп соғады, бұл санкциялардың нысанасына алынбаған экономикалардың кірістерін жоғалтуға себеп болары сөзсіз. Кейде санкциялар кері нәтиже беріп, әскери күш-жігердің артуына немесе мақсатты елдердің қауіпсіздік қатерлеріне әкелсе, санкцияларды қолданудың әрбір жағдайы бірегей, сондықтан белгілі бір елге немесе аймаққа санкциялардың әсері әртүрлі болып келеді.

Бүгінгі таңда санкциялану арқылы мәселесін шеше алмай отырған Иранды алып қарастырсақ, санкциялаған АҚШ алға қойған мақсатына жете алмай отырғаны сөзсіз. Иранның ішкі экономикалық саясаты АҚШ тарапынан сауда-саттыққа және кейбір тауар айналымына салынған шегерулерге қарамай қалыпты жағдайды ұстап отыр. Ал, Ресей мен Украина арасындағы конфликт салдарынан Ресейге санкциялардың жаңбырдай жауылғаны Қазақстанға да ықпалын тигізбей қоймады. Себебі, біз Ресеймен үлкен көлемде құрғақ шекаралық байланыстамыз. Бұл шекара арқылы сауда-саттық, көлік байланыстары тоқтамай жүріп отырады.

Халықаралық аренада Иран санкциялар салынудан тәжірибесі үлкен ел және бұл жағдайға көнген ел десек те рас. Алдымен, кейбір статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2022 жылы Ресей тарихтағы кез келген елге салынған санкциялар саны бойынша абсолютті көшбасшы болды. Ресейге қарсы санкциялық шектеулердің жалпы саны он мыңнан асты, дегенмен бұған дейін ең көп шектеуі бар Ираннан ешкім асып кете алмайтындай көрінген. Алайда, санкция салынған елге кері әсерін тигізу ықтималы болатын болса, Ресей кейсінде керісінше өткен жылға қарағанда биыл экономикасының қайта қалпына келуі, өсуі ықтималы бар. Тіпті өткен жылы рубль ең күшті валюта болды және санкциялық саясат Ресейдегі инфляцияға да позитивті әсерін тигізді.

Сонымен қатар, Ресей өзінің жеке төлем инфрақұрылымын құра алды [6]. Бұл, әрине, сыртқы есеп айырысуларда батыс компанияларын ауыстыруға көп көмектескен жоқ, бірақ отандық сектордың тұрақты жұмысын сақтауға мүмкіндік берді. Әрине, Иранның санкциялық ісінде мұндай ештеңе болған жоқ. Иран санкциялар кезінде өзінің ішкі төлем жүйелерін және сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу жолдарын дамытып жатыр. Сондықтан да Ислам Республикасының сыртқы сауда қатынастарында ұзақ уақыт бойы операциялардың бартерлік түрі айтарлықтай орын алып келеді. Бұл жайтқа Беларусь те, Ресей де белсенді түрде қосылуда. Ресейт кейсі бүгінгі таңда өзекті тақырып болғанымен, санкциялық күрес Иран елінде үлкен тәжірибеге ие [7]. Мысалы, 19 ғасырдың басындағы Наполеонның блокадасынан бастап қазіргі уақытқа дейінгі экономикалық санкциялардың тарихына шолу жасап, Оңтүстік Африкаға, Иракқа, Иранға, Кубаға және Ливияға қарсы санкцияларды қоса алғанда, бірнеше жағдайлық зерттеулер арқылы санкциялардың тиімділігін айта кетсек, санкциялық саясаттың ерте кезден бастау алған.

Қазіргі халықаралық аренадағы саяси жағдайлар, белгілі бір ел ішіндегі әлеуметтік жағдайлар себептері де жаңа санкциялардың салынуына себеп болып отыр. Оған мысал ретінде Иранға жақында салынған жаңа санкциялар негіз. Санкция ЕО елдеріне саяхатқа тыйым салу сияқты және Махса Аминидің негізсіз тұтқындалуына және оның өлімінен кейін басталған наразылық шерулерін күшпен басып-жаншуына жауапты Ислам революциясы Сақшылар корпусының басшылығына бағытталған [8].

Иран санкциялары – АҚШ пен кейбір басқа елдердің Иранның ядролық әлеуетін дамыту және лаңкестікті қаржыландыру мүмкіндігін шектеу үшін қабылдаған экономикалық шаралары. Олар 1979 жылдан бастап бірнеше кезеңмен енгізілді. Иран санкцияларының негізгі белгілері: Мұнай, газ, технология және қару сияқты белгілі бір тауарлар мен қызметтердің экспорты мен импортына тыйым салу. Қаржылық транзакцияларға тыйым салу, яғни Иран халықаралық банктер мен қаржы институттарын ақша аудару және халықаралық операцияларды жүзеге асыру үшін пайдалана алмайды. Иранға инвестиция салуға, оның ішінде оның мұнай-газ секторына инвестиция салуға тыйым салу. Иран азаматтарының жүріп-тұру еркіндігіне, соның ішінде визалар мен ұшуларға



шектеу қойылды. Санкцияларды бұзған компаниялар мен ұйымдарға айыппұл салынып, заңды жауапкершілікке тартылатынын ескертеді. Иранды әлемдік қауымдастықтан оқшаулау және оның экономикалық даму және ғылыми-техникалық прогреске жету мүмкіндіктерін шектеу санкцияның негізгі мақсаты. Санкциялар Иран үшін күрделі экономикалық қиындықтарға, соның ішінде жоғары инфляцияға, ұлттық валютаның құнсыздануына және экспорттың қысқаруына әкелді. Сонымен бірге олар ұлттық өндіріс пен экономиканың дамуын ынталандырды, өйткені Иран өз ресурстары мен ішкі нарыққа назар аударуға мәжбүр болды. Бұлардың барлығы әлі күнге дейін жалғасып келуде. Ал санкция әлеміне жаңадан келген Ресей кейсі үшін олардың әсері мүлдем басқаша.

Ресейлік санкциялар әлемдегі ең ауқымды және күрделі. Олар Ресейге басқа елдердің салған санкцияларына жауап ретінде енгізілді және олардың негізгі мақсаты Ресейдің ұлттық мүддесін қорғау болып табылады. Ресейлік санкциялардың негізгі белгілері ол кеңдігі [9].

Ресей санкциялары қаржы, сауда, энергетика, технология және басқа да салаларды қоса алғанда, қызметтің кең ауқымы мен салаларын қамтиды. Олардың мақсатты: Санкциялар Ресей өз мүдделерін бұзады деп есептейтін нақты елдерге, компанияларға және жеке тұлғаларға бағытталған. Мысалы, Ресейге дұшпандық деп танылған қару-жарақ компанияларына немесе нақты саясаткерлерге санкциялар салынуы мүмкін. Ресейдің санкциялары жағдайларға байланысты өзгертілуі немесе жойылуы мүмкін. Ол, егер олар салынған компания немесе ел Ресейдің мүддесіне сай саясатын өзгертсе, Ресей санкцияларды алып тастай алады. Өзара қарым-қатынас жағдайында Ресей санкциялары басқа елдердің Ресейге салған санкцияларына жауап ретінде ғана енгізілуі мүмкін. Бұл Ресейдің басқа елдердің әрекетіне реакция жасап, өз мүддесін қорғау шараларын қолдануын білдіреді. Әрине, экономикаға жағымсыз әсері бар. Ресей санкциялары Ресей экономикасы мен бизнесіне теріс әсер етуі мүмкін, өйткені олар әлемдік нарықтарға және инвестицияға қол жеткізуді шектейді. Дегенмен, Ресей санкциялардың кері әсерін барынша азайтуды көздеп, экономикасын нығайтуды көздейді. Бұл Ресейдің санкциялары уақытша немесе тұрақты болуы мүмкін. Себебі, санкциялар белгілі бір мерзімге қолданылуы, содан кейін олар автоматты түрде жойылады немесе олар белгісіз мерзімге қолданылады деп жарияланады.

Санкциялар жаһандық маңызы бар заманауи мәселе. Олар саяси және экономикалық мақсаттарға жету үшін пайдаланылады және көбінесе халықаралық қақтығыстардың себебі. Санкциялар салынған елдің экономикасы мен халқына ауыр зиян келтіріп, әлеуметтік және саяси зардаптарға әкелуі мүмкін. Дегенмен, санкциялар халықаралық қақтығыстарды шешуде және бейбітшілікке қол жеткізуде тиімді құрал болып табылады. Олар мемлекеттерді өз саясатын өзгертуге мәжбүрлеп, халықаралық ынтымақтастыққа жетелей алады.

Санкциялардың пропорционалды және әділ болуы және олар салынған елдің халқы мен экономикасына жол берілмейтін зиян келтірмеуі маңызды. Сонымен қатар, халықаралық қоғамдастық санкцияларды қолдануды қамтымайтын халықаралық қақтығыстарды шешудің баламалы тетіктерін құруға күш салуы керек. Осылайша, санкциялар халықаралық қатынастардағы күрделі және даулы тақырып болып табылады және оларды қолдану халықаралық құқық пен нормалар шеңберінде саналы түрде және жүзеге асырылуы керек.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Gary Hufbauer, Jeffrey J. Schott, and Kimberly Ann Elliott "Economic Sanctions Reconsidered"// 1990. С. 25-30.
2. Edward D. Mansfield and Helen V. Milner "The Political Economy of Economic Sanctions"// 2012. С.45-55.
3. Алексеева Т.А. (2014) Мыслить конструктивистски: открывая многоголосный мир // Сравнительная политика. Т. 14. № 1. С. 5. URL: [https://doi.org/10.18611/2221-3279-2014-5-1\(14\)-4-21](https://doi.org/10.18611/2221-3279-2014-5-1(14)-4-21)
4. Ананьев Б.И., Кокарев К.П., Силаев Н.Ю., Сушенцов А.А., Чеков А.Д., Фомин И.В. (2018) Академические практики прогнозирования в международных отношениях: методологические доминанты и нерешенные проблемы // Вестник МГИМО-Университета. Т. 63. № 6. С. 159–193. URL: <https://doi.org/10.24833/2071-8160-2018-6-63-159-193>
5. Василик М.А. (ред.) (2000) Политология: хрестоматия. М.: Гардарики
6. Питер Кальвокоресси. Мировая Политика после 1945 года.// 2000 – С. 531-536.

7. Нурбек Исакаков. “Иранский сценарий против России не сработал” // 2023. URL: <https://zonakz.net/2023/02/15/iranskij-scenarij-protiv-rossii-ne-srabotal/>
8. Б.И. Ананьев. Санкции в теории международных отношений: методологические противоречия и проблемы интерпретации // 2019. URL: <https://iorj.hse.ru/data/2019/11/28/1519350443/Ананьев.pdf>
9. Евгений Жуков. ЕС вводит новые санкции против Ирана // 2022. URL: <https://www.dw.com/ru/evrosouz-vvodit-novye-sankcii-protiv-irana/a-63750360>

## **ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ОГРАНИЧЕНИЯ В ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МЕЖДУНАРОДНЫХ НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ В СТРАНАХ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ**

Специальность «Мировая политика», магистрант 2 курса **Сабиева М.Т.**

*Научный руководитель: доцент Саитова Н.А.*

*Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби*

***Аннотация.** Законодательство, регулирующее деятельность неправительственных организаций (НПО) в странах Центральной Азии активно изучаются самими общественниками и менее активно научным сообществом. В то же время, анализ политико-правовых ограничений в деятельности международных неправительственных организаций (МНПО) в контексте всего региона Центральной Азии еще не был представлен. В статье рассмотрены политико-правовые ограничения в деятельности МНПО в странах Центральной Азии. Проведен сравнительный анализ законодательства с целью изучения ограничений иностранного финансирования, ограничений по регистрации разных программ и грантов, вопросов вмешательства НПО в деятельность государственных органов и усиление государственного контроля за деятельностью МНПО, также выявлены наиболее актуальные тренды, касающиеся законодательных ограничений в деятельности МНПО.*

***Ключевые слова:** международные НПО, Центральная Азия, юридическая регистрация, иностранное финансирование, государственный контроль, законодательные ограничения.*

Для осуществления деятельности МНПО в странах Центральной Азии существуют определенные требования и ограничения, которые регулируются местными законодательствами. Так, например, правоспособность некоммерческой организации как юридического лица возникает с момента ее государственной регистрации. Это значит, что для легальной деятельности в соответствии с собственными целями МНПО необходимо вначале получить государственную регистрацию. В соответствии с Приказом и.о. Министра юстиции Республики Казахстан от 29 мая 2020 года № 66 государственную регистрацию представительств МНПО совершает Министерство юстиции, что обособляет их вместе с некоммерческими организациями республиканского статуса от организаций местного уровня [1]. Согласно правилам, государственная регистрация представительств МНПО производится с участием иностранных лиц, не имеющих идентификационных номеров согласно Закону РК о национальных реестрах и не позднее 10 рабочих дней [1].

Зачастую, для ведения деятельности бюджет представительств МНПО формируется из бюджета головной организации, чьи интересы представляет представительство на территории других стран. В Казахстане в силу того, что согласно закону о некоммерческих организациях, финансирование представительств МНПО не обособляется, по отношению к последним действуют те же положения, касающиеся финансирования деятельности, что и положения для местных НПО. В частности, в статье 35 закона о некоммерческих организациях указаны основные источники финансирования некоммерческой организации, которые могут включать в себя поступления от учредителей, участников и членов, добровольные имущественные взносы и пожертвования, доходы от предпринимательской деятельности посредством реализации товаров, работ, услуг в установленных законодательством случаях, доходы, получаемые по ценным бумагам и вкладам, а также другие не запрещенные законом поступления. Это означает, что представительства МНПО в Казахстане имеют право получать финансирование от собственных головных организаций из-за рубежа, что не требует согласования со стороны государства и не запрещены [2]. Для того, чтобы грант, предоставляемый донором, получил налоговые льготы, необходимо, чтобы организация-

донор была включена в специальный перечень [4], составляемый Правительством Казахстана, как это указано пункте 1 подпункте 11) статьи 12 Налогового кодекса Казахстана [3].

На данный момент, Кыргызское законодательство, касающееся МНПО является наиболее благоприятным для последних. Тем не менее, в 2022 году отдел правового обеспечения Управления правового обеспечения Президента и Кабинета Министров Администрации Президента Кыргызской Республики вынесло на общественное обсуждение проект Закона Кыргызской Республики «О некоммерческих неправительственных организациях» [8]. Закон увеличивает уровень регулирования деятельности НПО в КР и получил критику от организации Human Rights Watch, которые заявили, что предлагаемые ограничения на регистрацию и деятельность НПО вызывают опасения, и, что власти могут использовать их для закрытия некоторых организаций [9]. Законопроект также предлагает обособить деятельность “иностранных некоммерческих организации (подразумеваются, в том числе, МНПО)”, определяя их организациями, созданными за пределами территории Кыргызской Республики в соответствии с законодательством иностранного государства, учредителями (участниками) которой не являются государственные органы иностранного государства, не имеющая извлечение прибыли в качестве основной цели своей деятельности и не распределяющая полученную прибыль между участниками, и, требуя от последних внесения в реестр филиалов и представительств иностранных некоммерческих неправительственных организаций сведений о соответствующем структурном подразделении в порядке, предусмотренном настоящим Законом, что увеличивает контроль государства над МНПО [8].

В Республике Таджикистан финансирование МНПО головной организацией квалифицируется как иностранная помощь и подлежит регистрации Министерством Юстиции в Реестре гуманитарной помощи общественным объединениям Республики Таджикистан, порядок ведения которого определяется Правительством Республики Таджикистан. Проекты, финансируемые указанными субъектами, осуществляются общественными объединениями после извещения регистрирующих органов [10]. С 2015 года, в связи с принятием изменений в Закон «Об общественных объединениях», НПО и МНПО должны уведомлять Министерство юстиции о получении любой помощи из иностранных источников. Данное требование распространяется на все НПО, в том числе и МНПО в Республике Таджикистан. В настоящее время, насколько нам известно, данное требование не является препятствием для МНПО для получения финансирования для осуществления деятельности и не привело к уменьшению количества МНПО в стране [7].

Законы стран Центральной Азии налагают ограничения и обязанности на МНПО в рамках их деятельности. К примеру, законодательство РК налагает общие обязанности: Некоммерческие организации обязаны:

1. соблюдать законодательство Республики Казахстан;
2. уплачивать налоги и другие обязательные платежи в бюджет в установленном порядке;
3. отвечать по своим обязательствам всем принадлежащим им имуществом (за исключением учреждений);
4. нести ответственность в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан.

Климат для деятельности МНПО в Казахстане можно назвать довольно благоприятным и свободным в сравнении с другими странами ЦА. МНПО, действующие на территории Казахстана, получают государственную регистрацию и имеют право вести свою деятельность, отчитываясь о последней перед государственными органами РК.

Согласно закону РУ, вмешательство государственных органов и их должностных лиц в деятельность негосударственной некоммерческой организации, равно как и вмешательство негосударственной некоммерческой организации в деятельность государственных органов и их должностных лиц не допускается [5]. Обособление данной нормы является уникальной для стран Центральной Азии и служит для предотвращения попыток НПО участвовать в законотворческих процессах, мониторинг государственных программ и деятельности государственных органов в целом, что является противоречивым, так как деятельность НПО, в том числе МНПО, подразумевает представление интересов собственных бенефициаров, в том числе, взаимодействуя с государственными органами. Подобные нормы отсутствуют в законодательствах других стран Центральной Азии, что и делает ее уникальной.

Негосударственные некоммерческие организации в Узбекистане, в том числе МНПО обязаны соблюдать законодательство и собственные учредительные документы. В их обязанности входит

обеспечение доступности представителям государственных органов к информации об использовании собственного имущества и денежных средств. Данное обязательство в том числе касается информации об источниках финансирования. Законодательство обязует МНПО согласовывать с регистрирующим органом проведение мероприятий и предоставлять доступ его представителю на проводимые мероприятия. Данная норма может ограничивать деятельность МНПО, так как определенные мероприятия, проводимые ими, могут быть признаны Министерством Юстиции не соответствующими уставу организации. В то же время широкое представление целей организаций в уставе может послужить причиной отказа в регистрации. К тому же, НПО в Узбекистане, в том числе МНПО, обязаны согласовывать с Министерством Юстиции получение средств от иностранных лиц для осуществления собственной деятельности. Данным законом Министерство Юстиции наделено значительным рычагом давления на НПО и МНПО. По факту, любая деятельность МНПО должна быть согласована государством, МНПО обязаны уведомлять о всех планируемых мероприятиях Министерство Юстиции и предоставлять доступ его представителю на мероприятие, что может сильно ограничивать МНПО в свободе действий.

Положение о порядке государственной регистрации негосударственных некоммерческих организаций, утвержденное постановлением Кабинета Министров Республики Узбекистан от 10 марта 2014 года № 57 также обязует НПО, в том числе МНПО [6]:

- информировать Министерство Юстиции об организации визитов представителей НПО (МНПО) в иностранные государства, которые связаны с деятельностью самой НПО (МНПО);
- согласовывать с Министерством Юстиции получение денежных средств на осуществление деятельности от иностранных государств, международных и иностранных организаций, граждан иностранных государств либо по их поручению от других лиц;
- представлять в Министерство Юстиции, органы государственной налоговой службы и органы государственной статистики отчеты о своей деятельности.

Ежегодно до 1 февраля НПО и МНПО обязаны предоставлять отчет о своей деятельности за прошедший год. Данный отчет включает в себя декларацию об источниках финансирования деятельности и, что более важно расходовании этих самых средств, сведения о количестве имеющихся членов по форме, утверждаемой Министерством юстиции Республики Узбекистан [6].

Министерство Юстиции, согласно законодательству, имеет право осуществлять контроль, получать дополнительную информацию от НПО и МНПО и объяснения от руководителя и ответственных лиц НПО и МНПО, запрашивать решения руководящих органов, осуществлять проверку деятельности НПО и МНПО, при необходимости, с привлечением специалистов. При этом уточняется какого рода специалисты могут быть привлечены к осуществлению проверки, что дает большое пространство для действий государства по отношению к НПО и МНПО [5].

В 2013 году Президентом Республики Туркменистан было принято постановление «О государственном учете иностранных проектов и программ безвозмездной технической, финансовой, гуманитарной помощи и грантов» [11], что привело к значительному сокращению объемов иностранной помощи, так как порядок регистрации грантов стал чрезвычайно сложным [12, с. 3]. Организациям, которые пытались зарегистрировать гранты в соответствии с новыми правилами, пришлось столкнуться с рядом трудностей. Например, процесс регистрации состоит из нескольких этапов, на каждом из которых необходимо участие определенного государственного органа, который должен рассмотреть заявку и дать свое заключение. Например, требуется участие МИД как посредника, одного или более уполномоченного органа для выдачи заключения, в сфере компетенции которого будет реализовываться грант, подлежащий регистрации, Государственной комиссии для принятия решения, и Министерства Юстиции как регистрирующего органа. К тому же, законодательство не устанавливает четких сроков рассмотрения заявок и принятия решений, а также не предусматривает порядок обжалования отказов [12, с. 3].

Процедура получения иностранного финансирования туркменскими организациями, которая распространяется на представительства МНПО, регулируется Постановлением Президента Туркменистана «О государственном учете иностранных проектов и программ безвозмездной технической, финансовой, гуманитарной помощи и грантов» (далее - Постановление) [7]. Данным Постановлением утвержден Порядок государственного учета и ведения в Туркменистане единого реестра проектов и программ безвозмездной иностранной технической, финансовой, гуманитарной помощи, а также грантов (далее - Порядок), который определяет процедуру государственной регистрации в Туркменистане проектов и программ иностранной помощи и грантов, а также

ведения Единого государственного реестра иностранной технической, финансовой, гуманитарной помощи и грантов.

Законодательство в Туркменистане имеет строгий ограничительный характер по отношению к МНПО и иностранному финансированию. В свободном доступе мало информации о политико-правовых ограничениях МНПО в Туркменистане, что является индикатором неблагоприятных условий для их деятельности в стране.

Политико-правовые ограничения в деятельности МНПО в странах Центральной Азии проявляется в разном размере строгости по отношению к МНПО и иностранному финансированию за счет, которого они работают. Деятельность всех НПО, в том числе МНПО, ограничивается задачами, указанными в уставных документах. Естественно, что от МНПО ожидается работа в сфере их уставных задач, но формулировка в законах, регулирующих деятельность НПО и МНПО в странах Центральной Азии, предоставляет государству юридические рычаги воздействия для МНПО за исключением законодательства Кыргызской Республики. При этом, предложенный в Кыргызстане новый закон, регулирующий деятельность НПО (в том числе МНПО) сближает законодательство страны с законодательствами других стран Центральной Азии в сторону более строгих ограничений в деятельности МНПО.

В целом, общим трендом является то, что после принятия соответствующих законов о деятельности НПО и МНПО в странах Центральной Азии замечаются поправки и изменения в Законодательство, предусматривающие более значимые рычаги давления и ограничения на НПО и МНПО. Также, был выявлен тренд развития законодательства в сторону увеличения контроля государства над НПО и МНПО. Механизмы регулирования имеют схожести, такие как ограничения деятельности МНПО уставными целями, которые декларируются в заявлении на регистрацию, которая необходима для полноценной работы МНПО. Механизмы согласования практически одинаковы в Туркменистане и Узбекистане, где в процесс согласования проектов, финансируемых из иностранных источников, вовлекают не только Министерства Юстиции и налоговые органы, но и Министерства Иностранных Дел и правоохранительные органы.

#### Список литературы:

1. Приказ и.о. Министра юстиции Республики Казахстан от 29 мая 2020 года № 66. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 29 мая 2020 года № 20771. Об утверждении правил оказания государственных услуг в сфере государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств. Доступ из информационно-правовой системы нормативных правовых актов Республики Казахстан [adilet.zan.kz https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020771](https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020771) (дата обращения 12.01.2023)
2. Шорманбаева А. Последствия принятия проекта Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам деятельности неправительственных организаций» для неправительственных организаций и международных организаций, осуществляющих деятельность в Республике Казахстан. Доступ из информационно-правовой системы нормативных правовых актов Республики Казахстан [online.zakon.kz. - 2015. https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=37446586&pos=1;-16#pos=1;-16](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37446586&pos=1;-16#pos=1;-16) (дата обращения 12.01.2023)
3. Кодекс Республики Казахстан от 25 декабря 2017 года № 120-VI ЗРК. О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс). Доступ из информационно-правовой системы нормативных правовых актов Республики Казахстан [adilet.zan.kz https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700000120](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700000120) (дата обращения 12.01.2023)
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 11 апреля 2019 года № 187. О внесении изменения в постановление Правительства Республики Казахстан от 9 апреля 2018 года № 177 "Об утверждении перечня международных и государственных организаций, зарубежных и казахстанских неправительственных общественных организаций и фондов, предоставляющих гранты, и признании утратившими силу некоторых решений Правительства Республики Казахстан". Доступ из информационно-правовой системы нормативных правовых актов Республики Казахстан [adilet.zan.kz https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000187](https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000187) (дата обращения 12.01.2023)
5. Закон Республики Узбекистан от 14 апреля 1999 года № 763-І. О негосударственных некоммерческих организациях. Доступ из информационно-правовой системы нормативных правовых актов Республики Узбекистан [lex.uz https://lex.uz/acts/10863#19436](https://lex.uz/acts/10863#19436) (дата обращения 12.01.2023)



6. Постановление кабинета министров Республики Узбекистан о мерах по реализации постановления президента республики узбекистан от 12 декабря 2013 года № пп-2085. О дополнительных мерах по оказанию содействия развитию институтов гражданского общества. Доступ из информационно-правовой системы нормативных правовых актов Республики Узбекистан lex.uz <https://lex.uz/docs/2356874> (дата обращения 14.01.2023)
7. Правовая база для финансовой устойчивости НКО в странах Центральной Азии. Международный Центр Некоммерческого Права. - 2017. <https://online.zakon.kz/m/amp/download/35171310> (дата обращения 14.01.2023)
8. Отдел правового обеспечения Администрации Президента выносит на общественное обсуждение проект Закона «О некоммерческих неправительственных организациях». <https://www.gov.kg/ru/npa/s/4192> (дата обращения: 20.01.2023)
9. Kyrgyzstan: Draft Law Threatens Independent Groups. Freedom of Association at Risk: Revise Problematic Bill. Human Rights Watch. - 2022. <https://www.hrw.org/news/2022/11/18/kyrgyzstan-draft-law-threatens-independent-groups> (дата обращения: 20.01.2023)
10. Постановление Правительства Республики Таджикистан от 31 марта 2016 года, № 149 "О Порядке создания и введения Реестра гуманитарной помощи общественным объединениям Республики Таджикистан". База данных ЦБПИ ADLIA. [http://www.adlia.tj/show\\_doc.fwx?rgn=126746](http://www.adlia.tj/show_doc.fwx?rgn=126746) (дата обращения: 02.02.2023)
11. Постановление Президента Туркменистана от 18 января 2013 г. № 12792 г. Ашхабад. О государственном учете иностранных проектов и программ безвозмездной технической, финансовой, гуманитарной помощи и грантов. Собрание актов Президента Туркменистана и решений Правительства Туркменистана, 2013 г., № 1 <https://alpagama.org/pravovaya-baza-turista/postanovlenie-prezidenta-turkmenistana-o-gosudarstvennom-uchete-inostrannyh-proektov-i-programm-bezvozmezdnoj-tehnicheskoy-finansovoj-gumanitarnoj-pomoshhi-i-grantov> (дата обращения: 02.02.2023)
12. Международный центр некоммерческого права. Законодательные возможности получения иностранного финансирования. - 2014. <http://cso-central.asia/lib/law/4/zakonodatelnye-vozmozhnosti-polucheniya-inostrannogo-finansirovaniya.pdf> (дата обращения: 05.02.2023)

## БИЛІК ПЕН ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ КОНФЛИКТТЕРДІ САЯСИ КОММУНИКАЦИЯ МОДЕЛЬДЕРІ АРҚЫЛЫ ШЕШУ

«7М03108 Конфликтология», 2 курс, Тағаева А.М.

*Ғылыми жетекші: қауымдастырылған профессор Смагулов К.Е.*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті*

**Аңдатпа.** Бұл жұмыста билік құрылымдары мен қоғам арасындағы қарым- қатынаста, қақтығыстарда туындайтын байланыс модельдерінің тиімді және тиімсіз типтері қарастырылады. Соңғы уақытта Қазақстандық қоғамда орын алып отырған саяси оқиғалар, саяси реформалар қоғам мен билік арасындағы коммуникация мәселесіне ерекше көңіл бөлу қажеттігін ерекше көрсетуде. Сонымен қатар, саяси коммуникация орнатылғаннан кейін оның өз функцияларын орындауы тікелей тиімділік критерийлеріне сәйкес келумен байланысты болып табылады. Саяси конфликттердің шығу себептері қарастырылып, олардың типтеріне қарай саяси конфликттерді шешу бағыттары да өзгеріп отыру қажеттігі көрсетілді. Зерттеудің нәтижесінде билік пен қоғам арасындағы конфликттерді шешуге қатысты бірнеше практикалық тұжырымдар жасалынды.

**Кілт сөздер:** билік, қоғам, коммуникация, мүдде, қақтығыс, шиеленіс, модель, ақпараттық-коммуникативтік қатынас, диалог, қоғамдық дискурс.

Мемлекеттік билік пен халық арасындағы әлеуметтік-саяси конфликт қазіргі қоғамның кез-келгені үшін тән болып табылады. Әдетте мемлекеттік билік пен халық арасындағы әлеуметтік-саяси конфликттің мәні - мемлекеттік билік халықтың мүдделеріне сәйкес келмейтін шешімдер қабылдайды, ал халық бұл шешімдерге күреспен жауап береді [1].

Мемлекеттік билік пен халық арасындағы әлеуметтік-саяси қақтығыстың басқа әлеуметтік, экономикалық, идеологиялық және т.б. қақтығыстардан айырмашылығы *легитимділік қақтығысы* екендігінде. Мемлекеттік биліктің легитимділік мәселесі қазір іргелі мәселелердің біріне айналды,

бұл көбінесе қоғамның күрделенуімен, халықаралық қатынастардың жаһандануымен және адамдардың білімі мен интеллектінің өсуімен түсіндіріледі.

Кез-келген қоғамдық-саяси қақтығыс алдында мемлекеттегі *әлеуметтік шиеленістің* артуы орын алады. Бұл шиеленіс мемлекеттік істердің қазіргі жағдайына немесе тарихи оқиғалардың барысына қанағаттанбау жағдайынан туындайды.

Конфликттерді тек теріс контекстте қарастыруға болмайды, өйткені ол саясаттың негізі және саяси билік құбылысы болып табылады. Дегенмен, конфликттердің жағымсыз нәтижелерін болдырмас үшін халық пен билік арасындағы конфликттердің шығу себептерін зерттеу маңызды.

**Сонымен, саяси қақтығыстың қалыптасу көздері:**

- азаматтардың негізгі идеялардағы, қоғамдық-саяси мұраттардағы және құндылық көзқарастарындағы әртүрлі мүдделері мен алшақтықтары;

- азаматтардың өздерін сәйкестендіру (мысалы, саяси, діни және т. б.);

- саяси және әлеуметтік коммуникация процесінде бұрмаланулар, түсініспеушіліктер, қате есептеулер және кемшіліктер;

- қоғамдық байлық пен экономикалық, материалдық игіліктердің барлығында бірдей болмауы;

- өз мүдделерін түсінбеу;

- жеке тұлғаның қысымы;

- әлеуметтік теңсіздік [2].

Саяси қақтығыс, басқалар сияқты, өркениетті түрде талқылануы және шешілуі керек екенін түсіну маңызды. Жанжалды жағдайларды уақытында тануды және оларды оң, екіжақты қанағаттанумен шешуді үйрену керек. Олай болмаған жағдайда, қақтығыс бақыланбайтын кезеңге өтеді және оны шешу әлдеқайда қиын болады. Сондықтан мұндай келіспеушіліктер қақтығыстың басында талқылануы керек, себебі бұл әрекет қақтығыстың көптеген маңызды сұрақтарын шешуге көмек береді.

Ол үшін, билік тарапынан халықпен диалогтың қажеттілігі туралы толық түсінік болуы керек. Ал, қоғам тарапынан әлеуметтік жанжалдарды күшпен шешуге жол бермеу туралы түсінік болуға тиіс.

Негізінен келіссөздер сатысында саяси жанжалды реттеу қоғам мен мемлекет арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты құрудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, жанжал әлеуметтік құбылыс ретінде теріс әсерге ие емес, керісінше тараптардың ортақ келісімге келуіне көмектеседі.

Сонымен бірге, егер жанжал ұзаққа созылған жағдайда, ол мемлекеттік және қоғамдық мүдделерге айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін екенін түсіну маңызды. Сондықтан *ықтимал қауіп* қақтығыстың өзі емес, тараптардың өзара қолайлы шешім іздеуге қабілетсіздігі немесе құлықсыздығы болып табылады [3].

Мемлекеттік-әкімшілік саладағы конфликттер табиғаты бойынша қоғамдық-саяси қақтығыстардың ең көп түрлерінің бірі болып табылады, олар мүдделердің айырмашылығынан, бәсекелестіктен және барлық институттар мен мемлекеттік құрылымдардың қоғамдық билікті қайта бөлу мен жүзеге асыруға қатысты күресінен туындайды. Демек, мемлекеттік басқару саласындағы қақтығыстардың объектісі-билікке билік ету, ал олардың пәндік-мазмұндық құрылымы саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық-әкімшілік және басқа аспектілердің қиылысын құрайды.

Қақтығыс мемлекеттік биліктің табиғатында, адамдардың әртүрлі мүдделерін үйлестіруге, нақты стратегиялық және тактикалық мақсаттарды анықтауға, тапшы құндылықтарды бөлуге арналған. Демек, мемлекеттік-әкімшілік қақтығыстардың пайда болу себептерінің әртүрлілігі. Конфликттердің негізгі көзі басқарушы мен бағынышты арасында қайшылық туындау себебінен.

Мемлекеттік-әкімшілік қақтығыстардың маңызды көзі билік құрылымының анық емес ұйымдастырылуы және сәйкесінше әртүрлі мемлекеттік органдар мен қызметкерлердің өкілеттіктерінің анық емес бөлінуі болып табылады.

Жанжалдардың жалпы себебі мемлекеттік қызметшілердің негізгі құндылықтар мен саяси идеалдарды анықтаудағы, ағымдағы оқиғаларды бағалау барысындағы алшақтықтары болуы мүмкін. Әдетте, конфликттерде қоғам мен мемлекетті реформалау жолдарының мәселелерін, қабылданған шешімнің әділдігін немесе дұрыстығын қозғайды. Қақтығыстардың елеулі көзі басқарушылық коммуникация технологияларында, ең алдымен ақпараттың жетіспеушілігінде,

қателігінде немесе ақпараттың таралуын басқаруда. Ақпарат ағынының кез-келген өзгерісі немесе ақпарат арналарына әдейі қол жеткізудің қиындауы қайшылықты тудыруы мүмкін [4].

Мемлекеттік-әкімшілік қақтығыстардың типологиясын сипаттау шеңберінде мемлекет пен қоғам арасындағы қақтығыстар өте танымал және әрқеде маңыздылыққа ие. Бұл жерде ең маңызды сұрақ легитимділік мәселесі болып табылады.

Соңғы кездері мемлекеттік басқаруда жанжал факторларын анықтауға, оларды талдауға және жанжалдарды бақылау және алдын алу технологияларына айтарлықтай көңіл бөлінуде.

Легитимділік конфликті ең күрделі конфликттердің бірі, оның болуы мемлекеттік қызметті реформалауға кедергі келтіріп қана қоймай, сонымен қатар атқарушы билік, қоғам және азаматтар арасындағы қарым-қатынаста шиеленісті күшейтеді. Қақтығыстың бұл түрінің мәні шенеуніктердің мүдделері мен халықтың мүдделері арасындағы сәйкессіздікте жатыр.

Ақпараттық-коммуникативтік өзара іс-қимыл-бұл қарым-қатынастарды реттеу, әлеуметтік-саяси жүйенің тұрақтылығын сақтау, дағдарыстық және жанжалды жағдайлардың алдын алу және оларды еңсеру мақсатында жүзеге асырылатын саяси субъекттер арасындағы формальды және бейресми байланыстардың толық спектрі. Ақпараттық-коммуникативтік өзара іс-қимыл тетіктерін жаңғырту коммуникацияның инновациялық арналарының, трансформацияның және тікелей коммуникативтік модельдердің пайда болуына алып келеді. Ақпараттық-коммуникативтік өзара іс-қимылдың диалогтық модельдері ең сұранысқа ие болып отыр [5].

Билік органдары мен қоғам құрылымдары арасындағы қақтығысты тиімді басқару конфликттің туындауына себеп болған қайшылықтарды шешпей немесе жеңілдетпей мүмкін емес. Билік пен қоғамның *ақпараттық-коммуникативтік өзара іс-қимылы* жанжалды реттеу процесінің ажырамас шарты болып табылады. Конфликттерді басқарудың негізгі міндеті әлеуметтік-теріс (деструктивті) қақтығыстарды әлеуметтік оң бағытқа аудару болып табылады. Жанжалдың жойылу деңгейін төмендетуге іске асырылатын ақпараттық-коммуникативтік өзара іс-қимылдың дискурсивті сипаты мүмкіндік береді.

Халық пен билік арасындағы коммуникацияның бірнеше модельдері бар. Олардың ішіндегі тиімдісі және конфликттерге көп жол бермейтіні диалогтық модель болып табылады.

Диалогтық модельдер жанжалды басқару контекстінде тиімді, өйткені олар осы процеске әртүрлі қоғамдық құрылымдардың қатысуын және жанжал субъектілерінің оң нәтижеге қол жеткізуге жоғары қызығушылығын қамтамасыз етеді. Олар сондай-ақ тараптарды ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа бағыттайды. Сонымен бірге, билік тарапынан бір бағытты әсер етуді көздейтін әкімшілік бақылау технологиялары жекелеген мәселелерді шешуге жарамды болуы мүмкін, бірақ қоғаммен өзара іс-қимылдың ұзақ мерзімді тұрақтылығына ықпал етпейді [6].

Билік пен қоғам арасындағы ақпараттық-коммуникациялық өзара әрекеттесу модельдерін жүзеге асыру көп жағдайда, манипуляция және қақтығыс стратегиялары аясында қалыптасады. Ақпараттық-коммуникациялық өзара әрекеттестіктің манипуляциялық және еліктеу тәжірибесін жүзеге асыруда қақтығыс көріністерінің пайда болуы мен өсуінің қалыптасқан заңдылықтары бақыланады. Бір жақты байланысты жүзеге асыру биліктің имиджіне де, жалпы халықтың көңіл-күйіне де, үкіметтің бастамаларын қолдауға да кері әсер етеді.

